Таковы более или менее значимые аспекты литературной и философской герменевтики. Существует градация частных, локализованных аспектов литературной (переводоведческой) герменевтики, которые требуют своего разъяснения. Для нас здесь важно следующее: понимание возможно, оно существует, это не жесткое установление тождества с чужим (термин Гадамера), а сотворчество, выстраивание опыта чужого, моделирование и воссоздание этого опыта. Отказ от самого себя, отрицание самости, самоидентификация с чужим, восприятие его опыта как своего, переживание другой жизни, ее претворение в своем опыте и осознание на глубоком уровне коллективного, бессознательного и есть понимание. Таким образом, понимание есть обретение чужого опыта в плане коллективного бессознательного, где «я» уже не является преградой, где нет никакого отчуждения, никакого абстрагирования, а интеграция происходит на немислимом уровне. В таком контексте *понимание* другого есть обретение самого себя континуального, подсознательного, полевого. Здесь неизбежно задействован нравственный опыт, то есть *истинное понимание* происходит на более глубоком уровне, нежели рационально-логическое познание, операции мышления. Так же, как в космосе, где гравитация взаимодействует более глубоко, нежели другие силы (электромагнитные, волновые, дискретные), в преобразованном виде она действует и в микромире, так и в мире человеческих коммуникаций духовно-интуитивное, нравственное участие заходит в более глубокие сферы, нежели интеллектуальные. Следовательно, понимание метатекста вполне возможно, оно прямо зависит от параметров личности, осуществляющей переводческую репликацию, и, прежде всего, от духовно-интеллектуальных, интуитивно-волевых.

Любые тексты, особенно литературные, являются отражением контекста как репрезентации национальной культуры. Зона пересечения национальных культур в плане реального понимания весьма широка. История человечества показывает, что можно понимать и воспринимать, по крайней мере, трактовать, любой этнический (родовой) опыт, ничего истинно чужого, то есть отчужденного, запредельного нет. Любые экзотические культы, обычаи, верования, суеверия, институты, традиции самых отдаленных народов и этносов, в конечном счете, понятны, ибо нечто подобное имелось в какие-то эпохи в опыте своего народа. И это потому, что все народы, этносы и племена на Земле являются представителями одного вида, и генетически и исторически это один вид живой популяции на земле. Понимание – очень широкая онтологическая категория, оно выходит за сферу индивидуально-психологической перцепции. Это зона коммуникации человека с себе подобными (по аналогии) не только в социуме, но и в пространственно-временном континууме истории, космоса, и даже в зоне всего живого вещества на планете. Последние два века развития цивилизации на Земле показывают, что человек может понимать и расшифровывать даже

сигнальные (доязыковые) системы организованных животных и насекомых (приматов, дельфин, слонов, собак, птиц, муравьев и пчел).

Перевод как репликация информации несколько уже понимания в онтологическом смысле. Поэтому в сфере переводоведения существует представление о непереводаемом в переводе. А это объект собственно переводоведческой герменевтики. Непереводаемое в переводе, являясь проблемой скорее лингвистической, нежели онтологической, простирающейся в зоне интерпретации, предстает задачей переводоведческой герменевтики. Онтологически не существует такого человеческого (этнического) опыта, которое нельзя было бы понять языком интерпретации, прочтения, комментирования, сопоставления своего и чужого. И это потому, что существующее на планете человечество – это один вид, имеющий коллективное бессознательное, единую прапамять, то есть метатекст идентификаций. С этой точки зрения гностическая позиция предпочтительнее, нежели агностическая. Однако в переводоведении существует понятие о непереводаемом, и эта категория значимая скорее как знаково-лингвистическая проблема, нежели смысловая, семантическая. Эта проблема становится более обостренной и сложной, чем далее отстоят по параметрам этнокультуры, ландшафта, истории, национальные культуры, вступившие в переводческую коммуникацию. И напротив, зона непереводаемого становится уже, сходит почти на нет, если в коммуникации находятся братские, родственные культуры. Можно с уверенностью признать, что в языковой зоне казахского и кыргызского народов почти нет непереводаемого. И это вполне понятно.

Проблема непереводаемости становится вполне ясной, когда представляешь задачу перевода, например, алтайского горлового пения как жанра на европейские языки. Семантико-фонетический жанр шаманского горлового пения оказывается невозможно воспроизвести средствами лингвистики европейских языков. Здесь нет совпадения национальных мелосов, поэтому затруднительным оказывается восприятие.

Обычно к непереводаемым единицам языка относят локализованную группу идиом, поговорок, диалектные слова и словосочетания, субстраты (архаизмы), неологизмы, окказионализмы, каламбуры, эмотивы из старого фонда языка, некоторые архаизмы и историзмы, также старый жаргон, некоторые термины этнолексики, некоторые культовые слова. Сюда же можно отнести специфический религиозный язык. Например, некорректно старославянские церковные слова и словосочетания передавать функционально аналогичным кораническим языком. Или язык китайского буддизма переводить языком мусульманского суфизма. А такие прецеденты есть. Однако внутри родственной культурной зоны такие переводческие репродукции вполне возможны. Например, роман Умберто Эко «Имя розы», написанный языком католической религии, успешно переведен старым русским церковным языком.

Теоретики перевода такие языковые единицы называют безэквивалентной лексикой. То есть данные слова представляются непереводаемыми с точки зрения критериев эквивалентной передачи. Это означает, что названные языковые единицы все же можно перевести другими способами, которые существуют в практике. Мастерами перевода отработаны такие способы перевода трудностей языка, как транслитерация со сносками, транскрибирование со сносками, описательный перевод, интерпретация, трансформация, комментирование, развитие, переложение и т.д. В теории перевода принято считать, что самые трудные случаи в переводе, когда возникает проблема непереводаемости, например, при переводе каламбуров («Алисы в стране чудес», «Алисы в Зазеркалье»), нужно исходить из необходимости передачи эстетической функции исходной единицы. Творческий подход переводчика предполагает создание аналогичного по функции каламбура средствами принимающего языка.

**Заключение.** Исходя из этого, можно принять точку зрения, что истинной герменевтической проблемой в переводоведении является объект литературной герменевтики, традиционно изучаемый этим направлением эстетики. Бесспорно, в зоне герменевтической проблемы в художественном языке находятся явления тайного (кодового) языка, шифрованного профессионального языка (язык шаманов и магов), метафоры



(сверхсложные метафоры), сложные способы организации подтекста через маркировки и намеки, цифровые алгоритмы, зашифрованные реминисценции и аллюзии, эвфемизмы, паузы и умолчания, примененные для подтекста, сложные формы интонирования голоса повествователя, сложные формы идиостилей в текстах модерна и постмодерна и т.д. Всевозможные филологические игры и эксперименты («Уллис» Д. Джойса), суггестивный стиль («Шум и ярость» У. Фолкнера), изоциркульная символика (поэзия суфиев), встречающиеся в литературе, требуют от переводчика энциклопедических знаний, изысканной переводческой стратегии, большой подготовки к процессу перевода, особых волевых, духовно-интеллектуальных качеств. Однако именно это и делает перевод столь привлекательным занятием с огромным онтологическим потенциалом.

#### **Литература:**

1. Уилсон А.Р. Квантовая психология. – К.: Янус, 2001.–186 с.; Капра Ф. Паутина жизни. – К. София, 2003. – 336 с.
2. Торчинов Е.А. Религии мира: опыт запредельного, психотехника и трансперсональные состояния.– СПб.: Центр «Петербургское Востоковедение», 1998.–384 с.; Элиаде М. Шаманизм.-Архаические техники экстаза.– К.: София, 1998.–556 с.
3. Рикер П. Конфликт интерпретаций. Очерк герменевтики.– М.: 2002.–372 с.
4. Гуссерль Э. Феноменология внутреннего сознания времени. Пер. с нем. Собр. Соч. т.1, М.: 1994.– 162 с.; Хайдеггер М. Язык.– СПб: 1991.–232 с.
5. Щербатской Ф.И. Избранные труды по буддизму.– М.: Наука, 1988.–427 с.; Розенберг О.О. Труды по буддизму.– М.: Наука, 1991.–295 с.
6. Тайлор Э.Б. Первобытная культура. – М.: Политиздат, 1989.–576 с.; Леви-Строс К. Структурная антропология.– М.: 1985.–536 с.
7. Токарев С.А. Ранние формы религии. – М.: Политиздат, 1990.–622 с.; Церен Э. Лунный бог.– М.: Наука, 1976.–336 с.
8. Пропп В.Я. Морфология сказки. – М.: Наука, 1969, изд. 2.–168 с.
9. Спивак Д.Л. Лингвистика измененных состояний сознания.– Ленинград, Наука: 1986.–92 с.
10. Гадамер Х.Г. Деконструкция и герменевтика // герменевтика и деконструкция.– СПб: 1999.– 3 с.
11. Круглый стол: Художественный перевод и взаимодействие литератур.– Вопросы литературы, №5, 1979.–3-83 с.
12. Абуашвили А. Существует ли текст? – Вопросы литературы, №5, 1979.– 72 с.
13. Абуашвили А. Существует ли текст? – Вопросы литературы, №5, 1979.– 73 с.

## **ОҚЫРМАН ҚАБЫЛДАУЫ: НАРРАТИВ ЖӘНЕ ФЕНОМЕНОЛОГИЯ**

**А. С. Исмақова**

Филология ғылымдарының докторы,  
Назарбаев университетінің профессоры

Қазіргі әдебиеттануда көркем шығарманы қабылдау мен оқырман мәселесі қызу талқы нысанына айналууда. Осы тұрғыдан келгенде, көркем шығарманың аса маңызды саналатын коммуникативті сипатын естен шығармау қажет. Өнер туындылары, оның ішінде көркем шығарма да адамдардың өзара тығыз қарым-қатынасына негізделеді. Өйткені автор өз туындысын халыққа, белгілі бір қауымға, біреуге арнап жазады. Көркем шығарма оны тудырған адамның жолдауы іспетті. Сондықтан оқырман сөз арқылы туындының көркемдік әлемін және оны жасаған авторды қабылдайды. Көркем тілдің адамды сендіретін, жұбататын, ойлантатын құдіретті күші бар. Кейде автор шығармадағы баяндауға араласып, кейіпкеріне болысатын, оқырманмен сырласып ой бөлісетін, сұхбат құратын жайттар да кездесіп жатады. Сондықтан соңғы жылдары әдебиеттану шығарманың мәтіндік жүйесіндегі автор образы, оны оқырманның қабылдауы, оған әсері сынды күрделі мәселелерге көңіл бөле бастады. Бұл тұрғыдағы зерттеулер – қазіргі қазақ әдебиеттануында қарқын алып келе жатқан герменевтиканың үлесінде. Герменевтиканың әдебиет теориясы үшін маңызы зор. Ол әдебиеттану ғылымының ғана емес, гуманитарлық ғылымдардың методологиялық негізін

құрайды. Қазақ әдебиеттану ғылымында да бұл бағытта жаңа ізденістер мен пайымдар жүргізіліп отыр. Сондай ғалымдардың бірі ретінде Сәуле Ержанованың соңғы жылдардағы жарық көрген еңбектерін атауға болады. Ғалымның «Қазақ прозасындағы нарратология» (2020 ж.) атты оқу құралы ғылымдағы антропологиялық парадигма, соның ішінде нарратология, мәтінінің коммуникативтік аспектісін көрінісін анықтаумен және көркем ақпараттың рецепиентін, инновациялық әңгімелеуді талдауға негізделген. Соның ішінде автор, нарратор және оқырман сияқты жаңа әдебиеттану категориялары, оның рецептивті эстетикамен және әдеби коммуникациясы сөз болады. Демек, әдеби мәтіннің стратегиясында нарративті стратегия теориясы ретінде егжей-тегжейлі қарастырылады. Нарративті стратегия әрқашан оқырманға бағытталады. Оқырманның шығармашылығы белсенді болғандықтан, нарративті стратегиялар айрықша мағынаны постмодернистік мәтіндерден көптеп табылады.

Сәуле Баймырзақызының еңбегінің өзектілігі де ұлт әдебиеті үлгілерін жаңа әдеби зерттеу аспектісінде қарастыра отырып, нарратордың көркем туынды құрылымындағы қызметін анықтаумен сипатталады.

Көркем прозаны нарратологиялық бағытта зерттеу – әдебиеттің теориялық аспектілерін жаңа тұжырымдармен толықтырып, көркем туындының құрылымы мен маңызын, эстетикалық табиғатын таныту бағытындағы маңызды ізденіс. Көркем мәтіннің нарративті стратегиялары саласында, сонымен қатар, нарратологиялық талдау әдісі есебінен қазіргі қазақ әдебиетін зерттеуге кеңінен қолдануға болады. Еңбекте алғаш рет:

– көркем мәтін құрылымындағы кейіпкерлік өріс – нарратологиялық талдаудың өзекті мәселесі ретінде;

– мәтін құрылымы мен шығарма мазмұнын байланыстырушы ең басты категориялар – кейіпкер тұлғасы және авторлық ұстаным, осы ұғымдар нарраторлық қызметтің табиғатын айқындаудағы басты көрсеткіш ретінде;

– баяндау теориясы – нарратологияның қайнар көзі, сондықтан әдеби туындыдағы баяндау немесе әңгімелеу нарратор тұлғалардың айқындалуын қамтамасыз етеді;

– көркем шығарма қаламгер мен оқырман арасындағы байланыстың дәнекері, автор мен көркем туынды арасындағы байланыс күрделі, бір-бірінен ажырамайтын үдерісті айқындау оқу құрылымының құндылығын арттыра түседі.

Нарратологиядағы жаңа нарративті стратегиясы категориясы постмодернизмдік әдебиетте, әсіресе Алаш әдебиетінде Ж.Аймауытов, Шәкәрім прозасынан басталады. Ал еңбекте қазіргі жазушылар шығармаларында қоладну үрдісін бағамдаған. Ә.Кекілбаев пен Т.Нұрмағамбетов шығармаларында алғаш рет қолданылды. Постмодернизмнен кейінгі нарратив пен жаңа әңгімелеу техникасы арасындағы байланысты көркем шығарма мәтіндері арқылы талдауға тырысқан. Бұл жағдай белгілі дәрежеде нарратологиядағы теориялық материалдарды нақты шығармады іске асыруды көздейді. Оқу құралында нарратология ғылымы туралы шетелдік және отандық теориялық көзқарастар сарапталып, олардың мәні мен маңызы, ерекшеліктері көрсетілген. Сондай-ақ нарратология ғылымымен баяндау теориясын сабақтастыра қолдану тәжірибиесі жүзеге асырылды. Нарратологияның түрлі тәсілдері айғақтарды салыстыру, жинақтау барысында қолданылып, автор мен кейіпкер байланысы нарраторлық қызмет ретінде қарастырылған. Баяндау теориясы нарратология да назарға алынып, кейіпкер болмысының күрделі сипаты, эстетикалық жүгі мәтін құрылымы арқылы да айқындалатын тұстары мол екені шығарма мазмұны мен көркемдігін жаңа бағытта талдау барысында дәлелденген. Отандық әдебиеттануда бізге дейін де автор мен кейіпкер бейнесінің бірігіп кететін және алшақтайтын сәттеріне қатысты ойлар, пікірлер, зерттеулерді басшылыққа ала отырып дискурсты талдау және нарратор тұлғасын айқындау жаңа концепцияларға сәйкес, жаңаша талдауларды жүзеге асыруды мақсат еткен.

«Көркем шығарма феноменологиясы» еңбегі былтыр ғана жарық көргенмен, көп ізденушілердің сұранысына айналған еңбек ретінде танылып әдебиеттанудың осы аспектісіне қызығушылықтың артып келе жатқандығын байқауға болады. Көркем шығарма феноменологиясын зерттеуге арналған оқу құралында антика дәуірінен қазіргі заманға дейін «ойлау» туралы айтылған пікірлер мен еңбектерге шолу жасап, ортақ қорытынды

шығарылады. Жеке бақылаумен оқылған еңбектер негізінде «ойлау феноменологиясы» анықтамасын қалыптастыруға мән беріледі. Шетел және қазақ әдебиетінің көркем шығармаларын салыстыра отырып, көркем шығармадағы феноменологияның өзектілігін айқындайды. Өйткені қазақ әдебиетінде, атап айтқанда, қазақ шығармаларының феноменологиялық зерттеуге түспегенінің өзі мәселенің басы ашық екенін танытса керек. Көркем шығармаларды авторға емес, оқырман қабылдауына негіздей қарастыру өте маңызды дүние. Талдануға шет ел және қазақ әдебиетінің ең ірі туындылары салыстыра алынуы бұл еңбектің көкейкестілігін аңғартады. арқылы көркем мәтіндегі көрінісін саралау басшылыққа алынған. Бұл мәселеге тұңғыш талпыныс жасалып отырғандықтан мәселенің шешімін табуда XIX, XX ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілдері, атап айтқанда, Л.Толстой, Ф.Достоевский, А.Құнанбаев, Б. Майлин, Ж. Аймауытов, Р. Акутагава, Ф. Фицджеральд, М.Мағауин, Ә. Кекілбаев, В. Пелевин сияқты классиктердің шығармалары талдау басшылыққа алынған.

Сәуле Ержанованың аталмыш оқу құралы, негізінен, ойлау феноменологиясы адамзат бойында қалыптасқан өте күрделі, әлеуметтік-психологиялық білім екенін көркем шығармалар негізінде дәлелдеуге бағытталған. Оқу құралында ақыл мен оның объектілері қандай жолмен өзара әрекеттесіп, байланысқа түсетінін нақты көркем шығармалармен талданады. Сан алуан сезімдік тебіреністерді тудыратын қабылдаудан кейінгі ақыл-ойдың қызметін ойлау феноменологиясы арқылы көркем мәтіндегі көрінісін саралауға негізделген.

Демек, қазіргі әдебиеттанудың даму үрдісі жан-жақты зерттеліп, ауқымды ғылыми шолуларда жинақталғанымен, бұл бағытта жаңа үрдістерді күтуге болады. Әлем әдебиетін мәдениет контекстінде зерттеу әдебиет теориясының дербес саласының қалыптасуына әкеледі деп ойлаймыз. Ғалым С.Баймырзақызының еңбектерінің құндылығы да әдебиеттанулық зерттулер әдебиет теориясы контекстінде қаралып, оқу құралы ретінде пайдаланылады. Әдебиет теориясының ғылыми тұжырымдарын нақты мәтінде тәжірибелік негізде іске асырып, қолданылуы болса керек. Өзіндік тарихнамасы, ғылыми әдістері, зерттеудің нақты әдістері, әсерлі жетістіктері және оның даму перспективалары бар әдебиеттану осындай жаңа талдауларда жаңғыра бермек.

#### **Әдебиеттер:**

1. Ержанова С. Қазіргі қазақ прозасындағы нарратология / оқу құралы, «Қазақ университеті» баспасы, 2020
2. Ержанова С. Емангалиева К. Көркем шығарма феноменологиясы. / Оқу құралы, «Қазақ университеті» баспасы, 2021

## **ПОЭТИКА ОҚУЛЫҒЫ**

**Қ. Мәдібаева,**

М.О. Әуезов атындағы

Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері,

филология ғылымдарының докторы, профессор,

Алматы қаласы

Қазақ әдебиеті пәнінің оқытылу тарихында жазылған оқулықтар мен оқу құралдарының тапшылығы қазіргі кезеңде де сақталып отыр. Осы бағыттағы оқу әдебиеттің таралымы аз; жергілікті оқу орындарындағы маман кадрлар басым жағдайда өз қаржысына шығарып оқу үдерісінде пайдаланып жүрген оқу-әдістемелік құралдардың да жаппай қолданысқа ену мүмкіндігі шектеулі. Бір орталықтан үйлестіріп отыратын мекемелердің сұрыптауынан өтіп болғанша нақтылы оқу құралының сұранысы бәсеңдеп қалуы да мүмкін. Жаһандану үдерісіндегі пән мазмұнының танымдық аясына қойылып отырған жаңа талаптар бойынша оқулық жазудың жауапкершілігінде көп еңбектеніп жүрген әріптес жас маман Сәуле Баймырзақызы Ержанованың «Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында» атты оқу құралы (2010 ж.) әдеби шығарманы оқытудағы ғылыми негізділігімен сұранысқа ие болып отыр.

Поэзиялық туындының әдебиет тарихындағы айрықшалықтарын теориялық тұрғыдан саралап, қорытқан зерттеу еңбектердің нәтижелерін дара шығармашылық тұлға; белгілі бір тарихи кезеңнің рухани бағдарлары; жанрлық-поэтикалық өріс ауқымында оқу үдерісіне оңтайлы әдіс-тәсілдерде мазмұндаған бұл оқу құралы «1. Тәуелсіздіктің тарихи идеясы және тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының даму үрдісі», «2. Қазіргі поэзиядағы көркемдік тұтастық», «3. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының құрылымдық ерекшеліктері» атты іштей қазіргі поэзиядағы дәстүр мен жаңашылдық; лириканың жанрлық дамуы; өлеңдік түр; ұлттық поэзиядағы поэтикалық мәтін мәні сынды өзектес тақырыптарда қамтылған көлемді үш бөлімде мазмұн түзген.

Жоғары мектептің білім беру жүйесінде қазақ поэзиясының теориялық негіздерін оқытып келе жатқан білікті ұстаз Сәуле Баймырзақызы аталған оқу құралын Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясының дара сипаттарын оңтайлы әдіснамалық негізде білім мазмұнына сіңіру мақсатында жазады.

Ғасырлар бойы отарлық езгіде ғұмыр кешкен ұлт тағдырындағы бодандық таңбасы тұрғысында сол халықтың әдеби мұрасындағы постотарлық сарындар жөнінде Батыс әдебиеттанушыларының батыл ойлары Майкл Райан [2] мен Джулия Ривниннің құрастыруымен 2018 жылы қазақ тілінде жарық көрген «Әдебиет теориясы» 5 томдық Антологиясында бүкпесіз айтылғанын көреміз.

Саяси тарихтың сыр бүккен тұстарын тұтас саралау тарихшылардың еншісі десек те, қашан да ұлт тағдырының көркем шежіресі мәніндегі рухани жүгін жеңілдетпеген әдеби мұра, әдеби шығармаға қатысты «айтылмаса атасы өлетін» сөздің бары да – рас. Тәуелсіздік мұрат, поэзиядағы азаматтық, азатшылдық сарын қазақ әдебиеттану ғылымында ілгеріден қозғалып, сөз болып келеді. Сәуле Ержанова «Тәуелсіздіктің тарихи идеясы» ұғымын «Күлтегін» жырынан бастайды, ілгеріде дәл осы мәнде, осы мазмұнда мән беріле бермеген мәселеге ден қояды.

«Тауғаш халқына бек ұлдары құл болды,  
Пәк қыздары күң болды,  
Түркі бектер түркі атын жоғалтып,  
Тауғаш бектерінің тауғаш атын тұтынып,  
Тауғаш қағанына бағынды  
Елу жыл ісін-күшін берді» [1, 8-б.].

Әдеби мұраны тарихилық ұстанымында танудың өзектілігінде жыраулар поэзиясы, жаугершілік замандар рухында өріс жалғаған азаматтық, азатшылдық күрес мұраттарын жауынгерлік поэзияның поэтикалық айрықшалықтарында айқындауға мән беріледі.

Зар заманның жайында екпін түсіріле айтылған нақтылы тоқтамдар, Махамбет жырының азаттық күрес айбыны батырлық эпостың түпмұраттарымен сабақтас маңыздылығы, «нақтылы жекелік» сипаттары таным түзеді. Алаш қайраткерлерінің күрес мұраты мазмұн ашқан ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясы. Мағжанның түркішілдігі. «Романтикалық ағым, түркішілдік сарын – барлығы Мағжан ақынның санасындағы азаттық таңының сәулелі көрінісі болатын. «Алыстағы бауырым» атты өлеңіндегі азаттық идеясы былайша өріледі.

Шарқ ұрып, ерікке ұмтылған түрік жаны,  
Шынымен ауырды ма, бітіп халі?!  
От сөніп жүректегі құрыды ма,  
Қайнаған тамырдағы аққан қаны?!  
Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта,  
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа  
Лайық па, құл боп тұру? Жүр кетелік,  
Алтайға ата мирас алтын таққа» [1, 17-б.].

Бағзы замандарда ата-бабасы бостандықта өмір сүрген Алтайды аңсаған ақынның жанын қинаған бодандық бұғауы сол дәуірдегі Осман мемлекетінің ыдырау қапасымен тұтастанып туған шығарма өзегіндегі азаттық мұраттар кеңестік кезеңдегі қазақ поэзиясының күрескерлік негіздерінде жалғасын тапқандығы; Қасым ақын, Мұқағали, Фариза мен Төлеген, Кеңшілік, Жұматай, Жарасқан поэзиясындағы кемел тұтастық тарихи таным аясында қорытылып, зерделенеді.

Тарихтың баға жетпес сыйы – Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұғырлары туралы оқу құралы Егемендік Декларациясы жарияланғаннан кейінгі қазақ жырының жаңа сапасын, бағзыдан шайқалмаған берік дәстүрін ғылыми негіздерінде арнайы саралап, байыптауымен; оны оқытудың жолдарын пысықтауымен мәнді.

Қазіргі қазақ өлеңіндегі көнетүркілік сарындардың; жыраулық поэзия өрнектерінің; мағжандық бернелеудің поэтикадағы айқындаушы стиль мәнінде қалыптасу бағыттары түбегейлі шығармашылық үрдістер заңдылығында айқындалып, сараланып білім мазмұнын түзеді. Поэзиядағы образдылықтың, сөз айшықтаудың постотарлық таңбаларына, «жай ғана» поэтикалық серпіннің астарындағы көбіне ескеріле бермейтін сөз-символдарға айрықша мән берілуі назар аударады.

«Жалпы отаршылдық саясатты көгенге, тұсауға, шідерге, құрыққа, шынжырға, қамытқа теңеу, яғни нақтылы адамды тоқтататын, тежейтін физикалық денелерге балау көрініс алды. Бұл образдық тұрғыдан ойлау бағытында өте сәтті екені рас. Адамның рухының қапаса қамалуына, нақтылы азаттық шектелуге балау арқылы «заттандырып көзге көрсеткісі» келген ақындардың талпынысы болатын. Бұл ретте тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақ ақындарының жалпы қабылдауын ХХ ғасыр басындағы төңкерісті қарсы алған шығармашылық иелерінің көңіл-күйімен салыстыруға болады» [1, 19-б.].

Оқу құралының нақтылы саралаулар, ғылыми негізді тұжырым-тоқтамдар арқылы қорытылып ұсынылған танымдық материалы білімгерді ынта қойып, қызығушылықпен игеруге жетелеп отыратын сабақтастықта, оңтайлы, нақты мазмұн түзгенін атап айтқан жөн. Поэзия туралы оқулықтың әдебиет тарихының хронологиялық жүйесінде, бірізділіктің классикалық дәстүрінде жазылғандығы күрделі поэтикалық ұғымдары «қиналмай», біртіндеп сіңіруге жаттықтыратынын автор ұдайы есте ұстайды.

Мағжан Жұмабаевтың Бернияз Күлеев шығармашылығына орай айтқан «Тегінде, әдебиет көктен түсетін пайғамбарлық емес. Әдебиет – елдің жанында жүре бастаған толқындардың жарыққа шыққан жаңғырығы» деген тоқтамы «Әдебиет дегеніміз не?» дейтін көкейкесті, жауабы кейде тым ұзақ та айтылуы мүмкін шығармашылықтың дөп, айқын, сәтті қисындалған таптырмас бір тоқтамы мәнінде білімгер жадында таңбаланып қалатындығы даусыз.

Оқу құралы қазақ әдебиетінің, қазақ өлеңінің тарихын ұтымды ұғындырып отыратын тапқырлық, ұтқырлық, ұшқыр таным өзектілігінде өзінді дара мазмұнда жазылған. Поэтиканың күрделі ұғымдарын тарихтың бел-белесіндегі бедерлі фактілер, шығармашылық тұлға факторында танымға тартудағы жинақы, нақтылық, өзектілік назар аударып отырады. Оқулықтың танымдық мазмұнын түзудегі әдіскер маман-автордың тандау ұстанымы берік, иланымды.

«Бұл ретте біз тәуелсіз қоғамда туып еді деп қалам ұстағанның барлығының шығармашылығына тамсана қараудан аулақпыз. Біздің негізгі нысанамыз ата-бабамыз ғасырлар бойы аңсаған егемендікті алғаннан кейін дүниеге келген рухы тәуелсіз, көркемдік бояуы қалың, жаңа поэтикалық шығармаларға сараптама жасау», – дейді автор [1, 21-б.].

Мәселенің зерттелу тарихын айналымда ұстайды. Жеке ақын, жеке жинақ нақтылы поэтикалық айрықшалығында көркемдік тезге тартылып отырып, біртіндеп тұтас бір дәуірдің ақындық бағыты теориялық-ғылыми негізде сәйкес таным түзетін мазмұн құрайды. Оқу құралындағы оңтайлы жүйеде сабақтасып отыратын өлең талдау тәсілдері жалықтырмайды, өлең өзегіндегі поэтикалық сырды жарқ еткізіп ашатын тосын да жатық әдістемелік шешім тауып отырады.

Поэтикалық тапқырлықтың дәстүрлі, байырғы үрдістерінің жаңғыру, түлеу элеуетінде «басқаға сөз бермейтін» қазақ өлеңінің қайталанбас жаратылысы оқу құралында жеке ақындар шығармашылығы, мәтіндік саралау, салыстырулар негізінде елеулі мазмұн түзетіндегін де атап айтқан жөн. Әр тараудың материалын әдістемелік тапсырмалармен пысықталып отыруында да білімгерлер үшін қажетті пән мазмұны қамтылған.

«Қазіргі қазақ поэзиясындағы кейіпкер эволюциясы» мәселесінде күрделі поэтикалық құбылыстарды қамту мүмкіндігі туындайды. Нақтылы поэтикалық проблеманың терминдік ұғымдарының анықтамасын кіріктіріп отыруы – оқу құралының және бір ұтымды айрықшалығы.

Дәстүр, жаңашылдық, жанр, әдеби бағыт, сарын, т.б. атауларға арнайы кідірістеп отырудың да оқулық мазмұнында өзіндік маңызы бар. Оқу құралында білімгерді өз бетінше өлең талдауға бейімдейтін, қызықтырып, автордың «дұрыс сараламаған» тұсын табуға да итермелейтін, еркін талдаулар құқын беретін тұстардың болуы да орынды.

«Н. Мәуленұлының өлеңіндегі жыраулық дәстүр салған іздің нақтылы көрінетін жері оның құрылымдық ерекшелігі. Төкпелете ой айтуға бейім ақын толғата жырлағанымен толғаудың құрылымына тұтас еніп кетпеген. Қайта толғаулық үлгіні төрт жолдың шумақтық құрылымға айналдыра білген. Сонымен қатар әрбір шумақты жеке-дара бөліп қарап, ойды қайырмалап отырған. Шұбыртпалы ұйқасқа құрылатын жыраулар толғауынан Нұрлан ақынның басты ерекшелігі – осы болса керек» [1, 51-б.].

Оқулық авторы осы тұста дәстүр аясындағы жаңашылдық мәселесіне ден қояды. Білімгерлер Нұрлан Мәуленұлының шығармашылығы талқыланатын тәжірибелік сабаққа міндетті түрде жыраулық поэзияның дәстүрлі негіздері, басым сипаттары бағытындағы теориялық дайындықпен келеді. Сабақ қызу талқы, пікір алмасу, пікірсайыс түрінде өтетіндігі анық. Қазақ поэзиясының тарихы, дара шағармашылық тұлғаның поэтикалық әлемі тұрғысында таным қалыптастырудың өзіндік бір тәсілдері осындай түбегейлі мәселелердің өзектілігінде орнығып отырмақ.

Сәуле Ержанова – кейінгі кезеңде қазақ әдебиетінің бай мұрасын игерудің пәнаралық ғылыми тоғыстарында, әдіснамалық жаңа бағыттарында орныға бастаған өзекті міндеттерде бірнеше зерттеу еңбек жазып; ғылыми нәтиженің білім мазмұнына тартылуы бойынша теориялық, тәжірибелік маңызы бар жұмыстар жүргізу бағытында тынымсыз ізденістерде жүрген маман. Қазақ поэзиясының тұтас тарихи даму кезеңіндегі авторлық құрамды ортақ сипаттарында; дара шығармашылық өрісінде арнайы зерттеуде бірнеше монографиялық еңбегімен де танылған белгілі әдебиеттанушы.

Сәуле Ержанованың ғылыми-педагогикалық еңбегі зерттеушілік бағыттағы теориялық тоқтамдары мен білім беру саласындағы ізденіс, тәжірибелерінде өзіндік нәтижесімен танылып, бағаланып жүр. Көп жылдар бойы қазіргі Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болған қызметінде қазақ әдебиеті пәнінің жоғары, орта мектепте оқытылу үдерісіндегі білім сапасын жақсартуға әдіскер маман, ғалым зерттеуші ретінде айтарлықтай ықпалды еңбек жасады.

Кафедраны білікті маман кадрлармен жасақтаудағы іскерлік, ұйымдастырушылық алымы; кәсіби біліктілігі; мамандық парызға адалдығы; ғылыми-педагогикалық әріптестері арасында лайықты бағаланып келе жатқан Сәуле Баймырзақызының жоғары мектепте поэзияны оқыту бойынша жазылған оқу құралының мазмұндық, ғылыми-әдістемелік сапасы нақтылы саралау, мазмұндық сәйкес, қажетті ғылыми негіздемелерімен айқындалған. Тақырып аясына шашау шығармай тартылған өзекті поэтикалық проблемалардың тәуелсіздік кезең поэзиясының көркемдік фактісінде пысықталуы – осы оқу құралының атап айтар айрықшалығы.

Әрине, ондаған жылдар бойы идеологияның қату қабағына қарайлап отырып зерттелген қазақ әдебиеті тарихының көркемдік мазмұнындағы «ақтаңдақтардың» бұл оқу құралына да өзіндік ықпалы болған қазақ өлеңінің Шығыс әдебиеті үлгілерімен тамырланған айрықшалықтарын Тәуелсіздік кезең поэзиясының танымдық негіздерінде де қозғап кетудің

артықшылығы болмас еді. Тұтастай алғанда, пән тілінде бастан-аяқ фактімен, дәлелмен дәйектеліп отырған осы сапалы оқу құралының ғұмыры ұзақ болатыны анық.

**Әдебиет:**

1. Ержанова С.Б. Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында. Оқу құралы. – Алматы: Білім, 2010. 320 б.
2. Райан М., Ривнин Дж. Әдебиет теориясы. Антология.

## **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ ОЙЛАУ ФЕНОМЕНОЛОГИЯСЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ**

**Мұратбек Иманғазин**

Филология ғылымдарының докторы,  
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу  
университетінің профессоры, Талдықорған қаласы

Ойлау, оны талдау, әдеби анализ өткізу – барлық саналы адамзатқа тән ортақ әрекет. Ол ғылымның барлық саласында кездесіп, терең талдаулар мен зерттеулерден өтті. Ойлауға феномен негізінде қарап, ақыл-ой әлемге сезім арқылы енетіндігіне көркем мәтін арқылы талдау жасау әдебиет тарихында жиі кездесе қоймайды. Осы тұрғыдан келгенде, филология ғылымдарының докторы, профессор *Сәуле Баймырзақызының Ержанованың «Көркем шығарма феноменологиясы»* атты оқу құралы бүгінде өзекті болып отырған әдебиеттанудың салааралық байланысы мәтіндік талдаулармен сараланған бұл оқу құралының маңызы зор екендігі анық. Қазірде жаңа оқу бағдарламалары заман талабына сай қаншама жаңа пәндер енгізілуде. Мәселен, өзім жүргізетін «Жаңа әдебиет бағыттары» деген пәнді өткізу үшін, осы еңбектің көп көмегі болғанын айта кеткен жөн.

Бұған дейін әдебиет зерттеушілері шығарманы талдауда негізгі басымдықты авторға, автор өміріне, заман көрінісіне берсе, бүгінде көркем шығармаларды «шығарма-оқырман» деңгейінде талдаудың маңызы артып келеді. Осыған байланысты әдебиетте оқырман қабылдауы түсінігі мен оны жеткізетін әдіс-тәсілдер қалыптасты. Адам санасындағы таным, қабылдау, ойлау ұғымдарын философиялық, психологиялық, лингвистикалық тұрғыда қарастыруды көздеген бұл еңбек студенттер мен ізденушілерге таптырмас еңбек болмақ. Бұл еңбекте қазақ және әлем әдебиетінің ең ірі жазушыларының үздік шығармаларына герменевтикалық талдау жасалған. Оқырманның мәтінді қабылдауы әлемді қабылдау деңгейінде түсіндірілген. Көркем шығарма феноменологиясын зерттеуге арналған оқу құралында антика дәуірінен қазіргі заманға дейін «ойлау» туралы айтылған пікірлер мен еңбектерге шолу жасап, ортақ қорытынды шығарылады.

Жеке бақылаумен оқылған еңбектер негізінде «ойлау феноменологиясы» анықтамасын қалыптастыруға мән беріледі. Шетел және қазақ әдебиетінің көркем шығармаларын салыстыра отырып, көркем шығармадағы феноменологияның өзектілігін айқындайды. Өйткені, қазақ әдебиетінде, атап айтқанда, қазақ шығармаларының феноменологиялық зерттеуге түспегенінің өзі мәселенің басы ашық екенін танытса керек. Көркем шығармаларды авторға емес, оқырман қабылдауына негіздей қарастыру өте маңызды дүние. Талдануға шет ел және қазақ әдебиетінің ең ірі туындылары салыстыра алынуы бұл еңбектің көкейкестілігін аңғартады.

Оқу құралы, негізінен, ойлау феноменологиясы адамзат бойында қалыптасқан өте күрделі, әлеуметтік-психологиялық білім екенін көркем шығармалар негізінде дәлелдеуге бағытталған. Оқу құралында ақыл мен оның объектілері қандай жолмен өзара әрекеттесіп, байланысқа түсетінін нақты көркем шығармалармен талданады. Сан алуан сезімдік тебіреністерді тудыратын қабылдаудан кейінгі ақыл-ойдың қызметін ойлау феноменологиясы

арқылы көркем мәтіндегі көрінісін саралау басшылыққа алынады. Бұл мәселеге тұңғыш талпыныс жасалып отырғандықтан тақырыпты ашуда, оны зерттеуде, мәселенің шешімін табуда және мақсатқа қол жеткізуде ХІХ, ХХ ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілдері, атап айтқанда, Л. Толстой, Ф. Достоевский, А. Құнанбаев, Б. Майлин, Ж. Аймауытов, Р. Акутагава, Ф. Фицджеральд, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, В. Пелевин сияқты классиктердің шығармалары басшылыққа алынды. «Феноменология» термині Эдмунд Гуссерльге дейін де философия тарихында қолданылған, алайда феноменологияның қазіргі мағынасы Гуссерль әдісіне көбірек байланысты. Сол тұрғыда «феноменология» терминін әртүрлі тәсілдермен ұсынған ойшылдардың тізімі хронологиялық тәртіпте қысқаша түсініктемелермен берілген: Иммануил Кант «Критика чистого разума» еңбегінде объектілерді адам санасы қабылдайтын құбылыстар және өз ішіндегі заттар ретінде ажыратса, Гегель Канттың іліміне қарсы шығып, феноменді зерттей отырып, оның артында жасырынған абсолютті, логикалық, онтологиялық және метафизикалық рухты түпкілікті түсінуге болатындығын айтты. Мартин Хайдеггер өзінің «Болмыс және уақыт» атты еңбегінде белгілі деңгейде Гуссерльдің феноменологиясына сүйенеді.

Десе де Хайдеггер мен Гуссерль арасында қайшылықтар да жоқ емес. Қазіргі уақытта Гуссерльдің Хайдеггер философиясына тигізген әсері туралы да, оның философиясының феноменологиялық тамырлары туралы да көзқарастар бір арнаға тоғыспайтындығын анық дәлелдермен алдыға тартады.

Біздің төл қазақ әдебиетінің тарихының күрделі кезеңі мен тұтас дәуірінің болмыс-бітімін тануда әр ғасырдың алар орыны айрықша болып табылады. Бейсенбай Кенжебаев ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеуде орын алып отырған басты кемшіліктерді: «Бізде ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін менсінбеушілік, жете бағаламаушылық болды; кейбір даурықпалар ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті идеялық, көркемдік дәрежесі төмен, ескішіл, ұлтшыл әдебиет, тіпті ХХ ғасыр басында бізде шын мағынасындағы әдебиет болған жоқ десті. Осыдан ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеп, бастыруға жете көңіл бөлінбеді», – деп көрсетті [5; 136].

Әсіресе өткен дәуір мұрасын бағалау мен зерттеудің әдіснамалық негіздерінің қателіктерін дұрыс көрсетіп, ақын-жазушылар дүниетанымындағы қайшылықтардың туындауына жете үңілу керектігін, әдебиеттің тұтас тарихын жазу, оған назардан тыс қалып келе жатқан қаламгерлердің барлығын да енгізу туралы келелі ойларын бүкпесіз жеткізді. Ғалым: «Дұрысында, тарихта болған, заманында өзінің шамасы келгенше қоғамдық, прогресшіл қызмет атқарып, әлеуметтік, мәдени, әдеби мәні бар азды-көпті шығармалар қалдырған ақын, жазушылардың бәрінің де аттары аталуға, қызметтері мен шығармалары көрсетілуге, зерттелуге тиісті; саяси және басқа үлкен қылмысы барлары болмаса, аттары аталмайтын, қызметтері мен шығармалары көрсетілмейтін ақын, жазушылар болмауға тиісті» [6; 146], – деген таза ғылыми және азаматтық ұстанымда болды. Сол арқылы ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетін кешенді зерттеу мәселесін күн тәртібіне өткір қойды. Зерттеуші пікірінің астарында Алаш қалам қайраткерлерінің де мұрасы ескерілуі тиіс деген емеурін жатқанын аңғарамыз.

Өйткені ғалым өзінің «Өтелмеген парыз» [7] мақаласындағы елдікпен сабақтасып жатқан ойларынан, азаматтық ұстанымынан бір табан шегініс жасағаны жоқ. Әдебиетші Құлбек Ергөбеков атап өткеніндей, «идеология жегіндісіне айналғысы келмеді. Саясаттан ғылым, ғылымнан саясат жасағысы келмеді» [8; 115]. 1959 жылғы әдебиеттану ғылымына арналған конференцияда Алаш арыстарының әдеби мұрасы мен шығармашылығы назардан тыс қалғанын, аталғанның өзінде қараланғанын айтар болсақ, тек Бейсенбай Кенжебаев қана Мағжан Жұмабаев есімін ілтипатпен атады.

Айқын Нұрқатовтың Ақан сері туралы жасаған баяндамасымен ой бөліскенде: «Ақан серінің шығармаларының жиналуына сын көзімен қарауы керек еді. Тіпті Ақан сері шығармаларын бірінші жинап бастырған М.Жұмабаевты да ескеруі керек еді» [9; 294], – деп дерек көздерін дұрыс игерудің ғылыми мәнін әдебиетшілер зердесіне құйды.



#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Философия. Энциклопедический словарь / под ред. А.А. Ивина. – М.: Гардарики, 2004. – 1072 с.
2. Robin D. Rollinger. Husserl and Brentano. Phaenomenologica. – Dordrecht: Springer Netherlands, 1999. – 366 p.
3. Ямпольская А.В. Метод феноменологии Хайдеггера // Вестник РГГУ. Серия «Философские науки. Религиоведение» Российский государственный гуманитарный университет, 2017.
4. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание. – СПб.: Питер, 2003. – С.120.
5. Әдебиеттану дәрістері: Күндізгі және сырттай бөлім студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралы – Алматы: Қадыров Ж.Т. ТехноЭрудит, 2018. – 200 б.
6. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы мәтінтанудың өзекті мәселелері: Магистрлік диссертация. Мамандығы: 6М011700 Қазақ тілі мен әдебиеті / М:Б Тумабаева. – Талдықорған, 2013. – 100 б.
7. Әдебиеттану дәрістері: Күндізгі және сырттай бөлім студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құралы – Алматы: Қадыров Ж.Т. Эверо, 2018. – 200б.
8. Әдебиеттануға кіріспе: Оқу құралы / Пангереев А. – Алматы: Техно Эрудит, 2018. – 192 б. – (Филологиялық мамандықтар бойынша ЖОО студенттері үшін қашықтан оқытуға арналған).
9. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері: Оқу құралы / Г.Ж. Пірәлі. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 214 б.

## БИОМӘДЕНИ ДАМУДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ДИСКУРСЫ

Сәуле Ержанова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры,  
филология ғылымдарының докторы,  
Алматы қаласы

Әдебиетті зерттеудің нақты дұрыс қадамы, көптеген онжылдықтар ғана емес, бірнеше жүздеген жылдар бойы, гуманитарлық ғылымның денеге, яғни адамның биологиялық табиғатына немқұрайлық танытқанын мойындау болып отыр. Жасыратыны жоқ, Адамзат өз болмысының мәнін түсінуде қиын да ұзақ жолды таңдап, бәрібір қайта айналып сол нүктеге оралғандай көрінеді. Өйткені гумаитарлық ғылымдар назары идеологияға, тарихқа, мәдениетке, саясатқа, таптық және рулық қарама-қайшылыққа, адамның қоғамдағы орнына бағытталды. Тек 1980-ші жылдары гендерлік зерттеулердің, олардан кейін отаршылдықтан кейінгі зерттеулердің дамуына байланысты ғана адамның өзін-өзі сәйкестендіруі, оның менталдығы және, соның салдары ретінде, адамның әлемді қабылдауы мен оның осы дүниедегі яғни жердегі орны туралы мәселе қойыла бастады. Ұлы ойшыл Э. Кант адамды жабайылықтан бөліп көрсететін – мәдениет, ақыл-ой, моральдық жетілу мәдениеті әдісін көрсетеді. Демек, «биомәдени» ұғымы – бүкіл адамзаттың, оның ішінде әртүрлі халықтар мен құрлықтар мәдениетінің біртұтас мәдени процеске бірігуі болмаған дәуірлерге жетелейтін ұғым ретінде қайтадан өзегімізге оралуға итермелейді. Яғни, ілкі не алғашқы деген мағына біз қарастыратын тақырыпты анықтау үшін ең қолайлы ұғым. Табиғаттың, адамның және оның қызметінің ажырамас бірлігін білдіретін бастаудың негізі биомәдениетте екендігін көрсетеді. Адамзаттың әлеуметтік мәдени орта жағдайының ұдайы өзгеріп отыратын ахуалына бейімделіп қана қоймай, өз мұқтажына қарай оған әсер ете білуін екжеп, ескеріп сараптауға бейімделген үдерісті байқатады. Яғни жана мыңжылдық бізге ғасырлар бойы қалыптасқан әлемдік әдебиетті биомәдени контекстінде сипаттаудың теориялық үлгісін жасауды талап етіп отыр деуге болады. Эмпирикалық ұғымдардың жалпылық қамтылуы сипаты да бұл мәселеге жай қарауға болмайтынын байқатады. Отандық ғана емес, әлемдік әдебиеттану ғылымын қамтыған және постмодернизм сынды жарқын, бірақ сөзсіз дағдарыс пен өткінші құбылыстың басымдылығында көрініс тапқан әдебиеттану әдістемесінің дағдарысқа ұшырауының бір себебі де осында болса керек.

Қазіргі кездегі американдық зерттеушілердің айтуы бойынша, сол кездің өзінде ақ яғни өткен ғасыр ортасында да бұл мәселені дискурс ретінде қарап, сәйкестілік неден тұратындығы және ол қалай құрылымдалғаны туралы мәселені қарастыру үшін, сыни ұғымдық және терминологиялық аппарат болған жоқ. Бірақ XX-XXI ғасырлар тоғысында-ақ әсер ету теориясынан денені сыни талдау мәні ретінде анықтауға мүмкіндік беретін эволюциялық психология мен нақ сана теориясына дейінгі сыни тәсілдер пайда бола бастады. Адам ойы көбіне дене тәжірибесімен қалыптасатындығы, ал адам ақылының жұмысын биологияға негізделген эволюциялық бейімделу тұрғысынан түсіндіруге болатыны айқын болды. Біз күні бойы ойлағаннан гөрі, көбіне және жиірек сезінетіндігіміз туралы нақты ой айтылды. Міне осы сезімдер туралы нақ осы көркем әдебиет баяндайды. Бүгінгі күнде шығарманың рецепиентіне негізделген көзқрастың тұрғысында қарасақ оқырманның шығармадағы құпия танымдық әрекеттерді шешудегі қызметі ерекше. Оқырманын шығармаға қатысуға мәжбүр ететін дискурстық таным алмасуы сезімдерді зерделеуге, адам табиғатын, оның ойын, жұмысын, өмір салтын зерделеу арқылы, оны айтарлықтай нақты және нәзік сезінуге мүмкіндік береді. Демек, соңғы онжылдықтарда әдебиеттанушылар өз жұмыстарында когнитивті ғылымның жетістіктерін ескере бастады, онда адам миы мен ақылының «іске асырылуына» ерекше назар аударды. Осы модельдерге сәйкес «Іске асырылған ақыл», тұжырымдамасында ақыл биологиялық ми аспектісі ретінде көрсетіледі, өйткені ақыл мидың денемен байланысын, демек оның физикалық, әлеуметтік және мәдени ортамен байланысын көрсетеді. Сананың нейронды теориясын зерделеу мақсатында «ақпарат» ұғымы және мидағы нейронның оқиғаға қатынасы барлығы анықтала бастады. Қазіргі филологиядағы «мәтін» теориясы мәселесі болашақта жаппай «ақпарат» ұғымын зерделеуге итермелейді ма деген сұрақ туады. Ғаламның электромагниттік толқынындағы ақпараттың адам танымына яғни миға жеткізуші нәрсе ол өте ұсақ нейрон ішіндегі үлпідей қозғалғыштар екенін дәлелдеген тұжырым 2020 жылы физика саласында Нобель сыйлығына лайықты деп танылды. Нейрондар «ақпарат алады», «ақпаратты береді», «ақпаратты өңдейді» дәл осындай ойды электроэнцефалографиямен зерттеген британдық ғалым Джон Джо Макфадден «ақпарат» ұғымын нейрондық процестермен қарауы біздің мәтінге, әдеби бағытқа, зерттеулерге деген көзқарасымызды да өзгертуге тиіс деп ойлаймын. Егер ми семантикалық және репрезентациялық қабілеттері бар жүйе ретінде қарастырылатын болса, онда ол танымның физикалық бірлігі. Ой мен сезімді танудағы Ақпарат ұғымы осы пайымда қарастырылады. «Ақпарат» ұғымын нейрондық процестерге қолдану үшін пайдалану мәселесі Роза Цаоның «Мидағы ақпаратқа телеосемантикалық көзқарас» атты мақаласында тәптіштеп қарастырылған [1]. Автор, семантикалық жүйе ақпаратты беруді қамтамасыз ету үшін, оның қандай қасиеттері болуы тиіс екенін талдайды. Демек, танымды зерттеу адам болмысын, жаратылысын немесе кемеңгерлікті немесе ойдағы (бізге әлі белгісіз) болмысты зерттеу емес пе. Когнитивтік (танымдық) сын өз бастауын Марк Тернердің «Ойды оқу» жұмысынан басталады (1991). Ол, адам ақылы метафора, метонимия сияқты когнитивтік сұлбаның көмегімен бір ортадан екінші ортаға тәжірибені, образдарды тасымалдауға қабілетті екендігін көрсете отырып, когнитивтік семантика мен эволюциялық биологиядағы танымға назар аударуды ұсынады. Ол әдебиет сыншыларының адам денесін әлеуметтік құрылыстың негізгі орны ретіндегі зерделеу, метафора мен басқа образдық құбылыстарды зерттеу болып табылатын әдебиет және когнитивтік – ғылыми проблематиканы жақындастыруына әкеліп соқты. Сонымен қатар, олардың зерттеулері көбіне эпистемиологияға физикалық, әлеуметтік және мәдени индекстелген тәсілдерді пайдалануға бағытталды. Осындай тәсіл когнитивтік ғылымның нәтижелерін әдебиеттік зерттеулердің поэтика, нарративті зерттеулер, риторика мен композиция сияқты салаларына, сондай-ақ әдебиет пен мәдениет зерттеулеріне «жаңа» тарихи тәсілдеріне енгізеді. Шығарманы қабылдауда ең белсенді әрекеті – аффект құбылысына мән береді. Аффект теориясы бойынша адам ойлаудан бұрын сезінеді. 1990-шы және 2000-шы жылдары аффект теориясы Ив Седжвиктің, Лорен Берлан мен Брайан Масумидің әдеби зерттеулерінде пайда бола бастады. Эмоционалдық тәжірибе танымдық қызметтен бұрын болады деген пікір дене мен үрейлерді қалай бастан өткеретіні арасындағы

күшті байланысты анықтауға мүмкіндік берді. Қорқыныштың маңызды саяси салдарлары бар, ол жеккөрініштілікпен айла-шарғы жасаудың механизмдерін зерттеуге мән беріп келеді. Өнер әлеуметтік функцияға қызмет етеді; көркем әдебиетті оқу эмпатияны арттырады, деп саналады. Адамзат дамыған сайын, оларға үлкен топтарда өмір сүру керек болады, ал өнер, адам ақылына өзінің меншікті өміріне ұқсас басқа өмірді тануды меңгерте отырып, осы процеске көмектесті. Сюзанна Киннің [2] «Нарративтік эмпатия» жұмысы аффект пен мидағы танымдық процестердің қиылысы бойынша жүргізілетін зерттеулерге үлгі болып табылады. Мидағы айна нейрондар бізге бөтен адамдардың күйзелісін өзінікі сияқты сезінуге мүмкіндік береді. С.Кин көркем әдебиетті зерделеу барысында нейроғылымның жетістіктерін пайдаланады. Романды оқу, дүниеге басқа көзқараспен қарау адамның ақыл қабілеттерін күшейтеді, ал көркем әдебиетті оқу оқырмандардың эмпатияға деген қабілетін арттырады деп біледі. Соңғы бірнеше он жылдықтар ішінде эволюционистік әдеби теория сыни дискуссияларға айтарлықтай үлес қосты. Әдебиеттануда жаңа бағытты құруда маңызды рөл атқарған Джозеф Кэрролл [3] «Әдеби дарвинизмде» (2004) дарвиндік эволюстік теориясын пайдалана отырып әлеуметтік биологиялық сыни талдау жүргізуге арналған бағдар ұсынды. Дж. Кэрролл адам табиғатының әдебиеттегі көрінісін, әдеби шығармадағы мағына мен көзқарасты білдіру тәсілдерін зерттейді.

Қазіргі америкалық әдебиеттанушылардың пікірі бойынша, әдебиеттанудағы когнитивтік- эволюциялық эмоционалдық төңкеріс гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарын байланыстыратын жаңа зерттеулер түрлерін тудырады. Адам мінез-құлқы мен ми бөліктері арасындағы байланыс айқын, сондай-ақ адамның биологиялық «мені» мен оның табиғи және өмір сүру ортасы арасындағы өзара әрекет адам мәдениеті үшін де, сондай-ақ адамның мәдениетте биологиялық дамуы үшін де шешуші мәнге ие болатындығы түсінікті болады. Сондықтан гуманитарлық ғылымның жаратылыстану ғылымдарының зерттеулеріне қызығушылық танытуы биомәдени дамудың шығармашылық дискурсты тудырудағы қызметінен деп білеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Derrida J. The Animal That Therefore I Am: More to Follow. — New York: Fordham University Press, 2008.
2. Keene, S. (2010). Narrative Empathy. Towards a Cognitive Theory of Narrative Acts. University of Texas Press, 61–93.
3. Carroll, J. (2005). Human Nature and Literary Meaning. The Literary Animal. B. Gottschall (ed.). 76–106. Northwestern University Press.

## **ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ОЗЫҚ ҮЛГІЛЕРІН ЗЕРТТЕУШІ**

**Т.Р. Әбдіқадырова**

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор

М.Х. Дулати атындағы Тараз

өңірлік университеті, Тараз қаласы

Тіл тазалығы үшін ұстанған қағидалар – тіл мәдениеті үшін жүргізілген күрестің бір бөлігі. Қазақ әдеби тілінің тарихында бұл тұжырымның алатын орны ерекше. Тіл мәдениетінің табиғи тазалығында сөйлеу әрекеті ұғымы жұптаса жүреді. Себебі, сөйлеу – адамның негізгі іс-әрекеттерінің бірі саналады. Бұл тұрасында қазақ тіл білімінің тарихында бірқатар зерттеулер жүргізілгендігін ежелгі мерзімді басылымдардан байқауға болады. Нақтырақ айтқанда, 1888 жылы шыққан «Дала уалаяты» газетінің бір бетінде, кейін Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбайұлының шығармаларында, «Айқап» журналының беттерінде «Қазақ тілінің тазалығы» үшін деген тақырып өте маңызды мәселелердің бірі болып көтерілді.

Қазақ тіл білімі ғылымының қайнар бастауында ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы, профессор Қ. Жұбанов сынды ілгерілеуші ғалымдардың тұратындығы мәлім. Аталған ізашар ғалымдардың еңбектері тіл және сөз мәдениетінің нормалық, коммуникативтік мәселелері бағытында зерттелген. Сондай-ақ, өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында жарық көрген М.Балақаевтың «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» атты еңбегінде тіл мәдениеті пәнінің дербес ғылыми пән ретінде қалыптасуы жіті қарастырылған. Алғаш рет сөз мәдениетін коммуникативтік-функционалдық аспектіде Н.Уәли «Сөз мәдениеті» кітабында атап көрсеткен.

Сөйлеу әрекеті алдымен ой-пікірді дайындау кезеңінен басталады. Бұл кезеңде мақсат, ниет, қорытынды деген категориялар негізге алынады. Екінші, ой-пікірді түзеу кезеңінде сөзді таңдауға, жүйелеуге, толық мазмұнға ие болуға мүмкіндік беріледі. Үшінші, сөзді қабылдау әдісі көзделеді. Мұнда сөйлеуші өз сөзіне деген жауаптың оң немесе теріс екендігін анықтай алады. Бұл ретте Ахмет Байтұрсынов: «Тіл дәлдігі ойлаған ұғымға сөз мағынасының сәйкес келуі. Ұғымға сөз сәйкес келу үшін сөздің мағынасын айыра білу керек», – дейді [1, 45 б.]. Яғни, тіл тазалығы сөйлеу әрекетінің дұрыс реттілікте болуын талап етсе, сөйлеу әрекеті өз кезегінде тіл дәлдігіне мұқтаж.

Бүгінгі таңда сөйлеу мәдениеті барлық жоғары оқу орындарында гуманитарлық бағытта жүргізілетін пән ретінде оқытылады. Себебі, мемлекеттік тілдің жымдасып орнығуы, қоғамдық-әлеуметтік қызметінің жақсаруы, сөз мәдениетінің дамуы өз өзектілігін жоғалтқан емес. Бір-бірімен тығыз байланысқан сөз мәдениетінің ғылыми негіздеріне әдеби тіл ерекшеліктерін жатқызамыз. Әдеби тіл – сөз мәдениетінің даму жолындағы басым факторлардың бірі. М. Балақаев, Р. Сыздықова, М.Томанов, Е.Жанпейісов және т.б. көрнекті ғалымдардың зерттеу еңбектерінде әдеби және ұлттық тілдің нормалары, стильдік салалар мен жанрлардың зерттелуі кеңінен баяндалады. Сонымен қатар, Қ. Өмірәлиев, Е.Жұбановтың еңбектерінде әдеби тіл тарихының ауызша сөз өнерімен, ақын-жыраулар поэзиясымен толығатындығын аңғарамыз.

Әрбір сөздің ұтымды пайдаланылуы сөз мәдениетінің қоғамдағы беделін еселеуге ұйытқы болатындығы анық. Бұл туралы Сәуле Ержанова өзінің «Сөз мәдениеті және көркем мәтін» атты оқу құралында: «Сөз сөйлеу мәдениеті деп біз сөздерді сөйлеудің дұрыстығын, қатынастық лайықтылығын, дәлдігін, ойға қонымдылығын анықтаған, түсініктілігін, тазалығын, мәнерлілігін, әртүрлілігін, естілуге жағымдылығы мен орындылығын айтамыз», – деп анықтама берген [1, 17 б.].

С. Ержанованың «Сөз мәдениеті және көркем мәтін» атты оқу құралы екі ірі бөлімнен тұрады. Сөйлеу мәдениетінің ғылыми негіздері деп аталатын алғашқы бөлімінде автор шешендік өнердің озық үлгілеріне, сөйлеу мәдениетінің негіздеріне, сөз қолдану мәдениетіне, ауызша сөйлеу мәнеріне және шешендік және қарым-қатынасқа тоқталады.

шығармалары мен халық ауыз әдебиетінің үлгілері әсер еткен. Ақын 1928 жылдың 15 тамызында Қостанай облысында дүниеге келген, соғыстан кейін Алматыға оқуға түсіп, өзінің шығармашылық өмірін шыңдаған. Алғашқы өлең жинағы «Құрдас» деген атаумен 1954 жылы жарық көрген. Сонан кейін арасына бірер жыл салып жыр жинақтары дүркіндете туындай бастады.

«Қосбасар» (1956), «Дала қоңырауы» (1957), «Таулар сөйлейді» (1960), «Арал әуендері» (1961), «Алғашқы асу» (1964, бірінші таңдамалысы), «Жер астындағы жұлдыздар» (1965), «Большевик ауыл» (1967), «Алтын бесік» (1969), «Көсемнің нұрлы атымен» (1970), «Сарыарқа саздары» (1972, екінші таңдамалысы), «Қанатты жылдар» (1976), «Асу алда» (1977), «Жұлдызды тағдырлар» (1980), «Маңғыстау мұнаралары» (1983), «Туған топырақ» (1985), «Күн теңескен» (1986), «Ана туралы жыр» (1987), «Шұбалаң» (1988).

Бұл аталғандар – ақынның үлкен поэзиядағы тың туындылары. Олардың сыртында Ғ.Қайырбековтің поэзияда балалар әдебиетіне қосқан үлесі өз алдына. Атап айтқанда, «Балықшы Иван» (1951), «Балқурай» (1962), «Күн баласы» (1963), «Ақ көйлекті шал» (1968), «Алғашқы қоңырау» (1982).

Негізгі шығармашылық бағыты поэзия бола тұрып, Ғафу прозаға да, әдеби сынға да қалам тартып көрген. Оның «Ақ желкен» (1976), «Жел қайық» (1980) атты проза кітаптары, «Бір кемеңнің үстінде» (1981) атты сын кітабы бар [1].

Ғафу Қайырбековтың өлеңдері алуан түрлі тақырыптарды қамтиды, ол балалар әдебиетіне үлес қосқан, көркем аудармамен айналысқан. Ақындық шығармашылықтың шегі жоқ, сол сияқты Ғафу Қайырбековтің де өлеңдерінде Отан, туған жер, Ана, Әке, еңбекші халық, соғыс, тарих, қала, дала, жастар, кемел келешек, махаббат, достық, өнер сияқты құндылығын жоғалтпайтың ұғымдар жырланған. Тақырыптық жағынан қандай бай болса, оның шығармашылығы жанрлық тұрғыдан да соншалықты бай: өлең, арнау, баллада, романс, поэма. Сыншылар Ғафу ағаны эпик ақын ретінде таниды, себебі оның бірнеше поэмалары жарық көрген.

Ақынның бірқатар өлеңдері аға буын ақын-жазушылар мен ғалым, қоғам қайраткерлеріне арналған: Абай, С. Сейфуллин, Қ. Сәтпаев, Ғ. Орманов, Ғ. Мүсірепов, С. Бегалин, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Марғұлан, Х. Ерғалиев, М.Хакімжанова. Суреткер Ұлы Абайға екі өлеңін арнаған. Бірнеше өлеңдері өнер мен өнерпаз адамдарды дәріптейді, оған «Жамбыл мен Дина», «Қажымұқан», «Жамбыл Жабаяев» сияқты туындыларын жатқызуға болады. Сондай-ақ тарихи адамдар туралы да жазған «Махамбет», «Ұлұғбек» өлеңдері бұған дәлел болмақ. Біз жоғарыда Ғафу Қайырбеков шебер көркем аудармашы ретінде танылғанын да айттық, мәселен, ол Пушкин, Лермантов, Бунин, Есенин, Ғамзатов, Некрасов, Шевченко, Толстой, Куприн, Короленко сынды туындылары әлем әдебиетінің алтын қорынан орын алған ақын-жазушылардың шығармаларын аударған. Сөйтіп, көрші елдің шығармашылығын қазақша сөйлете отырып, өзінің өлеңдерін де оларға арнаған: Горький, Гоголь.

Лирик ақын дала қалай жырласа, қаланы да соншалықты жыр әлеміне қосқан, ол әсіресе Алматы қаласына деген сүйіспеншілігін оған бірнеше өлеңдерін арнаумен білдірген, сол сияқты Орал, Қарағанды, Қостанай, Кентау, Торғай, Ташкент шаһарларына жыр жазған.

Хакім Абайдың салған сара жолымен табиғат лирикасын да айнылып кетпеген, бұл жерден біз таза Абай дәстүрін тіпті өлеңдеріндің атауынан да байқауымызға болады: «Қыс», «Көктем сәулелерінен», «Жазғытұрым» т.б.

Ғафу Қайырбековтің екі томдық таңдамалы жинағы туралы Жұмағали Ысмағұлов орынды пікір айтқан. Автордың өзіне сөз кезегін берсек. Ж.Ысмағұлов тақырыптық тұрғыдан алғанда ақынның шығармашылығы кең құлапты екенін айқындай отырып, арнасын тауып толысқан өзекті бір саласы – туған жер, туған өлке, табиғатының небір әсем көріністері, соның ғибрат жанды ақ жарқын адамдары екенін баса айтқан. Бұл тақырып бұрын оның қай жинағында болса да, жеке бір тарау, топтама цикл болып ылғи сараланып отыратын. Енді соның іріктелген бір тобы «Туған жер, алтын бесік» деген тақырыппен бірінші томға енгізіліпті. Солардың қай-қайсынан да біз туған жерін сағынып көрген сезімтал ақын жүрегінің тебереністі лүпілін, соның әрбір қыры мен ойынан, әрбір бұлағының сылдыры мен

самалының лебінен ағарып атқан таңы мен алаулап атқан күнінен, оның кешегі өткені мен бүгінгі жеткенінен, еңкейген кәрісі мен еңбектеген жасынан т.б. толып жатқан тіршілік белгілерінен басқа еш жерде қайталанбастан ғажайып көркемдікті ет бауыр жақындықты көре білген ақынның көркем түйсігін аңғарамыз.

Ақын жүрегінің туған жерге деген таусылмайтын махаббаты бар. Өз бойына біткен ақындық дарыны үшін, туған жердің топырағына қайтаратын өтелмеген қарызы бар. Сол қарызды қалтқысыз кішілік, перзенттік ықылыспен өтеуге әзір тұрған ақындық борыш сезімі бар.

Туған жер – алтын бесік, асыл анам,

Ауаңмен, ақ сүтіңмен асыраған,

Мен дағы ұлың едің өзің тектес,

Алысқа несібесі шашыраған, – деп, өзінің сол туған жерімен, елімен тұтастығын сездіреді [2].

Ғафу ақын өлеңдерінің кең саласы туған жер, туған ел, оның әсем табиғаты. Келтіріп отырған шумақтағы алтын бесік, асыл ана сияқты эпитеттер қазақ өлеңдерінде дәстүрлі болып табылады. Мысалы, дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың «Туған жер» атты өлеңінде:

«Уа, дариға, алтын бесік туған жерім», – деген жолдарында туған жерді алтын бесікке балайды, мұндағы «алтын бесік» құтты мекен, туған жер деген мағынаны білдіреді.

Әр жердің табиғатына, тарихына, атына, адамдырының тіршілік қарекетіне қарай ақынның сөз мәнері суреттеу құралдары өлең интонациясы өзгеріп, дәл соған ғана лайық, дәл осы сәттегі ақын тебіренісін жеткізе аларлық әр тауып отырады. Сондықтан ол өлең әсерлі, ол өлең шыншыл. Тегінде поэзия шындығы деп осыны айтуымыз керек.

Жетісудың солтүстік-шығыс жағында алтын күрек дейтін бір жел соғады екен. «Жүрек» атты таудан соқса керек. Осы аттарды естігенде ақын қиялы селт ете қалады. Соның тереңіне үңіледі, содан ел өміріне байланысты бір поэтикалық нәр іздейді және оны келістіріп табады.

«Алтын күрек» – жел аты,  
«Жүрек» таудан соғатын.  
Бұрыс дейді қанатын,  
Дән сорғалап таматын.  
Қызыл қырман үстінде,  
«Алтын күрек» ескенде,  
Қалмас елдің ішінде,  
Ризықсыз еш пенде!  
Дикан ата күрегі ол,  
Мәңгі-бақи сынбаған.  
Дикан ата «жүрегі» ол,  
Ел сүюден тынбаған.  
«Алтын күрек» жел аты,  
«Жүрек» таудан соғатын,  
Осы аңызды кім айтып,  
Кім шығарса, сол ақын [2].

Ойда жоқта табылған тақырыптың, сәтті шешімі мен ақындық тосын түйіні осында болса керек.

Қазақ ұғымында жел, су, отқа табыну ежелгі тәңірлік дін, магия, анемистік сенімдерден бері қалыптасқан табиғат пен адамның ажырағысыз үндестігін білдіретін тылсым күш. Ал желді, өлеңге арқау еткен қаншама ақиық ақындарымыз бар. Әр ақын әрине жел ұғымын әрқилы көркемдеп бергенімен, жел образы қазақ лирикасында берік орын тепкен образ деп нық айта аламыз, яғни желді өлеңге арқау ету дәстүр сабақтастығын көрсетеді. Мағжан Жұмабаев «Жел» деген өлеңінде желді дамыл алмай жүгіретін, аң боп өкіретін, сақ-сақ күліп секіретін тентек балаға теңейді, оны кейіптеу арқылы сипаттайды. Жел Мағжанның жырында өте жиі кездеседі. Сол сияқты Ғафу Қайырбеков те желді өзінше жырлайды. Ол

үшін Алтын күрек жел әрі қазақ ұғымы бойынша соңғы қарды ерітетін, үнемі оңтүстіктен соғатын, яғни жылылулық пен көктемнің жаршысы іспетті болған алтын күрек желді халыққа қанатымен ырыс әкелетін жел деп айтады.

Жас ақын Азамат Тасқара «Қомыз абыздың Жонон қарасы» атты өлеңі де «қоңыр, қоңыр, қоңыр жел» деп басталып, мұңын желге шағады, Қомыз абыздың Жонон қарасы туралы аңыздап айта келіп:

Аңыз болған абыз-ай,  
Сүңдет қамшың ала еді,  
Уай, соған серт. соған серт!  
Алтын күрек жел еді,  
Жел қисайтса саған серт! –

деп жырға алтын күрек желді қосады [2].

Осы шумақта алтын күрек желді айтуда мән бар, ақын Жонон қара аңызға айналған тұлпар екенін жырлай келе, қоңыр жел, алтын күрек желге қарата айтады. Себебі жел табиғаттың ерке баласы, ол бәрін біледі, аңызды да адамға айтатын осы жел.

Арқаның ақыны Бағдат Мүбәрәктің «Ақын-тағдыр» атты өлеңінің алтыншы шумағында ақын:

Сөггерсің қар көбесін алтынкүрек,  
Көктем шуақ шашқанмен, салқын жүрек.  
Қыз ғұмырдың қызығын көре алмаған,  
Түсіме неге сол бір марқұм кіред? –

деп жырлайды. Публицист, журналист, ақын Мирас Асанның айтуынша: «Ақынның түсіне кірген перизат ару образы – алтынкүрек. Ақынның өмір суытқан салқын жүрегін жылытқысы келеді», – деп «Егемен Қазақстан» газетінде ойлы пікір білдірген. Біздің қосарымыз тек мұндағы алтын күрек – жел қар көбесін сөгетін, ақынның жүрегіне жылу беретін жел, көркем образ.

Бұдан біз, жел, самал, қоңыр жел, ескек жел, алтын күрек жел сияқты ұғымдардың қазақ лирикасында дәстүрлі тұрғыдан қолданылып келе жатқанын түйеміз.

Жетісу жерінде «Айнам тұма» деп аталатын бір бұлақ бар екен. Қалың жұрт көзінен оңаша қапталда бұғып жатқан айнадай ғана сүйікімді бұлақ. Жергілікті халық оны атақты ақын Сара атымен байланыстырып та айтатын болса керек. Сондықтан автор бұлақты көргенде былай деп тебіренеді:

«Сара» деп саған ат қойып,  
Сақтаған екен ел сүйіп,  
Қара көзден от төгіп,  
Қарады ма екен тесіліп.  
Айнасы ма едің сен оның?  
Көз жасымысың көп тамған?!  
Өнерімісің ел жанын,  
Мекендей ұзақ сақталған [25]?

Іші-сырты елжіреген нәзік сезімге толып тұрған қып-қысқа ғана өлең. Бас-аяғы төрт шумақтағы сезімнің молдығы нәзік лиризмнің шынайлығы, тебіреністің тереңдігі кісіні қайран қалдырады. Ақынның өз жеріндегі Құттыбай бұлағы мен осы Айна тұманы жырлағанда автордың мына өз жерім, мынау бөтен жер деген секілді зәредей сезім алалығы, ықылас өзгелігі, пейіл іркілісі сезілмейді. Тек сөз басқа, ал сезім күші адалдық пен риясыздық екеуінде бірдей.

Міне дәл осындай айнусыз аңсаумен, талмай таңдаумен тыңнан шабыт шақырған ақын Алтай аясына барғанда да, Есіл бойын қызықтағанда да, аралдың айдынын кешіп, Жайықты жарып өтіп, Жем бойының желіне кеудесін тосқанда да немесе Абай аулына барып,

ақындық дүниесінің небір сиқырлы ырына шомғанда да осы қарқынынан, осы шабысынан танбайды.

Ардағым, Алтай – даламның асқақ төрі екен,  
Таудың да тарлан таланттысы екен, сері екен.  
Тау емес мынау, кілең бір алтын баспалдақ,  
Алланың өзі аспаннан түсер жері екен [25].

Алтайды алғаш көргенде осындай ғажап әсер алып, оған оқыс теңеу тауып үлгерген. Ақын аз күнде осынау әсем өлкенің керемет сұлу көріністеріне көз қандырып, әсіресе тау мен теңіз астасқан тұстағы табиғаттың ғажайып бейнесін қыл қаламмен салғандай шебер жеткізеді.

Алтай тауларын суреттеуде ақын қазақтың төр, сері сияқты дәстүрлі ұғымындарын ұтымды қолданған. Төр қазақ лирикасында жиі қолданылады, ол құрметті, киелі жер дегенді білдірсе, серілікке сымбаттылық пен сұлулық тән. Алтай таулары жердің төрі, таулардың ішіндегі серісі, Алланың өзі түсуге лайық жер деп тебіренеді. Жер бетіндегі әсем табиғатты жерұйыққа теңеу қазақ лирикасында дәстүр болып қалыптасқан.

Ал республиканың солтүстік жағындағы ақ қайыңдар өлкесіне барғанда қайтеді?

Есіл деп айтады жұрт боздағын да,  
Есіл деп аяйды жұрт адам өз жанында,  
Есіл деп есіне алып отырар қарт,  
Көз тастап өткен күн мен озған жылға.  
Есіл ер, есіл ауыл, есіл дәурен,  
Есіл дос, есіл балам, есіл сәулем –  
Бәрінде егіздесіп жүреді атың,  
Қосылдың нендей сиқыр, не сылтаумен? [25]

Ақындық ассоциация деген – осы. Сан адамның аузында, күніне қаншама қайталанып жүрсе де, арқаның осы бір жайсаң өзенінің атына байланысты осынша ой толғау үшін, дәл осындай ақын шабыты мен ақын қиялы керек болар еді.

Ғафу ақынның өлеңдерін оқып отырғанда, байтақ Қазақстанның осындай әсерлі де әсем жырды географиясын көресің. Сондықтан республиканың кез келген өлкесі мен өңірі оны өз ақыным деп таниды. Ішкі аналогы жоқ, көңіл тазалығы кәміл болғандықтан да ол «Иә, мен жершілмін» деп айта алады. Оның жершілдігі таза патриоттық сезімнен туған.

Қорытындылай келгенде, Ғафу Қайырбеков – қазақ әдебиетіне өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында жаңа леп, жаңа үнмен келген ақиық ақын, қазақ поэзиясының тамаша дәстүрлерінен сусындай отырып, өзіндік өрнек қалдырған суреткер, аудармашы, прозаик. Оның өлеңдерін біз тақырыптық тұрғыдан саралай келіп, дәстүрлі тақырыптарда қалам тербегенін көреміз.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Ақатаева Ш.Б. Қазіргі ақындық поэзияның жанрлық, көркемдік-стильдік ерекшеліктері (XX ғ. екінші жартысы және XXI ғ. басы): 10.01.02 – қазақ әдебиеті: филология ғылымдарының канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дис.автореф. / Ш. Б. Ақатаева. – Алматы, 2005. – 27 б.

2. <https://bilim-all.kz/olen> Ғафу Қайырбеков. Өлеңдер.

3. Оралова Г. С. Ақындық поэзия дәстүрінің көркемдік жалғастығы (Арал, Қазалы өңірлері ақындарының әдеби мұралары негізінде): 10.01.02- қазақ әдебиеті [Текст] : филол.ғылымдар.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындал.дис.автореф. / Г. С. Оралова. – Астана, 2009. – 24 б.

## ҰЛТ ТАҒЛЫМЫН ҰЛЫҚТАҒАН ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ

**А. А. Көшекова**

Қазақ ұлттық қыздар  
педагогикалық университеті  
ф.ғ.к., профессор м.а. Алматы қаласы

Қазақтың арғы-бергі тарихын сараласақ, елінің аспанында жұлдыз болып жарқырап, өз ғұмырында халқы үшін ұлан-ғайыр қызмет істеп, аты аңызға айналған дара тұлға әйел-қыздардың көп екенін көреміз. Олардың өмірі де, атқарған істері де, жеке тұлға ретіндегі ерекше адамгершілік қасиеттері де келер ұрпаққа үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Табиғат-ананың кейбір адамдарға талант пен қабілетті үйіп-төгіп беретін кездері болады. Сәуле Баймырзақызаның биік тұлғасын саралай келе, оның өз бойына шынайы дарын мен талантты жинаған бірегей жан екенін көреміз. 1994 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтын үздік бітіріп, 1994-1996 жылдары Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аспиранты, 1996-2001 жылдары «Дарын» ӘГИ доцент, кафедра меңгерушісі, 2001 жылдан Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, Қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы, доцент, профессор болып қызмет етті. 2006 жылдан аталған оқу орнында аға ғылыми қызметкер болған. Бұдан әрі 2010 жылдан 2020 жылға дейін Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті сияқты еліміздегі аса беделді оқу орнының қазақ әдебиеті кафедрасын басқаруы – оның тұлға ретіндегі аса зор қабілеті мен әлеуетін айғақтап тұрғандай.

Жас кезінен болаттай берік ерік-жігерімен, мұқалмас қажыр-қайратымен, аса зор ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түскен Сәуле Баймырзақызы үнемі өсу, өрлеу жолында болды. Сәуленің тағы бір аса зор дарынының бірі үлкен әлеуметтік проблемаларды саралап, терең идеяларды алға тартып, қажетті тұжырымдар жасай білетін ғалымдығы болатын және өзіне тән қасиеттерінің бірі – кез келген жағдайда биік парасаттылығын танытып отыратын, болмыс-бітімімен тұнып тұрған гуманист ғалым.

Әу бастан төңірегінде болып жатқан қоғамдық құбылыстарды талдап-саралап, оның тереңіне үңіліп, зерттеп-зерделеп жүретін Сәуле Баймырзақызы ғалым ретінде негізінен әдебиеттану бағытын таңдады. Аса ауқымды жұмыстарды атқара жүріп, ғылыммен айналысуға да уақыт таба білген ол 1996 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жанындағы мамандандырылған кеңестің шешімімен филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды. 2010 жылы «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы мәселелері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. 200 ден аса ғылыми мақалалары бар, оның кейбірі жоғары рейтингтегі халықаралық Импакт-факторлы-Tomson Reuters, Scopus журналдарында жарияланған. 4 монография, 3 оқу құралы, 8 көмекші оқу құралының, 5 мультимедиялық-электронды оқу құралдарының авторы мәселелерімен айналысып жүрген ғалым. Әдебиетті адамзаттың ғасырлар бойы жасалған мұрасы – сөз өнері әрі ғылым ретіндегі оның ерекшелігіне сүйене отырып, халқымыздың көркем тарихымен сабақтастыра отырып, білім мазмұнын жаңарту, теорияны тәжірибемен ұштастыруды көздеу - ғалымның басты қағидасы. Халықаралық ақпараттар Академиясының академигі, Ресей Жаратылыстану Академиясының корреспондент мүшесі, Ресей білімін жетілдіруде және дәріс оқудағы жетістігі үшін төсбелгімен марапатталған. «Ыбырай Алтынсарин» атындағы төсбелгі иегері атанған, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері болды.

Мұның өзі оның елдің өмірінде болып жатқан айтулы оқиғаларға үнемі үн қосып, өзінің салмақты ой-пікірлерін қосып отырғанын көрсетеді.

Өзінің білгенін, білімін шәкірттерге үйретіп қана қоймай, шәкірт еңбегінен қуат алып, қуана білетін тұлғалы ұстаз. Білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы ұстаз. Осы қасиетті ұғымды бүкіл болмыс бітімімен дәлелдеген де болатын. Кез-келген уақытта заман ағымына сай біліммен қаруландыруды жастарға өнеге еткен ұлағаттылығы көпке үлгі болмақ.

Қашанда жауапкершілік пен міндеттерді жүктейтін мамандықтың негізін білім ретінде таныған ғалым үздіксіз білім беру мәселесін кең ауқымда қойды. Ұстаз тұлғасы, ұстаз келбеті, ұстаз болмысы деген негізгі қағидалардың үддесінен шыққан, білімді де білікті тұлға екенін мойындатты.

Профессор С.Ержанованың көп жылдардан бері ден қойып зерттеп келе жатқан тақырыбы – қазіргі қазақ поэзиясы. «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы» атты көлемді монографиясы осы мәселенің қыр-сырын зерттеуге арналған, іргелі ғылыми еңбек болды. Онда тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясына тән идеялық-көркемдік ізденістерді пайымдау, тақырыптық-танымдық арналарды сараптап, тәуелсіздік тағылымы және шетелдердегі қазақ ақындарының жырларынан рухани сабақтастық, үндестік тапқанын, тәуелсіздік жылдарындағы ел, жер, ұлттық тіл тағдырына, мемлекеттік рәміздерге қатысты туған жырлардағы жаңа идеялық бағыт-бағдарларды айқындады. Үлкен ауқымдағы тұлғаның әрдайым да, күрескер, қиындықтан қашпайтын, қайта оларды табанды еңбегімен, зор қажыр-қайратымен жеңе білетін адамдар екені белгілі.

Осылайша, қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық жұмыстардың бәрін сәтті ұштастырып, оларда аса зор табыстарға жеткен Сәуленің бойында басқа да тұнып жатқан таланттар көп. Соның бірі көпті тәнті ететін ақындық дарын екені даусыз. Ел үшін еткен еселі еңбек елеусіз қалмақ емес. Даңқты еңбек жолын бастан өткерген филология ғылымдарының докторы, профессор Сәуле Баймырзақызы бірнеше рет арнайы төсбелгілер, алғыс хаттармен марапатталды. Қазақстанда, алыс-жақын шет елдерде көрнекті ғалым ретінде мойындалған халқымыздың аяулы қыздарының бірі. Қызмет етіп жүргенде Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне құт-береке дарытқан, ізгі жүректі дархан тұлға, өмірі әрқашанда өнеге, айтқан сөздері жастарға тәлім. Парасатты ұстаз, ойы мұхиттай терең ғалым, бүгінгі күні мәртебесі биіктеп, қазақ қызының қандай болатынын елімізге паш еткен ізгі жүректі біртуар тұлғаға айналды.

## **ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН – СӘУЛЕ БАЙМЫРЗАҚЫЗЫ**

**Ж. У. Утегенов**

Гүлістан мемлекеттік университеті доценті  
Өзбекстан Республикасы, Гүлістан қаласы

Ержанова Сәуле Баймырзақызының 1972 жылы қазақ даласында туылып 1989 жылы жоғары оқу орнына түсіп, 1994 жылы үздік дипломмен бітіргендігі. 1994-1996 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ізденушісі бола жүріп Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында жұмыс жасап жүріп филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алғандығын. Және де Қазақстан Республикасындағы Жоғары оқу орындарында оқытушы, аға оқытушы, доцент, аға ғылыми қызметкер профессор атағына ие болып, кафедра меңгерушісі лауазымдарында қызмет атқарғаны бүкіл қазақ даласына мәлім екендігіне күмәнім жоқ. Дей тұрғанмен, Қазақ әдебиеттану ғылымының сын саласында аянбай еңбек еткен майталмандары Тұрсынбек Кәкішев, Дәндай Ысқақұлы мен Жанқара Дәдебаев сынды ғалым ағаларымыздың еңбектерімен қатар Сәуле Баймырзақызының да еңбектері бағалануы сөзсіз. Бұл айтылған пікірді дәлелдей кетер болсам 2017 жылдың қаңтар айында Қазақ ұлттық қыздар педагогика университетінде «Көптілді білім берудің әлемдік моделі: заманауи әдістер мен тәжірибелер» атты тақырыпта халықаралық ғылыми практикалық конференцияға Өзбекстан Республикасындағы көптілді білім берудің бүгінгі күнгі жағдайы атты тақырыптағы мақаламмен қатыстым. Сол кезде Сәуле Баймырзақызы осы университеттің Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып

жұмыс жасайтын. Мақалада келтірілген мәліметтерге қарап (Еш ұмытпаймын сол кездегі мақалада келтірілген мәліметтерге атажұрттағы ғалымдарының қызығушылықпен қарауына және Өзбекстандағы білім қазақ тілінде алып барылатын мектептер мен жоғары оқу орындарының тағдырына осал еместігін білдіргеніне дән риза болдым) Сәуле Баймырзақызаның өзі 9 сұрақ қойды. Сұрақтарына анық жауап алған ғалымның Өзбекстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылары мен студенттерінің тынысымен танысқысы келетінін ашық айтты. Қазақ ұлттық қыздар педагогика университетінің профессоры Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі Сәуле Ержанованың бастамасымен екі университет арасында ректорларының келісімімен меморандумға қол қойылды. Нәтижесінде Сәуле Баймырзақызаны келісімшарттың 3,12 пунктіне сай 2019 жыл Өзбекстан Республикасына қызмет сапарын шекті. Гүлістан мемлекеттік университетінің ректоры жылы жүзбен қарсы алып қазақ филологиясы кафедрасы профессор оқытушыларымен, 100-ге жуық студенттерімен таныстырды да алдағы екі апталық қызмет сапарын жақсы өткізуді тіледі. Екі апта көлемінде С.Баймырзақызаны қазақ филологиясы білім бағытының студенттеріне «Қазіргі әдеби үрдіс» пәнінен 30 сағат, «Қазақ әдебиеттануы және сын тарихы» пәнінен 36 сағаттық лекция оқыды.

Осы арада бір ескере кететін жәйт, Өзбекстан Республикасының 7 жоғары оқу орнында «Қазақ филологиясы», «Қазақ тілі мен әдебиеті» бакалаврият, 3 университетте «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1 университетте «Лингвистика, «Қазақ тілі мен Әдебиеттану, «Қазақ әдебиеті» бағдары бойынша магистратура мамандықтарын даярлайды.

Өз пәнін жетік білетін ұстаз, тәжірибелі маман Ержанова Сәуле Баймырзақызаны Өзбекстандық қазақ студенттерін әдебиеттану ғылымының қыры мен сырын ғылыми түрде белгілі ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп және өзінің зерттеулері мен тұжырымдары негізінде пәнге, ғылымға деген қызығушылығын одан әрі арттырғаны сөзсіз.

Өз авторлығындағы «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы» (оқулық, 2010 ж.) «Қазіргі әдеби үрдіс» (оқу құралы, 2014), «Сөз мәдениеті және көркем мәтін» атты оқу құралдарымен «Қазақ әдебиетінің сын тарихы», «Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясы», «Сөйлеу мәдениеті және көркем мәтін» атты мультимедиялық электронды оқулықтарын сыйға тартып университетіміз кітапханасы мен ақпарат ресурс орталығын байытқаны ғалымның Өзбекстандағы қазақ әдебиетіне қосқан елеулі үлесі деп білеміз.

Бүгін оқу жоспардағы таңдау пәні бөліміне «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы», «Сөйлеу мәдениеті және көркем мәтін» атты пәндерді енгізіп ғалымның оқулықтарынан пайдаланып келеміз. Алдағы уақытта Сәуле Баймырзақызаны тағы да шақырып таңдау пәндерді авторлығындағы оқулықтар негізінде студенттерімізге лекция өтуін ұйымдастыру мәселесін қарастырамыз.

Сөзімді қорыта келе, Ержанова Сәуле Баймырзақызаны жарты ғасырлық мерейтойымен Гүлістан мемлекеттік университеті ұжымы, қазақ филологиясы кафедрасы профессор-оқытушылар мен студенттерінің атынан шынайы құттықтаймыз. Әдебиеттану ғылымындағы ізденістері мен зерттеулеріне шығармашылық табыстар тілейміз. Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі еңбектері бағаланып, Республикалық сыйлықтардың лауреаты болуына тілектеспіз.



## СӘУЛЕ ЕРЖАНОВА ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІН МӘСЕЛЕСІ

**Ә. Қалқабаява,**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Қазақ поэзиясының тәуелсіздік тұсындағы даму үрдісін тарихи кезеңдермен байланыста қарастырып, поэтикалық мәтіннің ұлттық ерекшелігін көркемдік тұтастықта зерттеп іргелі еңбектер жазған профессор Ержанова Сәуле Баймырзақұзының әдебиеттануда алатын өзіндік орны бар. 2009 жылы «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы мәселелері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғап, филология ғылымдарының докторы атанған Сәуле Ержанова көптеген зерттеу еңбектерінің авторы. Атап айтсақ, «Сөйлеу мәдениеті және шешендік» (2007), «Сырлы дүние» (2007), «Қазіргі қазақ поэзиясының жанрлық сипаты» (2007), «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы» (2008), «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы» (2010), «Қазіргі әдеби үрдіс» (2014), «Өлеңдік өлшем» (2016), «Лирикалық жанрлар теориясы» (2018), «Қазіргі қазақ прозасындағы нарратология» (2020), «Көркем шығарма феноменологиясы» (2021) т.б. Ғалымның аталған еңбектерін барлай қарасақ, ғылымдағы негізгі бағыты – қазіргі қазақ поэзиясы, өлеңтану мәселесі екендігін аңғарамыз. Табиғаты күрделі поэзия жанры поэтикалық мәтін аясында көп сатылы біртұтас көркемдік жүйе ретінде қарастырылады.

Соңғы онжылдықтарда көркем мәтіннің поэтикалық әлеміне әдебиеттанушылар мен лингвистер аса ден қойып, ондағы бейнелілік, экспресивті-эмоционалдық, тұтастық, жүйелілік, коммуникативтілік, эстетикалық ақпараттылық, ұлттық-мәдени сипаттылық мәселелері төңірегіндегі жаңа парадигмалық зерттеулер жүргізілуде. Сәуле Баймырзақұзының еңбектерінен осы бағыттағы ізденіс нәтижелерін көреміз. Әсіресе, С. Ержанованың «Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында» (Алматы, 2010) атты еңбегінде поэзиялық мәтіннің ұлттық поэзиямыздағы көрінісі жіті қарастырылады. Ақын айшықтаған поэтикалық мәтін кеңістігінде көркем ой мен өрнектің тығыз байланыстылығын, көркемдікті танытуда сөз бөлшектерінің қызметі айрықша екендігін айта келе: «Әрбір көркемдеуші сөз көркем шығарманың мазмұнынан, сөз тіркесімен айшықтанып зор мағына мен түсінікке, ұтымды ойлар мен тынысты орамдарға жетелейді. Өлеңтануда ең негізгі есепке алынатыны осы көркемдік мәселесі. Өлеңнің әрбір құрылымы, әрбір жолы тек әсем көркемдіктермен қапталып, сұлу мағына мен сымбатты бейне беріп тұруы тиіс», (97-бет) – деп тұжырымдайды.

Ақын белгілі бір ұлт өкілі болғандықтан оның поэтикалық тіл өрнектерінен сол ұлттың дүниетанымы, образды ойлау ерекшеліктері көрініс алмақ. Тәуелсіздік жылдардағы ұлттық поэзиямыздың көркемдік сипатына арқау болған азаттық идеясы мен ұлттық рух сарындары әріден бастау алып жатқандығын зерделі ғалым Сәуле Ержанова «Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында» (2010) атты еңбегінде әдеби даму үрдісінен іздеп саралайды. Әсіресе ақындарымыздың көнетүркілер сарынына бойұсынуы, жыраулық дәстүрдің жаңғыруы, Мағжаннан басталған романтикалық-символикалық бағыт тәуелсіздік кезең поэзиясына үлкен арналар ашқандығын айтады. Қазақ поэзиясында жыраулық дәстүрді жаңашылдыққа жеткізе білген Н. Оразалин, Т. Медетбек, Н. Мәукенұлы, Ж. Әскербекқызы сияқты талантты ақындар өлеңінің «ішкі өзегіндегі тартыстан, өкініш жайлаған күрсіністен жаңа заманның, тәуелсіз заманның жырауын» көретінімізді айтады. Ғасырлар бойы ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткеннен кейін жазылған рухы тәуелсіз, көркемдік бояуы қалың поэтикалық шығармаларға сараптама жасайды. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында жарық көрген жыр жинақтарына шолу жасай келе: «Алдыңғы толқын ағалар өздерінің бұрынғы жариялық сипатындағы жарқын дауыстарын жалғастыра отырып, тәуелсіздік қуанышын қабылдаса, соңғы толқын інілер жаңалықты жаршысы ретінде іліп алып, жаңаша үлгідегі поэзиялық туындылар сыйлағанын көреміз» (23-бет), – дейді. Осы тұстағы поэзиялық шығармашылықтан

ой еркіндігін, сана бостандығын, рухани танымды көруге болатындығын айтады. Әрбір ақын қоғам шындығын поэтикалық өрнекпен хал-қадірінше ашық айта алғандығына тоқталады. Ғалым пайымдауынша, тәуелсіздік кезеңде алдыңғы дәуірлерде орын алған көне түркішілдік сарын мен нәзік лириканы бойына сіңірген жыраулық дәстүрді жаңғырта алған, жариялық сипат пен ұлттық танымды еуропалық үлгімен көмкере білген шығармашылық иелері әдебиет алаңына шықты. Шығармашылық субъектісінің дүниетанымы өзгерді, жария ұран, жадағай суреттеу мен жасанды тамсанудан арылды. Поэзиялық шығармалардың ішкі қуаты артып, ішкі кеңістігі кеңейе түсті. Лирикалық кейіпкер басынан кешкен оқиғалар ішкі толғаныстар мен күрсіністер арқылы айшықталды. Қоғамның ащы шындығын баса айту кеңінен орын алды, адамзат мәселесінде жеке адами түсініктер көрініс ала бастады.

Тәуелсіздік жылдар әдебиетінің айқындаушы стилін ғалым Сәуле Ержанова жоғарыдай сараптайды, сол тұстағы қазақ поэзиясына жаңаша леп әкелген ақындар шығармашылығын талдау барысында дәлелдейді. Атап айтар болсақ, Т. Әбдікәкімұлының соңғы шыққан «Хас сақ аңқымасы» жыр жинағын танымдық аспектіден сөз ете келе, ондағы өлеңдер модернистік ойлау жүйесінің негізгі дәлелі бола алатынын тілге тиек етеді. Осы кезең ақындарында модернистік үлгінің бар екендігін айтқан Бақытжан Майтанов, Тұрсынжан Шапай сияқты ғалымдардың сыни пікірлеріне сүйеніп айқындай түседі.

Сәуле Ержанованың зерттеу объектісіне іліккен ақынның бірі – Нұрлан Мәукенұлы. Ғұмыры қысқа болса да дара стилімен әдебиет тарихынан өз орнын алған ақын поэзиясына былай баға береді: «Ақынның философиялық дүниетанымы, зерлі тілі, жыраулық арыны оның өлеңдерін замандастарынан даралап тұрады. Жыраулық дәстүр бұған дейінгі ақындарда көрінгенмен олардың айқындаушы стилі ретінде қалыптаса қойған жоқ. Ал Н.Мәукенұлының шығармашылығында жыраулық дәстүр стилі қазақы қара өлеңнің дәстүрлі сипатымен жалғасып, жарасым табады». (28-бет)

Сәуле Ержанова лирикалық тұлға қолтаңбасын айқындауда поэтикалық мәтіннің құрылымдық жағына ерекше назар аударады. Әсіресе нәзік жанды қыздарымыз Г. Салықбай мен Ж. Әскербекқызының шығармашылығындағы «идеал-образ (сен, сіз) – ақынның тұтас шығармашылығынан орын алған, лирикалық кейіпкермен тіл табысатын объекті ретіндегі бейне. Лирикалық кейіпкер онымен қоян-қолтық араласып кеткен, жанына жақын да сол, одан тым алыс та сол» деп пайымдайды. Ғалымның Гүлнар өлеңдерінен байқағандары, өлең тармақтарын белгілі бунақтардан «сындыру» арқылы композициялық құрылымның өзгеше жасақталуы, екінші жаққа белгісіз біреуге қарата айтылатын лирикалық кейіпкердің басындағы драматизмнің орын алуы. Ал Ж. Әскербекқызының поэзиясына тән ерекшелік – табиғат құбылыстарын анималистикалық сипатқа ие етіп, образдық айқындаушы күшке айналдыратындығында екендігін нақты мысалдармен дәлелдейді. Ж. Әскербекқызының «Көтеріп ап мұң көзені, Сұлбам менің түн кезеді...» деген жолдардан басталатын өлеңінің поэтикалық әлеміне барлау жасаған ғалым талдауларына зер салалық: «Сұлба-лирикалық кейіпкер түн әлеміне құмарта түседі де, күн әлемін өз-өзінен жек көріп, жатсына береді. Тәнін бүркеген боз жамылғы тұман сипатындағы табиғи құбылыстың бөлшегі ретінде танылып, кейіпкерді пенделіктен бөлек сипатқа бөлейді. <...> лирикалық кейіпкер үшін құтқарушы, дем беруші қалай болған күнде де оның ішкі әлеміне жақын күш ретінде алынады. Себебі лирикалық кейіпкерге түн жат емес, қайта түнге келсе, өзін бақытты сезінетін тәрізді. <...> лирикалық кейіпкердің «түнді кезуі» үздіксіз жалғаса беретін процесс екені байқалады. Ол түннің шеңберіне сиятын құбылыс емес, қайта түн өткен сайын жалғасып, жетіліп отыратын құбылыс. Соңғы шумақ тікелей ақынның атынан айтылатын шешім ретінде берілген. Сұлба-лирикалық кейіпкер тыным тауып жатқан секілді болады. <...> «...Жолығар ма жоқшысына, Келер ме екен бір кезегі». Ақын бұл жерде тілекші, жаны ашушы тұлғасында көрінеді де кәдімгі күнделікті тіршіліктің танымдық сипаты байқалады. Жанның қайтадан тәнге оралуынан кейінгі қарапайым өмірдің күйбеңіне араласу керектігі көрініс береді». (32-33-бет) Ақынның әр шумағы мен тармақтарында айтылған астарлы ойлар мен сөз тіркестерінің мәніне үңіліп, лирикалық образ кешкен психологиялық хал-күйді, сезімдік құбылыстар динамикасын

поэтикалық тілмен түрлендіре суреттеу шеберлігін ғалым танымдық сезіммен түйсіне талдайды.

Ғалым Сәуле Баймырзақызы «Қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық» зерттеуінде Ж. Әскербекқызының поэзиясына тағы да оралып, онда орын алған көнетүркілік сарынды дәстүр мен жаңашылдық аясында қарастырады. Көне түркі бабалар жырының сарынын сақтай отырып жазған ақынның «Бұрынғы әуен», «Білге қағанның бақұлдасуы», «Күлтегіннің қаһары», «Тоныкөктің толғауы», «Иоллығ-тегіннің аманаты» атты толғауларын сараптайды. Ақын өлеңдерінің әр жолдарынан көне түркілік сарынын терең түсініп-танығаны байқалатынын, тіпті құрылымдық, ырғақтық ерекшеліктерін, сөз қайталауларын да сақтауға ұмтылғандығын тілге тиек етеді. «Ақын шығармаларында да өзінің кейіпкерлері Білге, Тоныкөк, Күлтегіннің өздерін сөйлетеді. Ақын жырлардың көркемдік ерекшелігін сақтай отырып, көркемдік қуаты зор шығарма тудыра білген. Поэманың сөз қолданысында көне жазбаларда берілген кейбір тіркестерді де ұтымды пайдаланған» (47-бет), – деп түйіндейді ғалым.

Ғалым С. Ержанова «Өлең мен қарасөз немесе қарасөзбен жазылған өлең мәселесі» атты зерттеуінде поэтикалық ойлау ерекшелігіне ден қояды. Онда поэтикалық ойлау мен прозалық ойлау айырмашылықтарын саралай келе, дыбыстың саздылығы, әуен үйлесімділігі, ырғақ сияқты өлшемнің тек поэтикалық мәтінде ғана емес прозада да болатындығын айтады. Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесіндегі поэзияға тән өрнектерді мысалға ала отырып ойын негіздейді. Прозадағы ақ өлең мен поэзиядағы қара сөздің арақатынасы қандай екендігін өлеңтану саласындағы мамандар айтқан пікірлерді алға тарта отырып түсіндіреді. Ғалым өзінің теориялық тұжырымдарын да нақтылап саралайды. Онда тілдің поэтикалығы, бейнелілігі байқалғанымен, «сөздердің құрылуынан образдар жасайтын тілдердің қабілеттілігімен салыстыруға келмейді» деген ойды айтады.

Прозалық поэзияны поэзия мен прозаны синтездеуге деген талпыныс ретінде таныған ғалым, поэтикалық мәтіннің бұл түріне сыни көзқарасын да ашық айтады: «Мәселен, Т. Әбдікәкімовтің «Салыстыру теориясы» атты өлеңіне мән берсеңіз, нақтылы бір өлшемге құрылмай ой жетегінде кеткен бейберекет тармақтарға тап боласыз <...> тізбелеп, ұйқассыз не белгілі бір буындық өлшемсіз жолдарға тап боласыз. Өйткені, прозаның баяндаушы интонациясы басым болғандықтан прозалық үрдісті қалап тұрған сипатын танимыз» (182-бет).

Ғалым С. Ержанова зерттеуінде жаңашыл ақын Мағжан Жұмабаевтың да қара сөзбен жазылған өлең түріне қалам тартқандығын айтады. Ақынның «Балапан қанат қақты», «Домбыра» атты қара сөзбен жазылған өлеңдерінде терең лирикалық-психологиялық иірімдер, бейнелі тіркестер, сыршылдық шеберлікпен берілгендігі контекстік талдаулармен дәлелденеді. Ал ақын Е.Раушановтың қара сөзбен жазылған «Ымырт», «Тас балбал» өлеңдерінде «көне түрік әріптерін поэтикалық қозғалысқа түсіруі, жан бітіре бейнелеуі ақындық жаңалық, рухтың жандануы» субъективті әлемнің түйсінуімен беріліп, қара сөзбен жазылған өлең түріне зор маңыз, ерекше әсер дарытқандығы айқын танылады. Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясында көрініс алған осындай жаңа сипаттағы үлгілерді талдау нәтижесінде поэтикалық мәтін табиғатын танытып отырады. «Поэзиялық шығармалардағы прозаның әсері шығарма мазмұнын берумен бірге формалық өзгешеліктерге де итермелейтін, жаңалыққа құмар қарқынды танытып отырады. Поэзия бұдан кеміп қалмайды, қайта поэзияға жете бермейтін біршама нақтылықтарды анықтауға мүмкіндік береді» (191-бет), – деп түйіндейді ғалым.

Демек поэзияның прозалануы поэтикалық мәтіннің даму тарихында өзіндік орны бар, поэзияны жаңартуға бағытталған жаңа құбылыс екен.

## СӘУЛЕ ЕРЖАНОВАНЫҢ ҰСТАЗДЫҚ ҰЛАҒАТЫ

Б. Уразов

Гүлістан мемлекеттік университеті, PhD  
Өзбекстан Республикасы, Гүлістан қаласы

*Аңдатпа. Ержанова Сәуле Баймырзақызы жоғары оқу орынының профессоры қызметінде жүріп оқыту, білім беру, ғылымға бейімдеу тұрғысында үзіліссіз 30 жылға жуық еңбек етіп келе жатқан ғалым. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде әдебиеттанудың жаңа бағыттары негізінде ғылыми еңбектер жазып, ғылыми мақалалары жиі оқылатын авторға айналды. Әдебиеттанудың салааралық мәселелеріне байланысты тұжырымдары мен еңбектері соның дәлелі. Оның ғылыми тұжырымдары әдебиеттанудың жаңа ізденістерімен тығыз байланысты.*

*Түйін сөздер: нейробиология, когнитивистикадағы философия, постструктуралисттік, постмодерндік, эволюция, әдеби талдау, нарратология*

Ержанова Сәуле Баймырзақызы – жоғарғы оқу орындарында әдебиеттану ғылымының көкейтесті мәселелерімен айналысып жүрген теоретик-ғалым. Әдебиетті адамзаттың ғасырлар бойы жасалған мұрасы – сөз өнері әрі ғылым ретіндегі оның ерекшелігіне сүйене отырып, халқымыздың көркем тарихымен сабақтастыра отырып, білім мазмұнын жаңарту, теорияны тәжірибемен ұштастыруды көздеу – ғалымның басты қағидасы.

С. Ержанова ХХІ ғасырдың басындағы ұлттық поэзияның даму үдерісіне, нейробиологиядағы, когнитивистикадағы философия және психология мәселелерімен тығыз байланысты әдеби зерттеулер алып барған ғалым. Зерттеу жұмыстарында қазіргі шетелдік зерттеушілер еңбектеріндегі постструктуралисттік, постмодерндік, эволюциялық және акторлық-желілік теориялары жіктелген. Бұл сыни тәсілдердің маңыздылығы олардың әдеби талдау мен әдеби сынға ғана емес, сонымен қатар әлеуметтану, психология, сонымен қатар пәнаралық зерттеулер саласына да қатыстылығы жайлы ой қозғайды.

Мәселен, Сәуле Баймырзақызының «Қазақ прозасындағы нарратология» еңбегі қазақтың ұлттық әдебиеті үлгілерін жаңашыл көзқарастар тұрғысынан, жаңа әдеби зерттеу аспектісінде қарастыра отырып, нарратордың көркем туынды құрылымындағы қызметін анықтаумен сипатталады. Бұл ғалымның көркем прозаны нарратологиялық бағытта зерттеу – әдебиеттің теориялық аспектілерін жаңа тұжырымдармен толықтырып, көркем туындының құрылымы мен маңызын, эстетикалық табиғатын таныту бағытындағы маңызды ізденісі деуге болады. Ғалымның ғылыми тұжырымдарын яғни көркем мәтіннің нарративті стратегиялары саласында, сонымен қатар, нарратологиялық талдау әдісі есебінен қазіргі заманғы әдебиеттегі постмодернизмнен кейінгі прозаны зерттеуде кеңінен қолдануға болады.

Нарратологиядағы жаңа нарративті стратегиясы категориясы постмодернизмдік әдебиетте, әсіресе Ә.Кекілбаев пен Т.Нұрмағамбетов шығармаларында алғаш рет қолданылды. Постмодернизмнен кейінгі нарратив пен жаңа әңгімелеу техникасы арасындағы байланысты практикалық әрекет жасау арқылы табуға тырыстық. Бұл жағдай белгілі дәрежеде нарратологиядағы теориялық материалдарды нақты шығармады іске асыруды көздейді. Оқу құралында нарратология ғылымы туралы шетелдік және отандық теориялық көзқарастар сарапталып, олардың мәні мен маңызы, ерекшеліктері көрсетіледі. Сондай-ақ нарратология ғылымымен баяндау теориясын сабақтастыра қолдану тәжірибиесі жүзеге асырылды. Нарратологияның түрлі тәсілдері айғақтарды салыстыру, жинақтау барысында қолданылып, автор мен кейіпкер байланысы нарраторлық қызмет ретінде қарастырылды. Баяндау теориясы нарратология призмасында назарға алынады. Кейіпкер болмысының күрделі сипаты, эстетикалық жүгі мәтін құрылымы арқылы да айқындалатын тұстары мол екені шығарма мазмұны мен көркемдігін жаңа бағытта талдау барысында дәлелденеді. Отандық әдебиеттануда бізге дейін де автор мен кейіпкер бейнесінің бірігіп кететін және алшақтайтын сәттеріне қатысты ойлар, пікірлер, зерттеулерді басшылыққа ала отырып дискурсты талдау және нарратор тұлғасын айқындау жаңа концепцияларға сәйкес, жаңаша талдауларды жүзеге асыруды мақсат еткен.

Көркем шығарма феноменологиясы атты оқу құралы 2021 жылы жарық көрді. Ол көркем шығармадағы когнитивті ойлау, таным, қабылдау мәселеелріне арналған. Ойлау – барлық адамзатқа тән ортақ әрекет. Ол ғылымның барлық саласында кездесіп, терең талдаулар мен зерттеулерден өтті. Ойлауға феномен негізінде қарап, ақыл-ой әлемге сезім арқылы енетіндігіне көркем мәтін арқылы талдау жасау әдебиет тарихында жиі кездесе қоймайды. Бұл еңбекте қазақ және әлем әдебиетінің ең ірі жазушыларының үздік шығармаларына герменевтикалық талдау жасалған. Оқырманның мәтінді қабылдауы әлемді қабылдау деңгейінде түсіндірілген.

Көркем шығарма феноменологиясын зерттеуге арналған оқу құралында антика дәуірінен қазіргі заманға дейін «ойлау» туралы айтылған пікірлер мен еңбектерге шолу жасап, ортақ қорытынды шығарылады. Жеке бақылаумен оқылған еңбектер негізінде «ойлау феноменологиясы» анықтамасын қалыптастыруға мән беріледі. Шетел және қазақ әдебиетінің көркем шығармаларын салыстыра отырып, көркем шығармадағы феноменологияның өзектілігін айқындайды. Өйткені қазақ әдебиетінде, атап айтқанда, қазақ шығармаларының феноменологиялық зерттеуге түспегенінің өзі мәселенің басы ашық екенін танытса керек. Көркем шығармаларды авторға емес, оқырман қабылдауына негіздей қарастыру өте маңызды дүние. Талдануға шет ел және қазақ әдебиетінің ең ірі туындылары салыстыра алынуы бұл еңбектің көкейкестілігін аңғартады.

Оқу құралы, негізінен, ойлау феноменологиясы адамзат бойында қалыптасқан өте күрделі, әлеуметтік-психологиялық білім екенін көркем шығармалар негізінде дәлелдеуге бағытталған. Оқу құралында ақыл мен оның объектілері қандай жолмен өзара әрекеттесіп, байланысқа түсетінін нақты көркем шығармалармен талданады. Сан алуан сезімдік тебіреністерді тудыратын қабылдаудан кейінгі ақыл-ойдың қызметін ойлау феноменологиясы арқылы көркем мәтіндегі көрінісін саралау басшылыққа алынады. Бұл мәселеге тұңғыш талпыныс жасалып отырғандықтан тақырыпты ашуда, оны зерттеуде, мәселенің шешімін табуда және мақсатқа қол жеткізуде ХІХ, ХХ ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілдері, атап айтқанда, Л. Толстой, Ф. Достоевский, А. Құнанбаев, Б. Майлин, Ж. Аймауытов, Р. Акутагава, Ф. Фицджеральд, М. Мағауин, Ә. Кекілбаев, В. Пелевин сияқты классиктердің шығармалары басшылыққа алынды.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелілігінің маңызды өлшемінің бірі – ғалымдардың рейтингі жоғары халықаралық ғылыми журналдарда мақала жарық көруі. Елімізге белгілі ғалым, қазіргі қазақ поэзиясының теориялық мәселелерін терең зерттеген әдебиеттанушы, профессор С.Б. Ержанованың зерттеу мақалалары импакт-факторлық көрсеткіші мен индекстеу дәрежесі жоғары Thomson Reuters және Scopus базасындағы ғылыми басылымдарда шығарылуы арқылы қазақ әдебиеттану ғылымының шет елдерінде танылуына да ықпал етті. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі Ержанова Сәуле Баймырзақызы бірнеше ғылыми монографиялар мен оқу-әдістемелік оқулықтардың авторы. Оның «Сөйлеу мәдениеті және шешендік» (оқулық, 2007 ж.), «Сырлы дүние» (әдістемелік оқу құралы, 2007 ж.), «Қазіргі қазақ поэзиясының жанрлық сипаты» (көмекші оқу құралы, 2007 ж.), «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы» (монография, 2008 ж.), «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы» (оқулық, 2010 ж.), «Қазіргі әдеби үрдіс» (оқу құралы, 2014), «Өлеңдік өлшем» (оқу құралы, 2016), «Лирикалық жанрлар теориясы» (оқу құралы, 2018), «Қазіргі қазақ прозасындағы нарратология» (оқу құралы, 2020) «Көркем шығарма феноменологиясы» (оқу құралы 2021) атты оқулықтары мен оқу-әдістемелік еңбектері республика көлемінде кеңінен қолданысқа ие. Сонымен қатар ол «Қазақ әдебиетінің сын тарихы», «Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясы», «Сөйлеу мәдениеті және көркем мәтін» атты мультимедиялық электронды оқулықтардың авторы.

Білім беру үдерісінде Білім беру бағдарламаларын үйлестуршісі, оқу-әдістемелік жұмыстардың ұйымдастырушысы Профессор Сәуле Ержанованың қазақ әдебиеті ғылымының көкейтесті мәселелеріне арналған баяндамалары мен мақалалары өз еліміздің және

шетелдердің ғылыми басылымдарында жарияланып, ғылыми жұртшылыққа кеңінен танымал болған.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ержанова С.Б. Сырлы дүние. Алматы, 2007
2. Ержанова С.Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы. Алматы, 2008
3. Ержанова С.Б. Қазіргі қазақ поэзиясының жанрлық сипаты. Алматы, 2007
4. Ержанова С.Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясы. Алматы, 2010
5. Ержанова С.Б. Қазіргі әдеби үрдіс. Алматы, 2014
6. Ержанова С.Б. Қазіргі қазақ прозасындағы нарратология. Алматы, 2020
7. Ержанова С.Б. Көркем шығарма феноменологиясы. Алматы, 2021

**ПРОФЕССОР СӘУЛЕ ЕРЖАНОВА ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ӘДЕБИ  
ПСИХОЛОГИЗМ**

**Б.Д. Жигитбекова**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің  
қауымдастырылған профессоры,  
психология ғылымдарының кандидаты,  
Алматы қаласы

Әдеби психологизм шығармадағы кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлап, оның жан-жүрегіндегі тебіреністердің сырына үңілу болып саналады. Кітап оқып және фильм көріп отырған кезде біз тек тұтынушы ғана емеспіз біз бір мезгілде көрерменіміз және санадан өткізушіміз. Сол шығармадағы әрбір оқиғаны сюжетті және кейіпкерді түйсінеміз және эмоция арқылы жүректен өткіземіз. Психоанализ бағытының негізін қалаушы З. Фрейд бейсананы терең зерттеуі әдеби шығармалардағы кейіпкер бейнесін яғни өзімізбен және өмірімізбен сәйкестендіруге бағытталады. Психологияда бұл қорғаныс механизмі идентификация деп аталады. Көркем әдебиетте кейіпкердің белгілі бір эмоциялық күйін оның туу себептерін сарапқа салмай-ақ ашып көрсетуі мүмкін. Ал енді шығармадағы кейіпкерлер жүйесінің күйініші мен сүйінішін, қуанышы мен қайғысын, олардың әр кездегі сезімдік қалып-күйін ғылыми теориялық тұрғыдан сарапқа салып, шынайы бағасын беру үшін біз міндетті түрде психологиялық талдаудың амал-әдістеріне жүгінеміз. Осы орайда профессор Сауле Ержанова зерттеулеріндегі әдеби психологизм біздің жас ұрпақтың эмоционалдық интеллектісін дамытуға және психологиялық денсаулығын арттыруға өзіндік әсері бар. Әдебиеттегі психологизм арқылы ойлау түйсіну қабылдау сияқты танымдық процестердің дамытынына ерекше тоқталды. Ұжымдық бейсана теориясының негізін қалаған К. Юнг еңбектерінде де әдеби психологизм идеялары айтылады.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиеттану ғылымында психологизм мәселелерін Г. Пірәлі, Б. Майтанов, А. Қалиева сынды әдебиеттанушы ғалымдар аталмыш пәнге қатысты арнайы монографияларын жарияласа, профессор С. Ержанова Көркем шығарма феноменологиясы еңбегінде шығарма оқырман деңгейінде талдаудың маңыздылығына тоқталды. Көркем шығарманы оқырманның қабылдауы түсінігі және оның ойлауына әсерін сипаттады. Жалпы көркем шығарма оқырманның психологиялық мәселесін шешуге тікелей әсер ететінін дәлелдей отырып әдебиеттегі психологизмді дамытуға өзіндік үлесін қосты. Профессор С. Ержанова әдебиеттегі кейіпкердің бейнесін ым-ишара, жест яғни вербалды емес қарым-қатынас арқылы да аша білді. Сонымен қатар әдебиеттегі аутоидентификация, топтық идентификация және элеуметтік идентификация деген сияқты психологиялық мәселелер де еңбектерінде көрініс табады. Юнг теориясындағы ұжымдық бейсаналылық та әдебиеттік шығармаларда жиі кездеседі.

Психологизм әдебиет пен психология ғылымын байланыстырушы бағыт. Себебі көркем шығарманың негізгі объектісі адам болып табылады. Адамның қайғырғаны, күлгені, күйіп-піскені, жүріс-тұрысы, мінезқұлқы бәрі де көркем шығармада бейнеленеді. Бұл қасиеттер мен сезімдер берілмесе, сол көркем шығарманы оқып отырған оқырман кейіпкерді тани алмайды, оны сезіне алмайды, себебі оқырман көркем шығарманы оқып жатып, кейіпкер қуанса – қуанады, қайғырса – қайғырады.

Қорыта келе профессор С. Ержанованың әдебиеттегі психологизм идеясын әдеби шығармалардың адам жанына емшісі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар этнопсихологияның дамуына және терапиялық салада көркем шығармаларды қолдануға мүмкіндік туғызуда.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ержанова С. Көркем шығарма феноменологиясы: оқу құралы / С. Ержанова Қ.А.Еменғалиева Алматы Қазақ университеті 2021 ж.

## **АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ЛАНДШАФТ ЖӘНЕ ТҰРМЫС САЛТЫ**

**А. Ш. Асқарова**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
«Абай академиясы» институты  
гуманитарлық зерттеулер бөлімінің басшысы, Астана қаласы

Адам – туған топырағының перзенті, қоршаған ортасының жемісі. Жер ыңғайы, табиғат аясы, сөз жоқ, адамның, ұлттың өмір сүру салтына ғана емес, мінез-құлқы мен менталитетінің қалыптасуына, жалпы, ұлттық болмысына әсер ететіні сөзсіз. Қазақ халқы – Еуразияның апайтөс кеңістігіндегі Ұлы Даланың туындысы. Оның тіршілік ету салты, кәсібі, күнкөрісі, ғұрыптары, ойлау жүйесі тікелей өзін қоршаған ортаға байланысты. Бұл белгілі деңгейде географиялық детерминизмді тудырғанымен, жоққа шығаруға болмайтын фактор. Қазақтың ұлттық болмысы мен тұрмыс салтына ландшафтың әсер етуі Абай шығармаларында қалай көрініс тапқанына тоқталайық.

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтіп келіп, ойнап күлмес.

Бұл – данышпан Абайдың тұжырымы. Бір ғажабы, мұнда Абай адам мен табиғатты бір-бірінен бөліп алып, бөлек қарастырады. Осы кезге дейінгі қазақтың түсінігінде адам – табиғаттың бел баласы, ажырамас бір бөлшегі дейтін үстемдік нық орныққан еді. Абай мұнда да мәселеге жаңа қырынан келіп, кең пайым аясынан жаңа көзқарас ұсынады.

Адам мен табиғатты Алла тағала жердің тіршілік иесі ретінде жаратқан. Ақын табиғаттың түбінде ыдырап, жоғалатынына сенімді, ал адам өлмейді. Неліктен? «Мені» мен «менікінің» айрылғанын, «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес», дейді ол. «Мені» мен «менікінің» деп отырғаны, адамның жаны мен тәні, адамның тәні өлгенмен, рухының мәңгі болатынын айтады.

Ұлы Абай дүниетанымы үнемі қоршаған ортамен байланыста сипатталады, өйткені ақын дүние сырына бойлап, адами болмыстың ерекшеліктерін іздейді. Өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысқан.

Абай шығармаларында ландшафтың тұрмыс-салтты қалыптастырудағы әсері қалай көрініс тапқанын қарастырудың алдында, жалпы әдебиет ландшафтары деген құбылысқа қысқаша тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Әдебиеттегі ландшафттар әдеби және географиялық кеңістіктердің өзара әрекеттесу нәтижесінде қалыптасады. Мағыналық жағынан аймақтық және жеке әдеби ландшафттар

болып ерекшеленеді. Біріншісі, ұлттық әдеби-географиялық кеңістіктің аймақтық түрі ретінде қарастырылады. Екіншісі, белгілі бір әдеби атаумен байланысты образдың әдеби-географиялық кеңістіктің локусы.

Өңірлік асқан мәтін – өңірлік мәтіндер мен оған байланысты әдеби образдар туындататын әдеби-тілдік және әдебиеттен тыс (табиғи және мәдени) компоненттердің жүйесі. Асқан мәтіннің екі деңгейі жіктеліп шығады. Бірінші, әдеби-тілдік деңгейі осы өңірлік мәтінге тән сөздер мен сөйлемдерді, жарқын әдеби образдарды, типтік сюжеттер мотивтерді қалыптастырады.

Желсіз түнде жарық ай,  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны - терең сай,  
Тасыған өзен күрілдеп, –

деген өлең жолдарында табиғат сұлулығы мен сүйіспеншілік эстетикасы байланыса өрбіген. Абай табиғат пен сезімді бейнелеуде сырлы сурет әлемін көз алдымызға әкеледі. Бұл ақынның өңірлік табиғат аясында өсіп-өнген жаратылысымен, эстетикалық танымы мен дүниетанымдық болмысы.

Қалың ағаш жапырағы  
Сыбырласып өзді-өзі,  
Көрінбей жердің, топырағы,  
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Адамның көңіл-күйін, ішкі сезімін табиғатпен тыныстың ұқсастығын бір гармонияда суреттеген. «Желсіз түнде жарық ай» деп «жарық ай» деген сөздің ішіне, тұтас сол мезеттегі жайды сыйдыра берген.

Екінші, әдебиеттен тыс (табиғи-мәдени) деңгей өңірлік мәтіндер сүйенетін әдебиеттен тыс компоненттерді түзеді. Оған табиғат ерекшеліктерін, мысалы, Абайдың Арқа өңіріндегі жыл мезгілдерін сипатайтын өлеңдерін жатқызуға болады.

Жаздыгүн шілде болғанда  
Көкорай шалғын, бәйшешек  
Ұзарып өсіп толғанда,  
Күркіреп жатқан өзенге, –

деп, жаздың шуақты күндерін ерекше бейнелеген. Өлеңнен табиғат пен қазақ мәдениетінің тұтастығын көреміз.

Жалпы мәдениет – адам мен табиғаттың өзара тұтастығы, өзара қарым-қатынасының тарихи дамып өзгеруінің өлшемі. Абайдың жыл мезгілдері өлеңдері – осы анықтаманың айғағы.

Байырғы қазақ өздерінің өмір сүруіне жайлы жылдың мезгілдеріне орай ынғайлы жерлерге көшіп жүрді. Әрине табиғаттың ерекшеліктері адамның шығармашылық, жасампаздық қабілеттеріне әсер етпей қоймайды. Адам табиғат аясында өсіп-өнеді, мәдениеті қалыптасады.

Абайдың «Жаз» өлеңі Абай ауылының көрінісін көз алдымызға әкеледі. Ақ көйлектің сыртына шапанын желбегей жамылған Абайдың, айналаға көз салып тұрған тұлғасы. Жазғы ұлттық дәстүрдегі жеңіл көйлек киген қыз-келіншектер келбеті, бөлек отырған үлкендер кеңесі, салтанатты жайылған бұйымдар, жастардың құс салған кейіптері, жылқылар, осылардың барлығы ауыл тіршілігінің мәдени көрінісі болып табылады.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.



Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай, –

деп, күздің суықты күндерінің көңілсіз кейпін, мал баққан көшпелі ел үшін күздің жағдайсыздығын айқындай, дәл сипаттайды.

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.  
Дем алысы - үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң - қыс келіп, әлек салды.

Ақын қысты адам бейнесінде суреттеп, табиғи қазақ өмірінің нақышын келтірген.

Әдеби ландшафт – қарапайым тілмен айтқанда, әдебиетте көрініс тапқан, ерекше мәні бар әр алуан жерлер. Мысалы, белгілі жазушының өмірбаянына қатысты немесе оның шығармашылығында жиі қолданылған жерлер. Бұл ретте, тек географиялық ландшафт қана назарға алынбайды, сонымен қатар көркем шығармашылықтағы мәдени және әлеуметтік контекстермен тығыз өрілген образдар да қаперге алынады. Тап осы әдеби ландшафтар «өңірлік» сюжеттер мен образдардың (осы жермен тығыз байланысты) пайда болуына әсер етеді.

Мысалы, «Қыс» өлеңінде *Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды* өлең жолынан бірден басында бөркі бар, сақал мұртты, қасы ақ қырау ақ сақал шал көз алдымызға келеді. Өлеңде аталған Қондыбай, Қанай ру аттарымен аталатын, жерінің шөбін жылқыға жалдайтын ауылдар атаулары кездеседі. Өлеңнің мағынасына қарай қолданған ауыл атаулары қазіргі оқырман үшін тарихи мәні бар дерек болып есептеледі.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңі ауылдың тіршілігі мен әлеуметтік жағдайы сомдалған. Қараша мен желтоқсан айларындағы табиғаттың халық тіршілігіне әсері әсерлі бейнеленген.

Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,  
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап.  
Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,  
Бір жағынан қысқанда жел де азынап.

Кәрі қой ештеп сойған байдың үйі,  
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?  
Қара кидан орта қап ұрыспай берсе,  
О да қылған кедейге үлкен сыйы.

Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,  
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.  
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,  
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Жалпы өлең мазмұнынан ұғынатынымыз, осы жағдайға әкеліп отырған – халықтың жалқаулығы, қамсыздығы. «Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай» деп жинақталған бай образын бейнелеген. Бір жағынан байдың бұл жерде еш кінәсі жоқ. Адам баю үшін еңбектенеді, әрекет жасайды. Кедейге жағдайын жасаймын десе, ешкім қолын қақпас болар. Қыстың келетінін біледі, отбасының жағдайын алдын-ала ойлап, еңбек қылу керек дегенді ишаралайды.

Абайдың рухани дүниетанымы тұтастай туған жермен, елімен, тарихпен тығыз біртұстықта болған. Абай туып өскен Шығыс өңірі – жер-су аттары көне түрік қабатынан аса

бай тарихи бар жер. Тарихи деректерге сүйенсек, Семей атауының түпкі негізі 18 ғасырда сол жерде көне тас ғимараттар салуына байланысты «Семьпалат» «Жетісарай» деген атаудан шыққан.

Ертіс өзенінің атауы да – тарихи атау. Ежелгі әдебиет тарихындағы жырларда кездеседі. Тарихи маңызы бар Күлтегін мен Тоныкөк ескерткіштерінде 18 ғасырда түркілер, Алтай тауына көтеріліп, Ертіс арқылы өтіп, түргеш тайпасына барғандары туралы айтылған. 11 ғасырдағы М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбегінде Ертіс – Иемек даласындағы бір өзеннің аты кездеседі. Сол сияқты, Тарбағатай, Қарашоқы, Ақшоқы Шолпан, Шаңтимес, Тесіпшыққан, Ащы көл, Ойқұдық, Бөрілі, Ералы жазығы, Таймақ көлі т.б. тарихи атаулардың өзіндік танымдық ерекшелігі бар.

Негізінен ақынның ой жүйесі мен идеясына тікелей қоршаған ортаның әсері болған. Жеке әдеби ландшафттар – бұл табиғи-жасанды түзілімдер, олар бір жағынан, данышпандар шығармашылығымен жасалды. Әр суреткер табиғат тақырыбын өзінше бейнеледі. Абай даналығы – адам мен табиғат арасындағы көпір іспеттес. Әдеби ландшафттағы табиғаттың рөлі өте зор. Халқының ұлттық ерекшелігі, мінез-құлқы өмір сүріп жатқан табиғат аясында қарастырылып, сол табиғаттың райымен үндестігін бейнелеп берген. Мысалы, «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңінде:

Желсіз түнде жарық ай  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны терең сай,

Тасыған өзен гүрілдеп.  
Қалың ағаш жапырағы,  
Сыбырласып өзді-өзі.  
Көрінбей жердің топырағы  
Құлпырған жасыл жер жүзі, –

деп, тұтастай ауыл пейзажын жасап берген. Осындай табиғат аясында өскен халықтың мінезі әсемдікпен суарылатыны сөзсіз.

Түйе боздап, қой қоздап – қора да шу,  
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.  
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,  
Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,  
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.  
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,  
Жарқ-жүрк етіп ілінер көк дауыл баз.  
Құс қатарлап байлаған қанжығаға  
Қыз бұрандап жабысып, қылады наз.

Абайдың осынау «Жазғытұры» атты өлеңі жаздағы ауылдың тыныс-тіршілігін шебер суреттеген. Қазақтың «Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып» көрісу салтынан да көрініс берген. Ақын өлеңдеріндегі табиғи ландшафт фольклорлық этнографиялық және тарихи бейнелер, жергілікті салт-дәстүрлерді, дәстүрлі ойындарды, тұрмыстық асыл мүліктерін, өмірінің сәулелі сәттерін танытады. Абай ландшафтының нәтижесі көрнекі этномәдени және тарихи бейнелерді өзектендіреді.

Ландшафт мотивтері «аймақтық мәтін» ұғымында айқын көрініс табады. Сызықтық әдеби ландшафттар – әдеби шығармаларда бейнеленген тарихи жолдардың ландшафттары. Абай шығармашылығында Шыңғыс тауының «Қашан маңғұлдан Шыңғыс хан шыққанда, қазақтар «құтты болсынға» барыпты. Бірақ қай жерде барғаны мағлұм емес, сүйтсе де осы Шыңғыс тауында, әскер Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі маңғұлдың өз заңы бойынша «Хан» деген үлкен биіктің басында, ақ киізге Шыңғысты отырғызып хан

көтерген. Тауының Шыңғыс аталып, биігі Хан аталмақ себебі де сол болса керек» дейді. Осында баяндалған тарих, дәстүрлі табиғи-мәдени орындар, халық мұрасының жиынтығы Абай шығармаларында маңызды орын алады. Бұл – ғұлама ақынның ұлттық ландшафтпен байланысының көрінісі.

Әдеби ландшафт тарихи контекст үшін жауапты, ал табиғи трактаттар шынайылық кепілі. Әдеби ландшафтта топонимия тарихилығымен де, жаңашылдығымен де маңызды орын алады. Бұл айтарлықтай ассоциативті әлеуетке ие әдеби ландшафт тілі болып табылады.

Абай – қазақ ұлттық ономастика жүйесінің кеңістігін қалыптастырушы. Абай өлеңдері мен сөздерінде антропонимикаға (шығыс шайырларының есімдері: Фзули, Шәмси, Сәйхали, Науаи, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиз, тарихи есімдер: Ескендір, Темір, Шыңғыс, Шортанбай, Дулат, Бұқар жырау, туыстар есімдері: Оспан, Әбдірахман, Көкбай, Қондыбай, Қанай, Әбіш, Мағаш), топонимикаға (жер-су атаулары), этнонимикаға (Қондыбай, Қанай, Тобықты) т.б. қатысты деректі сөздер көптеп кездеседі. Бұл сөздердің танымдық мәні зор, байырғы әдеби нормада айтылып, жазылуындағы тарихи дерек болып табылады. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап осындай маңызды еңбектер өзгеріске түсіп, еріксіз халық жадынан өшірілген тарихи маңызы бар еліміздегі жер-су аттары қалпына келтіруде қосқан үлестері зор. Ақын мұрасында тарихи-тілдік сөздер сақталып, әдеби тілдің дамуына белгілі бір ықпалын тигізді. Абай ғалам мен адам болмысын тұтастықта қарастырып, ұлтының этникалық болмысын құрады. Екіншіден, қоршаған құбылысты санасымен түйсініп қана қоймай, соған жауап берді.

Даңқты ғалым Әл-Фараби мен данышпан Абай арасындағы үндестікті түптей зерттеген Ақжан Машани «Абайдың алдында тамаша сырлы, ақыл жетпес кең, шебер жасалған ғажайып табиғат дүниесі тұрды. Абай оны сезеді, оған қайран қалады, еліктейді, бейнелеуге, ұғуға ұмтылады. Екінші жағынан адам баласы, оның жаратылысы, дене құрылысы, өмір әрекеті, ғақли істері, жан сезімі, нәзік парасатты, хикметті кеудесі Абайды тағы таңдандырады. Дүние ішінде дүние болған толған келісімге Абай қайран қалады, ойланады, толғанады, тебіренеді. Күні-түні ғаламның шыңдығын іздеп дамыл көрмейді» деп жазады. Абайдың жаратылысты танудағы ізденістерін, оның ғажайыптарының жан-дүниесіне әсерін айқын көрсетеді.

М.Әуезов зерттеулері бойынша Абайдың алғашқы өлеңдері Көкбайдың атынан жазылып жүрген. Мысалы:

Сорлы Көкбай жылайды,  
Жылайды да жырайды.  
Ол жыламай қайтіп тұрады,  
Мынау азған қу заман  
Қалыбында тұрмайды, –

деп толғайды. Халқының маңдайының соры бес елі екенін көріп отырған ақынның дәрменсіздігі көрінеді. Осы өлеңді «мені қалып қойып, өзің айтып», – дейді Көкбай. Көкбайдың әңгімесінен Абай сыры табиғат сырымен тығыз байланыста болғанын ұғынамыз.

Абайдың «Жаз», «Жазғытұры» өлеңдері 1886 жылы Бақанас өзенінің бойында Абай ауылында жазылған екен. «Абай қонып жатқан ауылды көріп, осы суретті өлең қыл деді. Мен біраз өлең қылып едім, жақтырмады да, өзі жазбақшы болды. Сонымен үй тігіліп болып бәріміз жайланған соң Абайға келіп едім: «Өлең Көкшенің бойынан асайын деді ғой», – дейді өз естелігінде Көкше.

Көкбай Абайдың бірқатар өлеңдерінің қалай туғанын әсерлі әңгімелеген. «Жаз» өлеңіндегі Абайдың ауылы – өз ауылы, Абайдың астындағы аяңшылы – Абайдың Әбдірақметтен алған аяңшыл күрең төбел аты. Айқайшы шалы сол жылы өз ауылымен көрші болып отырған Әнет Бармақ шал. Құс салып жүрген жас жігіттер өзінің балалары Ақылбай, Әбдірахман болатын.

Тегінде өлеңді көп жазатын уақыты қыстыгүні мен жазға салым болатын. Кейін 1889-90 жылдарда тыныштық алып отырғанда, барлық әндерін бір-ақ қыста, жазға салым шығарды» дейді. Осы арқылы біз Абайдың шығармашылық лабораториясы туралы мәлімет аламыз.

Аймақтық ландшафт ретінде туған мекені, тілдік-мәдени-географиялық аспект Абайдың рухани дүниесіне де өте әсер еткен.

Қалың оқырман ХХ ғасырдың басынан-ақ ақынның өлеңдерінің құдіретін сезді. Абай өлеңін сол кезден бастап қазақ халқы жатқа білетін болған. Халықтың ақынның мұрасына деген махаббаты, ақынның туған жеріне деген сүйіспеншіліктеріне ұласып, туған жерінде аймақтық әдеби ландшафт қалыптасуына ықпалы болды.

Ақжан Машановтың «Шыңғысты хан көтеруге қазақтың он екі атасынан он екі адам келген. Ол кездесу қай жерде болғаны мәлім емес. Ескі аңыздарда ол кездесу сол Абайдың өз мекенінде болуы ықтимал, өйткені оның әскері жатқан өзеннің Қарауыл аталуы, таудың Шыңғыс аталуы, оның биігі Хан аталуы сол кездесуге байланысты деседі. Сол арада Шыңғысты әлгі он екі адам ақ киізге салып хан көтерген деседі. Он екі кісінің сөзіне ие болған бас бидің аты Майқы екен» деген пікіріндегі тарихи дерек болжамдарға сүйенсек, Абай өскен өңірдің терең сырлары ақынның адамдық табиғатында жатыр.

Шыңғыс тауының бауырында орналасқан Жидебайдағы Абайдың музей-үйі, Жидебай бұрылысындағы стела, Ақшоқы, Құнанбай қорымы, Сырт Қасқабұлақ. Абайдың кіндік қаны тамған жерінде салынған, осылардың барлығы ақынның жеке әдеби ландшафтын құрайды.

Осы мұражайларға келгенде Абайдың тылсым дүниесін сезінгендей боламыз. Ақын жүрген жерлер, өзен-көлдер, таулар, ағаш-ормандар барлығы Абайдың көзін көргендей, өсиет сөздерін тыңдағандай әсер қалдырады. Шыңғыс тауының биік шыңына қарап тұрған Абай елестейді. Абайдың туған жеріне келген әрбір адам жылдың қай мезгілінде келсе де, жылдар өтіп, өзгеріске ұшыраған табиғатына мән бермей қоймайды. Себебі ақын өлеңдерінде сол аймақтың пейзажы бірнеше рет көркемделген. Құрметпен ақынның үйіне кіреміз, оның айналасын мұқият қарап шығамыз. Айналадағы табиғаттың барлығы ақынның шығармашылығына әсер еткен... біз үшін бұл жерлердің бәрі ұмытылмас Абайдың ландшафтын құрайды.

М. Әуезовтың «Абай жолы» романында Абайдың туған ауылы Қасқабұлақ жайлы «Жаздың бір тыныш кезінде, Қасқабұлақта биікше тастақ төбенің басында кешкі ауылдың тірлік тынысын тыңдап Абай отырды. Бұның оқшау ауылы сыртқа шықпай, бауырда қалып, Ойқұдық, Ералыны жатақтармен көрші жайлаған», – [М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопея. 12 томдық шығармалар жинағының III томы. Алматы: Жазушы, 2007] деп ақынның кіндік қаны тамған ауылын сипаттап берген. Осы шағын көріністен ақын ауылы маңындағы таулы мекен екенін және Ойқұдық, Ералы жатақтары жайлы естімейміз. Қасқабұлақ аталу себебі сол мекенде тау маңайында жерден атқылап жатқан қасиетті бұлақ болған екен. Қазіргі таңда Абайдың су ішіп, ізі қалған бұлаққа жұртшылық ақынның рухына құран бағыштайтын болған.

Еліміздің өркендеген кезеңінде Абайдың жеке әдеби трактаттардан тұратын ландшафты жасауға мүмкіндік ашылғандай. Яғни, Абай жүріп өткен тарихи объектілерден (қалашықтар, қорымдар және табиғи шатқалдар – орман алқаптары, көлдер, қыраттар, таулар, ауылдар, жоталар, көшелер т.с.с.) жинақталған ландшафт жасалса, орынды болар еді. Әрине, әр аймақта Абай мұрасына арналған бір-бірімен байланыстағы әдеби орындар және мұражайлар баршылық.

Абайдың табиғат және элеуметтік тақырыбындағы өлеңдерінің ерекшелігі, біріншіден, табиғат пейзажын дәл суреттеп берсе, екінші табиғаттың жалаң бейнесін көркемдеп қана қоймай, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра беруі. Бұл ақынның суреткерлік шеберлігін айқын танытады.

Табиғат өлеңдері – қазақ халқының сол кезеңдегі тұрмыс-тіршілігінің көрінісі. Қазақтың тұрмысының ауыр күйі бейнеленген «Салбыраңқы тартыпты жыртық киім. Енесіне иіртіп шуда жібін, Жас қатындар жыртылған жамайды үйін» деп қазақтың жағдайын, сұрлы күздің суық күнімен тығыз байланыстыра көрсетеді. Қара суық, желді күні киіз үйдің ішін жылыту үшін от жағуда өте қолайсыз болған. Барлық тіршілік бір шаңырақтың ішінде,

лапылдаған оттың лаулап кету қаупі мен исі-түтіні адамның деміне әсер еткен. Бұл қазақтың тұрмысына өте қолайсыз жағдай еді. Абайдың ыстан қорыққан қазақтың құрысын заңы дегені осы еді.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,  
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.  
От жақпаған үйінің сұры қашып,  
Ыстан қорыққан қазақтың құрысын заңы.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» өлеңінде әлеуметтік тұрмыс ауқатты адам мен кедейдің тұрмысын салыстырмалы түрде ашып отыр. Кедейдің жейтін тамағы, жағар оты жоқ. Киер киімі мен жыртық киіз үйі. Жаз бойы мал баққан, сорлы кедейдің еңбегін бағалар байда түйсік жоқ. Байдың бар қайғысы «Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай» айналасындағы халықтың жағдайын ойламақ түгіл, өзінен-өзі «жерімді жеп қоям» деп қызғанып отырған жайы мынау.

Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,  
Артық қайыр артықша қызметке орай.  
Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ,  
Аңдыстырған екеуін құдайым-ай!

Алса да аяншақтау кедей сорлы,  
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.  
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,  
Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы.

Абайдың «Қыс» өлеңінде Шығыстың қақаған аязы дәлме-дәл көрініс береді. Қыс мезгілі тұрмысы жүдеу малшылар өміріне және малдың тіршілігіне қатты қиындық әкелген. Малшыны бір жағынан қыстың ызғары мен қасқырлар, екінші жағынан байдың өктемдігі қыспаққа алған. Малшының өмірінің құны болмаған, өлсе де малды боран, аяздың қаһарына қараймай сақтап қалуға бұйрық етілген. Қыс қиыншылығы бейне бір жалмауыз іспеттес алынған.

Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз камалды!  
Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,  
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

Абайдың жыл мезгілдеріне жазған өлеңдері қазақ халқының салтын, әдет-ғұрпын, дәстүрін терең қамтып зор шыншылдықпен суреттелген. Төрт мезгілдің өзіндік ерекшелігіне сай қазақ жұртының салт-дәстүрі болған. Көктемде жердің көгеруімен бірге, халықтың жаны да жайсаң тауып, серпілген, соған ыңғайлы өмір кешкен.

«Жаз», «Жазғытұры» өлеңдерінде ұлттық дәстүрлі киім салты, отбасылық дәстүр, қазақтың баспанасы – киіз үй сәні, көрісу, саятшылық, сәлем беру сияқты әдет-ғұрыптар сипатталған. Қазақ жаз айының басында жері шұрайлы, сулы мекенге жайлауға көшу дәстүрі «Жаздықүн шілде болғанда, Көкорай шалғын, бәйшешек, Ұзарып өсіп толғанда; Күркіреп жатқан өзенге, Көшіп ауыл қонғанда» деп шебер суреттеледі. Осы өлең жолдарынан қазақ халқының жазғы өмір салтының басталуы, көшіп келгендегі үйді тігу салты, құс салу салты, үлкендер арасындағы қарым-қатынас, өздерін ұстау дәстүрі «жасы үлкендер бір бөлек» яғни, осы көріністер, үлкендер ұстанымы бала тәрбиесіне де үлкен өнеге болған деп ойлаймыз.

Ж.Ысмағұлов «Абай дәстүрі» мақаласында «Дүниедегі барлық тіршіліктің көзі Күннің нұры мен Жердің нәрінде деген ақиқатты ақын ауыл адамдарының санасына ұғынықты етіп жеткізу үшін Күнді күйеуге, Жерді қалыңдыққа теңеп, барлық өмір сол екеуінің сағынысып қауышуынан жаралған деп түсіндіруі қандай жарастық еді», – деп жазған еді. Ғасырлар бойы табиғатпен біте қайнаса өмір сүрген қазақ халқының өмір салтын Абай терең мәнде жеткізіп, сөз өнерінің көркемдік табиғатын байыта білді.

**Әдебиеттер:**

1. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қарасөздер // Абай. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.
  2. Өлеңдер мен поэмалар // Абай (Ибраһим) Құнанбаев. – Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Көркем әдебиет, 1957. – 285 б.
  3. Абайды оқы, таңырқа // құраст. М. Мырзахметов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.
  4. Абайдың дүниетанымы мен философиясы // ред. Х. Бейсенқұлова. – Алматы: Ғылым, 1995. – 184 б.
  5. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. – Алматы: Атамұра, 2020. – 288 б.8.
- Абайдың өмірі мен творчествосы.
5. Абай шығармаларының 1 томдық жинағы. – Алматы: Қазмемкөркемәдебас, 1961. – 693 б.
  6. Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. Шығармалары. Абайдың редакциясын қарап өтушілер: Аманжолов С., Ақынжанов М., Божеев М., Қадырбаев В., Муканов С., Смайылов Е., Әуезов М.//Алматы. Қазақстан көркем әдебиет баспасы. 1940. 2 том. 320 б.
  7. Абай Құнанбаев. Шығармалары. Екі томдық/ А. Жазушы, 1968. – 2 т. 336 1 б.

## ДУЛАТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ НЕМЕСЕ ДУЛАТТЫ ТАНЫП БОЛҒАН ЖОҚПЫЗ...

**Қ. Мәдібай**

*ф.ғ.д., профессор, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.*

**А. Айтбаева**

*ф.ғ.к. Қорқыт ата атындағы ҚУ, Қызылорда қаласы*

**Аңдатпа:** Мақалада қазақ әдебиетінің тарихындағы айтулы тұлға Дулат Бабатайұлының шығармашылық ғұмырбаянын қазіргі ғылымның өзекті бағыттарында, тарихи-текстологиялық тұрғыдан зерттеу міндеттерінде «Өсиетнама» жинағы, зар заман ағымы, ақын өмір сүрген тарихи кезең тұрғысында жаңаша пайымдаудың зерттеу әдіснамасы, ғылыми ұстанымдары туралы ой қозғалады.

**Аннотация:** В статье рассмотрены актуальные вопросы современного дулатоведения. Обоснованы некоторые аспекты методологии изучения, историческо-текстологияческих исследований литературного наследия видного представителя казахского искусства словесности Дулата Бабатайұлы.

**Түйін сөздер:** дулаттану, әдебиет тарихы, зар заман, текстология, абайтану, әдеби мұра, шығармашылық тұлға.

**Ключевые слова:** дулаттану, история литературы, эпоха скорби, текстология, абаеведение, литературное наследие, творческая личность.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу өзектілігі жаһандық жаңа беталыстарда, ХХІ ғасырдың 20-жылдарында, ілгерідегі, ХІХ, ХХ ғасырдағы жиналу, баспадан шығу, зерттелу үрдістеріндегі қандай саяси жүйе, нендей тұрмыстық ахуал болғандығында да, ықылас, ынтаның, ыждаһаттың, жеделдіктің солғындап, бәсеңдеуінде көрініс тауып отырғандығын бастан кешіп отырмыз.

Әдебиет тарихын зерттеудің кенде қалған тұстарын кеңестік жүйеден көрдік. Ал сол жүйе ыдырардан ілгеріде-ақ туған азат таным еркіндігінің бәсеңдеп, шабан жүрістеп, бірте-бірте күн тәртібінен шығып та бара жатқандығын неден, кімнен көреміз? Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында арғы бергіні қопарып, қозғап ғылым мүддесі үшін еңбектенуге деген пейіл бірді-екілі жанкешті зерттеуші болмаса, аса байқалмайды.

Өтпелі кезең, қаржы тапшылығы деп сылтау айтар жөніміз жоқ. мемлекет гранттық қаржыландыру Бағдарламасы бойынша әдебиеттану ғылымының көкейкесті зерттеу бағыттарына аз қаражат бөліп отырған жоқ. Кезінде әдебиет тарихы бойынша түбегейлі ұстанымдар айқындалған зерттеу еңбектерін Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Ә. Қоңыратбаев, Б. Кенжебаев сынды ғалымдар гранттық жобасында жазып па еді?!

Кейінгі кезеңде әдебиет тарихын зерттеудің әлемдік тәжірибесінде айқындала түсіп отырған өзекті мәселелерінде әдеби мұраның зерттелу тарихына қарайлап отырып қайта

бағалануы, қайта саралануы тиісті қозғаусыз қалып отырған он-сан түбегейлі ғылыми бағыттардың көкейкестілігіне көз жұма қарауға қымсынбаймыз. Беделді бес-алты тұжырымның айналасынан шықпайтынымыз өзімізге ұнайтын да сияқты.

Жоба аясында бөлінген қаржыға көбінде ғылымға қайыры тиіп жатқан зерттеулерден гөрі интернеттің «игілігінде» бірі жамау, бірі құрау монографияларды құрастырып, бетін адам ашпайтын кітап шығару жаппай үрдіске айналуда.

Бас ие кім? «Әй!» жейтін әже, «Қой!» дейтін қожа кім? Бар ма? Барлығымыз әлдебір жауаптыны күтуге бой үйретіп алдық.

Аспаннан түскендей болмайын. Әдебиет тарихының мәселелерінде 30-40 жылға жуық уақыттан бері мамандық парызымда «ойланып» жүруге тиістімін. Жоғары мектепте ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихынан 1990 жылдан бастап дәріс оқыдым.

Сол бір уақыттарда ұзақ жылдар тыйым салынған Халел Досмұхамедұлының «Аламан» (1926) жинағы, Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927) еңбегі, тағы да басқа қазақ әдебиеті тарихының көмбе астында қалған асыл жауһарлары қолжетімді болды. Қаншама зерттеу мүмкіндіктері туындады. Жаппай өтімді тақырыптар бойынша қауырт ізденістер басталып, қайырлы еңбектер жазылды.

Біртіндеп осы үдеріс бәсеңдеп кеткенін байқамай да қалған екенбіз. Байқағандардың сөзі «естілмейтіндей» жаһандық жанталас килігіп кетті ме, әйтеуір, онсыз да көп құндылығы көп жұмаланған қазақ әдебиетінің тарихын түбегейлі көркемдік тұғырларда, саяси тарихаттың сабақтарын екшеп отырып түгелдеу шаруасы бір орнында тұрып қалғандай күйге түсті. Жаһандық жанталас дейтінім білім беру жүйесіндегі әлемдік «озық» үрдістер «өнегесі» біздің онсыз да көп дүниеде кенде қалған әдеби мұрамызды тұтас ғылыми танымға тартуда көпе-көрнеу өктемдік көрсетіп, зарарын тигізді.

Батыс бар дүниесін баяғыдан ағын ақ, қарасын қара қалпында қаттап, каталогтап, реттеп, жүйелеп, оңтайландырып қойған. Аттыға еретін жаяудың күнін кешуден әлі құтылмадық.

Кредиттік технологияларды қазақ әдебиеті тарихының, әдеби мұраның әлемде баламасы жоқ айрықшалықтары, ұлттық негіз ұялаған тілдік, психологиялық; жалпыадамзаттық озық дүниетаным өрістері кеңістік түзген көркемдік құнары қараусыз қалып барады. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында іргелі арнаға айналған абайтанудың толып жатқан түйткілді мәселелері бар. Диссертациялық тақырып аясында ғана қалып, ара-тұра мерейтойлық науқаншылдық үрдістерде жаппай бір жабыла талқылауды дағдыға айналдырып алғандығымыздың зардабынан қағаберіс қалып келе жатқан өзекті зерттеу бағыттардың жоғын қашан түгендейміз? Қолдан тоздырған құндылығымыздың «жыртығын» жамаудан гөрі сәнге айналған «постмодернизмге» осы құлағанымыз құлаған ба?

Қазақ әдебиетінің тарихындағы бел асқан кезеңдердің айтулы бір тұлғасы Дулат Бабатайұлының 220 жылдығы тұсында бір замандарда атышулы болған, көп аталған, енді біртіндеп жоғары мектепте оқытылатын «ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұнында асығып, аптығып айтылып өтетін Дулат Бабатайұлының белгілі бір деңгейде қазіргі жалпақ жұрт үшін беймәлімдеу және бір «көзкөрген» ескі қауым үшін де ұмыт болып бара жатқандай ардақты есімді кезекті науқанның арқасында «еске» түсіріп отырмыз.

Әдеби мұра дегенде ішкен асын жерге қойған, Дулат бабамызша айтқанда «ұйқы беріп, қайғы алған», өнегесі озық ғалым, академик Рәбиға Сыздықтың Дулат Бабатайұлының 200 жылдығы аталып жатқан тұста «Қазақ әдебиеті» газетінде «Дулатты танып болдық па?» деп бар қазақты елеңдеткен мақаласы шықты. Айтары асып-төгіліп жататын Рәбиға апайдың тастай тоқтамдары дулаттанудың талай түйінді түйткілдерін бір мақаланың аясында түгендеп беріп еді. Әдебиет тарихындағы сөзді сөйлетудің үлгісінде Дулат ақынға тым көп қарайлаған да Рәбиға Сыздық болатын [1].

Содан бері де 20 жыл уақыт өтті. Дулат Бабатайұлының әдеби мұрасы, шығармашылық ғұмырбаяны бойынша жеке еңбектер қорғалды. Бірқатар ғылыми тоқтамдар айтылды. Тұжырымдар жасалды.

Қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудің өзекті бағыттарымен тамырласып, сабақтасып жатқан дулаттануда нақтылы бір тарихи дәуір, оның ақын шығармашылығында таңбасы қалған ықпалды факторлары тұрғысында негізінен зар заман ағымы, зар заман әдебиеті ауқымында айтылып келеді.

Зерттеушілер, соның ішінде Рәбиға Сыздық, Мекемтас Мырзахметұлы [2], Құлмат Өмірәлиев [3], Дулат Бабатайұлының кеңестік кезеңде әр он жыл сайын саяси бағасы өзгеріп отырған зарзамандық «топқа» қатысын 1880 жылы Қазанда шыққан «Өсиетнама» жинағымен, ондағы діни мазмұнның басымдығымен сабақтастыратыны, және бұл «сабақтастықтың» өткен ғасырдың 30-40 жылдарынан бастап тұрақталғандығы тұрғысында арнайы сөз қозғайтындығы тұрғысында арнайы сөз қозғайтындығы ғылыми қауым үшін жаңалық емес. Және бұл тоқтамдардың дулаттанудағы «оппоненттері» де белгілі. Бұл мәселедегі пікірлердің тоғыспайтындығына кеңестік кезеңнің саяси көлеңкесінің зередей де ықпалы жоқ деуімізге болады.

Екі жақтың байламында да Дулат Бабатайұлының тарихи тұлғасының пайдасына айтылған тоқтамдар бар.

Мұхтар Әуезовтің 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» еңбегінің «Зар заман ақындары» бөлімінде Дулат Бабатайұлының шығармашылық мұрасы туралы айтылмайды. Сәбит Мұқановтың 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихының очерктері» (1-кітап) жинағындағы зар заманға қатысты бөлімінде Дулат Бабатайұлы аталмаған.

«Өсиетнаманың» текстологиялық түйткілдері туралы Р. Сыздық, М. Мырзахметұлы, Қ. Өмірәлиев айтқан ескертпе пікірлер бойынша сараптама жасауға жазу білетін, шағатай, татар тілдерінің сол кездегі жазылу, оқылу ерекшелік, заңдылықтарына жетік мамандар бір қайрылып қойғаны жөн көрінеді.

Бұл зерттеушілер Дулаттың мұсылманша сауатты адам болғандығын айтады. Осы – дулаттанудағы бір мәселе. Келесі бір мәселе – бұл Дулат Бабатайұлының шығармашылық ғұмырбаянын ол өмір сүрген тарихи кезеңнің нақтылы айрықшалықтарына орай тану мәселесі.

Қазақ әдебиетінің тарихында, дулаттануда Дулат Бабатайұлының әдеби мұрасы негізінен 1822 жылғы хандық билікті жою процедурасының басталуы мен 1868 жылғы Жаңа Низам Ережелеріне орайлас қарастырылып келеді.

Қазіргі дулаттануда ескерілмей келе жатқан бір мәселе – Дулат Бабатайұлы туған, жасаған Аягөз өңірінің Ресей үкіметінің қол астына қараған мерзімінің назарға алына бермейтіндігі.

Аягөз округінің құрылғаны 1831 жыл делінеді, сол Аягөз әкімшілік-территориялық бірлікте болған Жетісудың орысқа қараған уақыты – 1843 жыл.

Дулат Бабатайұлының «Ақжайлау мен Сандықтас», «Ата қоныс Арқадан», «Аягөз, қайда барасын» атты туған жер, атақоныс жайына алаңдаған, «ұйқы беріп, қайғы аламды» айтқан уақытты сол 1843 жылдардан кейінгі кезең деп мән берілуі қажет.

Дулат және Абай шығармашылық сабақтастығында Абай өскен саяси-әкімшілік орта мен Дулат жасаған саяси жүйе белгілібір уақыт аралығында екі басқа мемлекеттік ұстанымда болды.

Абайтануда замананың тарихи-элеуметтік, саяси құрылымы белгілібір деңгейде айғақталып, айтылып келеді. Ал Дулаттың заманында екі түрлі саяси жүйені бастан кешкендігі ескерілуі керек. І. Жансүгіровтің «Жетісуды орыстың алуы» атты айналымға кейінгі кезеңде ғана түсе бастаған мақаласы бар. Кейін Ресей қарамағына өткендегі Аягөз округі Лепсі уезіне қарағандығы фактісі есте болуы керек деп ойлаймыз.

Дулат ақынның өлең-толғауларында ол өмір сүрген орта, ондағы элеуметтік топ өкілдеріне қатысты атау сөздердің лексикалық құрамында Абай ортасы, Абай айналасынан былайшаңда аңғарыла бермейтін айырмашылықтар бар. Әрине, жас шамасы жарты ғасырдай үлкендігі, бұл елу жылдық уақытта саяси жүйеде жаңғырып, жаңарып кеткен өзгерістер болды. Сонымен қатар Сібірге қараған қазақ жағы мен Жетісу жерінің орысқа Орта жүзден бір ғасырға жуық кейін уақытта қосылу фактісінің де тарихи таңбалары бар.



Дулаттың өлең-толғауларында хан, сұлтан, төре, қазы, мырза, шешен, бек, би, ұлық, батыр, бай, бәйбіше, атқамінер, төлеңгіт, т.б. өнімді қолданысқа түсіп отырған сөздер.

Дулат поэзиясындағы әлеуметтік топ өкілдерінің атауларында орыс тіліндегі бір ғана «Майыр» (майор) сөзі қолданыста болғанының өзі де ол өмір сүрген әлеуметтік ортаның Абай ортасынан басқа болғандығын айғақтап тұр. Абай өлеңінде төреге арнау жоқ. «Болыс, старшын» деп Дулат та сөз қоспайды.

Абай заманы туралы тарихи сипаттама қажеттілігі бағытында 1933 жылғы тұңғыш толық жинақты баспаға әзірлеу барысында Ілияс Жансүгірұлы мәселе көтерген. Бұл әдебиет тарихын ел тарихымен тұтастықта таныту, игеру ұстанымына кеңестік идеологияның «қол сұққан» тұсы. Соған қарамастан, Абайдың өмір сүрген дәуірі, жасаған әлеуметтік ортасы туралы Абайдың тұңғыш толық жинағының (1933) Кіріспе бөлімінде Ілияс Жансүгіров кең тоқталды. Мұхтар Әуезов жазған Абай дәуірінің тарихи-әлеуметтік сипаттамасын жариялады.

Іле-шала Абай дәуірі туралы Ғаббас Тоғжанов жазды. Осы еңбектерді қазіргі тарихи таным аясында саралауға да салғырттық бар. Бір 1933 жылы ХІХ ғасырдағы тарихи жағдай туралы Мұхтар Әуезовтің екі түрлі ұстанымда жазуы мүмкін еместігі тұрғысында орнығып қалған бір деректерді «бұзу» қажеттілігі де бар. Бұл 1933 жылғы Абай жинағы мен 1933 жылғы ұжымдық авторлықта шыққан (Молдағали Жолдыбаев, Әлібек Қоңыратбаев, Мұхтар Әуезов – Қ.М.).

7-сыныптың әдебиет оқулығындағы тарихи кезең сипаттамасындағы алшақтықтарға қарамастан, бір авторға – Мұхтар Әуезовке телініп келе жатқандығы. 1933 жылғы Абай жинағына қатысты мәселенің басы ашық. Оқулықтағы мәселе айқындауда қажет етеді.

Тарихи кезең. Уақыт шындығы. Бұл ел әдебиетінде айқын бедері қалып отырған құбылыстар. Осы мәнде Дулат Бабатайұылының өмірбаянын толықтырып жазу қажеттілігі бар. Ақынның өмір сүрген жылдарының әр қалай көрсетіліп жүру фактілері де бір ізге түсіруді күтуде.

Дулат Бабатайұылының өлең құрылысы, осындағы ортағасырлық түркі жазба әдебиет дәстүрлері туралы Құлмат Өмірәлиев тоқтамдарын қазіргі түркітанудың озық бағыттарында, қазақ өлеңтану ғылымының зерттеу мәселелерінде кешенді тұтастықта саралауға да көңіл бөлінгені жөн.

Кейінгі кезеңдегі әдеби мұраны діни негіздерінде игеру мүмкіндіктері, исламдық әдебиет жанрлары бағытында сабақтастыра зерделеулі күтіп келе жатқан көркемдік мәселелерінің Дулат Бабатайұылының ақындық мұрасына да тікелей қатысы бар.

«Өсиетнамада» текстологиялық кінәраттардың болғандығы Дулат Бабатайұылының діңгегі дінмен байлаған әдеби мұраның аса көрнекті өкілі болғандығын терістемесе керек. Дулатты танып болған жоқпыз...

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
2. Мырзахметов М. Екі күймек бір жанға әділет пе? / Жинақта: Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. Алматы: Қазақстан, 1993. – 128 б.
3. Өмірәлиев Қ. Көне түркі әдеби ескерткіштері туралы зерттеулер. Алматы: Арыс, 2010. 656 б.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ТАРИХИЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**С.Б.Тілеубаев,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ф.ғ.к., доцент

**Г.Ахметалиева,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы

**Аңдатпа.** Ұсынылған мақалада қазақ әдебиетіндегі тарихтану мәселелері қарастырылған. Тарихилық мәселесі Х-ХІІІ ғасырлардағы жыраулар поэзиясы аясында жазылған көркем шығармалар негізінде талданады. Жазушы І. Есенберлиннің құжаттар мен тарихи деректерді сұрыптауда барысында әлемдік әдебиеттің дәстүрін негізге ала отырып, ежелгі аңыздарды, ауыз екі әңгімелерді, халықтық мифологияны көркем шығармада шығармашылықпен игергені сараланған. Әрі І. Есенберлиннің тарихи романдары тарихи танымды қалыптастырудағы кеңестік қазақ тарихнамасыныңдағы олқықтардың орнын толтырып, қазақ оқырмандарының тарихи пайым-түсініктерін, тарихи зердесін қалыптастырып, орнықтыруда, тарихи санасын тәрбиелеуде өлшеусіз зор үлес қосқаны әділ бағаланған.

Кілт сөздер: тарихилық, жырау, роман, көркем шындық, образ

### **Кіріспе**

Белгілі бір дәуір аясындағы сөз өнерінің тарихи шындыққа арақатынасы – әдебиеттану ғылымының тарихилық сияқты келелі мәселелерімен тікелей байланысты болып келеді. Бұл ұғымның әдебиеттану ғылымында назар аударарлық мәселе ретінде қарастырыла бастағанына екі ғасырдан астам уақыт өткен екен [1].

Көркем сөз өнерінің мазмұнындағы өткен дәуірдің өмір шындығы нақты тарихпен тығыз байланысты. Тарих сөз өнерінің ақиқат шындығына, көркем шындығына айналады. Көркемдік үдеріс барысында тарихи шындық екшеледі, сұрыпталады, жинақталады. Тарих көркемдік тұрғыда игеріліп, синтезделеді.

«Өзінің басты объектісі адамды бейнелеу арқылы әр дәуірдің сан қилы сыр-сипатын көрсететін көркем әдебиеттің даму кезеңдеріне көз салғанда, оның нақтылы тарихи адамдар мен тарихи оқиғаларды бейнелеу ерекшелігі, яки әдебиеттегі тарихилық мәселелері айрықша назар аудартары анық. Ал, әр дәуір жыршысының өз заманының тарихи кескінін бейнелеуге әрекет еткен шығармасы тек белгілі бір ұлт әдебиетінің жасын межелеуге ғана емес, сол әдебиеттің осы өзекті мәселе тұрғысынан алғандағы жүріп өткен жолын бағдарлауға да мүмкіндік береді. Сөз жоқ, ол жолды азаматтық тарихпен тікелей жарысып отыратын жол деп тануға болар еді. Өйткені, оның белгілі бір халықтың рухани есею жолын, тағдыры таразыға түскен небір тарихи тайталастарының мәліметтерін табасыз. Ал, әдебиетте бейнеленген бұл мәліметтер белгілі бір дәуірдің мән-мағынасы айқындайтын елеулі тарихи фактілер, шынайы өмір шындығы екендігі мәлім» [2].

Кеңестік саяси тарихнамада, ресми тарих ғылымында қазақтың мемлекеттік, саяси бірліктері атүсті қарастырылып, көп жағдайда еленбей өте шығатын. Тарих ғылымындағы осы олқылықтың орнын көркем әдебиет толтыратын. Сол кездері ертегі, жыр-дастандардан, тарихи жанрдағы шығармалардан қаған, хан, патша деген билеушілер бар екенін естіп, біз де бір кезде мемлекет, орда, бірлестік отандық-ау деген ойға қалатынбыз. Тарихтың тұңғиығына бойлай алмайтынбыз. Тек Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Ақтамберді, Жиёмбет, Бұқар, Үмбетей толғауларынан бір кездегі азат кезеңіміздің жаңғырығы естілетін. Осыған қанағаттанатын кезіміз болды. Азат кездің елесі тек қана осы рухани мұраларымызда, фольклорлық ескерткіштерімізде сақталды. Белгілі бір халықтың ұлы тарихындағы мұндай кезеңді этнологияда ғұлама тарихшы Лев Гумилев «Мемиоралды фаза» деп атаған болатын.

Сонымен көркем әдебиеттегі тарихи шындықтың мән-маңызын ашу, тарихилық ұғымын айқын түсініп ашуымызға байланысты болып келеді.

«Тарихилық әдеби шығарманың тарихи әлеуметтік ортамен, белгілі бір халықтың мәдени тарихымен, салт-дәстүрімен, ырым-танымдарымен, ұлттық мінез, ойлау ерекшеліктерімен, аңсар, арманымен, тамырлас құбылыс. Осынау «тарихилық» ұғымы

суреткер дүниетанымының шартараптылығына, асқан білімдарлығына яки мынадай таным кезеңдерінің 1) Өткенді (ретрогноз), 2) Бүгінгі (презентогноз), 3) болашақты (прогноз) жетік, жан-жақты меңгергеніне тікелей қатысты.

Әдебиеттегі тарихилық және зерттеу саласындағы методикалық әдіс ретіндегі тарихилық өмірдегі, ақиқат болмыстағы әрбір құбылысты тексеру мен бейнелеу жалпы тарихи процестің бір бөлшегі яғни тарихи сабақтастық негізінде қарастырылуға тиіс.

Сонымен, тарихилық белгілі бір заманның тарихи жағдайларын, қайталанбас келбеті мен өзіндік қасиеттерін, мән-мағынасын, болмысын, ұлттық-тарихи және өмір шындығын, идеялық-танымдық тереңдігін көркемдік тұрғыдан жырлап, тарихтың көркемдік философиясын шеберлікпен жеткізу [3].

### **Талқылау**

Көркем әдебиет тек қана өткен тарихтың фактілерін тізбектеп суреттеуші ғана емес, болып өткен, болатын тарихқа, философиялық көзқараспен қарап, пәлсапалық ой-тұжырым, шешім, үкім шығарушы да. Тарихи үдерістер мен фактілерге ерекше историясофиялық көзқарасты түзуші рөлін де атқарады. Алдағыны болжау, ғайыптан сөйлеу көркем әдебиет мысалдарында өз кездеспейді. Кейде мұны ғылымда экстрополиция деп жатамыз.

«Тарихты болжап білуге болмайды деу – өтірік. Сәуегейліктердің ақиқатқа айналған мысалдары қай жерде де артып жетіледі» - деп жазды испан философы Хосе Ортега – и – Гассет. Позитивистік мектептің өкілі, француз философы Огюст Конт: «Жаңа рухани биліксіз біздің дәуіріміз – революциялар дәуірі апатқа алып барады», – деп болжампаздық білдіреді [4].

«Осы ретте ара-тұра суреткерлік интуицияны болашақ ірі қоғамдық-саяси оқиғаларды /әйтпесе өзгерістерді/, жыл, ай, күнін дәл айтпаса да, алдын-ала болжап білудегі орнын жоққа шығаруға болмайды [5].

Мысалға Ф.М. Достоевский «Жындар («Бесы»», М. Булгаков «Шебер мен Маргарита», А. Платонов «Чевенгур» романдарында, М. Жұмабаев «Жүсіп хан» поэмасында болашақ қоғамның сыр-сипатын, болмысын терең болжап, бет-пердесін ашып, әшкерелей суреттеді. Аяусыз шенеді.

Орыс ойшылы Н. Бердяев өзінің «Орыс коммунизмінің бастаулары мен мәні» атты кітабының «XIX ғасырдағы орыс әдебиеті және сәуегейліктері» деген тарауын түгелдей Пушкиннің, Лермонтовтың, Тютчевтің, Хомяковтың, Гогольдің, Достоевскийдің, Толстойдың т.б. көрнекті қаламгерлердің өз шығармашылықтарында Ресей революциясын күні бұрын болжай білгендіктеріне арнай отырып: «Россияда дүниенің ақырына бет бұратын, болашаққа көкірек көзімен қарайтын, апаттарды алдан-ала сезінетін эсхатологиялық рухани бітім қалыптастып, айрықша бір мистикалық сезімталдық пайда болды», – деп жазды [6].

Орыс ақыны М.Ю. Лермонтов өзінің «Сәуегейлік» («Предсказание») атты өлеңінде келер дәуірдегі Ресей басындағы қауыптың қара бұлтын былайша суреттеп көрсетеді:

Настанет год – России черный год,  
Когда царей корона упадет;  
Забудет чернь к ним прежнюю любовь,  
И пища многих будет смерть и кровь [7].

Ақын сәуегейлігіне, ақын көріпкелдігіне таң қалмасқа шарамыз жоқ! Бұд – 1830 жылы романтикалық сипатта жазылған өлеңде ақын жүз жылдан кейін болатын революция сұмдығын, сұрапылын алдын-ала болжап, сезген. Қазақ поэзиясында да мұндай көрегендік сипаттан кенде емес. Зар заман ақыны Шортанбай:

«Сауысқан, ала қарға – құстың құлы,  
Басталар ақырзаман жылқы жылы ...  
... Мешін – тауық жылдары  
Жалғыз-ақ қара қалады.  
Ұялмастан бұл кәпір,  
Оған да салық салады», – деп жырлайды.

Сәуегей, көріпкел ақынның «ақырзаман» басталатын жылқы жылын 1918-1919, 1930-1931, «жалғыз-ақ қара қалатын» мешін-тауықтың 1921-1922, 1932-1933 жылдарға, яғни ашаршылық кезеңдеріне дәл келетінін дәп басып отырғаны көрініп тұр. «Көмекей әулие» Бұқар жырау келер заман сипатын былайша толғайды:

Он екі айда жаз келер,  
Көктемеде қаз келер,  
Айтып-айтпай не керек,  
Дәуеніңіз аз келер,  
Сондай заман жеткенде,  
Шаңырағың күл болар,  
Еліңе қауіп төнгенде,  
Ата ұрпағың күл болар,  
Қараларың қас болар,  
Қаскөйлерің бас болар.

Қазақ хандығы дәуіріндегі ірі саяси оқиғалар, тарихи мәселелер жыраулар поэзиясында айқын көрініс тапқан. Жыраулар поэзиясын қазақ хандығы тарихының көркем шежіресі деп білуіміз қажет. Сыпыра жырау сөздерінде Алтын Орда ханы Тоқтамыстың кезеңіндегі тарихи оқиғалар елесі бой көрсетсе, Асан қайғы толғауларында Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханның бейнесі мен заманы, Қазтуған мен Шалкиізде, Доспамбетте Ноғайлы Ордасының тарихы, би Темір, Мамай, Мұса сияқты ел билеушілерінің бейнесі, Жиёмбет пен Марғасқада XVIII ғ Есім хан дәуірі, ал Ақтамберді, Үмбетей, Тәтіқара, Бұқар жыр-толғауларында XVIII ғасырдағы қазақ тарихының қайғылы да салтанатты кезеңдері көркем бедерленген. XVIII ғасырдағы үш жүздің басын қосқан Абылай хан, оның жаужүрек, даңқты батырлары Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шапырашты Наурызбай, бәсентиін Малайсары мен Сырымбет, уақ Сары мен Баян, қыпшақ Деріпсалы мен Маңдай, керей Жәнібек, Шақшақұлы Жәнібек, сіргелі Елшібек, ала тулы Олжабай бейнелері т.б. әсіресе Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жырларында кеңінен көрініс тапты. Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жырау толғауларындағы кезең шындығының тарихи шындықпен дәл үйлесетіндігін Шоқан Уәлиханов атап көрсетіп, олардағы тарихилық мәселесіне өзінің ғылыми мақалаларында айрықша көңіл бөлді [8].

Көркем әдебиеттегі тарихилықтың біраз мәселесі өткен дәуірлердегі тарихи оқиғаларды, тарихта жасаған қайраткерлердің іс-әрекеттерін өзек еткен тарихи жанрдағы шығармалармен байланысты қарастырады. Автор дәуір тынысы, заман келбетін, өткен тарихты бүгінгі күннің талғам-талабы, таным-түсінігі деңгейінде, қазіргі уақыт аясында «бүгіндік мәселе» тұрғысынан қарастырады. Бұл тарихи жанрдағы шығармалардың болмыс-бітімі көркемдік шындықпен тарихи шындықтың тұтасын, кірігіп, нәзік орайласуы, жарасым табуы, көркем синтезделуі. Осыған байланысты көркем шығармадағы тарихи шындық ұғымына тоқталайық. «Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармалардағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болжаған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда, әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркем бейнелеу тәсілімен берілетін өмір шындығы, яғни, көркем шындық. Тарихи шығармада өмірде болған уақиғалармен қатар ойдан шығарылған жайлар аз болмайды, тарихи тұлғалармен бірге көркем қиялдан туған кейіпкерлер араласып жүреді. Мәселе шындап келгенде оқиғаның, кейіпкердің өмірде болған не болмағанында емес. Шығарманың барлық мазмұны, оқиғалары, кейіпкерлері көркем ой көрінісінен өтіп, жиынтықталып, өзгеше бейнелілік сипат алып шығатындығында. Әрине, тарихи шығармада айтылмақ уақиғаның өзегі негізінен өмірде болған уақиғалардың аясында алынбақ. Сондықтан жазушы маңызды тарихи жайларды, көптеген нақтылы деректерді анық білу қажет. Ол қанша көркем суреттеулерге барса да тарихи шындықты аттап өтіп, бұрмалауға қақысы жоқ. Өткен дәуір қалай суреттелмесін, бәрібір сол кездің өз болмысын білдіруі керек. Шындыққа сай нанымды шығуы тиіс. Бұл үшін тарихи дерек көздеріне сүйену шарт. Сонда ғана бұрынғы

қоғам өмірі, халық тұрмысы өз қалпында секілді тарихи стилизация тұрғысында бейнеленбек. Қоғамның даму процесі, саяси таптар мен топтар, кейіпкерлердің мінезі, іс-әрекеті өз уақытының қалпына орай алануы керек. Осының бәрі суреткерлікпен жанды түрде көркем бейнеленіп берілсе, тарихи шындықтың әсері, оқырманға берер танымдық мәні арта түседі. Тарихи шындықты әдебиетте көрсету әдістері, тәсілдері бірте-бірте қалыптасып, өрістеп келеді.

Орыс, шетел әдебиеттеріндегі бұл саладағы шоқтығы биік шығармалар А.С.Пушкиннің «Борис Годунов» атты драмасы, Шекспирдің «Арыстан жүректі Ричард IV», Генрих корольдарға арналған және бейбітшілік» атты роман-эпопеясы.

Қазақ әдебиетіндегі үздік тарихи туынды – М. Әуезовтың эпопеясы – «Абай жолы», І. Есенберлиннің «Көшпенділерін» де танымдық мәні үлкен әдеби туындылар қатарында атаған жөн. Тарихи жанр қазақ әдебиетінде елеулі жетістіктерге жете алды дей аламыз. Бұл тарапта Д. Досжановтың «Жібек жолы» романын, Х. Әдібаевтың «Отырар ойраны» романын, М. Мағауиннің «Аласапыран» романын, Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елаң-алаң» роман-дилогиясын, С. Сматаевтың «Елім-ай» роман-трилогиясын, Ә.Әлімжановтың «Жаушы» романын атауға болады.

Қазақ тарихи романдарында қазақ тарихының қилы кезендері көркем жүйеленіп, бедерлі суреттеледі. Тарихи романдардың көркем әдебиет аталуы үшін суреткерлік қиял қанша қажет десек те, дегенменде тарихи фактінің алар орны ауқымды. Кез-келген тарихи роман одан аттап өте алмайды. «Әдеби шығарма негізінде дерек, факт жатуы, тарихи дәуір шындығын көрсету үшін жазушының шығарма желісін бастан-аяқ тек қана тарихи болған оқиғаға құруы шарт емес. Алайда шығарманың материалдық болмысын, өзегін тарихи белгілі, ақиқат оқиғалар құрамайынша, белгілі тарихи дәуірдің шындығын шынайы суреттеу тағы да қиын. Өткен тарихи дәуір шындығын суреттейтін қазіргі қазақ романының көркемдік жүйесінде, идеялық, тақырыптық болмысында тарихи фактінің атқаратын қызметі өте жоғары» [10].

І. Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын Орда», Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елаң-алаң», М. Мағауиннің «Аласапыран», С. Сматаевтың «Елім-ай» романдары мол тарихи фактілердің негізінде жазылған. Алайда құрғақ, жалаң тарихи фактілерге байланып қалуға тағы да болмайды. Шығармашылық үдерісте суреткерлік еркіндік мүмкіндігін де жоққа шығаруға болмайды.

Мысалы, М. Мағауиннің «Аласапыран» тарихи дилогиясында Сібір жылнамалары мен Қадырғали Жалаиридін «Жылнамалар» жинағына сүйенсе де, тарихи дерекке қол арта отырып, басты кейіпкерінің характерінің даму логикасына орай, мүмкіндігі бар тұстарда шығармашылық қиялға тізгін беріп отырады. Осындай көркемдік үдерістер негізінде романдағы Ораз-Мұхамед, Данило Чулков, Сейтек хан, Қадырғали бек, Петр Урусов бейнелері жаңа қырларынан ашылып, оқырман жадында бедерлі бейне, айшықты характерлер ретінде сақталып, жарқырай көрініс табады.

М. Мағауин өзі бейнелеп отырған дәуір тынысына, басты қаһармандарының тағдыр-талайына қатысты қазіргі тарих ғылымына белгілі, белгісіз тарихи құжаттар мен фактілерді жете зерттеп, игерудің нәтижесінде терең ғылыми және көркемдік ақиқаттарға қол жеткізеді. Шығармада жазушы отарған тарихи дәуір шындығының сипаты көркемдік тұрғыда да, ғылыми тұрғыда да мейлінше нанымды, дәлелденген, дәйекті.

С. Сматаевтың «Елім-ай» (1978, 1981) трилогиясында қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресі үлкен көркемдік полотно деңгейінде суреттеледі. Тарихтың көркемдік панорамасы жасалған. Романда молтарихи деректер пайдаланылған.

М. Мағауиннің «Аласапыран» романындағы секілді белгілі деректерді өз мақсатына орай өзгертіп пайдалануға С. Сматаев бара бермейді. Бұл жерде тарихи дерек тарихи тұлғаның образын толық жасау, оның характерін типтендіру мақсатында пайдаланылмай, тарихи ерекше оқиғаның өзінің мазмұнын байытып көрсету үшін игерілгендей әсер қалдырады.

...Жазушы тарих шындығын тиісті жерінде басқа қырынан да көрсетеді. Тарихи оқиғаның мазмұнын көркемдік ойлау заңдылықтарына орай пайымдай отырып, адам характерін ашуға ерекше назар аударады».

Тарихи шындықты шығармашылық үдерісте сұрыптап, екшеп, байытып, толықтырып толыққанды көркем бейне жасаудың жарқын үлгілері Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарында да мол кездеседі. «Романның сюжеттік желісін құрайтын оқиғалар алуан түрлі, күрделі әрі мол. Оның үстіне Әбілқайырдың айналасындағы батырлардың әрқайсысының атына байланысты толып жатқан тарихи деректер, аңыздар, жырлар бар. Жазушы оның барлығының басын қосуды, батырлар тұлғасын сомдай түсуді алдына басты да, қосалқы да мақсат етіп қоймаған. Жазушы тарихи оқиғаларды тек тарихи оқиға ретінде ғана баяндап өте шығудан аулақ. Автор бірінші кезекте белгілі тарихи кезең оқиғаларының жүйесін, ағынын емес, сол жүйе, сол ағын негізінде кейіпкерлерінің психологиясын, олардың белгілі тарихи тұлға ретіндегі ой-пікір, тілек-нысаналарын, ішкі және сыртқы саясат бағыттарын бағдарлау, таразылау қабілетінің ауқымын танытуды баса қадағалайды.

Тарихи оқиғалардың түп негізінде жатқан көкейкесті ой-мұраттардың ерекшелігін, жеке адам мен тарих арасындағы қатынастың саяси-әлеуметтік құбылыстар және қаһармандарының іс-әрекеттерінің түп негізінде жатқан объективтік, субъективтік мотивтер романның тақырыптық-идеялық бірлігінің өзегін түзетін басты факторға айналған. Шығарманың тақырыптық-идеялық бітімінің осылайша, саяси-әлеуметтік мазмұнының тереңдігімен, кендігімен ерекшеленуі және суреттеу жүйесінде эпикалық тәсілден гөрі лирикалық, басқаша айтқанда, психологиялық талдаудың аналитикалық формасының басым болуы жазушы Ә. Кекілбаевтың қазақ әдебиетіне үлкен эпостық болмыс-бітімі бөлек, жаңа бір түрін алып келгендігін көрсетті».

Қазақ тарихи романын байытқан, шын мәніндегі алғашқы шығармалардың қатарында жазушы Ілияс Есенберлиннің «Алтын Орда» және «Көшпенділер» трилогиясын атауға болады. Бұл трилогияларда жазушы қазақ халқының мың жылға жуық ерлік тарихын, оның мемлекеттілігінің түп бастауларын көркем бедерлейді.

«Көшпенділерде» қазақ хандығының тарихы кең панорамалық сипатта көрініс тапса, «Алтын Ордада» қазақ хандығының түп негізі, протоқазақ мемлекеті Алтын Орда хандары Өзбек, Жәнібек, Бердібек, қазақ хандары Керей, Жәнібек, Абылай, Кенесарылардың айшықты бейнелері сомдалған.

Білікті ғалым, зерделі сыншы Р. Бердібаев: «Ең алдымен тарихи зерттеу әдебиетте толық талдауын тауып болмаған, кей тараптан әлі күнге дейін пікір таласын тудырып келген оқиғалар мен адамдар туралы көркем шығарма жазудың өзі І. Есенберлиннің азаматтық тұрғысының беріктігі деп бағалау керек», – деп жазды [11]. Ал ғалым-сыншы Хасен Әдібаев сол тұста: «Жазушы Ілияс Есенберлин бүгінгі таңда ел-жұртына мейлінше қажет, мың сан оқушысын тапқан, туған әдебиеттің тақырыптық шеңберін кеңейткен күрделі романдар циклын біріктірді. Трилогиядағы сансыз оқиға мен тарихи тұлғалар ел, жер молдығы риза етпей қоймайды, бір елдің бес ғасырлық өмірі бейнеленген шығарманы басқа әдебиеттерден өз басым әлі оқыған жоқпын», – деп таңдана да, сүйсіне де жазды [12].

Аталмыш трилогияларды жазу барысында жазушы көз майын тауысып, қаншама шаң басқан мұрағаттардағы құжаттарды ақтарыстырды, көне қолжазбаларды қағып-сілкіледі, тарихи фактілерді елеп-екшеді. «Ұлттық тарихымыздың терең қайнауларында қалған көп оқиғалардың елесі, өзгерген, бұрмаланған деректер, әр түрлі тілдерде жазылған, сан алуан қолға түспейтін сирек кітаптарда, архив қазыналарында, оқылуы қиын қолжазбаларда, әр жерде жүйесіз шашылып жатқан материалдарды тауып, оқып, қорытып шығу үшін кеткен уақыт, жұмсалған қайрат, жасалған еңбектің өзі бір адамның ұзақ ғұмырына жетіп артылар шаруы», – деп баға берді академик Р.Нұрғали [13].

Кеңестік қазақ әдебиеттану ғылымындағы зерттеулерде де «Көшпенділер» романына қатысты толымды баға, ой-пікірлер білдіріліпті: «Көшпенділер» романында толымды шыққан образдардан аттас екі ханның (Әбілқайыр – XVғ., Әбілқайыр - XVIII ғ) бейнесін атауға болады. Сонымен қатар Керей мен Жәнібек бейнелері де бедерлі. Жазушы алғашқы екі кейіпкердің

хандықтың ішкі-сыртқы саясатындағы ой-толғамдары, пікірлері арқылы оларды ішкі әлемін танытуға көңіл бөледі. Кейінгі Керей мен Жәнібек хандар романда халық қамын ойлаған, халық қамқоры ретінде көзге түседі [14].

**Қорытынды.** І. Есенберлин романдарын тарихи жылнамалардағы оқиғаларға негіздегенімен, басты оқиғалардың мазмұнымен соншалықты алшақты болғанымен, шығармаларда қосалқы сюжеттік желілер мол. Тарихи белгілі оқиғаларды көркем шығармада суреттеп, баяндап көрсету үшін пішіндік (фабулалық, композициялық, стильдік) өзгешелік сипатын ескеру қажет. Бұл тұрғыда шығармадағы көркем образдар құрылымындағы үйлесімдерге, ішкі даму қисынына (логика) аса көңіл аударуға тура келетіндігін айтқанымыз жөн.

«Жазушының қаламгерлік лабораториясында бірге қайнасып, өріліп, біртұтас құбылыс туғанымен, тарихи роман қос бұлақтың көзінен тамыр тартады. Тарихи мазмұны оны тарих ғылымына жақындатады да, көркемдік формасы сөз өнері туындыларының бәрімен бауырластырады. Тарихи романның өзіндік сипаты, басты шарты – осы тарихи шындық пен көркемдік қасиетінің жігі ажырамас бірегейлік бітімінде жатыр.

Мұның мәнісі – өнер туындысына негіз болған тақырыптың – тарихи кезең, тарихи оқиғаның нақтылығында, деректілігінде. Бұл тарихи шығарманың характері, мінезі, жалпы сәулеті [15].

Жазушы І. Есенберлин құжаттар мен тарихи деректерді сұрыптауда әлемдік әдебиеттің дәстүрін негізге ала отырып, ежелгі аңыздарды, ауыз екі әңгімелерді, халықтық мифологияны көркем шығармада шығармашылықпен игеру барысында көп жаңалықтар, соны өрістер ашты. Нәтижесінде тарихи романның жаңа бір ұлттық, жанрлық-роман шежіре, не болмаса роман – хроника үлігісін тудырды. І. Есенберлиннің тарихи романдары тарихи танымды қалыптастырудағы кеңестік қазақ тарихнамасындағы олқылықтардың орнын толтырып, қазақ оқырмандарының тарихи пайым-түсініктерін, тарихи зердесін қалыптастырып, орнықтыруда, тарихи санасын тәрбиелеуде өлшеусіз зор үлес қосты.

Қорыта келгенде айтарымыз әдебиетіміздегі тарихилық мәселесін әлі де зерттей түсуді қажет деп білеміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Лессинг Г.Э. Гамбургская драматургия. М.-Л., 1936.
2. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. Алматы «Ғылым» 2001, 3б.
3. Ысмақова А. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы, 1996, 195б.
4. Хосе Ортега – и – Гассет. Избранные труды. М: изд., «Весь мир», 1997, с 70.
5. Амантай Шәріп. Сөз өнері және ұлттық рух. Педагогика пресс. Астана, 2010.
6. Бердяев Н.А. Истоки и смысл русского коммунизма. Москва «Наука» 1990, с 63-78.
7. Лермонтов М. Собр.соч. в четырех томах. М.: изд. «Правда», 1986, Т.1. с 178-179.
8. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинения в пяти томах. Т.1. Алма-Ата, 1961.
9. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. А., 1996, 195-196 б.
10. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркем шындық. А., 1991, 12б.
11. «Қазақ әдебиеті», «Алпыстың асуында» 17.01.1967.
12. «Қазақ әдебиеті», «Халықтың көркем тарихы» 12.04.1974.
13. Нұрғалиев Р. Телағыс. А., 1986, 291 б.
14. Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. А., 1991, 45б.
15. Серікқалиев З. Ақ жол. А., 1990, 157б.

## М.О. ӘУЕЗОВТИҢ СУРЕТКЕРЛІК СЫРЫ

С.К. Майлыбаева

Ф.ғ.к, доцент,

«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени

орталығының аға ғылыми қызметкері, Алматы қаласы

Заңғар жазушы, ұлы суреткер Мұхтар Омарханұлы Әуезов өзінің ертедегі әңгімелерінен бастап, кейінгі ірі повестерінде де табиғатты суреттеуді алдына үлкен мақсат, талап етіп қояды. Мұндайда өзгенің шеберлігін үйренуден қашпайды. Әсіресе аудармашыларға және өзіне қойған талабын – «Дворян ұясын» аудару кезіндегі орыстың ұлы классикалық әдебиет үлгісін аудару арқылы аудармашы-жазушы; «Мен өзім сол асыл нұсқаның шеберлігін үйренуге тырысамын және әсіресе Тургеневті өз қалпында дәл беру, сол шебердің оның нақтылы өзгешеліктерін бәрімен өзіміздің оқушы жұртшылығымызды дәл таныстыруға тырысамын»,<sup>1</sup> деп білдіреді сол арқылы сөз саптау ерекшелігін меңгеріп, үйренуге ден қойған. Осы сөзді дәлелдей түсетін белгі әдебиет зерттеушісі И.С.Брагинский өзінің мақаласында бір қызық дерек береді. – «*Орыс әдебиетінің маған тигізген ықпалы туралы, бәлкім, сіз де жазарсыз, дегенде - Өте дұрыс, ештеңемен салыстырып болмайтын зор ықпал, бірақ соның көрінісі қандай, неден танылады? Әрине, М.Горькийді, Л.Толстойды айтарсыз. Ол да қисынды. Бірақ маған бәрінен де мол ықпал, игі әсер тигізген кім екенін білесіздер ме? Таба алмайсыздар. Тургенев деген*»,<sup>2</sup> - дейді.

Суреткер тілінің өткір, ойшылдығына оның өз халқының төл тілін толық, терең меңгергенін француз жазушысы А.Франстың тіл туралы пікірі Әуезов үшін айтылған сөз деп қабылдар едік. Ол, «*Тілді халық жасайды. Халық оны бейнелі, түсінікті, шымыр, өміршең қалыпқа келтіреді*»,<sup>3</sup> – дейді, Анатолий Франс өзінің «Жер және тіл» атты еңбегінде. Осы ойды Әуезов Николай Ановқа жазған хатында тірілте түседі. Абайдың аударылуы жөнінде жазушы тілегі, аудармашыға қатал талабы: Менің ең әрісі мақаланың өзін де лирикалық әуенде /мейлі бұл шартты түрде-ақ болсын/ әсерлі әрлеумен жазуға умтылатыным бар ғой. Абайдың психологиялық мінездемесі, көрінісі мен қам-қайғысы, оның тебіреніс-толғанысы, оның нақ осындай әсершіл табиғаты менің кітабым үшін өлшеусіз, шексіз қымбат-ақ. Өмірде тебіреніп-толғанып Абай тебіреніске толы жыр жолдарын жазды емес пе. Творчество психологиясының бүкіл мән-мағынасы да осында, ал біз ақын туралы шығарма жазып отырмыз ғой. Сол үшін де тіл мен стильдің әсерлігі де, әдемілігі де аса маңызды<sup>4</sup> – жазушы өзіне де осы талаппен қараған дер едік. Осындай толып жатқан мысалдарды келтіруге болады. Солардың бірнешеуіне тоқталып кеткенді жөн көрдік.

М.О. Әуезовтің өз сөзімен айтқанда: «Романдағы географиялық атаулар, пейзаж бәрі де шындық, әсіресе пейзаж. Абай туған даланың жалаң көріністері ғана емес, тірі табиғаттың сырлы суреттері. Түрліше оқиғаларға куә жайлау, қыстау қоныс аттары өз құйінде алынды»<sup>5</sup>. Бұнда шындықтан ұзамаған жазушының «Абай жолы» эпопеясына қандай даярлықпен келгенін көрсетеді. «Мен Абайдың екінші кітабын жазудың үстіндемін», – дей келіп, –Қыс бойы, осы шаққа шейін де көп жұмыс істеп ем. Қаладан шықпай, колхозды да көптен көре алмадым. Сондықтан бір жағы демалыс, бір жағы жұмыс, Абай ауданына жүрейін деп отырмын. Бұл барыста романның екінші кітабына керекті пейзаж, көріністер, табиғат ерекшелігі сияқты бояуларды, әсересе жия қайтпақпын. Бұрын роман жазбай жүргенде жалпы біліп жүргенім жеткілікті сияқты еді. Арнап қадағалап суреттеуге кірісем дегенде қайта қарап, сол Жидебай, Түйеөркештерді қайтадан қайталап көріп алу мақсатым бар»,<sup>6</sup> –дейді, М. Ғабдуллинге жазған хатында.

Роман жазу барысында жазушының алдын ала даярлығы, материал жинау машығы, толғағы пісіп жетілмеген ой-тұжырымдары, әлі дүниеге толық келмеген «Абай жолы» романының әсем сөзді, сырлы сазды ырғақтарын келістіре жазу үшін сұлу көріністер іздеп туған елге сапар шеккелі тұрған суреткердің іс әрекетін, ойға алған мақсатын жүзеге асыруға дайындығы. Жазушы ойы мен санасында там-тұмдап жетілген оқиға көріністері, жекелеген суреттерді тізбелеп жолжазба дәптеріне түсіріп отырған. Оны эпопеяға дайындық үстіндегі



жазушының тезис, жоспар, конспектілерінде әрбір көріністің бірнеше түрлері /варианттары/ олардың кейде жекелеген сөйлемдерде кездесетіндігі. Сол бейнелер романда бірде сол күйінде берілсе, кейде өзгеріп жаңа құбылыстар жасаған тіркестерді құрайды.

Мысалға бірнеше көріністерден мағлұмат беретін сөздер мен сөйлемдерге тоқтала кетейік. Романға керекті материал «Романға кіргізетін қосымшалар: Күз. Құлыншақ ауылы көшеді. Кеңгірбай бейітіне пейзажды беру»<sup>7</sup>; – деген сөз тізбелерін қойын дәптерінің беттерінен оқысақ, екінші бөлімге қатысты «Абай жолы» /екінші кітапқа/ қосылатын жайлар: I. Алғашқы тараулар, әсіресе және жалпы бір кітап бойында әр тұста табиғат көркі жалпы жақсы, мол орын ала түсу керек.

Өзгеше ескерілетін қала суреті, қаладағы жазғы, көктемгі пейзаж, көне қала, адамдар бейнесі қажет,<sup>8</sup> – деп ұдайы ойлана іздестіре жүретінін көрсетіп отыр. «Ү тарауға Павлов пен Абайдың кездесуі қандай үйде, қандай көріністе суреттелуі керек. Ертістің жағасы, ымырт шағы, бейуақ қаладағы сипатымен қоа суреттеліп берілуі»,<sup>9</sup> – дегендей табиғатқа мән беретіндігі, есінде ұстайтындығы аңғарылады.

Пейзаждың қандай мәнде беріліп отырғанын жоспарларына қарап ажыратсақ, студенттерге арнайы дәріс беру сабағында жасаған жоспарын тақырыптарға бөліп «Абайтану жөніндегі зерттеулік мәселелер» атты еңбегінің жоспарларында: «I. Абайдың табиғат көріністерін суреттеудегі үлгісі», – деп тағы да ойды аударарды. «Абайды» жазған кезде уақыт талабына қарай, бірнеше рет өзгертіп, алуан түрлі нұсқаларын қарастырып отырғанда да пейзажды қандай мақсатпен ендіру жөнін ойлаумен жүреді.

1957 жылы «Абай жолы» романының талқылауы тұсында Әуезов «Абай жайындағы» жинаған материалы жазушы лабораториясының құпиясын – «Төрт том «Абай жолы» үшін жинақтап және сұрыптап пайдаланған материалынан да тап осындай төрт кітапқа жететін материал қалды»,<sup>10</sup> – деген, өз сөзін белгілі сыншы ғалым З. Кабдолов «Әдебиет теориясының негіздері» атты еңбегінде тілге тиек етеді.

М.Әуезов бір сөзінде, – «Мен тегі, өмірдің ойы мен қыры, биігімен ойпаңы, қысталаңы, шатқалы дегенді көбірек көргенмін. Кейбіреулер біркелкі, тура, түзу жатық-жазық жолынан өткен болса, менікі тіпті саушылық жағының өзінен алғанда да жаңағыдай тәрізді, бірақ бәрінен де ұдайы сау, сергек кеудемен, әсіресе өмірді таза мол сүйгенім көп, түңілгенімнен сенгенім көп, жиренгенімнен гөрі құмартқаным көп, бүгінгі өмірді шабыттана сүюім, шексіз сүюім мол»,<sup>11</sup> – деген сияқты романдағы ел өмірі де бірқалыпты болмайды, ондағы шындықты қайшылығымен жылдың төрт мезгілі жазы, қысы, көктемі мен күзі сияқты көрсеткен тіршілігі бірде жаз бейнелі, енді бірде қыс мезгіліндей етіп береді. Абайдың жастық, жігіттік шағын дүрбелең өмір ортасында есейтіп, ержеттіреді.

«Қара күш ақылға төтеп бере алмас» /1900 жыл, 11 қараша/, деп тұңғыш рет тұтас сөйлем жазған – Әуезов, дүниені дүр сілкінткендей "Қазақтың тұңғыш эпопеясын" жазып шықты. Осы тұңғыш эпопеяда кейіпкер образын ашуда, оқиғаның шиеленістерге толы кезеңін, ойды қорытуда тағы да басқадай толып жатқан түрлі әдіс, тәсілдер қолдануда пейзажды молынан найдаланды.

Пейзажды беру үшін ол өзіне тән әдіс, машықтарымен келген. Оның романындағы пейзаждың атқарар қызметін, сала-салаға бөліп қолданғанын көреміз. Жазушы, роман жазу барысында пейзаждады көркемдегіш құрал ретінде пайдаланды. Соған орай романның өн бойында берілетін пейзаж жаныр ретінде көрінеді. Шығармадағы табиғат келбетін ендіру тәсілдерін жинастыра келе айтылмақ ойды жарыққа шығара білу әдісін бірнеше түрге сараладық. Ол – жазушының өз әдісі мен әбден төселіп қалыптанған машығы еді.

Жазушы жердің көріністері мен ерешеліктерін қатты ескөргенін, оны оқиғамен бірлікте алуынан көреміз. Жаратылыстың әрбір суретін шығармада өз идеясына сай, кейіпкер сезімімен астарлап қатар қойып отырады. Романда негізгі кейіпкер Абай болғандықтан оның толғанысы, өмір қайшылықтары, елмен қарым-қатынасы шығармада пейзаждың араласуы оқиғаның өзекті желісі болады. Романдағы пейзаждың Әуезов санасында дамып, өмірге келер шығармадағы геройдың қайғы-мұңы, толғанысы философиялық қорытулары кейіпкердің эрекетке баруы аймақтық көріністерден бастау алады. Кейіпкер сезімінің әсері әр қилы берілетін жерлер кейде көзге түсе бермейді, жасырын, құпия бейнеленеді. Әуезов осы

қасиеттерді талғамдықпен қолданған суреткер. Жаузшы табиғатты ендіруде өзіндік көркемдік оралымдарды, қыруар бейнелік көріністерді әкелуде жердің тарихы, деталь, штрихтар оқиғаның қай жеріне қандай кезеңде қолдану керектігін жазушы әу баста ойлап, жоспарлап, кесіп-пішіп қойған.

Шығармада адам образын ашу, портреттерін жасауда оқиғаның шиеленістерге толы кезеңі, көңіл-күй толғаныс сезімі контрасть, психологиялық параллелизм, кейіпкердің әрекет алдындағы моральдық құбылыстары, оқиға болатын жердің фоны мен мезгіл-мекені, философиялық топшылаулары тағы басқа да толып жатқан қолдану ерекшелігін атап өтуге болады.

Адам өмірінің әр алуан жайлары адамға етене жақын құбылыстар, табиғатта да кездеседі. Жазушы кейіпкер өміріндегі күйлерді табиғат болмысынан таба білгендіктен ондағы көркемдік оралымдар мен қалтарыс иірімдері романдағы бейнелік көріністерді тудырады. Романда Құнанбайдың қаһарлы бейнесін суреттеуде үскірікті боранымен қатар қазақ даласында күні өтіп бара жатқан ескі өмірді жинақтауға қолданса, Абай арқылы ескі мен жаңаның арпалыс қайшылығы, ескіні жаңаның жеңуі үшін қоғамдық күрес нәтижесінде әкеледі. Шығармада Абай жеткен биік, қоғамдағы адамдар тартысы, моральды адамгершілік сөз болады. Жеке адамдар арасындағы психологиялық шиеленістер, әлдінің әлсізге қиянаты, зорлығы қаныпезерлікпен жасалған қаталдығы пейзажда молынан орын беріледі. Барлық оқиға табиғаттың қатысынсыз өтпей, оқиға табиғат заңдылықтарымен қоян-қолтық араласып кетеді. Күздің сұрықсыз бұлыңғыр, күңгірт суреттері көңілсіз оқиғаның болатынын, айтылатын үкімдер мен орындалатын бұйрықтарды жасауға ат салысады. Романдағы Қодар мен келіні Қамқаның өлімі, немесе «Еңлік-Кебекті» еске алу, шабыс-тартыс дауларды туғызуға себепші. Ал боран, аяз, қара суық, жұт-өлім, шарпысу қасірет-қайғыны даярласа, жаңбыр-мұң, еңсе түсу, бұйығуды білдіреді, Кейіпкердің рухани жаңғыру әрекеттеріне баруы-көктемде, жаздың еншісіне ән-жыр, еркелік-наз, сал-серілік, сұлулықты сиғызады. Кейіпкер көңіл дүниесінің құбылғыш сәттерін пейзажбен суреттеуі ең жиі қолданатын тәсіл. Мұндай әдістер кейіпкер образын дараландырып сомдай түседі.

Романның барысында шәкірт баланың көңілінің таза кезінен басталып араласқан табиғат тіршілігі Абай есейген сайын, өмір тартысымен бірге дамып, есейген ақын келгенде нағыз шыйрыққан жойқын тартыс, алыс-берістер, арбасқан ауыр кезеңдер ауа-райының мың құбылған сәттермен қатар беріледі. Табиғат ақынның бала кезінде жайма-шумақ маужыраған, мамыражай жайдары жазы шаңсыз болып алынады да, оқиғаның шырққан кезінде борандатқан тұманды, қою бұлтты жаңбырмен, не ми қайнатар ыстық желімен, күзгі қара суығымен тұтас өріледі.

«Абай жолы» романындағы пейзаждар оқиғаның шешуін тапқан екінші кітапқа сілтемелер жасап, романның аяқталмағанынан хабардар етеді. Алғашқы кітаптың соңында «Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң күздың басындағы тақыр құм мен тастақты жарып әлсіз нәзік шешек атып жас шынар пайда болған. Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді».<sup>12</sup> Бұнда Абай азамат ретінде қалыптасып, екінші кітапқа өнер адамы, ақын болып барады. Осыдан Абайдың өнер жолындағы қарбалас өмірі басталады. Жас қайраткер ақын шындалады. «Алда – өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз... бір қуат, бір үміт бар... Қуаты ақындық, үміті – халық» жинақталады. Артынша «тағы өмір шындығы, тағы да тартысы Абай алдына еселі сыбаға тартты» деп алда ұзақ жолы жатқанын, есейген ақын араласатын жаңа тартыстар меңзейді.

«Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарып солған қурайлар көп көрінеді. Бүрінен айрылған тобылғы да қызыл ренді. Ұзарып сарғайған селеу мен бозғыл көде, жусан бәрі де жел лебінен қалтырайды. Бас шұлғып елбек қағады»... дегенінен көңілсіз жайдың басталатынын сезінесіз, ары қарай оқығанда оқушы кітаптың екінші бетінен «Жүргіншілер Ералының қазіргі қуаң тартқан шалғынын біраз аралап өтті. Топтың алдына таман озғындап келе жатқан Абай бір кішкене төбешікке тартты. Ол төбенің басына шыққанда, барлық аттылар сәл ғана томпайып жатқан ескі моланы көрді» деп басталатын сөз тіркестері «Еңлік пен Кебек» жайын еске

түсірген тұса Әзімбай жасаған зорлықты айтқалы келген Әбдінің ренішіті хабары Абай көңіліндегі күймен қатар тұрады. Кітап соңында бай қойшыға Исаның ыққан қойымен бірге ығуы, боранда арлан бөрімен жанталасқан жекпе-жегі, өмір мен өлім арбасуы Дәрменнің жыр құдіретімен баяндалады. Мұндағы ширыққан тартыс алдағы болатын үлкен оқиғаға апарар жолдама сияқтанады.

Жас ақын Дәрмен болашағына үмітпен қараған Абай қиялында «Күз қияға, жалтыр тасқа, қақап тұрған аязда жұмыртқаларын салған қыран бүркіт ананың» аңызын салады. Сенімін артқан шәкіртін аяздан аман қалған жұмыртқадан шыққан балапанға теңеп: «жалғасым сенбісің, ұшармысың алысқа» деп ақындыққа енді қалыптаса бастағанын, ендігінің басшысы, осы шәкірт ақындар болатынын Абайға ойлаттырады.

Романның соңында Абай дүниеден өтеді. «Сонау бір шақта тасты тақыр жалтыр биік басына жалғыз шыққан зәулім өскен шынар құлады. Өмірден Абай кетті», – деп отырған жазушы Дәрмен арқылы Абайдың соңғы үнін, тілек арманын... «Жапан түз, елсіз, жолсыз сар далада жалғыз түп ағаш өсіпті... әрбір көктем күніне үміт артып жас қуат жапырағын жарып, гүлдер мен дәндері ұшып, тарап кетіп жатыпты» деген символды философиялық топшылауы мен түйіндейді. Ақын екен өнер жыр, өлеңнің тарауы, оны жеткізуші ақын айналасындағы шәкірттерді «Әлде бір өлкеде, тағы бір замандарда осы гүлдердің бір тобынан саялы тоғай, мәуелі бақ өсер ме екен» деп пейзажға теңеп отыр.

Кітап соңын сөніп бара жатқан ақын өмірін өлімге қимайтын оқушысын мұңға батырып барып бітіреді.

Негізінде М. Әуезов жасаған пейзаждар кейіпкерінің бүкіл өн байындағы толғанысы, тебіренісі, психологиялық толқынысымен қатар өрілуі арқылы оқиғаның өзекті желісі табиғаттың өз суреттерімен байланыс-бірлікте алынады. Қазақ прозасында нағыз жаңа, өзгермелі мінезді ашуға қызмет еттірді. Сан қилы бояулы табиғат суретін «Қорғансыздың күні», «Қыр суреттері», «Қилы заман» және басқа да туындыларында күйлі, әсерлі жүйеде бастаса «Абай жолында» оны кілемдей құлпыртты. Суреткердің табиғатқа деген түсінігінің молдығы, күштілігі сонша түсініп-ұғынып қана қоймай эпопеяның өн байынан бұлардың үлкені, кішісі бар 336 рет көрінісін тапқанын аңдаймыз.

Сондағы жазушы туындыларына дағы табиғат суреттері тек жай ғана тамашалаудың құралы болмай характерлі жағдайға қарай қызмет атқаратын жанды бөлшекке айналатынын көрдік. Шығармаларының барлығында да уақытқа, кезеңіне, жай-жағдайына қарай өрнектеліп түскен. Мұндайды белгілі ғалым Р. Бердібаев «*Табиғатта соншалық гажайып көрік, таусылып көнермес ажар бар скенін қазақ әдебиетінде Әуезов творчествосынан таныдық. Ол халқымыздың ең таңдаулы жаршысы десек азат болмас*»,<sup>13</sup> – деп өте дәл, дұрыс айтқан.

Эпопеядағы қыруар бейнелік көріністерді жасаудан алдын әрбір суретті деталь, штрихтар арқылы оқиғаның қай түріне, қандай кезеңіне қолдану керектігін жазушының о бастан ойлап, ойластырып қойғанын сезесің. Оны М.Әуезовтің өзіне ғана тән әдіс-машығы, тәсілі десек де болады. Классикалық үлгідегі шеберлік сатыларынан, біртіндеп жетілдірген даму жолдарынан осыны көрдік.

#### **Әдебиеттер:**

1. Әуезов М.О. Толық шығармалар жинағы. "Жазушы", Алматы. 1983, 14-том, 293-бет.
2. Брагинский И.С. Ғалым ақын. "Народы Азий и Африки"1961,6-бет..
3. Франс А. Собр.Соч. Москва. Том-8. Стр. 67-70-бет.
4. Анов Н.И. Жарқын бейне. "Простор" 1967, №8.
5. Әуезов М.О. "Абай романының жазылу жайынан" //Әдебиет және искусство. 1955, 93-бет.
6. Әуезов М.О."Асыл інім," 1943, 2 шілде.//Қазақ әдебиеті, 1977. 25 шілде.
7. ЛММА, архиві, папка №28. 96-бет.
8. ЛММА архиві, папка №27. 49-53-беттер.
9. ЛММА архиві, папка №28. 2-бет
10. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 1970. 102-бет.
11. М.Әуезов хаттары. "Кітап жаршысы "1977, 24 тамыз.
12. Әуезов М.О. "Абай жолы " 1989 1-том, 284-бет.
13. Бердібаев Р. Стиль сыры. Алматы. 1974, 158-бет.

## ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖӘНЕ ҚАЛИХАН АЛТЫНБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ПОЭМАЛАРЫН МӘТІНДІК НЕГІЗДЕ ТАЛДАУ

**Н. Сағындық,**

филология ғылымдарының кандидаты,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,  
Алматы

**Қ. Парасат**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
Докторант, Алматы қаласы

Ұлттық әдебиеттану ғылымында поэма жанрындағы көркемдік дәстүр мәселесі аса күрделі де өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Бұл мақалада қазақ әдебиетіндегі эпикалық туындыларға бас назар аударып, эпика жанрының көркем үлгілеріне тоқталған. Ақын Қалихан Алтынбаевтың әдеби мұрасын, оның ішінде поэма жанрына қосқан үлесін қарастырған. Ақынның «Қойбағар батыр», «Тепек батыр», «Жоқтау» поэмаларының тарихи сипатын айқындап, көркемдік ерекшелігін қарастырып, әдеби талдау жасалған. Мақалада қазақ әдебиетіндегі эпикалық туындыларға бас назар аударып, эпика жанрының көркем үлгілеріне тоқталған. Ұлт фольклорынан, төл әдебиет үлгілерінен, Абай дәстүрінен нәр алған Қалихан Алтынбаев дастандары ұлттық поэтика өнерінің дәстүрлі арнасын жалғастырып отыр. Ақынның әдеби мұрасы ХХ ғасыр әдебиетіндегі халық ақындары шығармашылығында өз көрінісін берген жазба үлгідегі эпикалық дастандардың қатарын толықтыра көркем туындылар ретінде әдеби қордың айтулы мұраларына айналды.

Кілт сөздер: әдебиет, жанр, эпикалық туынды, поэма, тақырып, ақын, ажарлау, құбылту, айшықтау.

### КІРІСПЕ

Есімі республикасымызға кеңінен танымал, Ертіс жағалауынан, оның ішінде әйгілі Қалбатау атырабынан шыққан шалқар шабыт иесі, тума талант, айтыс додасындағы өткір шумақтары мәтел ретінде таралып, ақындық мінезімен аңызға айналған, суырып-салма ақын Қалихан Алтынбаев.

Қалихан Алтынбаев – біріншіден, суырып салма ақын, айтыс өнерінің хас шебері ретінде танылған ақын. Екіншіден, әдеби мұраны және тарихи шежірелерді жинаушы, Ертіс жағалауынан шыққан ақын-жазушылар және Семей өңірінің әдеби ортасы туралы, абайтануға қатысты зерттеу мақалалар жазған қаламгер. Үшіншіден, ақынның ғибратты шығармашылық мұрасының өзі-ақ қазақ әдебиеті тарихының көркемдік қорын толықтыра түсер сөз байлығымен ерекшеленеді.

Жалпы, әр халықтың тұрмыс қалпы, шаруашылығы, соған орай қалыптасқан көркем өнері, рухани құндылықтары болады. Халықтың ұлттық нақышын танытатын бұндай белгілер сол ұлттың, жоғары да айтқанымыздай, тұрмыс қалпы мен тіршілік көзі шаруашылық ерекшеліктеріне тікелей байлаулы болады. Мәселен, қазақ халқының ғасырлар бойғы негізгі шаруашылығы мал шаруашылығы болғандықтан, ұлтымыздың рухани әлеміндегі өнер түрлерінің басы-поэзия болды. Табиғат ананың бауырында, кең дала төсінде еркін көшіп-қонған елдің қуанышы мен қайғысы, зейнеті мен бейнеті, ой-арманы мен мұңзары, қысқасы барлық жан әлемі поэзия тілімен өрнектеліп, кейінге мол мұра болып жетті. Сол себептен де қазақ поэзиясында, ұлт фольклорында халқымыздың көшпелі тұрмыс қалпы, соған негізделген дала мәдениеті, көшпенділер өркениеті, ұлттық руханият айқын танылады. Олай болса, халқымыздың ұлттық құндылықтарын поэтикалық көркем тілмен өрнектеген сөз зергерлеріне халқымыз кенде емес.

Сонау өткен ғасырда өмір сүрген жаужүрек жыраулардан бастап бүгінгі күнге дейінгі поэзия әлеміне көз салсақ қазақ халқының бүкіл ақыл-ойы, арман-мұраты, жеңісі мен жеңілісі ең алдымен ақын жүрегінен жарық береді.

Осындай поэтиканың эпика жанрындағы поэма түрі төл әдебиетіміздің өткен тарихында да, оның даму жолында да басқа жанрлармен бірге дамып, айрықша орын алып келе жатқандығын көруге болады. Поэманың алғашқы нұсқалары сонау ерте заманнан бой көрсете бастағаны белгілі. «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қобыланды» т.б. батырлық жырлар, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Қыз Жібек» секілді лиро-эпостық жырлар, одан бергі «Қабанбай батыр», «Шақшақұлы ер Жәнібек», «Олжабай батыр», т.б. тарихи жырлар, сондай-ақ Шығыстық үлгідегі қисса-дастандар – терең тағлымды, күрделі құрылымды эпика жанрының көркем үлгілері екендігі белгілі.

Ал, халық ақындары Жамбылдың «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», Нүрпейістің «Құбағұл», Төлеудің «Ақтайлақтың толғауы», «Кешубай қиссасы», т.б. эпикалық сарындағы жыр-дастандарын да сол ауыз әдебиетіндегі қазіргі қазақ поэмаларының өзіндік бастау түрлеріне жатқызамыз. Осы тұрғыдан алғанда қазақ поэмасы ғасырлар тезінен сұрыпталып, көркемдік дәстүр құрап халықтың рухани қазынасының алтын қорына айналып отыр.

### НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ұлттық әдебиеттану ғылымында поэма жанрындағы көркемдік дәстүр мәселесі аса күрделі де өзекті мәселелер қатарынан орын алады. Дәстүр тұтастығы әдебиеттану ғылымында өткен ғасырдан бастап кеңінен қарастырыла бастады. М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Қаратаев, З. Қабдолов, Р.Бердібай, Е. Ысмайылов, С. Қасқабасов, Р. Нұрғали, Ә. Нарымбетов, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде халық поэзиясы мен халық ақындары шығармашылығындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселелеріне байланысты жан-жақты ғылыми талдау жасап, тұжырымды пікірлер айтылған.

Әдебиеттану ғылымында эпика жанрының бұл түріне: «Поэма – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма. Сюжетті оқиға желісін ширақ өрістетіп, кейіпкердің іс-әрекетін бейнелеуге негізделеді. Поэманың алғашқы нұсқалары деп ауыз әдебиетіндегі уақиғалы жырларды айтуға болады. Олардың баяндау тәсілі, кейіпкерлер бейнесін суреттеу өзгешелігі де ауыз әдебиеті дәстүрлерімен тығыз байланысты» [1, 286 б.], – деген анықтама берілді.

Өз бастауы халық шығармашылығынан нәр алып, кемелденіп, өсіп-өркендеген эпикалық поэма түрі өзіне дейінгі әдеби дәстүрдің ең жақсы, ең озық қасиеттерін бойына сіңірді. Сөйтіп, халық ақындары қазақ халқының ежелден келе жатқан ауыз әдебиетінің эпикалық дәстүрінен, төл әдебиет пен әлем әдебиетінің озық үлгілерінен нәр алып, қалыптасқаны тарихи шындық.

Солардың бірі – лирикалық өлеңдер ғана емес, көлемді көркем шығармалар да жазған эпик ақын Қ. Алтынбаев.

Ежелгі аңыз-шежілерді, эпикалық жырларды мол игерген, жастайынан ауыз әдебиетінен сусындап өскен Қ. Алтынбаев 13-тен аса поэмаларды дүниеге әкелді. Ең алғаш «Тепек батыр», «Қойбағар батыр» атты дастандарын жазады. «Екі айқас», «Мүгедек үкімі» поэмалары азамат соғысы тақырыбына, «Революция семсері», «Дала перзенті» революционер Уғар Жәнібековтің бейнесін жасауға арналса, «Ақырғы айқас», «Мамай батыр» дастандары қазақ батырларының ерлігін мадақтап, дәріптесе, «Соғыс, солдат, балдақ» поэмасының сюжеті Ұлы Отан соғысының оқиғаларынан алынған. Партизандар отрядында болып, жараланып екі жанарынан айырылған қазақ солдатын орыс жұбайы жетектеп келеді. Поэманың кейіпкері – Қалиханның өз ағасы. Қос жанары сөнген батыр солдат туған жер көркін, келбетін бір сәт болса да көруді армандайды:

Армысың, Қапанбұлақ, Балықты көл,  
Бармысың бауырындағы халық түгел?  
Ей, қызыл күн, қарызға бір минутке  
Иненің жасауындай жарықты бер [2], –

деп қиыла сұрайды. Отаны үшін, елі үшін басын өлімге байлаған, қос жанарын болашақ ұрпақтың бақыты үшін соғысқа берген солдат ерлігіне сүйінесің әрі қайсарлық пен қаһармандықты мұрат тұтқан тұтас бір қазақ жауынгерінің ортақ типтік тұлғасын танимыз.

«Тіл күдіреті», «Жекпе-жек», «Байғара қырғыны», «Аттестатты шопан», «Барақ шыққан бауырында», «Екі айқас» сынды – өмірінің соңғы кезеңінде жазған дастандарында тарихымыздың әлі де беймәлім тұстарынан хабар берер ел ауызында сақталған батырлардың ерлік істеріне құрылып, халық дастандары үлгісінде жазылған. Сондай-ақ, эпикалық жанрдың мол мүмкіндігін танытатын ақын туындылары жазба поэзиямыздың көкжиегін кеңітер әдеби-эстетикалық құндылығы биік кесек шығармалар ретінде ерекшеленеді.

Талай тарихи оқиғаға куә болып, кейде мейірі түсіп, ықыластана қарап, кейде мұңая күрсінген Жер-ана өзі ғана білер тарихтың айқара жамылған беймәлім көрпесінің сырын ашқан, көне құжаттардың шаң басқан беттерін дұрыс парақтаған, ауыз әдебиетінің жемісін жете меңгерген ақын ғана өткен өмірді, оның тарихын қайта жаңғыртады.

«Қойбағар батыр» дастанында Найман, Сыбан руларының шығу тарихы, Қойбағар батырдың ерлігі, батырлығы баяндалады. Поэма:

Қойбағар ел аузында жүрген аңыз,  
Бір талай осы аңызда жатыр маңыз.  
Болғанда елі Сыбан, руы Қапан  
Туысы Тауасардан сұрасаңыз.  
Найманға бұл жақтан болған мәлім.  
Көп батыр Қойкеңнен алған тәлім.  
Бір жылы Байжігітке аттанбақ боп  
Жиылды он екі адам күзге салым [3, 1], –

деп басталып, келесі шумақтарында Тарбағатай өңірінің сұлу табиғаты, оның әсем көрінісі, өрісінің малға жайлылығы былайша суреттеледі:

Байжігіт жалпақ жатқан қытай елі,  
Бер жағы Тарбағатай асу белі  
Байлығын ауыз бенен айтып болмас  
Көшкенде көде сайын қалар төлі [3,1].

Одан әрі ақын Қойбағар батырдың ерлікпен қаза тапқанын, батырдың бейіті осы күні сақталған, Михайловка ауылының жанында жерленгенін:

Қойкең дүние салған қырық бес жаста,  
Тағдыры сонен болған әуел баста  
Үстінде хан жайлаудың алып келіп,  
Қойылған таза арулап сандық таста  
Қасында Михайловке ескі мола  
Моланың құпия сыр іші толы  
Аруағы жебеп-желеп есіркер деп  
Үш күндей ой қажадым ерге бола [3, 1], –

деп толғайды. Төл әдебиет дәстүрінде жазылған поэмада ақын ұлттық нақышты танытар этнографиялық көріністерді былайша суреттейді:

Басқасы ас артынан жатты тарап,  
Отырды Манас жалғыз жаурын қарап,  
Апырмай, қанжолды боп жүрмелік  
«Деп айтты түйісті ғой тоғыз торап [3, 2].

«Жауырынға қарап, болашақты болжау», бұл мифтік ойлау кезеңінде болған. Ерте заманның адамдары табиғаттың қозғалыс жүйесіндегі ішкі сырды, ондағы құбылыс заңдылықтарын, әр мезгілде болып тұратын алуан түрлі өзгерістерді танып, негізгі себептерді толық түсініп кете алмады, өйткені ол адамдардың «мифтік ойлау» кезеңі еді. Сол себепті ол дәуірдің адамдары «табиғат пен адам бір» деген ұғым негізінде өздерін жаратылыс дүниесімен тең орынға қойып, мөлшерледі.

Сондай-ақ, ұлттық этнографиялық салттың бірі – бата беру салты «Қойбағар дастанында» екі жерде көрініс тапқан: Қалмайық жолымыздан түске нанып, деді де түрегелді оттай жанып, «А, құдай! Жолымызды аша гөр» деп Барлығы мінді атына қайраттанып [3, 3].

Биғозы бата берді қолын жайып,  
Балалар жүре көрме жолдан тайып,  
Я Қапан, Я Түкі, Я Байыс  
Қолдасын жеті Кәміл ерен ғайып [3, 3].

Бата беру – адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Бата беретіндер, көбінесе, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер даналар, дуалы ауыз билер болып келеді. Бата қысылғанда-қуат, қиналғанда-медет беріп, әрбір іс-әрекетке даңғыл жол ашып, бәлежаладан қорғайды деп есептелген. Қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани қазынасының бірі – бата сөздер. «Жаңбырмен жер көгерер, батамен ер көгерер», «Көп тілеуі – көл» деп ұққан қазақтар келер ұрпаққа бата беріп, ақ тілек, адал ниет білдіруді дәстүр тұтқан. Бұл жерде жорыққа шығып бара жатқан Қойбағар бастаған азаматтарға жол болсын айтып, бата беру дәстүрі суреттелген.

Дастан тілінің көркемдігі суреткердің әр сөзді орнын тауып, көркем түрде жұмсай білуінен танылады. Ақын сөзді қиыстырып, тиісті жерінде ұтымды қолданып қана қоймай, ойдың түсініктілігін, айқындылығын, дәлдігін беру үшін сөз мағынасын айшықтап, құбылтып қолданады.

Байлығын ауызбенен айтып болмас,  
Көшкенде көде сайын қалар төлі [3, 1], –

деген шумақтағы «жалпақ жатқан» тіркесі қытай елінің бай, қуатты, көп ел екенін ажарлап беріп тұр. Ал елінің байлығын, малының көптігін «көшкенде көде сайын төлі қалар деп бейнелейді.

Асуға ары қонып жетіп барды  
Жаудырап қарашада қайтпақ қорды.  
Көсіліп Тарбағатай тауы жатыр  
Көлденең елестетіп шөккен нарды [3, 2], –

деген бұл жолдардан Тарбағатай тауының алыптығын көлденең жатқан шөккен нарды елестете отырып, көз алдымызға әкеледі. Мұнда ажарлаудың бір түрі – теңеу сәтті қолданылып отыр. «Теңеу – суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей-ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттеу» [4, 222], – деп академик З. Қабдолов айтқандай, дастанда шәлім шәлкес жол болғандай, самсаған қол болғандай, келеді аққудайын топ-топ болып, қаз ілетін қаршығадай, жалындай жас жігіттер, тайтайдай ту биелер, сақадай боп тұр сайланып сынды теңеулер мол ұшырасады.

Ақын дастанда осындай әсірелеу жолымен Тепек батырдың күштілігін, мықтылығын, алып күш иесі екендігін былайша суреттейді:

Мынаның баласы не айтып тұрған  
Деп Тепекең артына мойын бұрған  
Жабысқан аш беліне Өгізбайды  
Ұстай ап бір қолымен лақтырған  
Бейшара қарақұс боп қалқып ұшты  
Құшағын жайып барып жерді құшты.  
Кемтар боп жығылғанда шаты шығып,  
Өмірлік өзегіне қайғы түсті [3, 18].

Қозғасам оқиғасын Тепек ердің  
Қозады аруағы Қалба белдің  
Бір жылы Тобықтының Аязбайы

Өліпті соққысынан біздің елдің [3, 18], – деп басталып, желісін бұзбай, бір оқиғадан екіншісі өрбіп, Тепек батырдың ерлік істері толық баяндалады. Осы негізде оның образы сомдалады. Сюжеттегі тартыстың басталуы Тобықты елінің Найман жұртына шабуылынан көрінеді. Қазақ халқының ұлттық нақышына тән «жершілдік», «намысшылдық» қасиеттерді ақын:

Ай туып білезіктей шалқасынан  
Көрінді жұлдыздардың алқасынан  
Жершілдік қазақтағы төмен емес,  
Орыстың компасы мен картасынан [3, 19], –

деп орыс ұлтының «компасы, картасымен» синтаксистік параллелизм жасап, бір деңгейге қоя суреттейді.

«Тепек батыр» дастанында да этнографиялық детальдар мол. Мұны дастандағы Тобықты елінің Күйісбайы мен Найманның Тепегі араларындағы бітіспес жаулықты ұмытып, құда болуға бел байласқан эпизодтан анық көруге болады. Жалпы бұл дәстүр сонау қазақ-қалмақ шапқыншылығы кезеңінде екі елді бітістіру ниетінен туып, қалыптасқан. Профессор С. Қалиевтің «Құда түсу – қазақ халқы қоғамдық қарым-қатынастарды әдетғұрыштар бойынша реттеп, өздерінің достығын қыз алысып, қыз берісіп, құда болу арқылы нығайтты» [5, 140], – деген сөзі бұған дәлел. Дастанда «күн даулау», «бітімге келу» сияқты этнографиялық детальдар да кездеседі.

«Жақсыдан жаман туар, бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар, атасын айтса нанғысыз» дегендей Тепек батыр ұрпағы Ахметжан парақор, жемқор болып абақтыға отырады. Бұл жай поэма сюжетінде жарлай арнауы түрінде былайша көрініс тапқан:

Көптің мүлкін қызғыштай боп қорыдым,  
Реті келсе қасқырдай боп торыдым.  
Байқұс басым ерте білсем бүйтерін  
Тауықтай ғып отқа қақтап үйтерін  
Ең қызығы тастай қатып жемес қой.  
Қайда барсаң өлтіретін өнеш қой  
Жіберетін көзімді тым ақитып,  
Темір тәртіп қысты бүгін соқитып [3, 20].  
Артыңнан бірін қайырын! [6, 14], –

деп әкесінің бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлгендігін айтып, әкесінің игі істері артта қалған бала, немерелеріне үлкен өнеге екендігін жырға қосады. Сол қасиеттер ұрпақтарының бойына дарып, о дүниеде әкесінің жаны жәннатта болуын тілейді.

«Жоқтау» дастанында мұңлы-шерлі, зарлы ой тебіреністерінің қайғылы тақырыптық желісінде өмірден өткен әкесінің рухани-адамгершілік тұлғасы дәріптеле суреттелген.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

«Әр ғасырда өмір сүріп, әр түрлі тағдыр кешкен басқа да сандаған батырлардың қайқайсысын алсаңыз да олардың тұлғасын алдымен халық ішінен шыққан өнер иелері көркем сомдауға, әдебиет тілінде жырға қосуға ұмтылған» [7, 159]. Осы орайда айтарымыз, Қ. Алтынбаев «Қойбағар батыр», «Тепек батыр», «Ақырғы айқас», «Мамай батыр» дастандарында елін, жерін қорғаған Қойбағар, Тепек, Боранбай, Мамай батырлардың ерлігін баяндайды.

Қорыта айтқанда, ұлт фольклорынан, төл әдебиет үлгілерінен, Абай дәстүрінен нәр алған Қ. Алтынбаев дастандары ұлттық поэтика өнерінің дәстүрлі арнасын жалғастыра отырып, XX ғасыр әдебиетіндегі халық ақындары шығармашылығында өз көрінісін берген жазба үлгідегі эпикалық дастандардың қатарын толықтырар көркем туындылар ретінде әдеби қордың айтулы мұраларына айналды.



**ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:**

- 1 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құрастырған: З. Ахметов, Т. Шаңбай. – СемейНовосибриск, 2006. – 398 б.
- 2 Туғанбаев Қ. Жүрісіңнен жаңылма, жүйрігім: Ақын Қ. Алтынбаев 60 жаста // Семей таңы. – 1987. – 25 декабрь.
- 3 ҚРҰҒА. Әдебиет және өнер институты. «Қойбағар», «Тепек батыр» дастандары. 1961 жыл. 280 бума. 1-дәптер.
- 4 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар.Сөз өнері: Монография. – Алматы: Жазушы, 1983. – 2 т. – 456 б.
- 5 Қалиев С., Оразаев М., Смайлова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. –Алматы: Рауан 1994. – 152 б.
- 6 ҚРҰҒА. Әдебиет және өнер институты. «Жоқтау» 1961 жыл. 280 бума. 2-дәптер.
- 7 Әбдешұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы: Қазығұрт, 2004, — 208 б.

# КОНТЕКСТІК ТАЛДАУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ; МӘТІН МЕН ДИСКУРСҒА ТАЛДАУ

## МӘТІНІШЛІК СӨЙЛЕМДЕР: ҚҰРЫЛЫМЫ, ӨЗАРА МАҒЫНАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРЫ, МӘТІН МАЗМҰНЫН ҚҰРАУҒА ҚАТЫСЫ.

(Абай Құнанбайұлының «Ғақлияларындағы» 2-сөзі бойынша)

**Ж. СӘДУАҚАСҰЛЫ,**  
филология ғылымдарының докторы,  
Қорқыт ата атындағы ҚУ  
профессоры, Қызылорда қаласы

**Түйін.** Мақалада ғұлама Абайдың «Ғақлияларының» ішінен 2-сөзі тілдік талдауға алынады. Мәтін шумақтардан тұрса, сол шумақтарды құрайтын әрбір сөйлем келесі сөйлемдермен, әр сөйлем ішіндегі мүшелер келесі мүшелермен тығыз мағыналық байланыста болып, бірін-бірі толықтырады да, жалпы шумақтың тұтас мазмұнын құрауға қатысады. Шумақтарды құрайтын әр сөйлем белгілі дәрежеде логика-грамматикалық қатынастарда құрылып, тұтас шумақ мазмұнының әдеби сюжет ретінде қалыптасуына себеп болып тұрса, екінші жағынан, осы мәтін мазмұнының өзі логикалық жағынан тема мен ремалық қатынасқа құрылады. Өзара мағыналық байланыстағы шумақтардан тұратын бөліктер логикалық жағынан берік мағыналық бірлікте бола отырып, шығарманың біртұтас, толық мазмұнды мәтін болуын айқындайды. Мақалада тұтас мәтін бөліктерін құрайтын сөйлемдердің құрылымы, өзара мағыналық байланыстары, олардың шумақты, мәнмәтінді, тұтас шығарма мәтінін құраудағы қызметтері тілдік және семантикалық құрылым ыңғайында айқындалады.

**Кілттік сөздер:** мәтін, мәнмәтін, шумақ, сөйлем-шумақ, предикативтілік, тема-ремалық қатынас, мағыналық құрылым, сөйлем, өзектендіру (актуализация), детерминант мүше, құрмалас сөйлем компоненттері.

Абай «Ғақлияларының» мәтіндік құрылымы әлі де болса жан-жақты зерттелмей келе жатқаны белгілі. Мақала олқылықтың орнын толтыруға сәл де болса септігін тигізер деген ниетте ұсынылып отыр.

Ақынның санмен ғана аталып, тақырып қойылмаған прозалық шығармасындағы 2-сөз – «Қазақтар ақын көзқарасында» деген жалпы тақырыпқа сай келерліктей тұтас бір шығарма (мәтін). Егер осы тұтастықты мағыналық тұрғыдан саралар болсақ, оның өзі екі бөлімнен тұратынын байқаймыз. Әр бөлім (мәнмәтін) – өздеріне тән белгілі бір тақырыпқа лайық мазмұны бар, бас-аяғы тұйықталған тұтас құрылым. Алғашқысына «Қазақтар өзге халықтар туралы» деген тақырып лайық деп есептедік. Себебі бұл бөлімнің мазмұны автордың бала кезіндегі үлкендерден естіген, бар өмірін, тұрмыс-тіршілігін, тіпті болашағын да малмен байланыстырған қазақтың сол тұста өздерімен аралас-құралас болып, түрлі кәсіппен айналысып жүрген басқа ұлт өкілдері (өзбек-сарт-тәжік, ноғай-татар, орыс) жөніндегі қазақшылыққа тән психологиядан (олардың іс-әрекетін жат санағандықтан, қызғаныштан, көре алмаушылықтан, т.б.) туған ойларын білдіретін, балалық санамен болашақ ақынның үлкендер сөзіне өзі имандай сенген сөздерден құрылған. Осы мәнмәтіннің өзі үш шумақтан тұрады.

1-шумақ: *Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: «енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп.* Бұл – үш компоненттен тұратын бір ғана аралас құрмалас сөйлем – тұлғалық-мағыналық жағынан тұтас бір шумақ боп есептеледі. Бұлай деуімізге ғалым Ж.Жақыповтың мына бір сөзі дәлел бола алады: «Мәтіннің, шумақтың, сөйлемнің изоморфтығы (құрамдарының тепе-тең болуы) сөйлеу үдерісінде кездесіп отырады. Мәселен, газеттерде, бір сөйлемнен ғана тұратын хабарлама мәтіндер берілетіні тәжірибеден белгілі. Бір ғана шумақтан тұратын мәтіндер де аз емес, бұған мысал ретінде қысқа хабарлар, этюдтер, ғақлия жанрындағы мәтіндерді келтіруге болады» [1, 293]. Сондай-ақ, ғалымның ескертуінше,

шумақтың өзі де бір тақырыпқа лайық мағыналық тұтастыққа ие болады, яғни, осы шумақтың мазмұны тек қана сарт, оның іс-әрекеті туралы болғандықтан да бір шумақ дәрежесін көтеріп тұр.

Сонымен, 1-шумақ қызметіндегі аралас құрмалас сөйлемнің құрылымы: алғашқы компоненті – бастауыш пен баяндауыштың предикативтік қатынасына құрылған (*мен естуші едім*) тиянақты жай сөйлем; келесі компонент – бастауыштың шартты рай тұлғалы баяндауышпен қатынасына құрылған (*қазақ көрсе*) тиянақсыз сөйлем (1-2: салалас); соңғы компонент – бағыныңқы сөйлемдегі ортақ бастауыш (*қазақ*) пен баяндауыштың (... *күлуші еді*) қатынасына құрылған тиянақты сөйлем (2-3: сабақтас). Соңғы басыңқы сөйлемнің өзіндік ерекшелігі – баяндауыштың алдынан келіп, оны түрлі жағынан сипаттап көрсетуге тиіс күрделенген пысықтауыштың баяндауыштан кейін, сөйлем соңынан берілуі. Мұндай қолданыс – әдеби тілден гөрі ауызекі сөйлеу тіліне тән құбылыс. Біз айтып жүргендей, «әдеби тіл нормасына сай әр сөйлем мүшесінің өзіне лайықты орны барлығын» ескерсек, онда сөйлем былайша құрылып еді: **(1) Мен бала күнімде естуші едім, (2) біздің қазақ сартты көрсе, (3) «енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан. «сарт-сұрт деген осы» деп**(не үшін?, не себепті?) *күлуші еді*. Кейбір қолданыста сөйлем мүшелерінің баяндауыштан кейін келуінің болатыны профессор Р.Әмір еңбегінде айқын көрсетілген және оның басты себебін сол мүшенің әлсіз өзектендірілуіне (актуализацияға) байланысты деп есептейді [2, 114]. Бірақ бұл жерде, біздің ойымызша, пысықтауыш орнының ауысқанына қарамастан рема құрамында қалады да, тек аздап интонациясын әлсіреткені болмаса, баяндауыштың (*күлу*) мағынасын түсіндіру, айқындау қызметіне кері әсер етпейді, өйткені автордың оқырманға берер хабарының мазмұны осы пысықтауышта тұр. Сондықтан да профессор Т.Ермекова мұндай сөйлемдерді атрибутивтік қатынастағы құрмаластар қатарына жатқызады. Ғалымның айтуынша, атрибутивтік қатынастар құрмаластың барлық түрлеріне тән [3, 228].

Енді, осы аралас құрмалас сөйлем компоненттерінің өзара байланысына немесе компоненттер құрамындағы сөйлем мүшелеріне қандай да бір өзгерістер енгізер болсақ (компоненттердің, сөйлем мүшелерінің орындарын өзгерту, қысқарту), осы әрекет шумақтың жалпы мазмұнына қалай әсер ететіндігін байқап көрейік.

Мәселен, сөйлемді **(1)**-компонентсіз қолдандық дейік, онда екінші мен үшінші компоненттер өзара мағыналық байланыста болғандықтан, сабақтас құрмалас құрылымында да, сөйлем беретін мазмұнда да пәлендей өзгеріс байқалмайтын тәрізді көрінеді: **(2) Біздің қазақ сартты көрсе, (3) «енеңді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан. «сарт-сұрт деген осы» деп күлуші еді.** Бірақ, бірінші компоненттің тек осы сөйлем-шумаққа ғана емес, тұтас мәтін мазмұнына түгелдей қатысты болатын қызметі бар. Себебі, біріншіден, екінші және үшінші сөйлемдер бірінші сөйлемдегі автордың бала кезінде не (кім) туралы естігенін айқындап, хабарлап тұр. Екіншіден, автордың естігені тек сарт туралы ғана емес, ноғай және орыс халықтары туралы да екен. Сондықтан алғашқы компонент мазмұны осы арқылы тұтас мәнмәтінді құрайтын сөйлемдермен де, солар беретін мазмұн-мағынамен де байланысты болып шығады. Біздіңше, осы алғашқы компонент бір сөйлемнің ғана емес, тұтас мәтіннің мағынасына қатысты болып, коммуникативтік қызметі тұрғысынан мәтіннің темасы қызметінде тұр десек, артық айтқандық болмайды.

Құрмаласты **2**-компонентсіз (*біздің қазақ сартты көрсе*) сөйлем етіп құрастыру, тіпті мүмкін емес. Өйткені хабар мазмұнының негізгі субъектісі (*сарт*) осы сөйлемде айқын көрінеді де, сөйлемнің темасы болатын компонентті құрайды, ал келесі үшінші компонентте ол туралы мәліметтер беріледі де, ол рема қызметін атқарады.

Сондай-ақ, осы алғашқы шумақ (құрмалас) компоненттерін құрайтын кез келген сөйлем мүшелерін қысқартып (түсіріп) не орындарын ауыстырып пайдалануға да еш мүмкіндік жоқ. Әдетте құрылымдық бағыт өкілдері сөйлемнің кіші құрылымдық негізіне бас мүшелердің (бастауыш пен баяндауыштың) предикативтік байланысын негізге алады.

Мұндайда тұрлаусыз мүшелердің мазмұнға қатысы толық айқындала бермейді. Алайда хабардың автор белгілеген мазмұнды білдіруінде тұрлаусыз мүшелердің де өзіндік қызметі бар және ол кей жағдайда бас мүшелерден де артық қызметке ие болады. Мәселен, бірінші компоненттегі бастауышты түсіріп айту мүмкіндігі болғанымен (оның мәні баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы белгілі), пысықтауышты (*бала күнімде*) түсіріп айту мүмкін емес, өйткені логикалық жағынан естілген нәрсенің уақыт жағынан айқын берілуі мәтіннің кейінгі мазмұны үшін аса маңызды. Сондай-ақ, екінші компоненттегі анықтауышты (*біздің*) түсіру мүмкіндігі болғанымен (өйткені ол детерминант мүше қызметінде), тура толықтауышты (*сартты*) түсіруге болмайды, өйткені көру әрекеті орындалу үшін көрінетін нысан қажет, яғни екі мүше арасында тығыз мағыналық байланыс бар. Үшінші компоненттегі тұтас сөйлемнен жасалған күрделенген пысықтауышты мүлдем түсіруге болмайтыны (бірақ орын ауыстыру мүмкіндігі бар екені) жөнінде жоғарыда ескертілген болатын. Сонымен, бір ғана бөлімнің (мәтіннің) бір ғана шумағын талдау арқылы біз сөйлемнің құрылымдық мүшелері мен олар беретін мағыналардың да өзара тығыз байланыста болып, автор көздеген хабар мазмұнын беретінін байқадық.

Сонымен, бірінші шумақтағы алғашқы сөйлем-шумақ сартқа байланысты болса, ноғай, орыс ұлттарына тән қасиеттерді сипаттайтын қалған сөйлемдер де жоғарыда талданған сөйлемнің грамматикалық және мағыналық құрылымына ұқсас бола отырып, олар да өзара және өзішілік компоненттермен тығыз байланыста болу арқылы толық шумақты құрайды. Сондықтан мақала көлемін ескере отырып, оларға арнайы талдау жүргізбесек те болады деп есептедік. Дегенмен, мына нәрсені еске ұстау қажет: егер бөлім (мәнмәтін) мазмұнын қатысымдық (коммуникативтік) құрылым тұрғысынан қарасақ, құрмаластың (шумақтың) алғашқы компоненті мәнмәтіннің темасы болады да, сөйлемнің қалған компоненттерімен қоса қалған шумақтарды құрап тұрған сөйлемдердің бәрі мәнмәтіннің ремасы қызметін атқарады.

Ал осы үш шумақтан тұратын мәнмәтіннің түйіні іспеттес болып берілген соңғы құрмалас сөйлем автордың (жас Абайдың) мәнмәтін мазмұнына сай тұжырымды пікірін, бағасын білдіреді. Бұл сөйлем де құрылымдық жағынан алдыңғыларға ұқсас, өз алдына бір шумақ деп қарастыруға тұрарлық. Қарап көрейік: **(1) Сонда мен ойлаушы едім: (2) ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, (3) ең тәуір халық біз екенбіз деп, (4) әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім.**

Дәл осы құрылымда бұл сөйлемді аралас құрмалас ретінде қарастырып шатасатындар болуы әбден мүмкін (әсіресе оқушылар арасында). Шындығында, сөйлем мазмұны, оның мағыналық құрылымы, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі деген мәселелер тұрғысынан қарағанда сөйлемнің салалас құрмалас екеніне көз жеткіземіз. Оның дәлелі: *Сонда мен «ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді екен, ең тәуір халық біз екенбіз» деп (қалай?) ойлаушы едім, әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім.* Сонда ойлау әрекетінің мазмұнын айқындайтын асты сызылған сөйлемдер жеке компоненттер емес, тұтастай бір пысықтауыш мүше қызметін атқарып, алдыңғы компоненттің құрамына енеді, сөйтіп сөйлем тұтастай алғанда үш компонентті салалас құрмалас сөйлем болады. Әрине, сөйлемнің мәтіндегідей құрылымына басты себеп, біздіңше, біріншіден, ақынның қажетті мүшеге оқырманның назарын аударатындай ету үшін оны рема бөлігіне шығаруы болса, екіншіден, бұған орыс әдебиетінің де ықпалы бар сияқты көрінеді. Ал ақынның орыс тілін өте жақсы меңгеріп, орыс ақындарының еңбектерін қазақшаға аударғаны да бәрімізге белгілі. Мұны автордың қателігі деп түсінуге әсте болмайды.

Сонымен бірге бұл сөйлем шумақ басындағы алғашқы компонентпен құрылымдық жағынан да, семантикалық жағынан да сәйкес келу арқылы (*Мен бала күнімде естуші едім // Сонда мен ойлаушы едім*) шумақтағы ойды, жалпы хабар мазмұнын бірі бастаушы, екіншісі аяқтаушы болып, ешбір сөзді шашпау шығармай тұтас дүниеге айналдырып тұр деп түйіндеуге болады. Әрине, бұл сөйлем-шумақтың алдыңғы шумақтармен мағыналық жағынан да, құрылымдық жағынан да тығыз байланысты болатындығы жоғарыда айтылған еді.

Осы сөздің «Өзгелер жайындағы шындық» деп атауға болатын екінші бөлімі (мәнмәтін) алғашқы бөлімде аталған халықтарға байланысты жаңа мағынаға – пайдалы іс-

әрекеттерін айғақтайтын, өзі есейе келе көзімен көрген айғақты мысалдарға құрылған үш шумақтан тұрады. Оның алғашқысы 6 сөйлемнен, келесісі 5 сөйлемнен, соңғысы бір ғана сөйлемнен құралған. Әр шумақтағы сөйлемдерді жоғарыдағыдай талдар болсақ, мұнда да сол сөйлемдердің өзара мағыналық-құрылымдық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, әр шумақтың және тұтас бөлімнің белгілі бір мазмұнға құрылуына қызмет етіп тұрғанын байқаймыз.

Жалпы автор бірнеше шумақтардан тұратын бір-біріне қарама-қарсы мазмұндағы екі бөлімді байланыстыру арқылы отандастарына ой саларлық толық мағыналы тұтас мәтін жасайды.

Сонымен тақырыбымыз ыңғайында мынадай қорытынды жасауға болады:

1. Мәтіннің бөліктері болып табылатын шумақтарды құрайтын әрбір сөйлем келесі сөйлемдермен, әр сөйлем ішіндегі мүшелер келесі мүшелермен тығыз мағыналық байланыста болып, бірін-бірі толықтыра отырып, жалпы шумақтың автор білдіруге тиіс тұтас мазмұнын құрауға қатысады.

2. Шумақтарды құрайтын әр сөйлем белгілі дәрежеде логика-грамматикалық (бастауыш-баяндауыштық және тема-ремалық) қатынастарда құрылып, тұтас шумақ мазмұнының әдеби сюжет ретінде (кіріспе, негізгі бөлім, қорытындысы бар) қалыптасуына себеп болып тұрса, екінші жағынан, осы мәтін мазмұнының өзі логикалық жағынан тема мен ремалық (ойдың негізі және сол туралы баян) қатынасқа құрылғаны аңғарылады.

3. Өзара мағыналық байланыстағы шумақтардан тұратын бөліктер (мәнмәтіндер) логикалық жағынан берік мағыналық бірлікте бола отырып, шығарманың біртұтас, толық мазмұнды мәтін болуын айқындаған.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Жақыпов Ж. Күрделі синтаксистік тұтастық (шумақ) // Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар (монография-оқулық). – Алматы: МТДИ, 2016. – 464 б.

2. Әмір Р.С., Әмірова Ж.Р. Құрмалас сөйлемдер қазақ тілінің грамматикалық, функционалдық жүйесінде. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 122 б.

3. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік парадигмалар. Монография-оқулық. – Алматы: МТДИ, 2016. – 464 б.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХИ МОРФОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗЕРТТЕУІ**

**Беласарова Ж.Т., Нұрғали С., Алибаева М.**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

Грамматикалық құрылымның қай саласын алсақ та, оның негізгі зерттеу нысанының төркіні – сөзге келіп тіреледі. Сөз – ең негізгі, әрі мағыналы тілдік бірлік. Сөздің бір-бірімен жалғаулар арқылы байланысып, белгілі бір ойды білдіруі арқылы сөйлем жасалады. Сөз болмаса, сөйлем құралмайды. Сөз болмаса, жалғаулар мен жұрнақтар да қалыптаса алмайды. Яғни тарихи тұрғыда қосымшалардың қалыптасу, даму жүйесі мағыналы лексикалық бірліктердің негізінде пайда болғаны түркітануда дәлелденген деп есептеуге болады.

Кейінгі кездерде жазылған ғылыми зерттеулерде бұған қосымша модаль сөздер оныншы сөз табы ретінде аталып жүргені белгілі. Мұндай ғылыми көзқарас профессор С. Исаевтың ғылыми зерттеулерінде келтірілген еді, кейін бұл ғылыми пікір Е. Жампейісов пен А.Б. Салқынбай еңбектерінде қолдауға ие болды.

Біздің пікірімізше, қазақ тіліндегі сөз таптарының бөлінісінің теориялық тұғыры мықты. Бірін-бірі қайталамайды. Айталық, послелог, частица, шылау сөздердің түп төркіні көмекші сөздерге барып тіреледі. Ал дыбыстық-бейнелік еліктеуіш сөздер мен еліктеуіш сөздер арасында да айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болар еді.

Ф. Ганиев тіл біліміндегі сөз табына жіктелу мен сөйлем мүшелеріне бөлінудің негізгі принциптеріне тоқтала келіп, сөз таптарына бөлгенде, олардың сөйлемдегі қызметіне назар аударудың қажетсіздігін ескерткен еді. Бұндай пікірлер қазақ тіл білімінде де болғаны белгілі. Осы тұрғыдан алып қарағанда қазақ тіл біліміндегі сөз таптарының бөлінісі түркітанудағы және жалпы тіл біліміндегі қабылданған ғылыми теорияларға жауап бере алады деп айтуға толық негіз бар.

Түркі тілдеріндегі есім сөздердің де, етістік сөздердің де құрылымдық жүйесі өзге тілдермен салыстырғанда айқын болады. Кез келген түбір сөз бен туынды сөзді салыстырғанда, оның құрамындағы түбір мен қосымша арасындағы айырма бірден көзге көрініп тұрады. Бұрыннан белгілі сөздердің морфологиялық құрамы негізінен екі тілдік бірліктен тұрады: түбір тұлғалар мен қосымшалар. Олардың тұлғалық жағы мен семантикасында жалпы алғанда аса мол айырмашылық байқалмайды.

Бір буынды түбірлердің салыстырмалы-тарихи сипаты анықталады. Мысалы: аз-аз, ай-ай, аяқ-аяқ, ак-ак, ант-ант, ас-ас, ат-ат, аттау-аттау, адым-адым, ав-ау, адж-аш, баз-баз, бағы-бағы, бал-бал, бас-бас, бас-бас, бел-бел, без-без, бер-бір, беш-бес, бил-біл, бин-мың, боз-боз, бит-бит, бой-бой, бош-бос, бол-мол, бұл-бұл, бұл-бұл, геч-кеш, гүл-гүл, гер-кер, ген-кен, гир-кір, гер-кер, гөч-көш, гөк-көк, гүн-күн, гөл-көл, гөз-көз, гүч-күш, дак-дақ, дағ-тау т.б. сияқты бірдей түбірлерді көптеп көрсетуге болар еді.

Бұдан байқалатыны, қазақ тілінің қазіргі сипаттамалы жағдайында қолданылатын тұлғалардың морфологиялық құрылымы мен тарихи тұлғалардың сипатында, лексикалық мағынасы, семантикалық жүйесі, тарихи түрдегі мағыналық құрылымында даму қалпы ортақ.

Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалымдар пікіріне назар аударсақ, осындай бір буынды түбірлердің жазба ескерткіштерде де осы қалпында, осындай мағынада кездесетінін байқауға болады.

М. Томанов мынадай тұжырым жасайды: «Сонымен, екі буынды түбірлердің қалыптасуы. Сөйтіп, түбірдің буын санының ұлғаюы өте ежелгі дәуірде, Орхон-Енисей жазбалары дәуіріне дейінек әбден орныққан құбылыс» – деп жазады. [3,116]

Ғалым түбір құрамына этимологиялық талдау жасаудың негізгі принципті жолы ретінде, олардың құрылымында болған мынадай үлкен тарихи өзгерістерді атайды:

1. Түбір құрамындағы тарихи фонетикалық өзгерістер;
2. Түбір құрамындағы морфологиялық өзгерістер.

Түбір құрамындағы морфологиялық өзгерістер тілдің ежелгі тарихи дамуында болғандықтан, синхрониялық бағыттағы зерттеуде анықтала қоймайды, мұндай негіздердің құрамы бір бүтін болып, аффикстер түбірге толықтай сіңіп кеткендігі байқалады. Мұны тек этимологиялық тарихи тұрғыдан терең тексерудің нәтижесінде ғана анықтауға болар еді.

Мәселен, *үлес*, *үлестір*, *үлестіруші* тұлғаларының ортақ түбірі болып тұрған *үлес* сөзінің құрамы үле түбірі арқылы жасалғанын келтіреді. Әрбір ғылыми тұжырымына нақты тілдік дерктер келтіре отырып дәлелдейтін ғалым, өлі түбірлердің құрамына сіңіп кеткен мына тұлғаларды анықтап, олардағы этимологиялық заңдылығын ажыратып көрсетеді.

- с қосымшасы;
- қа, ға, ке, ге қосымшасы;
- р, ыр, ір форманты;
- н қосымшасы;
- т қосымшасы;
- л қосымшасы;
- ы, і аффиксі;
- ра, ре тұлғасы;
- а, е қосымшасы.

Ғалым осы тұлғалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, сөздердің даму жолдарын зерделейді. «Сонымен, – деп жазады М. Томанов, – түбірлердің дамуын оның тарихи өзгерісінен бөліп қарауға болмайды. Түбір сөз құрамындағы фонетикалық өзгерістерді ескермей тұрып, оның даму ерекшеліктерін білу мүмкін емес» [3,134бет].

Ғалымның бұл тұжырымы қазақ тіл білімінде жазылған теориялық еңбектердегі негізгі тұжырымдамаларымен іштей үндесіп, астасып жатады.

Қазақ тіл біліміндегі морфология саласын терең зерделеген, алғаш жүйелеген ғалымның бірі А. Ысқақов десек қателеспейміз. Ғалым түбір морфема мен қосымша морфеманың мағыналарындағы ең негізгі айырмашылық деп мыналарды көрсетеді: «Түбір морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі нақтылық, әрі дербестік тән болса, екіншіден, сол мағына тікелей түбірдің өз бойында болады; қосымша морфеманың мағынасына, біріншіден, әрі тым жалпылық, әрі дербестігі жоқтық тән болса, екіншіден, сол жалпы мағына тек сөздің құрамында ғана тиянақты болып анықталады» [4,28]. Бұдан әрі морфемаларды да жүйелі құбылыс ретінде тани отырып, олардың жүйелілік құбылысын түбір мен қосымшалардың ара қатынастарынан да көруге болатынын айтады.

Қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы және оның тарихы жайында ғылыми жұмыс жазған Ә.Т. Қайдаров «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты ғылыми монографиясында көне түркі тілдеріндегі бір буынды сөздердің құрылымын анықтай келе, олардың қалыптасу және даму бағыты туралы мынадай ойлар айтады: «Консервация некогда самостоятельных односложных корней-основ в структуре производных образований – результат весьма длительного исторического процесса развития морфологической структуры тюркских языков. Причины превращения этих элементов в неразложимое целое с точки зрения сегодняшнего нашего представления при желании могут быть найдены и объяснены различными методами структурного анализа» [5,106].

Автордың пікірінше, сөздің құрылымына талдау жасау үшін, негізгі әдіс-тәсілдерді меңгеріп, оған жоғары мән берілуі тиіс. Сондай-ақ, бір буынды түбірлер тұлғалық және мағыналық жағынан қандай болып дамыса да, оның әуелгі мағыналық сипаты сақталады. Ә. Қайдаровтың өз сөзін келтірер болсақ, ғалым ойын былай қорытындылайды: «Таким образом, корневая морфема, будь она самостоятельной или мертвой, никогда не порывает семантическую связь с производными от нее основами, а последние в свою очередь сохраняют идущие от нее семантику. Именно поэтому при помощи самостоятельных корневых морфем мы можем при необходимости уточнять значения производных слов, и наоборот, с помощью последних – определять и реконструировать семантику мертвых корней» [5, 116].

Жоғарыдағы ойлар кейін қазақ ғалымдарының еңбегінде одан әрі жетілдірілді деуге болар еді. Айталық түбір сөздің мағынасының семантикалық сипатта кейін дамидынын, оның ешқашан жоғалып кетпей, жаңа туынды сөздің перифериялық өрісінде сақталып қалатынын профессор А.Б.Салқынбай еңбектерінен оқимыз. Тарихи сөзжасам мәселеріне қазақ тіл білімінде алғаш қалам тартқан ғалым сөз мағынасы туралы мынадай тұжырымды ойларын айтады: Сөздердің мағыналарының тарамдалып, тұлғалық өзгерістерге түсуіне байланысты алғашқы мағына жіктеледі, өзгеріске түседі. Генетика-семантикалық код арқылы олардың түпкі ортақ тегін айқындап, мағыналық және тұлғалық даму жүйесінің тізбегін көрсетуге болады». [6, 54].

Автор бұдан әрі генетика-семантикалық код туралы жаңа ғылыми теория ұсынады да, бірдей тұлғадағы сөз мағыналарының бір-бірімен тектес, сабақтас, жақын болатынын тілге тиек ете отырып, осы мағыналық жүйе негізінде сөз мағынасының дамуын анықтауға болатынын жазады.

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын зерттеген ғалымдардың бірі А.М. Щербак болды. Түркі тілдеріндегі есімдердің, етістіктің, үстеу мен бейнелеуіш сөздердің салыстырмалы жүйесін жазған ғалым былай деп жазады: «В любом тюркском слове наблюдается строгое бинарное распределение входящих в него структурных элементов: слева – корневая морфема..., справа – аффиксальные морфемы». [7, 21]. Сөйтіп автор түркі тілдеріндегі әуелгі түбір сөздің келетінін одан кейін зат есім мен етістік формаларының жалғануының өзіндік ішкі заңдылығы мен реті болатындығын көрсетіп береді. Шынында да, айталық зат есімнің түбірінен кейін, ең алдымен, көптік жалғау, содан кейін тәуелдік жалғау мен септік жалғаулар келетіні бұрыннан белгілі. Бұл заңдылық қазақ тіліне де, өзге түркі тілдеріне де тән құбылыс ретінде бағаланады. Осындай ерекшеліктер барлық жазба

ескерткіштерге де тән. Көне түркі жазбаларының тілінде де қосымша морфемалар түбірден кейін, өз ретімен жалғана береді.

Профессор М. Томанов еңбектерінде сөз таптарының тарихы:

- есім сөз таптарының дамуы;
  - етістік категорияларының дамуы
- деп екіге бөлініп беріледі.

«Сөздердің грамматикалық кластарға жіктелуі сөйлем ішіндегі мәні мен қызметіне байланысты болған құбылыс» деп таныған ғалым, атаудың мәнмағынасы мен қызметіне ерекше көңіл бөледі.

Атақты Маррдың шәкірті болған И.И. Мещаниновтың ғылыми пікірлеріне сүйене отырып, сөздің сөйлемдегі қызметінің ерекшелігіне қатысты бірнеше ғылыми мақалалар жариялайды. Ол мақалалар сол кезеңдегі түркітанудағы басты басылым болып есептелетін «Советская тюркология» журналында жарияланады. «Принципы построения исторической грамматики казахского языка» деп аталған бұл мақалада ғалым қазақ тілінің диахрониялық және синхрониялық жүйесінде қазіргі кездегі негізгі жеті заңдылықты анықтайды. Мұндағы басты принцип ретінде тілдің жүйелілігі, бір- бірімен байланысы басты назарда болады. «Понятие системности в исторической изучении языка предполагает взаимодействие различных сторон языковой структуры: фонетика связана с морфологией, а морфология с синтаксисом, лексика – с морфологией и синтаксисом» [580бет].

**Қорытынды.** Ғалым еңбегінің басты құндылығының бірі – қазақ тіліндегі есім және етістік негіздердің грамматикалық дамуын жүйелі түрде зерттеуі екені анық нәрсе. Морфемалар тіліміздің құрылыс материалдары сияқты. Ондағы түбірлер мен негіздер, туынды сөздер т.б. тіл бірліктері ішкі жүйені құрайды. Демек, морфологияны зерттеу – тілдік жүйенің негізін, құрылысын зерттеу деген сөз. Осы реттен қарағанда, М. Томановтың қазақ тілінің тарихи морфологиясын зерттеуінің ғылыми теориялық мәні ерекше.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. 1981
2. Баскаков Н.А. Морфологическая структура слова и части речи в тюркских языках. Баку, 1970. Советская тюркология.
3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, Мектеп баспасы, 1988.
4. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, Ғылым, 1993.
5. Қайдаров Ә.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы, Наука, 1986.
6. Салқынбай А.Б. Тарихисөзжасам. Семантикалық аспект. – Алматы, Қазақ университеті, 1999.
7. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. (Имя). Л., Наука, 1977.

## **ТУЫНДЫ СӨЗДЕРДІ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ОҚЫТУДАҒЫ ОҚИТУ ҰСТАНЫМДАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ – ОҚУ ҮРДІСІН ДҮРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛЫ**

**Г.С. Нурбекова**

Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық  
қатынастар және әлем тілдері университеті,  
Алматы қаласы

**Түйіндеме.** Оқыту нәтижелі болсын десек, сабақ мақсаты айқын болып, тілдік тақырыптың негізі өзіндік ерекшелігі, әр тақырыптың ішкі заңдылығы, лингвистикалық негізі ашылып, айқындалуы тиіс. Оқушылардың сапалық деңгейін, әрекет мотивтерін, қажеттіктерін, қызығушылықтарын, құндылық бағдарларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін әдістер қазіргі кезде іріктелді. Интерактивті оқыту – таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Оның мақсаты – оқу процесінің өнімділігін арттыратын, оқушының ақыл-ой мүмкіндіктерін, өз жетістіктерін сезінетіндей жайлы жағдай тудыру болғандықтан, туынды сөздер жөнінде білім беруде интерактивті әдістерді кеңінен пайдаланғанымыз жөн.



**Кілт сөздер:** Сөзжасам, туынды сөз, лингвистика, оқу үдерісі, суффикс, әдістер

**Резюме.** В связи с тем, что обучение должно быть продуктивным, цель урока должна быть ясной, раскрыта и определена специфика языковой темы, внутренняя закономерность каждой темы, лингвистическая основа. В настоящее время были отобраны методы, позволяющие формировать качественный уровень знаний учащихся, мотивы деятельности, потребности, интересы, ценностные ориентиры. Интерактивное обучение-специальная форма организации познавательной деятельности. Его цель-создание благоприятных условий для повышения производительности учебного процесса, осознания у учащихся умственных возможностей, собственных достижений, учитывая все это часто нужно применять интерактивные методы в учебном процессе, в том числе и в обучении производным словам.

**Ключевые слова:** словообразование, производное слово, лингва, учебный процесс, суффиксы, методы.

**Кіріспе.** Ғылымилық ұстанымы бойынша туынды сөздерге байланысты ұсынылатын материалдар ғылыми тұрғыдан негізделуі шарт. Студентке ғылыми тұрғыдан дәлелденген материалды ғана меңгерткен дұрыс. Кез келген тілдік тақырыптың тілдік негізін, теориялық негізін жетік білмейінше, оны практикада қолдана алмаймыз. Себебі, оқыту нәтижелі болсын десек, сабақ мақсаты айқын болып, тілдік тақырыптың негізі өзіндік ерекшелігі, әр тақырыптың ішкі заңдылығы, лингвистикалық негізі ашылып, айқындалуы тиіс.

Профессор С. Исаев атап көрсеткендей, тілдік бірлік ғылыми тұрғыдан талдануы қажет. Ал сөзжасамның амал-тәсілдері арқылы жасалған жаңа ұғым атауларының грамматикалық сипаттары арқылы белгілі бір сөз табына қатысты болуы, немесе белгілі бір сөз табына жатуы талданады. Ғалымның ойынша, түбірдің лексикалық мағынасы негізінде пайда болатын жалпы грамматикалық мағынасы (бұл – сол сөздің, түбірдің қандай грамматикалық топқа яғни сөз табына жататынын айқындайтын бірінші басты белгі) сөзжасам процесінен кейін (яғни семантикалық процеске түскеннен кейін) бүтіндей өзгеріп кетеді немесе бір грамматикалық топ шеңберінде болғанымен, екінші тілдік үдеріс арқылы бүтіндей жаңа дәрежедегі грамматикалық мағынаға ие болып шығады[1,42]. Мысалы, *ой-ла, мал-шы, бес-атар, өнер-тапқыш* сияқты жаңа туындыларды алайық. Бір қарағанда, кейбір ғылыми еңбектерде айтылып жүргендей, *ой* деген зат есімге *-ла* жұрнағы жалғану арқылы етістік жасалған, *мал* деген зат есімге *-шы* жұрнағы жалғану арқылы жаңа зат есім жасалған, *бес* деген сан есім мен *атар* деген етістік, *өнер* деген зат есім мен *тапқыш* деген сын есімі (оның өзі тап деген етістіктен *-қыш* жұрнағы арқылы жасалған) бірігуі арқылы жаңа зат есім жасалған деген пікір, теория орынды-ақ сияқты көрінгенімен, бұнда лексика-семантикалық және грамматикалық процестердің аражігі ашылып, айқындалмаған. Ал шындығында бұнда әр түрлі тілдік үдеріс бар. Әрі олардың шекарасын ажыратып, нақтылауға әбден болады. Мысалы, *ой* деген негізгі сөзге *-ла* қосымшасы жалғану арқылы ойлау іс-әрекетін білдіретін *ойла*, *мал* деген негізгі сөзге *-шы* қосымшасы жалғану арқылы малды бағатын адам мәніндегі *малшы*, *бес* және *атар* деген негізгі сөздердің бірігуінен жаңа мағыналы сөз, яғни *бесатар* деген мылтықтың бір түрінің атауы пайда болды. Жаңа сөздің мағыналары оны жасауға негіз болған сөздердің мағыналарына белгілі дәрежеде қатысты, соған байланысты болса да, олардан мүлде бөлек жаңа сөз, жаңа ұғым атауы жасалды. Осымен сөзжасам процесі аяқталады. Оның тілдік үдеріс болатыны осылай басталып, жаңа сөздің пайда болуымен аяқталады. Екіншіден, түбір мен қосымша немесе түбір мен түбірдің, (біріккен, қосарланған, тіркескен күрделі сөздерде) сөздің морфологиялық құрамы жағынан грамматикалық сипатын яғни қай сөз табына жататынын, сол арқылы ол сөздер қандай тұлғада тұрып, қандай грамматикалық мағына білдіретінін де қоса айтып көрсетуге болады. Бірақ бұл қасиет сөзжасам шеңберіне енбейді, яғни сөзжасам процесінің бастауын, міндеттілігін қамтамасыз ететін фактор емес. Ол – түбір мен қосымшаның, сөз бен сөздің арасындағы тіркесімділік сипат негізінде іске асатын семантика-грамматикалық сипат. Сондықтан туынды сөздерді интербелсенді технология арқылы оқытуда ғылымилық ұстанымы негізгі орынға ие. Студенттер сөздің бастапқы түбірін дұрыс таппаса ары қарай сөзжасамдық талдау жасау мүмкін емес. Студенттерге дайын ғылыми тұжырымдарды ғана ұсыну жеткіліксіз, олардың өздеріне пікір айтқызып үйрету керек. Туынды сөздердің семантикасына талдау жасату

арқылы олардың бастапқы түбірлерін таптыру, оның шығу тарихын айқындату оларды ғылыми тұжырым жасауға итермелейтіні сөзсіз.

### **Негізгі бөлім**

*Теория мен практиканың байланысы* ұстанымы студенттердің теория жүзінде алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруда негізге алынды. Бұл ұстаным студенттің тек практикалық дағдысын қалыптастыруға ғана емес, сонымен бірге оның өмірлік дағдыларын жетілдіруге, тәрбиесін дамытуға да көмектеседі. Ғалымдардың пікірінше, студент тапсырмаларды орындау арқылы теория мен практиканың байланысын анықтайды, талдау жасайды. Теориялық тұжырымдардың дұрыстығына көзін жеткізеді [2,54]. Мысалы, «Туынды сөздер» тақырыбына байланысты өткізілген семинар сабағында студенттердің педагогикалық практика кезінде осы тақырыпқа сәйкес бейнетаспаға түсірілген үзінділерді көрсете отырып, сөзжасамдық тақырыпты түсіндірудегі кеткен кемшіліктер талқыланды. Бірнеше студент мұғалім ролінде тақырып төңірегінде жаңа материалды түсіндірді. Мұндай сабақтар болашақ маманның біліктілігін жетілдіруге көмектеседі. Сондай-ақ, ғалымдардың ғылыми еңбектерін өз бетімен оқып, талдап, даулы тұжырымдар төңірегінде бірнеше ғалымдардың пайымдары негізінде өткізілген пікірталас сабақтары теориялық материалды практикада қолдана білуге үйретті. Семантикалық картаны толтыру, ғылыми еңбектерден туынды сөздерге қатысты мысалдарды кестеге түсіру, кластер құру, пікірталастыру және т.б. жұмыстар оларды теориялық білімдерін қажет кезінде ұтымды қолдануға итермеледі. Білімалушылар теория жүзінде алған білімдерін практикада қолдануда оның ғылымилығына мән береді, сондықтан теория жүзінде дәлелденген материалды ғана ұсынған жөн. Әлі де зерттеуді қажет ететін тұжырымдарды практикалық тұрғыдан талдау олардың теориялық білімдерін тереңдете түсуге ықпал етері сөзсіз.

*Жүйелілік ұстанымы* материалды терең әрі жеңіл игеруге септігін тигізеді. Туынды сөздерді оқытуға байланысты тақырыпты жүйелеу, әр тақырыпты меңгертуге қажетті технологияны анықтау, тиімді әдіс-тәсілдерді сұрыптау, қызықты тапсырмаларды айқындау және т.б. жұмыстар осы ұстанымға негізделді. Студенттерге, ең алдымен, сөзжасамдық талдауға берілген сөздің жасалу заңдылығы, сөзжасамдық уәждеме, оның мағынасын меңгертіп, әр сөздің жеке мағынасына, семантикасына түсінік берілді. Әр сөз табы бойынша сөз тудыратын жұрнақтардың мәнін айқындап алу қажет. Ғалым Н.Оралбай: «Зат есім – сөзжасамы өте күрделі сөз табы. Оның түрлі себептері бар. Зат есімде сөзжасам тәсілдерінің бәрі қызмет етеді және бәрі де белсенді қызмет атқарады. Ал ол туынды зат есімдердің құрамының алуан түрлі болуына әсер етеді. Туынды зат есімдердің құрамының түрлілігі олардың түрлі топ құрауына әкеледі. Туынды зат есімдердің әр түрінің өзіндік ерекшелігі бар. Сөздің дәлдігі ойдың айқындылығын көрсетеді», – дейді [3, 61]. Студенттің туынды сөзді жасалуын, мағыналық жағын меңгергені туынды сөздерді ұтымды қолдануынан байқалады. Білім алушының сөзді дұрыс қолдануы сөздің мағынасын, семантикасын қаншалықты игергендігімен байланысты.

17 ғасырда Я.А.Каменский негізін қалаған *көрнекілік ұстанымы* студентке материалды терең меңгертуге маңызға ие. Адамның сезім мүшелеріне әсер етіп, материалды жан-жақты игертуге ықпал ететін көрнекіліктің мәні айрықша. Зерттеушілер адамның көру мүшелері есту мүшелеріне қарағанда ақпаратты 13 есе көп қабылдайтынын айтады[4,18]. Туынды сөздерді оқытуда көрнекі құралдарды қолданудың пайдасы зор. Көрнекілік екі түрлі қызмет атқарады, біріншіден, ол білім алушының қызығушылығын тудырады, екіншіден, оған алған білім, білік, дағдысын практикада іске асыруға мүмкіндік туғызады. «Өнімді, өнімсіз, құнарлы, құнарсыз сөзжасамдық қосымшалар» тақырыбын оқытуда сызбалар көптеп қолданылды. Мысалы, біріншіден, зат есімдер беріліп, оған жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, екіншіден, бір жұрнақты пайдалану арқылы туынды сөз құрастыру тапсырылды:



*Саналылық пен белсенділік ұстанымы* бойынша студенттердің танымдық белсенділігі жоғары болып, сабақ үрдісінде субъектілік рөлі басым болса, сабақ нәтижелі болады. Ол үшін студенттер орындайтын жұмыстарын өздері жоспарлап, алға қойылған мәселелерді шешудің жолдарын өз беттерімен ұсынуға дағдылануы қажет. Студенттің танымдық белсенділігін дамытып, сабаққа деген ынтасын арттыру үшін оқытушы көп ізденуі тиіс. Ол үшін төмендегідей мәселелерді назарда ұстаған жөн:

- студенттің қызығушылығын тудыратын тапсырмаларды іріктеп қолдану;
- студенттерді түрлі проблемалық жағдаяттарды, ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге қатыстыру;
- пікірталастың түрлерін, жағдаяттық тапсырмаларды, түрлі ойындарды жиі қолдану;
- топтық, ұжымдық жұмыс түрлерін жиі ұйымдастыру.

Мысалы, «*Өнімді, өнімсіз, құнарлы, құнарсыз сөзжасамдық қосымшалар*»

тақырыбы бойынша студенттер, өнімді, не өнімсіз қосымшаларды мысалдар жинау арқылы дәлелдеді. Топтық жұмыс түрінде өтілген практикалық сабақта олар өз ойларын дәлелдеуге төселді.

*Сабақ үрдісінде жағымды мотивация мен атмосфера тудыру* ұстанымы әдіскер ғалымдар Ш.А. Амонашвили, М.Н. Скаткин, Г.И.Щукинаның қолданбалы зерттеулері негізінде дидактикалық ұстанымдар қатарына енгені мәлім. Бұл ұстаным бойынша студенттер мен оқытушы арасында тығыз байланыс болып, ол ортақ қызығушылықты тудыруы қажет. Яғни екі тараптан да жағымды мотивация мен атмосфера қалыптасқан уақытта білім де нәтижелі болары сөзсіз. Бүкіл орындалатын жұмыстар студент пен оқытушының арасында жағымды коммуникацияны іске асыратындықтан білімді игеру де оңай болады. Білім алушылар мен оқытушының бір-біріне сенім артуы, өзара түсіністікпен байланыс жасауы, достық қарым-қатынастың орнауы материалды жеңіл меңгеруге көмектеседі. «Семантикалық сөзжасам», «Профессор Н.Оралбай және сөзжасам» және т.б. тақырыптағы жоба жұмыстары аталған ұстанымды басшылыққа алудың ұтымдылығын көрсетті [5,65].

### **Қорытынды**

*Сабақтастық ұстанымын* негізге алу туынды сөздерді интербелсенді технологиялар арқылы меңгертуде ұтымды болды. Туынды сөздердің жасалуы тілдің барлық салаларымен тығыз байланысты. Білім алушыларға туынды сөздерді меңгертпес бұрын олардың фонетика, лексика, морфология бойынша білімдерін естеріне түсіріп алған абзал. Тілдік бірліктер семантикалық, грамматикалық, функционалдық тұрғыдан сабақтаса қарастырылады. Мысалы, төмендегі тапсырма студенттерге морфология және лексика салаларынан алған білімдерін пайдалану арқылы іске асырылады:

Тапсырма. Берілген туынды сөздерді жасалу жолына қарай кестеге жазыңыздар. Түбір мен қосымшаны ажыратып көрсетіңіздер.

*Қазылық, қауғашы, беткей, тотық, ауыздық, билік, ашамай, жүзімдік, сұлтандық, құсбегі, қазынашы, көнек, енші, бүршік, қолтық, жырау, көзілдірік, арбакеш.*

Табиғат құбылыстарымен байланысты туынды сөздер	Анатомиялық атаулармен байланысты туынды сөздер	Нақтылы заттық ұғымдармен байланысты туынды сөздер	Көне сөздерден болған туынды сөздер

Студенттер осы тәрізді тапсырмаларды орындау кезінде алдыңғы алған білімдерін еске түсіреді. Берілген сөздерге сөзжасамдық талдау жасауға дағдыланады.

**Әдебиеттер:**

1. С.Исаев Ғалым.Ғылым.Ғұмыр. – Алматы: Киев, 2008. – 580.
2. Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика. Оқулық. – Алматы:ОНОН, 2017. – 340.
3. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқулық. –125, Алматы, 2002.
4. Я.А.Каменский Дидактические материалы. Москва, 1989 г. 18 б.
5. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Оқулық. –125, Алматы, 2002.

## ҚАЗАҚ БИ-ШЕШЕН СӨЗДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ

**Б.С. Сарбасов**

ф.ғ.к., профессор м.а.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы

**И.С. Сарбасова**

ШҚО, Самар ауданы, Көкжота орта мектебі

**Кіріспе.** Қилы замандарды бастан кешкен халқымыздың өзіндік басқару жүйесі болғаны белгілі. Сол жүйеде ел қамын ойлаған ерлері, сөзін сөйлеп, халықтың қамын ойлаған би-шешендері болған. Ол би-шешендердің тұлғалық дамуына зер салмас бұрын аталған екі атаудың этимологиясына назар аударсақ.

Бүгінде «би» сөзінің шығуы жайлы біржақты пікір жоқ. Бір зерттеулерде «би» сөзінің төркінін түркі тіліндегі «биіктік», «жоғарылық» деген мағыналармен сабақтастырып, атауды ежелгі түркілердің «бек» сөзінен бастау алып, негізінен «басқару», «билеу», «билік ету» ұғымдарымен байланысты деп көрсетеді. Қаз дауысты Қазбек би, Әйтеке би, Төле би өз уақытының әділ сот орындаушылары іспетті болған. Олар қазақ елінің ең даулы мәселелерін шешуде жоғары біліктілік көрсеткен, әділет жақтаушылары. Әділдіктерімен дауды мәселелерді дау-дамайсыз шешіп отырған.

Қазақ билері – Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке билер өздері өмір сүрген кезеңнің сот тергеушісі, әрі халықтық қорғаушысы болған. Бір сөзбен айтқанда, қазақ билері ең даулы мәселелердің шешімін табуда әділ, әрі құрметті болды. Олар өздерінің әділдігімен танымал болды. Осы уақытта қазақ билері үш жүздің бірлігін сақтауға, мәдениет пен өркениет арасындағы байланысты нығайтуға баса назар аударды.

Ең алдымен «шешен» сөзімен үнемі бірге, «би-шешендер» деп қатар айтылғанымен, түрлі себептермен назардан тыс қалып келе жатқан «би» сөзіне берілген түсініктемелерге назар аударсақ:

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: 1. Би – дау-жанжалға бітім айтып, төрелік жасаушы, ел ішіндегі әділ қазы. 2. Үстемдігі басым әкім, қожа» [1, 12].

«Энциклопедиялық сөздікте» (2013ж.): «Би – салт-сананы өте жетік білетін, сөзге

шешен, үкім шығаратын адам» [2, 22].

Осы көрсетілген екі сөздіктегі «би» сөзіне берілген түсініктемелерден түйгеніміз, 2013 жылы жарық көрген сөздікте атауға әлдеқайда толығырақ сипаттама жасалған.

Ғалым Г.Қосымова «Шешендік өнердің негіздері» атты еңбегінде: «Би деген атаққа ие болатын адам, топ алдында көсіле сөйлеп, соңынан елді ілестіре алатын, батыл адам. Өзі заңгер, білімді, халқына сөзі өтетін зейінді философ болу керек», - дейді [3,74].

Қазақтың билері мен шешендері өз заманында ел ішіндегі дау-жанжалдарды, саяси маңызы бар өзекті мәселелерді дау-дамайсыз шеше білді. Осы тұста қазақ тарихы мен мәдениетіндегі «Жеті жарғы» заңдар жүйесін ерекше атау орынды. Бұл тұрасында нақтырақ «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген Б.Қайратұлының «Қазақтың байырғы ғұрыптық заңы – Жеті жарғы» деген мақаласында: «Заңда қазақ халқының өмір сүрудегі барлық өзекті мәселелері талқыланып жазылған. Оның ықпалымен Тәуке ханның билігі Қазақ хандығының гүлдену кезеңі болды деп айтуға болады», - деп жазылған, бірақ «Жеті жарғының» толық нұсқасы сақталмағаны айтылады.

Алғаш рет орыс ғалымы Г. Спанский Жаппас руының старшыны Көбек Шүкірәлиевтен 1804 жылы жазып алған 11 бап-нұсқасы 1820 жылы «Сибирский вестник» журналында жарияланды. Осында жарияланған нұсқаларға назар аударсақ, жарғыда жер дауы, отбасы, неке, құн төлеу, ұрлық-қарлық, тонаушылық, куәлік ету, ант ішу сияқты қазақтың ұлттық әдеп-ғұрпы көрініс тапқан», - делінген [4].

Ал шешен деген кім? Ең алдымен «шешен» сөзі қазақ тілінің этимологиялық сөздігінде былайша түсіндіріледі: Шешен/сасан сөзі Қырғызстан, Қарақалпақ, Өзбекстан, Башқұртстанда бір мағынада қолданылады. Шешен сөзі өзбек тілінен аударғанда «неге болса да шебер» деген ой береді. Моңғол, бурят-моңғол, қалмақ тілдерінде кәкен, сесен(н) мерген деген мағынада қолданылады [5].

Қазақ тілінде «шешен» сөзі өте ертеден қолданылып келе жатса керек. Бұл сөздің мағынасы көпшілік алдында шешіліп сөйлейтін, данышпан, ақылгөй, дана ұғымдарымен өзектес қолданылады. Шешен сөзі халықаралық терминдік атау ретінде «оратор» деген қолданыста [6, 86].

**Негізгі бөлім.** Қазақ ауыз әдебиетінде «шешен» деген атау Жиренше шешеннен басталады десе, оған дейін шешен сөзінің орнына «би» сөзі қолданылып келгендігін байқалады. Осы екі атау қатар қолданылып, тіпті бір-бірін алмастырып отырған тұстары болған көрінеді.

Шешен адам – өнер мен ғылым негіздерін ұштастырған шығармашыл адам. Шешен адам – ойлы, зерделі, бір тақырыпты қозғағанда өз сөзін тыңдаушыға жеткізе алатын адам.

Шешен адам – көпшілік алдында жасқанбай сөйлейтін адам. Би-шешендер белгілі бір тақырыпта сөз қозғай отырып, шешендік, көркемдік көзқарасын мазмұнды түрде нақтылайды, оны даналықпен, біліктілікпен ауызша жеткізеді. Би-шешендер бір ерекшелігі – айтатын ойын жазып, алдын-ала дайындалмайды, айтқан сөздері қағазда емес, бұқараның жадында сақталады, ауызекі сөз түрінде сан ұрпаққа жасалып, халық мұрасына айналды.

Би-шешен болу үшін елдің тарихын, халықтың дәстүрлі дүниетанымын, салт-сананы, дәстүр заңдылықтарын, құндылықтарды, дәлелдеу әдістерін, философиясын, дау-дамайды шеше білуі керек.

Шешен – бойындағы бүкіл ілім-білімнің байлығын әдемі іс-қимылмен, шебер, көркем сөзбен ұштастырып, үнемі, үзіліссіз ойда жүретін ізгілікті жан. Қазақ шешендерінің бойында осы қасиеттер түгел сақталғандығы, ғасырдан-ғасырға жетіп отырғандығы дәлел болады.

Шешен – білімді, сол білімділігімен өз-өзін саналы ететін, өзінің соңынан тыңдармандарын ілестіре алатын адамдар жиналған ортада өзін жоғары ұстайтын тұлға.

Сонымен жоғарыдағы берілген би мен шешен сөздеріне берілген түсініктемелер мен анықтамалардан би-шешендердің қандай тұлға екендіктері танылады.

Б. Адамбаев «Қазақтың шешендік өнері» еңбегінде шешендерді өз кезіндегі өмір сүру уақыттарына қарай төмендегіше топтастырады:

1. Ел құрасқан шешендер (XI-XVI ғғ.): Қорқыт, Майқы би, Аяз би

2. Ел қорғасқан шешендер(XVII-XVIII ғғ.): Төле би, Қаз Дауысты Қазыбек, Әйтеке би.
3. Хан-сұлтандарға қарсы шешендер (XVII-XVIII ғғ.): Байдалы би, Ер Жәнібек,
4. Бек-болыстарға қарсы шешендер (XVIII-XIX ғғ.): Балаби, Досбол би т.б.

С. Сейфуллин «Қазақ әдебиеті» газетінде би-шешендердің қоғамдық қызметін, ауыз әдебиетіндегі шешендік сөздердің орнын айқындап берген», - деп жазады [7, 19].

Ғалым Б. Адамбаев: М. Әуезовтың жетекшілігімен 1960 жылдары «Шешендік сөздер» атты зерттеу жарияланады. Ол өз естелігінде: «...Қазақ шешендік өнерінің алғашқы анықтамасы жасалып, дискурстың түрлері, құрылымы, мағынасы жан-жақты талданды. Біз қазақ тіліндегі шешендік сөздерді үш түрге бөлдік», - деп жазады [6, 84].

Әмина Мәмбетова қазақтың шешендік өнерін жаңа қырынан зерттеген ғалым болды. Ол «Қазақтың би-шешендерінің шешендік сөздерінің мағынасын біріне бірі өте жақын, сондықтан халық үшін құнды» [7, 72], - деген пікір айтады. Шешендікте бірнеше ғылым мен өнер салаларының өрнектері бар. Шешендік өнер, бейнелеу өнері, ақындық өнер басқа өнерлер сияқты адамға о бастан табиғи дарын, қабілет арқылы беріледі. Әрі бұлар үнемі ізденісті қажет ететін өнер түрлері болып табылады. Шешен тұлғасын толыққанды қалыптастыру үшін шешендік дарынды бойға сіңіріп талантты бағындыру қажет.

Шешендік өнер ғылымының негізін антикалық теоретиктер қалады. Көне Грекияда риториканы «өнердің патшасы» деп есептеген. Шешендік өнерді ғылыми тілде «риторика» дейді. Риторика ғылымының негізін салушы грек, софист Протогор деп есептелген. Аталмыш терминге берілген түсініктемеде: «Риторика дегеніміздің өзі – сендіре алу, тыңдаушының санасына, сезіміне әсер ету, ықпал жасау. Риторика дамуының антикалық кезеңінде шешен шеберлігіне қойылатын талаптар мен сөйлеудің әділдік, мақсатқа жету, тыңдарманын баурау сынды классикалық үштік мақсаты болды», - деген.

Шешен тұлғасының этикалық және адами қасиеттері, сөйлеушінің тыңдарманмен тіл табысуында, сөйлеу этикетін ұстануда, қоғам пікірін құру және бақылауды зерттеуде ұстанатын бағыт-бағдарлары көрініс тапты.

Бүгінгі таңда қазақ халқының ұлттық шешендік өнерінің тарихы –Күлтегін, Шығыс қаған, Тоныкөк жазбаларынан бастау алады, бірақ олардың жанрлық табиғаты шешендік сөздердің бір түрі деген пікірлер бар.

Шешендік өнер кісінің құдіретімен даритынын көрсетеді. Билердің әрқайсынының өз пікірін дәлелдеп, қарсыласының пікірін теріске шығаруы дәлелді ғана емес, суретті, бейнелі. Пікірдің қуаттылығы, дәлдігі сөздің суреттілігімен, ойдың образдылығымен барынша күшейіп отырады. Тұспалдап сөйлеу, астарлап сөйлеу, пернелеп айту көп жағдайда би -шешенді қарсыласы алдында биіктетіп, көбінесе жеңіске бастаған. Билік сөз айту процесінде шешеннің шығармашылық даралығы барынша толық ашылады. Өйткені, мұндай күрделі шығармашылық процесте шешеннің көркемдік ойлауы мен логикалық ойлауы өзара қанаттасып, біртұтас шығармашылық күшке айналады. Өмірдің түрлі ахуалдары аясында болатын мұндай даулы құбылыстарға билік айту барысында би-шешендер қазақ сөз өнерінің мазмұнын өлшеусіз байытты, пішінін жетілдірді. Сондықтан да «билік сөз» қазақ би-шешендерінің шығармашылығының құндылығы зор асыл байлығы болып табылады.

Сөйлеу мәдениетінің жоғары формасы – шешендік өнер деп көрсеткен ғалымдар М. Балақаев пен М. Серғалиевтер болды [8, 76]. Ал Шешендік өнер туындыларын арнайы зерттеген С. Сейфуллин «Билер сөздері» деп атады [9, 56].

Көпшілік сөзінің қалыптасуы қоғам дамуының белгілі бір кезеңінде шешендердің, олардың сөздерінің пайда болуымен танылады. Қазақстан ораториясы тарихта, тарихи аңыздарда есімдері сақталған Майқы би мен Аяз биден басталады деген оймен байланысты айтылады. Сондай пікірлердің бірі – Дархан Қыдырәлінің «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Дала данагөйлері: Майқыдан Мөңкеге дейін» атты мақаласында: «Данышпан билердің әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері нығайып, шыңдалып, жүзеге асырылып, демократиялық деңгейдің негізін қалады. Бұл Майк бастапқыда жасаған тізілімнің түбірі. Аңыз-әңгімелерде әр түрлі нұсқада айтылатын Майқы бидің тарихта шын адам болғаны, түрік-моңғол халықтарының кең тараған тұлғасы болғаны зерттеулерде көрсетілген. Ол – қазақ

халқын Шыңғыс ханмен байланыстыратын тамыры терең, жапырақты адам» [10], - дейді автор. Қадірғали тарихшысы Қосымұлы Жалайыри да Майқы би туралы деректер қалдырғандардың бірі. Мәдени ортада адамның күйреуіне жол бермейтін, Алланың жердегі өкілдері, қоғамның рухани жауһарлары – қазақтың шешендері мен билері.

**Қорытынды.** Қазақ би-шешендерінің жақсы қыры – жақсы мен жаманды салыстыра отырып, оң және теріс мәдени сипаттарды біріктіру принципіне негізделген құндылықтар жүйесі. «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат», «Ісің теріс кетсе жақсы адам көмекке келеді, жаман адам қасыңнан мазақ етіп өтеді», «Жаман жақынын сыйламас», «Пейілі жаман пәлеге жолығады, бітпейтұғын жалаға жолығады», «Жаман адамға мал бітсе, жақынын танымас», «Жақсы – арына құл, жаман малына құл», «Жақсыға қылған жақсылық, өмірінде тозбайды. Жаманға қылған жақсылық, бір күнгідей болмайды», - дейтін сөздерден адам бойындағы мінездің жақсы мен жаманын саралай аламыз. Шешендік өнер туындысының тақырыбы мен идеясынан, сюжеті мен композициясынан да, тілі мен ырғақ жүйесінен де шешеннің ақыл-ойының, сезіну ерекшелігінің, түйсіну сырының сипатын түгел танып-білуге болады. Шешендік өнерге тән жалпы сипаттағы стильден де шешеннің шығармашылық даралағы, стильдік ерекшелігі көзге түсіп тұрады.

Би-шешендердің өнегелі сөздері ата-бабаларымыздың ой азаттығы мен сөз азаттығы – бүгінгі күн үшін қаланған рухани-мәдени негіз болары сөзсіз. Біз олардың мәдени астарына неғұрлым терең үнілген сайын, соншалық олар мәдени сананың субстанциялық негізі бола береді. Сондықтан шешендік сөз дәстүрі ұлттық фольклортану мен мәдениеттану тарихының маңызды тұстарының бірі, құрамдас бөліктерінің бірегейі. Сонымен қатар, шешендік сөз өнері - ұлттық әдебиеттің, мәдениеттің қыр-сырын терең түсіну үшін үлкен негіз және әдіснамалық құрал. Шешендік сөз өнерінің шеңберінде қазақтың сөз зергерлері, би-шешендері, ақын-жыраулар мектебі қалыптасып, ұлттық рухани құндылықтарымыздың тағылымдық мәні мен маңызы зор болды.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс. 2008. – 130 б.
2. Энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Дәуір, 2013.–232 б.
3. Қосымова Г. Шешендік өнердің негіздері. – Алматы: Баянжүрек, 2007. – 102
4. Қайратұлы Б. Қазақтың байырғы ғұрыптық заңы – «Жеті жарғы» // Егемен Қазақстан газеті, 2020. 26 тамыз.
5. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. – Алматы, 1966. – 222 б.
6. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. – Алматы: Ғылым, 1984. –136 б
7. Мәмбетова А. Ораторские речи казахских биев и их место в истории литературы. – Алматы,1945. – 120 с.
8. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013.– 240 б.
9. Сейфуллин С. Билер сөздері // Сейфуллин С. Шығармалары. Алты томдық. – Т.4.– Алматы: Жазушы,1964.– 191 б.
10. Қыдырәлі Д. Дала данагөйлері: Майқыдан Мөңкеге дейін // Егемен Қазақстан газеті. – 2017, 20 қыркүйек.

## ЖАС ҒАЛЫМ

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ...

(Ғалым С. Ержанова зерттеулеріне шолу)

**А. Ералиева**

Гүлістан мемлекеттік университеті

Филология факультеті

Қазақ филологиясы бағыты 2-курс студенті  
(Өзбекстан Республикасы. Гүлістан қаласы)

Ғылыми жетекші: Б.Т. Уразов

**Аңдатпа.** Әдебиетті жан жақты зерттеу біз үшін маңызды. Оның ішінде романды. «Роман – күрделі сюжетті, көбінде қара сөзбен, кейде өлеңмен жазылған кең көлемді эпикалық түр» деп баяндайды. Әрбір жанрдың өз ерекшелігі болғаны сияқты романның ішіне кіретін жеке әлемі бар. Кітапта берілген мысал ретінде айтатын болсам: музыкада "ән", "күй", "симфония" тағыда басқа жанрлар болса, бейнелеу өнерінде "натюрморт", "пейзаж", "портрет" сияқты жанрлар, ал әдебиетте "айтыс", "жыр", "әңгіме", "роман", "эпопея" тағыда басқа сол сияқты жанрларды жатқызуға болады.

**Түйін сөздер:** роман, повесть, эпопея, дәстүр, жанр

Қазіргі заман идеологиясына назар салып қарайтын болсақ шығармалардың сан түрлісін көреміз. Көркем шығармалардың шамдай тез сөніп қалуын ешкімде қаламайтын шығар. Әрине, әрбір автор өз шығармасын, жазған өлеңін, еңбектерін, өзі көрген, сенген дүниелерін зерделеп теріп, көркемдеп, әсерлеп, оқырманы үшін барын, нәрін жазып беруге тырысады, және оны сынға алады. Осының арқасында «Қазіргі әдеби үрдіс» (5-бет) кітабында «Көркем шығармалар арқылы өмір шындығын өнер тілімен бейнелеудің мол мүмкіндігіне орай келешек ұрпаққа әдебиетті жаңаша бажайлау қажеттігі туды» дейді зерттеуші. Заман алға қарай қадам басқан сайын, адамзаттың көз қарасы дамып келеді. Біз өсіп, өркендеп келе жатқан жас ұрпағымызға ескі емес жаңа әдебиетті үйретеміз. Олардың жан дүниесін әдеби жақтан шымыр етіп, жаңа гүлденген ағаштың бүршігі жемісін сала бастағаны сияқты әдебиетке сүйіспеншілігін асыру керек.

Барлық әдебиетшілер әлем әдебиетін XI-XIII ғасырларда өркендеп, әр түрлі жанрлар пайда бола бастады. Романда әлем өмір құбылыстары суреттеліп, адамдар арасындағы қарым-қатынас көздің нұрынан шыққан сәуле секілді молынан қамтылған күйінде, композициялық жақтан қарасақ бір шама күрделі құрылымдардан тұрады. Кітапта жазылуы бойынша XVI-XVIII ғасырларда батыста ақсүйектердің бастан кешкендерін суреттейтін жаңаша сипат беретін романдар қалыптаса бастаған. Осы орайда испан жазушысы Сервантестің "Дон Кихот" романын алсақ. 1605 жылы шыққан шығарма Испания халқының, тек олар ғана емес әлем әдебиет сүйер қауымының назарын өзіне алды. Сервантес «Дон Кихотты» жазу жоспары абақтыда отырғанда туындаған деседі. Демек, жанрдың биік, жоғары белестерде көрінуі адамның сыртқы, ішкі бейнесі емес саналы түрде жазылуы көзделген мақсат екені белгілі.

Қазақ әдебиеттанушысы Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» романды ұлы әңгіме деп атап, оған «тұрмыс сарынын түптеп, терең қарап әңгімелеп, түгел түрде суреттеп көрсететін шығармаларды» жатқызады. Ия, шығармаларды солай көреміз. Түпкі мақсатымыз шыңын жоғары әуезде, толғау. Бірақтан шығарма тек қана үлкен уақиғалардан тұрады деп қарастыру қисынсыз. Кітапта осыған да жеке тоқталып өтілген. Ол: «Ұлы әңгіме өңшең үлкен уақиғалардан болмай, ұсақ істерден де өнеге көрсетуге тырысады», - дейді ақын.



Әрине, Ұлы әңгіме жазуға, ұлы шеберлік керек. Шеберлік бәрінің де жанында туа бермейді. Шеберлік өзінің аталмыш тұлғасын жарату үшін көркем адамның бойында дариды.

Академик З. Қабдолов романның жанрлық болмысына мынадай сипаттама береді: «...әдеби шығармаға арқау болған адам мен қоғам тіршілігін мейлінше кең қамтып, алуан-алуан даму кезеңдері мен тұтас жүйелеп талассыз қисыл-қозғалыс қалпында жан-жақты жинақтайды. Адаммен қоғам өмірінің қандай ақиқаты болмасын, мұндай бүкіл тамыр-тереңімен қопарыла көрсетіледі де, оқырманның көз алдында өзгеше бір әлем, бүтін бір тіршілік дүниесі пайда болады. Бұл сипаттың бәрі айқын дәлел. Бір шығарма не роман эпос, өлең оқығанда денені түршіктендіретін қатарлары болады. Ол – жазушының шеберлігі».

Қазіргі таңда қазақ романдары жаңаша сарында шығуда Ал 1960-80 жылдары тарихи романдар кезеңі болған. Сол уақытта жарыққа шыққан кітапты оқыған азамат, азаматшалар пайымына барса керек. Осы орайда қазақ прозасының дамуын үлес қосқан қаламгерлер қатары кеңейе бастаған.

Біздің ұлтымыздың прозасының жедел түрде дамып кетуі, таң қаларлық жайт. Бір ғана «Абай Жолы» роман-эпопеясы қазақ әдебиетін әлемге танытты. Осы орайда бір тұжырымды алдыға сүргім келеді. Абайды Мұхтар Әуезов танытты ма әлде Мұхтар Әуезовты Абай танытты ма? Абай болмағанда Мұхтар атамның өлеңдерін, сөздерін біз оқитын едік па? Бірақ Мұхтар Әуезов Абайдың кім екенін танытты.

Роман табиғатына байланысты қалыптасқан роман жазу дәстүрлерін білеміз. Сол дәстүрлер қазіргі таңда жаңаша атаулармен аталып кеткен. Романның түрлерін қазіргі таңда әдебиет зерттеушілері тарапынан үйреніліп жатыр. Қазіргі уақытта халық сана-сезімі әдеби бағыт мәдениетіндегі өзгерістермен бірге өзгеріп келеді. Қоғам жай байыппен оқылатын психологиялық, философиялық кітаптарды оқудан гөрі, шыншылдыққа, шынайы өмірдің шындығына негізделген кітапты оқуды артық көреді. Өйткені заман талабы осы.

Бірақтан әрбір тұлға қай кітапты оқысада өзі үшін сабақты алады деген тұжырымды алдыға қойғым келеді. Мен тарихи роман оқығанды ұнатамын. Тарихи әңгімеге байланысты кітап оқысам мені өзіне баурап алады. Сол жердегі жағдай, сонау уақыттағы күй. Әрбір жазылған шығар әлеуметтік-теңсіздік, адам санасының ой-өрісін, надандық пен паракорлық, ұлт-жан, тән, елге-жерге деген сана түсініктерді оятып қазақтардың хал-ақуалын, жацын-күйін, басынан өткен тарихи оқиғаларды баяндап беру арқылы сана-сезіміне сіңіреді.

Повесть. Қазақ прозасы даму үстінде. Біз өсіп өркендеп келудеміз. Өмір ағысы алға қарай қадам басып келе береді. Жаңа шығармалар шыға береді. Қазақ повесті де дәл солай. Тек алға қарай ұмтыла бермек.

«Көркем прозаның көлемді үлгілерінің бірі – повесть бұл кезеңде сен жағынан да молайып қана қоймай көркемдік-эстетикалық деңгейінің жоғарылауымен, қамтитын тақырып аясы кеңейуімен, авторлық еркіндік талпынысымен, көркем шығармаға қойылар талаптың жоғарылауымен де өзіндік даму, өсіп-өркендеу жолын жалғастырып келеді».

Қазіргі қазақ повесті әлеуметтік жағдайларға байланысты, тақырыптық, стилдік, көркемдік жағынан өткірленіп, қарапайым халық арасында болып жатқан ауқымды мәселерді негіздеп, хадқа барынша көрсету арқылы ерекшеленіп отыр. Осы кітаптарда аталған кейіпкерлерде өзгеше бейнеленіп, іс-әрекетін характерімен салғыдасытырып көркемдеп жатыр. С.Әсілбекұлы: «Заман уақыт ырғағының өзгеруі белгілі бір дәрежеде өнердің эстетикалық мұраттарының өзгеруіне әкеледі, жаңа мазмұн, тың пішіндерді туғызады», - деп баға береді.

Қазіргі қазақ әдебиетінде қызығып зейін салып оқитын кітаптар өте көп. Олар өздернің әдеби тұрғысынан да бай болып жазылып жатыр. Осы қазіргі замандағы таңдаулы қазақ повестернің автор ақын, жазушылар өздерінің рухани ұстазы етіп Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Бердібек Соқпақбаевтарыды санаған. Және де олар дүниежүзілік көркем әдебиет шеберлері салып беріп кеткен жолмен жүрген.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 С. Б. Ержанова. Қазіргі әдеби үрдіс. Алматы, 2014
- 2 С. Б. Ержанова. Сырлы дүние. Алматы, 2007

## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КОГНИТИВИСТІК ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕЛУІ

**Арын Е.Ж.,**

Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ докторанты

Қазақстан, Алматы

Ғылыми жетекшісі: С.Б.Ержанова

### **Кіріспе**

Соңғы онжылдықтарда когнитивтік зерттеулер қазіргі әдебиеттануда кең өріс алды. Оларға деген қызығушылық, біріншіден, ғылымдардың интеграциясы мен пәнаралық көзқарастың дамуына байланысты; екіншіден, адам ойлауының қағидалары мен ерекшеліктеріне ғалымдардың назарының артуы. Профессор С.Б.Ержанова поэзиялық туындыларды когнитивтік тұрғыдан зерттеуде Р.Цур, М.Тернер, Г.Фоконье, П.К.Голланд, Р.Де Богран, А.Ричардсон, Г.Лакоф, Д.Фишелов, Э.Спольский, П.Верт сынды т.б. шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйенеді.

Мәселен, Р.Цур еңбектерінде көркем мәтіннің оқырманға әсер ету ерекшеліктері мен ақпаратты өңдеу жолдары қарастырылады. Зерттеушінің пайымдауынша, көркем шығарманы талдау адам санасы туралы ойлардың тереңдей түсуіне ықпал етеді. Р.Цур ақпаратты өңдеу тәсілдері поэтикалық тілдің өзіндік ерекшелігін анықтап, оқырман қабылдауына әсер ететінін алға тартады. Көркем шығармашылық жеке тұлғаның өзін қоршаған әлемге қатынасын көрсетеді [1]. Ал М.Тернердің еңбектерінде күнделікті және поэтикалық ойлаудың ортақ принциптері идеясы негізделеді. Ғалымның пікірінше, негізгі танымдық тетіктерге тарих, проекция және парабола жатады. Олар дүниені қабылдау ерекшеліктерін және оның өнер туындыларында бейнеленуін анықтайды [2]. М.Тернер – концептуалды интеграция теориясының негізін салушы, оны зерттеуші Г.Фоконьемен бірге дамытқан. Оның мәні түсіну процесінде әртүрлі психикалық кеңістіктердің араласуында жатыр. Олар әр уақытта олардың уақытша сипатын анықтайтын нақты жағдай үшін жасалады. Психикалық кеңістіктер өзіндік күрделі құрылымы бар интегралды құруға қызмет ететін бастапқы және мақсатты тану нәтижесінде қалыптасады [3]. Бұл теория әдеби шығармалардың мазмұны мен формальды ұйымдастырылуын түсінуді едәуір тереңдете түсті. Бұл зерттеудің өзектілігі ақынның ойлау ұстанымдары тұрғысынан поэтикалық шығармаларды зерттеудің нақты әдістемесін жасау қажеттілігімен айқындалады. Зерттеушілердің еңбектерінде негізінен көркем шығармашылыққа деген танымдық көзқарастың белгілі бір қырлары қарастырылады. Талдау объектісіне көбінесе шығарманың тілдік ерекшеліктері, жазушының концепциялық аясы, ой-өріс кеңістіктері жатады. Сонымен бірге, когнитивті талдау ақындар әлемінің жеке авторлық картинасының құрылысының өзіндік ерекшелігін ашуға, көркем шығармашылықтың жасалу, қабылдау процесі қалай жүзеге асатынын түсінуге мүмкіндік береді. Ол тұлға психологиясының принциптерін терең түсінуге және шығармалардың мазмұны мен тілі деңгейінде бейнеленуіне ықпал етеді. Бұл зерттеудің өзектілігі осы мәселеге арналған еңбектерді жалпылау негізінде ақындық шығармашылықты талдау әдістемесінің айқындалуымен байланысты.

### **Негізгі бөлім**

Ғалым С.Б.Ержанова «Когнитивизм – адамның ой-санасы мен таным-түйсігі, дүниені көре отырып, қабылдау ерекшелігіне қарай негізделген менталды және интеллектуалды процестерді зерттейтін ғылым. Когнитивті ұғымдарды жіктеу барысында когнитивті талдау процесіне жүгінеміз. Бүгінгі таңда әдебиеттану ғылымында поэзияны, прозаны, тіпті болмағанда драманы талдау осы бағытта жүзеге асып жүр. Когнитивті аспектілерді қарастыра отырып, когнитивті талдау лингвистикада біршама қарастырылғанымен, талдау тәжірибесі көркем мәтін негізінде жүзеге асады. Ал көркем мәтін – әдебиеттің бір бөлшегі» деп атап көрсетеді.

Сөз мағынасы мен концепт тең дәрежеде когнитивтік сипаттағы құбылыстар болып табылады, өйткені когницияның негізгі қызметі тілдік құралдарды бейнелеу, ұғымдарды вербализациялау, яғни «адамның басындағы әлемді бейнелеу (репрезентация) процесі ретінде түсініледі» [4: 157]. Бұл когнитивтік лингвистиканың объективті шындық, оның заңдылықтары мен теориялары туралы мағыналарды бейнелеу жолдарын зерттейтін ғылым екенін білдіреді. Сонымен бірге когнитивтік лингвистика дүниенің тілдік бейнесін модельдеуге бағытталған.

Зерттеуші В.З.Демьянковтың анықтамасы бойынша, когнитивтік лингвистика тілді ақпаратты кодтау және түрлендіру рөлін атқаратын когнитивтік механизм ретінде зерттейді [4: 53-55]. Е.С. Кубрякова когнитивтік лингвистиканың негізгі міндеттерінің қатарында білімді бейнелеу жүйелері мен ақпаратты өңдеу процестерін сипаттауды/зерттеуді, сонымен бірге адамның когнитивтік қабілеттерін біртұтас психикалық механизмге ұйымдастырудың жалпы принциптерін зерттеуді және олардың өзара байланысы мен өзара әрекетін орнатуды ерекше көрсетеді» [5: 8-9].

Шындық объектісін түсіну психикалық әрекеттің үш деңгейінің нәтижесіне байланысты: бірінші деңгей – сезімдік қабылдау (көру, есту, тактильді, иіс сезу); екінші деңгей – ұғымдардың қалыптасу деңгейі (қарапайым стереотиптер, ассоциациялар, тірек белгілер, жеке ситуациялар, қиялда пайда болатын образдар, абстракциялар); үшінші деңгей – әлемнің тілдік суретін вербализациялау (әлемнің жеке фрагменттері туралы білімді тиісті тілде білдірудің әртүрлі формалары мен тәсілдері).

Профессор Сәуле Баймырзақовы әріптестерімен бірлесе отырып жазған “Cognitive aspects of a poetic work” атты көлемді мақаласында осы мәселелер тереңінен қарастырылған [6]. Жалпы, қазақ поэзиясы өкілдерінің туындыларын когнитивтік тұрғыдан зерттеген отандық ғалымдар да жетерлік. Мысалы, А.Б.Әмірбекованың «Когнитивные аспекты изучения казахского поэтического текста» атты мақаласында М.Мақатаев шығармалары негізінде қазақ поэтикалық мәтіндеріндегі «өлім» лингвомәдениет концептісінің вербализациясы қарастырылған. Сананың ерекше формалары ретіндегі тіл мен мәдениеттің арақатынасына негізделген поэтикалық тілдік құбылыстарға когнитивтік көзқарас белгілі бір метафоралық үлгілерді анықтауға мүмкіндік беретіні дәлелденген [7: 62].

Сонымен қатар, профессор А.Б.Темірболаттың «Жамбыл Жабаев поэзиясының когнитивті аспектілері» еңбегінде қазақ әдебиетінің классигі Ж.Жабаевтың өлеңдері когнитивті тәсіл тұрғысынан талданады. Мақалада когнитивті тәсілдің мәні мен негізгі принциптері ашылады, ғалым когнитивті тәсілдің маңыздылығын, өнімділігін көрсетеді. Бұл әдісті пайдалану, біріншіден, автордың, кейіпкерлердің, оқырманның психологиясын тереңірек ашуға, олардың қоршаған орта жайлы түсініктерін көруге; екіншіден, ақынның ойлау механизмдерін және олардың шығарма поэтикасының түрлі деңгейіндегі көрінісін түсінуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, лирикалық кейіпкердің ішкі әлемін модельдеу тәсілдері, оның ойлауы мен дүниетанымының ерекшеліктері, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы сипатталады. Ақын өлеңдерінде көрініс тапқан менталдық кеңістікке талдау жасалады. Ж. Жабаев шығармашылығында бейнеленген образдар жүйесі талданады. Ақынның дүниетаным көзқарасына әсер еткен факторлар, оның шындықтың құбылыстары мен оқиғаларын қабылдауы, менталдық кеңістігін құру ерекшеліктері ашылады. Ж.Жабаев шығармаларын когнитивті тәсіл тұрғысынан зерттеу мысалында көркемдік шығармашылықты, сөз өнерінің табиғатын түсінуді және жазушының ұлттық ерекшелігін зерттеудегі аталған әдістің тиімділігі мен болашағы негізделеді [8: 82].

Бұдан бөлек, М.Н.Жұмаділованың «Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы концептілердің когнитивтік аспектілері» атты зерттеу жұмысында ақынның өз құрылымында имманенттік маңызды белгілері бар шығармашылығы қарастырылған. Оның біріншісінің мағынасы Мағжан поэзиясының қазақ әдебиетіндегі батыс-шығыс көркемдік синтезінің теңдессіз үлгісі екендігінде. Ол бейнелі сөздің тек төл дәстүрмен ғана емес, сырттан енген «бөтенмен» де байып, шығармашылықпен игеру нәтижесінде туатын сол теңдессіз ақындық тұтастықпен мызғымас тұтастық. Зерттеуші Мағжан поэзиясында батыс пен шығыс философиясы мен

поэзиясының идиоэтикалық және ұлтаралық, дәстүрлі және модернистік, сопылық пен символистік, идеялық-көркемдік ізденістерінің органикалық тоғысқанын байқайды. Мақалада ақын өлеңдеріндегі ұлттық рух, ұлттық менталитетке де ерекше мән берілген [9: 133].

Ал қазіргі ақындардың поэзиясына байланысты А.К.Жутаева мен С.Б.Ержанованың «Қазіргі қазақ поэзиясындағы когнитивтік ұғымдар» атты мақалаларында когнитивизм, когнитивті ұғымдар, поэзияда көрініс алатын когнитивті аспектілерді басшылыққа ала, Е.Раушанов, М.Райымбекұлы, Ж.Елеусіз өлеңдеріне шолу жасаған. Когнитивті ұғымдардың кеңінен көрініс тауып, авторлардың ойды басқаша формада бере алуы бүгінгі әдебиетте жиі кездесетіндігі алға тартылған. Әсіресе, қазіргі қазақ поэзиясының даму үдерісінде проза да, поэзия да жаңашыл ізденістерге толы [10: 133].

Когнитивтік лингвистиканың интенсифікациясы, «концепт» ұғымын теориялық тұрғыдан түсіну және ұғымдар типологиясы зерттеушілерге концептінің әртүрлі психикалық құбылыстарды біріктіретін, қызметі құрылымдау болып табылатын жан-жақты термин екендігі түсінішін қалыптастырды. Когнитивтік лингвистика саласындағы қазіргі зерттеулерде тілдегі білім құрылымын бейнелеу тәсілдері мен ұйымдастыру мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Дегенмен, санамен өңделген және қоршаған әлемнен алынған ақпаратты қандай білім (кадр, гештальт, дүниенің жеке суреті) көрсетеді деген сұрақ нақтылауды қажет етеді.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі идеяларына сәйкес тіл жүйесіндегі сөздердің мағыналары белгілі бір когнитивтік құрылымдармен және үлгілермен сәйкестендіріледі. Ол үшін когнитивтік талдаудың жаңа әдістері әзірленеді: концептуалды таксономиялық талдау, когнитивтік матрицалық талдау және концептуалды қарапайым (ұғым, бейнелеу, образ және т.б.) және концептуалды күрделі (ұсыныс, фрейм, категория, матрица). Осы когнитивтік әдістердің барлығы профессор Н.Н. Болдыревтың когнитивтік лингвистика бойынша ғылыми мектебінің аясында негізделген.

Профессор Сәуле Баймырзақовы «Қазіргі қазақ поэзиясындағы когнитивтік ұғымдар» атты зерттеу мақаласында қазақ поэзиясында, соның ішінде тәуелсіздік алғаннан кейінгі поэзияның жан-дүниесінде үлкен өзгерістердің бар екенін атап көрсетеді. Тек мазмұн мен форманы ғана қамтымай, әр ақын өз қолтаңбасын, поэзияға деген жеке кредосын таныта алған. Поэзиядағы когнитивті аспектілерді қарастыру оның шеңберіндегі дүниелерді түгел қамтуы керек. Ақын – жеке тұлға. Оның өз моральдық қабылдау, түйсіну шеңбері бар. Сол шеңберде ол да өз шығармашылығында жаңа көзқарас арқылы тың дүниеге қол жеткізгісі келеді.

### **Қорытынды**

Ғаламның бейнесін өз танымының нәтижесінде жасауға ұмтылады. Соның нәтижесінде, әдебиетте когнитивті ұғымдар терең зерттеуді, тың ізденісті қажет етіп отыр (Orazbek, 2002: 152).

Қазақ ақындарының өлеңдерінің тілі – қазақ дүниетанымының ғаламдық бейнедегі көрінісін жасаушы әрі танытушы бірлік. Ақындардың шығармашылығының мәні үлкенді-кішілі зерттеу еңбектерінде толық ашыла қоймасы анық. Бүгінгі ақындардың поэзиясын ұғыну үшін әуелі «мән» мен «мағына» бірлігін ажырату қажет. Мағына айналадағы нәрсені, құбылысты тура сипаттайды да, мән лексикалық мағына уәжділігін сақтай отырып, олардың мазмұнын береді. Поэтикалық мәтіндерде мәннің қызметі зор. Тілдік тұлғаның мәтіндегі мәні нақты болмай, сөз де, мағына да, образ да «түсініксіз» сипат алады. Мән және оны құраушы тілдік бірліктердің арасындай іштей гармониялық үйлесім болуы шарт.

Адам санасында пайда болған ой тілде көрініс табады. Ойда бейнеленетін объективті шындықтың әрбір құбылысы (ұғым, лексема), өзінің қасиеттерімен, қызметімен, лексикалық мағынасымен ерекшеленетін, адамзаттың мүддесі мен қажеттілігі үшін қолданылып, тиісті бағасын алып, жалпыға бірдей қолданыс аясынан өз орнын алады.

### **Әдебиеттер**

1. Tsur, R. 1992. *Toward a theory of cognitive poetics*. Amsterdam: Elsevier.
2. Turner, M. 1996. *The literary mind*. New York: Oxford university press.

3. Fauconier, G. & TURNER, M. 2002. The way we think: Conceptual blending and the mind's hidden complexities. New York, NY: Basic books.
4. Краткий словарь когнитивных терминов / под общ. ред. Е.С. Кубряковой. М.: Изд-во МГУ, 1996.
5. Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. М.: Языки славянской культуры, 2004.
6. Yerzhanova S. The Issues of Metaphoric competence Development on the basis of literary heritage // Opción. 35, 88 (jun. 2019), 584-604.
7. Амирбекова А.Б. Когнитивные аспекты изучения казахского поэтического текста // Вопросы когнитивной лингвистики, № 2 (035) 2013 г. Стр. 62-65.
8. А.В. Temirbolat. Жамбыл Жабаев поэзиясының когнитивті аспектілері. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, [S.I.], v. 181, n. 1, p. 82-93, arg. 2021. ISSN 2618-0782. қол жетімді: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/3191>
9. Жумадилова М.Н. Когнитивные аспекты концептов в поэзии Магжана Жумабаева // Язык и культура (Новосибирск), 2015, стр.133-139
10. Жутаева А.К., Ержанова С.Б., Қазіргі қазақ поэзиясындағы когнитивтік ұғымдар // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, №2 (178), 2020. 138-144

## **КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТІ ҚАБЫЛДАУ ФЕНОМЕНОЛОГИЯСЫ**

**Зейноллақызы М.**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
докторанты, Алматы қаласы

Қазіргі таңда көркем шығарманы автордың және оқырманның қабылдауы, мәтінге тек контекстік қана емес, сонымен қатар, психологиялық талдау, мәтіндегі феномендер секілді когнитивті әдебиеттанудың арналары өзектілік танытып келеді. Көркем шығарма – автордың қиялынан туындаған ойлар жиынтығы ғана емес, ол – тұтас автор мен оқырман идеологиясының үндесетін нүктесі. Көркем шығарманы қабылдау – оны тек түсіну емес, мәтін астарын ұғыну және интерпретациялау. Жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап Германияда пайда болған «рецепция» терминін енгізген ғалымдар тобы көркем шығарманы тек мәтін тұрғысынан ғана емес, оны тұтас бір автордың ғаламы, бір бөлшегі, қиялда құрылатын бөлек әлем ретінде бағалауды ұсынған. Дәстүрлі талдауларда шығарма ғұмыры авторға байланысты болса, рецепция кезінде оқырман шығарма тағдырын жалғаушы ретінде автордан жоғары бағаланады. Қабылдау күрделі психикалық процесс болғандықтан, оқырманның да белсенді және әлсіз түрлері болады. «Гёте оқырмандарды үш түрге бөледі:

- шығарманы талқыға салмайды, бірақ эстетикалық ләззат алады;
- шығармадан сұлулық таба алмайды, бірақ сыни пікір білдіреді;
- пікір де айтады, эстетикалық ләззат та алады» [1, 4 б.] – оның пікірінше, оқырманның

соңғы типі «көркем шығарма ғұмырын ұзартушылар» болып табылады екен.

Көркем шығарма рецепциясы автор мен оқырман арасындағы диалогтыққа құрылады. XX ғасырдың 60-80 жылдары неміс әдебиет теоритиктері, рецептивті эстетика мектебінің негізін қалаушылар Ханс-Роберт Яусс және Вольганг Изер «оқырман көркем шығарманы оқу барысында өзінің ішкі динамикалық мінезін аша түседі» [2, 202 б.] деп тұжырымдаған. Яусс және Изердің эстетикалық рецепция теориясына сүйенсек көркем шығарма оқырман мен автордың ортақ әдеби аренасы болып табылады. Бұл аренада автор айтылмаған жасырын ой арқылы оқырманға жол көрсетсе, оқырман сол ойдың шешімін табу немесе қиялда жалғастыру арқылы көркем шығармаға ғұмырлылық сыйлайды. Аталған үрдісте оқырман өзін көркем шығарманың басты кейіпкері, шығарманың бір бөлшегі немесе тікелей шығармадағы оқиғалардың қатысушысы ретінде сезінеді. Осы сезімді оқырманға сездіре алған автор «белсенді автор» болса, автордың туындысын өз өміріндей көре білген оқырман «белсенді оқырман» деңгейіне шығады.

Көркем әдебиетті қабылдау тікелей феноменология саласында толық қарастырылады. Алғаш феноменологиялық ойлар Эдмунд Гуссерльдің еңбектерінде баяндалғанмен, терминнің өзі феноменология тарихында алғаш Франц Brentanoның жарияланбаған еңбектерінде сөз болған. Brentano 1888-1889 жылдары Вена университетінде қолданбалы психология бойынша оқылған дәрістерінде феноменология тұрғысында алғашқы ойларды білдіре бастаған. Дегенмен оның шәкірті Гуссерль бұл ойды толықтырып, «оқу үдерісі – көру, ниеттену және қабылдау әрекеттерінің нәтижесі» деп тұжырымдаған [3, 67 б. ].

«Феноменология ментальді құбылыстар мен образдарды зерттейтін пән» [4, 2 б.]. Әдебиеттануда феноменология көркем шығармадағы автор санасында және оқырман санасындағы феномендер көрінісін қарастырады. Эдмунд Гуссерль «әлем дегеніміздің өзі әлемнің санада құбылуы» деп тұжырымдаған. Ендеше көркем шығарма автор тұрғысынан шығармашылық үдеріс, ал оқырман тұрғысынан рецептивті үдеріс болып табылады. Феноменология - көркем әдебиеттің автор, шығарма және оқырман үштағаны. Үштік бірлік жүзеге асқанда ғана көркем шығарманың ғұмыры жалғасады.

Осы тұрғыда отандық дарынды қаламгер Лира Қоныстың «Адам» шығармасындағы оқырман санасына әсер етуші бірнеше феномендерді қарастыруды жөн көрдік. Шығарманың атауынан бастайық: «адам». «Адам» феноменін таратып айтсақ, адам - биологиялық тұрғыда жеке индивид, адам – діни тұрғыда Алланың жаратқан алқашқы пендесі, адам – философиялық тұрғыда жақсылық пен жамандықты бойына жиған сананың иесі. Одан бөлек күнделікті тірлікте «адам екенсің», «адамдық жасады» деген тіркестердегі «адам» бар. Ол дегеніміз жақсылық жасаушы, барлығына бірдей қамқоршы, игі істерді жүзеге асырушы, әлсіздерге көмек қолын созған кісіні біздер «нағыз адам» деп те атаймыз. Одан бөлек Абайдың шығармашылығындағы «толық адам» образы бар. Абай «толық адам» болу үшін:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек...» -

деп айтқан екен.

Шығарманы оқымас бұрын кез-келген оқырман осы аталған «адамдардың» бірін іздеуі мүмкін. Дегенмен шығарма соңында оқырман кімді табады?! Шығарманы оқу барысында оқырман бетпе-бет кездесетін тағы бір феномен «қайыршы». Автор қайыршы деп *«...Көзіне қара көзілдірік ілген, қолында асасы бар жігіт алақанын жайып қайыр сұрауда...»* деп көзі соқыр адамды қайыршы деп түсіндіреді. Одан соң, *«..тәжік келіншек болушы еді, шешесі үшін емес, сәбиі үшін ендігісін садағамды соған қалдырдым»* деген сөзінен жол бойында өзіміз жиі көретін балалы тәжік келіншектерді келтіреді. Автордың ендігі бір «қайыршысы» *«...ендігісін садақаға берер теңгеме қазақша басылым сатып алуға көштім, өйткені, қазақ басылымдарының күні тым қараң зой...»*. Бұл тұста оқырман санасында «қайыршы» феномені тек жұпыны адамдармен ғана емес, өз қоғамымызда орын алып жатқан саяси, әдеби, мәдени төмен ахуалдарды да «қайыршылыққа» жатқызуға болатындығы туралы ойлар пайда болатыны рас.

Шығарма түйініндегі Лира Қоныстың «нағыз адамы» алдымен *«...қарапайым. Тым қарапайым»*, одан соң, *«пенделерді тек өзіне тән жылылықпен жақсы көріп, елеусіз шаттықтарды місе тұтып, жалған-жасандылықтан жаны азат қалып»* бар таза жан және *«шарқ ұрып іздеген иманның адам бойынан безіп бара жатқанын аңғарса да, әр намазының соңында оларға арнап бата жасап, жаратқаннан шексіз бақыт тілейтін»* кең жүректің иесі. Шығармадағы ең өкінішті сәт он алты-ақ ғұмыр жасаған *«адамдардан адамдық қана күткен нағыз адамның жоғалып кетуі»*. Шығарманы оқу барысында оқырман адамның адам болуы, тіпті, жасына да қарамайтындығының куәсі болары сөзсіз. Көркем шығарма – сана ағыны. Оқу барысында оқырманның елестету дағдысымен қатар, оның өмірлік түйген ұстанымы, білімі, қағидалары, философиясы, дүниетанымы бірлесіп келіп, көркем шығарманың жандануына үлес қосады. Көркем шығарманы оқу – санадағы феномендердің

жаңғыруы. Әдеби әлем арқылы оқырманның танымы мен санасы дамып отырады. Ал бұл өз кезегінде бүкіл бір ұлттың әдебиеті, мәдениеті, тіпті, саясаттың дамуына үлесін қосары анық.

**Әдебиеттер:**

1. Джули Ривкин, Майкл Райан, Әдебиет теориясы: Антология. 1-том, Wiley-Blackwell, 2017, 1640 бет.
2. И.В. Кабанова, Современная литературная теория, Наука, 2004, 344 стр.
3. Эдмунд Гуссерль, Феноменология внутреннего сознания времени. М., 1994, 413 стр
4. Джули Ривкин, Майкл Райан, Әдебиет теориясы: Антология. 3-том, Wiley-Blackwell, 2017, 1640 бет.
5. Лира Қоныс, «Адам», [https://kitap.kz/book/5183/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/58/1:221\)](https://kitap.kz/book/5183/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/58/1:221))

## **КӨНЕ ШЕЖІРЕЛЕР ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ**

**Н. Серікбек**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

**Б. Сарбасов**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

профессор м.а., ф.ғ.к., Алматы қаласы

**Кіріспе.** Еліміздің тәуелсіздік алғанына да 30 жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт қарсаңында өткен тарихымызға көз салып, барымызды бағалап, жоғымызды түгендеудің маңызы зор. Қазақ халқының тарихи тамыры сонау көне замандардан басталатындығын ескерсек, қазақ атауымен белгілі болуының өзі жазба деректерде Х-ХІІІ ғасырларда тіркелген. Сондай қазақ атауы кездесетін маңызды көне мұралардың бірі – «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі». Шығарма құндылығы – «қазақ» этнонимінің қолданылуында ғана емес, ел ескілігінен мол мағлұмат беретіндігінде, деректік маңыздылығында, түркі-монғол халықтарының рухани болмысын айқындайтын шынайылығында.

Соңғы жылдары фольклортану мен әдебиеттану ғылымында қазақ шежірелерінің жанрлық ерекшелігі жөнінде айтылған пікірлер, тарихи шежірелердің фольклорлық немесе әдеби мұра ретінде бағаланып, ғылыми айналымға түспей келе жатқандығын көрсетеді. Мәселен, тарихи шежірелер тобына жатқызылып жүргендер: З.М. Бабырдың «Бабырнама» [1], М.Х. Дулатидің «Тарихи Рашиди» [2], Қадырғали Қосымұлының «Жылнамалар жинағы» [3], Әбілғазының «Түрік шежіресі» [4] т.б әдебиет тарихының объектісі ретінде қарастырылуда. Бұлардың көпшілігінде тарихи хронологиялық жүйе сақталып, аңыздық баяндау да қатар келіп отырады.

«Шежіре жазушылар тарихи деректерге ғана емес, шығарманың көркем тілмен жазылуына да ерекше мән беріп отырғаны мәлім. Қазақ қауымы тіпті қара сөзбен жазылған шежіре тарихтың өзін бейне бір дастан-жыр секілді ұйып тыңдаған. Мұны шежіре жазушылар мықтап ескеріп келгендігін аңғару қиын емес» [5, 222]. Осы орайда автордың оқиғаны баяндау сарыны мен бейнелеу тәсілдерінде көркем әдебиеттің талаптарын қанағаттандыратын тұстар аз кездеспейді. Шежірелердің осы сипатына талдау жасай келгенде тарихи тақырыптағы көркем шежірелер (туындылар) деген тұжырымға толық келісуге болады [5, 220-223].

Тарихи тақырыптың енді ғана қолға алына бастаған тұсында, әрі аталмыш жанрдың тарихи оқиғаларды көзімен көрген, сол жағдайларға тікелей қатысқан адамдардың араласуымен жазылуы тарихи оқиғаларды мейлінше көркемдеп жатуды қажет етпеген. Тарихи шежірелердің негізгі мақсаты – тарихи шындықты неғұрлым өзгеріссіз жеткізу. Сондықтан да болар көркемдік басты нысана болмаған, болған күнде де көркем шығарма туғызу, қазіргідей автордың талант, талғамына, қарым-қабілетіне байланысты екені даусыз. Жады жақсы авторлар ел аузындағы фольклор үлгілерін қажетіне қарай жаратып, ғасырлардағы шежірелердің жазылған мерзімімен тұспа-тұс келеді.

Әбілғазы «Түрік шежіресі» сөз болып отырған тайпалар қазіргі түркі тектес халықтардың арғы тегі болып табылатындығын ескерсек, «шежіреде» көрініс тапқан, сол тайпаларға қатысты фольклорлық-әдеби үлгілердің барлығы фольклортану ғылымында және әдебиетіміздің тарихында лайықты сараланып, бағалануы қажет.

Әйгілі ғалым Ш.Уәлихановтың «Жылнамалар жинағы» жөнінде айтқан пікіріне назар аударар болсақ, жоғарыда аталған шығарманың маңыздылығы айқындала түседі [3, 122-123]. Қадырғали шежіресінің бір тарауы Рашид-ад-Диннің шығармасы негізінде жазылғандығын білеміз. Ал, өз кезегінде Рашид-ад-Дин «Құпия шежіремен» таныс болғандығы анық. Демек, «Құпия шежіренің» Шыңғыс қағанның ата-тегін тарататын алғашқы бөлімдері Рашид-ад-Динде де, Қадырғали шежіресінде де қайталанып келеді. Мәселеге хронологиялық тұрғыдан келетін болсақ, түркі-монғол халықтарының тарихында шежіре айту тым ерте дәуірлерден ауызша айтылып жалғасып келе жатқандығы дәлелденген. Ауызша жеткен шежірелерді былай қойғанда, сонау Түркі қағанаты дәуірінде тасқа қашалып жазылған Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жырларының да шежірелік, жылнамалық сипаты бар.

Жоғарыда аталған зертеушілердің көпшілігі Шыңғыс қағанның адамзат тарихындағы рөлін ашып көрсете отырып, қалайда өз елдеріне қатыста мәселелерді тереңдей қарастыруды мақсат етіп отырды. Қалай болған күнде де бұл тізімнен соң «шежірені» зерттеуге ұмтылу артық әрекет сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен, аталған зерттеушілердің еңбектерін саралай қарасақ, түркі-монғол халықтарының байланысы назардан тыс қалып келе жатқандығы айқындала түседі.

«Игіліктің ерте-кеші жоқ» дейді дана халықмыз. Әр нәрсе өз уақытында. Түркі халықтарының тұтастық идеясы ту етіп көтеріліп отырған бүгінгі таңда, тарихи-әдеби мұраға еншілестігімізді білдіру – ел ертенін ойлаудың белгісі.

Кез-келген көне мұраны сөз еткенде аударма сапалылығына, түпнұсқа деп танылған мәтіннің өзгеріске ұшырамауына алдымен назар аударамыз. Осы тұста «шежіренің» монғолша аудармасындағы ерекшеліктер туралы айта кеткеніміз артық болмас.

Шығарма авторының өзіне дейінгі оқиғаларды басқалардан есту арқылы қабылдап, аңыз боп жеткен сюжеттерді қолданылуы – заңдылық. Бір назар аударарлығы – Рашид-ад-Диннің «Жылнамалар жинағы», Әбілғазының «Түрік шежіресі» сияқты туындыларда да көлемді тараулар бөлімдер арқылы жіктелген. Мұндай тәсіл шежірелердің оқиғаларды хронологиялық ретпен баяндауға негізделген құрылымдық ерекшелігінің болғандығын дәлелдейді. Тұтастай алғанда, алғашқы тарауда фольклорға тән белгілер басым байқалады.

«Шыңғыстың» жастық шағы аталатын екінші тарау 69-103- тармақтарды қамтиды. Әкесінен айырылып панасыз қалған жас Тәмүжіннің туыстас тайшут тайпасы тарапынан қуғынға түсуі, үйленуі, меркіттер шабуылына ұшырып, жан жарынан айырылуы сияқты оқиғалардан тұрады. Ең бастысы – жас Тәмүжін өмір үшін күресу керектігін, дала заңы бойынша күштілер ғана өмір сүретіндігін түсінеді.

**Негізгі бөлім.** Әбілғазы «Түрік шежіресі» – бірінші кезекте тарихи туынды деп мойындалған. Соған қарамастан, жоғарыда аталған тарихи көркем шежірелердің қай-қайсысыман салыстырғанда да көркемдік қуаты жоғары. Көркем әдебиеттің талаптарына сай өрнектер аса мол.

Кезінде Ш.Уәлиханов: «Өзбектер одағында маңғыттар (қарақалпақтар) және қазақтар болған. Өзбектердің кейінгі тармақтарынан құралған халықтардың өздеріне тән қасиеттер рудан аталарға, әулеттерге тарамдалады, сол тарамдалған этникалық бұтақтардан әр түрлі монғол-түрік халықтарының атаулары кездеседі» [7, 123-124], - дейтін пікір айтқан.

Орта Азияда жасалған көптеген шежірелердің жазылу ерекшелігі, автордың немесе белгілі тұлғаның өмірден өтуіне байланысты үзіліс жасалып барып жалғасып жататындығын көрсетеді. Мәселен, З. Бабыр өмірден өткен соң «Бабырнаманың» жалғасы іспетті кенже қызы Гүлбадан бегімнің «Құмайыннама» шығармасы жазылса, Әбілғазы аяқтап үлгермеген «Түрік шежіресін» баласы Ануш [8,123] жазып бітірген.

Жалпы алғанда, ХХІ- ХІІІ ғасырлардағы түркі-монғол тайпаларының тілдік, этнографиялық, тарихи, фольклорлық, әдеби, саяси-әлеуметтік өмірінен мол мағлұмат беретін



«Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» – Оғыз қаған өмірін арқау ете отырып, түркі-монғол этникалық топтарын бір орталыққа бағындырды, әлемге танытты.

XI ғасырда Ж. Баласағұнидың жазған «Құтты білік» дастаны Қарахан мемлекетінің қыр-сырын, саяси құрылымын, ең бастысы – XI-XII ғасырлардағы түркі тайпаларының әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, дүние танымын жан-жақты танытуы қаншалықты маңызды десек, «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» Оғыз қаған негізін қалаған мемлекеттік құрылымның, түркі-монғол, соның ішінде бүгінгі қазақ халқының этногенезін құраған керей, найман, қоңырат, қыпшақ, жалайыр руларының XII-XIII ғасырлардағы тағдыр – талайын рухани, мәдени өмірмен тұтастықта жеткізуі – соғұрлым маңызды саналады. Осының өзі-ақ, «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресін» [9] көркем туындылар қатарында танып, жаңаша көзқараспен, ұлттық әдебиетіміздің асыл арналарын жаңғыртар құнды мұра ретінде бағалауға жетелейді.

Күн өткен сайын ғасырлар қойнауында шаң басқан рухани, мәдени мұраларымыздан қаншалықты алыстасақ та, халқымыздың сол асыл қазыналарын жан-жақты тексеріп, ғылыми талдау жасау, зерттеу жүргізу ісі бір сәтке толастаған емес. Әсіресе, соңғы жылдары қазақ фольклортану ғылымында да уақыт талабынан шешімін күткен күрделі проблемалар алға қойылуда.

Рас, түркі тектес халықтардың әдебиетінің тарихи типологиялық байланысы орыс ғалымы В. Жирмунскийдің [8] еңбектерінде ғылыми тұрғыдан негізделген болатын. Кейіннен бұл бағыттағы ізденіс қазақ зерттеушілері тарапынан да өз жалғасын тауып, Ә. Марғұлан, Р. Бердібаев т.б. ғалымдардың еңбектерімен толығы түсті.

Соңғы жылдардағы еркін көзқарас, халықтың өткен тарихын саралауда бір жақты бұра тартуға немесе идеологиялық шеңберге салудан алшақтап келеді. Әр түрлі ұлттардың рухани әлеміндегі типологиялық ортақтастықтардың сырын ашу, халықтың бір-бірін жақын түсінуіне, тануына жол ашары сөзсіз. Осы тұста жұмысымызға тікелей қатысы бар түркі-монғол халықтарының туысқандық жақындастығының тамыры тереңде жатқандығына назар аудармай өте алмаймыз. Түркі халықтарының арғы тегі ғұндардан бастау алатындығы дәлелдеп жатуды қажет етпейді десек, монғолдардың да осы тектен тарайтындығын мына бір пікірлерден аңғаруға болады.

Ендеше, арғы кезеңі белгісіз, бертіңгісі ғұндар заманынан ХУ ғасырға дейінгі тұрмыс-тіршілігі ортақтас, тарихи тамырлас, туысқандық бауырлас, рухани сабақтас түркі-монғол халықтарының аса бай фольклорлық мұрасын тарихи типологиялық әдіс тұрғысынан зерттеудің маңызы зор.

Сол халықтың фольклорлық мұраларына тән туу, таралу мөлшерін, өзгеріске түсу мүмкіндігін, ауысу аумағын, әдеби заңдылықтардың қалыптасу жолдарын дұрыс саралауға мүмкіндік туады. Жалпы, түркі-монғол халықтарының әдеби мұрасын типологиялық тұрғыдан зерттеу үшін, шектеулі мүмкіндіктерден шығып, мына мәселелерді есте ұстаған жөн:

Біріншіден, аталған халықтардың ғұндар заманынан XIII ғасырға дейінгі тұрмыс-тіршілігі, негізінен, ортақ қоғамдық даму сатысынан өтті және көп жағдайда ортақ мемлекеттік басқару жүйесінде болып келді. Сондықтан да, бұл кезде жасалған фольклорлық шығармалардың сюжеттік желісі, образдар әлемі, көріктеу құралдары ортақтас, аса көп өзгеріске ұшырай қоймаған. Дегенмен, XII-XIII ғасырлардағы монғол фольклорында үнді, қытай, тибет елдерінің әсері біртіндеп байқала бастайды. Сол сияқты түркі тектес елдердің ауыз әдебиетінде де осы кезеңде парсы, араб ықпалы айқын сезіле бастаған. Әрине, рухани әлемдегі мұндай ауыс-түйіс аталмыш мемлекеттердің көршілес ел қарым-қатынастарынан туындағаны анық.

Екіншіден, ХІУ-ХУІІІ ғасырлар аралығында жекеленген мемлекеттердің құрылуына байланысты жаугершілік заманның орнығуы фольклорлық мұраларда бұрыннан қалыптасқан ортақ сюжеттердің керісінше өзгеруіне жағдай туғызады. Әрі осы кезеңдерде саяси-қоғамдық өзгерістер фольклорлық мұралардың бір елден екінші елге ауысуын біртіндеп тежеді.

Міне, бұл ерекшеліктердің өзі түркі-монғол фольклорының типологиялық байланысында белгілі бір заңдылықтардың бар екендігін аңғартады.

Түркі-монғол халықтарының сандаған ғасырлық рухани-мәдени дамуы, типология ауқымындағы тарихи-фольклорлық, тарихи-әдеби процеске негіз боларлық талай дүниелерді мұра етіп қалдырды. Құндылықты сөз еткенде, сандаған эпостардың араласуы нәтижесінде жасалған көне мұралардың маңыздылығы айқындала түсетіндігі рас.

XIII ғасырдағы Шыңғыс қаған мемлекеті әлем назарын қалай аударта, сол мемлекеттің ішкі-сыртқы құрылымын, XII-XIII ғасырлардағы түркі-монғол халықтарының, кейінгі қазақ халқының этногенезін қалыптастырған керей, найман, жалайыр, қоңырат, қыпшақ руларының дүниетанымын, мәдениетін жан-жақты танытатын – «Монғолдың құпия шежіресі» сол деңгейде дүние жүзі ғалымдарының қызығушылығын тудырып келеді. Біз үшін маңыздысы – «шежіре» деп танылған шығарманы фольклорлық, әдеби маңыздылығы. Негізгі мәселеге көшпес бұрын тілші ғалым Б.Әбілқасымовтың «Түркі шежіресіне» қатысты мына бір пікірін ескерген жөн.

«Бұл еңбек – көркем шығарма емес. Дегенмен «шежіренің» кей тұстарында, әсіресе, белгілі халықтардың өмір-тіршілігі мен тарихи тұлғалардың мінез-құлқы, істеген жақсылы-жаманды істері туралы сөз болғанда, аңыз-әпсаналар, небір бейнелі сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер жиі бой көрсетіп отырады» [11, 30]

Аталмыш еңбектің біраз бөлімдері «Құпия шежіренің» деректерімен сәйкес келетіндігін жоққа шығармаймыз. Дегенмен, Шыңғыс қаған Оғыз хан тарихын әңгімелеуде эпикалық сарын біршама айқын байқалады. Олай болу себебі Әбілғазының дерек көздері ретінде алып отырған шығармаларында эпос дәстүрінің сақталғандығы деп есептейміз. Қалайда, Әбілғазы дерек көзі ретінде пайдаланған, біз қарастырып отырған шығармада да, фольклор жанрлардың ауқымды қолданысқа түскендігін ерекше атап айтамыз.

**Қорытынды.** Қилы заманда әр алуан тағдыр иелерінің шығармашылығынан туындаса да, бұл туындыларды мазмұны, көркемдік сипаты жағынан жұптауға, жіктеуге болады. Мысалы, Қадырғали Жалайыр мен Әбілғазы Баһадүр хан шежірелері – қазақ хандығы тұсындағы шежірелердің ішіндегі тілі жағынан келгенде қазақ тіліне өте-мөте жақындары. Оны алғаш дәлелдеген қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов.

Кез келген тарихи, әдеби мұраның дүниеге келуін кездейсоқ құбылыс нәтижесі деп білу қателікке ұрындырмай қоймасы анық. Әлемдегі барлық құбылыс атаулының өзіндік эволюциялық даму заңдылығы бар.

Көне шежірелер сандаған ғасырлардан тамыр тартқан оқиғалар іздерінің мифтік, аңыздық, шежірелік әңгімелерде сақталуы, олардың тұтастана шоғырлануы арқылы автор өзі куә болған дәуір шындығын оқиғалар ретін сақтау арқылы бас қаһарманның айналасына топтастыруы нәтижесінде өмірге келген. Бізге жеткен көне жазбалардың кез-келгенін парақтап қарасақ, барлығына ортақ негізгі идея – береке мен бірлік. Әрине, сыйластық, адамгершілік сияқты асыл қасиеттер болған жерде елдің ынтымағы мен татулығы зор болады.

#### Әдебиеттер:

1. Бабыр З. М. Бабырнама / Орыс тілінен аударған: Б. Қожабеков. – Алматы: Жалын, 1990. – 320 б.
2. Дулати М.Х. Тарихи Рашиди (Рашидова история). – Алматы: Санат, 1999. – 656с.
3. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы / Аударғандар: Н. Мингулов, т.б. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
4. Әбілғазы. Түрік шежіресі / Аударған: Б. Әбілқасымов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 208 б.
5. Бердібаев Р. Сарқылмас қазына. – Алматы: Мектеп, 1983. – 247 б.
6. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі.-Алматы: Раритер, 2008.-408 б.
7. Уәлиханов Ш.Ш. Мақалалар мен хаттар. –Алматы,1949. -168 б.
8. Кварцов Н.И., Лазутин С.Г. Русское устное народное творчество. – Москва: Высшая школа, 1983. – 448 с.
9. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз - қазақ һәм хандар шежіресі. -Алматы: Қазақстан, 1991.-80 б.
10. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 264 б
11. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түрік шежіресі» және оның тілі. – Алматы, «Арыс» баспасы, 2001. – 246 б

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БӨРІ СИМВОЛИКАСЫ

Г. Тулеуова

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

Б. Сарбасов

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

профессор м.а., ф.ғ.к., Алматы қаласы

**Кіріспе.** Фольклорлық мұраларымызда жиі кездесетін жануарлар мен өсімдіктер әлемінің біз шешімін таппаған құпиялары мол. Кез келген халықтың ерте дәуірдегі фольклорлық мұраларында, әсіресе, діни-нанымдары мен әдет-ғұрыптарында жануарлар культі аса маңызды орын алады. Мифтік сананың көріністері бейнеленген фольклорлық туындыларымызда басты кейіпкерлердің түрлі хайуанаттарға немесе жан-жануарларға табынуы жиі байқалады.

Адам баласының қоршаған орта мен тылсым дүние туралы тебіреністерін көркем, кестелі түрде бейнелеп, жұмбақ әлемнің құпиясын ашуға ұмтылған алғашқы талпыныстары бұл күнде қазақ фольклорында мифология жанры деп аталып жүр.

Әбілғазының «Түрік шежіресінде» және Рашид-ад-Диннің «Шежірелер жинағында» түркі халқының ханы Бөрте-Шене және оның анасы қаншық қасқыр туралы ел арасындағы аңыздарды баяндаса, Н.Я. Бичурин ғұн тайпаларының шығу тегін «қиналып өлсін» деген мақсатпен дұшпандары қол-аяғын шауып, саздаққа лақтыра салған бала мен қаншық қасқырдан тарататын аңызды келтіреді.

Ал, Л.Н. Гумилев «Көне түріктер» атты еңбегінің бірінші тарауындағы «Қаншық қасқырдың ұрпақтары» атты шағын бөлімшеде ата тегін көк бөріден тарататын түркі тайпаларын санамалап шығады.

«Ашин- «қасқыр», бастауын қаншық қасқырдың өрбітетін екі аңызды келтіре келіп: «бөрі» деген сөз монғолша «шоно-чино», «А» - қытай тілінде құрметтеу префиксі. Демек, Ашин-дегдар бөрі». Бұл есімнің қытайша мәнерленбеген түрі – шане араб жазбасында сақталған», - [1-23] деп, түркі хандарының шығу тегі мен атаулары туралы өзіндік ойын білдіреді.

Ілкі бабасын айдай сұлу ханша мен көк бөріден тарататын генеологиялық аңыздардың бір тобын Ә.Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар» [2] атты еңбегінде келтіреді.

Түркі халықтарының «көк бөрі», «ақ марал», «қызыл ит» туралы аңыздарына ғылыми тұжырымдар жасаумен бірге, «қасқырдың тілерсегі белдің шойыруылуынан, сарп ауруынан (ревматизм) және тіл-көзден сақтайды» деген нанымның ел арасында кең таралғандығы жөнінде айта келіп, ғалым Ш.Уәлиханов қасқыр бейнесінің халық санасына терең орныққандығын мәлімдейді [3-187].

Н.Келімбетов «Қазақ әдебиетінің бастаулары» атты еңбегінде түркі тайпаларының «Ергенекон», «Көк бөрі» дастандарына шолу жасаса, А.Сейдімбеков «Күй шежіре» атты монографиясында қазақтың тотемдік күйлерінің қатарына «Көк бөрі» күйінің де орын алатындығын атап өтеді. С.Ақатаев пен А.Шәріптің еңбектерінде ел арасында кең таралған Ашина туралы аңыздың нұсқаларына талдау жасалса, С. Қондыбаев «Қазақ мифологиясына кіріспе» атты еңбегінде қасқырдың хтоникалық хайуан күйінде суреттелетіндігіне баса назар аударып, мұның себебін оның жыртқыштық қылуасымен байланыстырады.

**Негізгі бөлім.** Ғалым Б.Майтанов «Қасқыр және әлем заңдылығы» [4], атты мақаласында қасқыр бейнесінің жазба әдебиеттегі қырына назар аударады. М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі, ондағы қасқыр психологиясының ашылуы туралы құнды ойларды өрбітеді. Ал, А.Қалиұлы [5] мен Ә.Балқыбектің [6] мақалаларында «көне әдебиет көгіндегі көк бөрінің» ел өміріндегі орны сөз болады.

Қорқыт ата тәңірге табынушылардың сәуегейі, бақсылардың пірі, пайғамбары болған. Құстай тізіліп көшіп-қонып, жүретін қазақтардың анасы аққу кейпіндегі қыз да, атасы ұрыс

даласында жараланып жатқанда сол қыз құс құтқарған жауынгер еді деген аңыз бар. Бұл аңыз туралы тарихи деректерде былай делінеді:

«Ерте заманда Қадыр деген батыр қолбасшы болады. Ол талай-талай жорықтар мен шайқастарды басынан өткізеді. Бір жорықта ауыр жараланып, елсіз, сусыз далада жалғыз қалады. Өлім халінде жанталасып жатқанда, аспаннан бір қаз ұшып келіп, аузына су тамызып, оны шөлден құтқарып алады да, айдын шалқар көл жағасына ертіп барады. Бұл қаз аққу болып құбылып келген перизат қыз екен. Үстіндегі аққу терісін сыпырып тастап, аққуға қызға айналып, Қадырдың жарасын емдеп жазады. Қадыр осы қызға үйленеді. Бұдан туған ұл «қазақ» атанады [7-34].

Бұл аңыздан біз қазақтың шығу тегі туралы әңгімені жай «қазбен» емес «тәңір құсы», «көк тәңірінің құсы» ұғымымен де байланысты айтылғанын аңғарамыз.

Көне дәуірден күні бүгінге дейін түркі халықтары «тәңірі» немесе «көк тәңіріні» жаратушы күш, қамқор ие деп түсініп, тағзым еткен. Демек, ислам ықпалында туған шығармалардың ең алдымен алланы ауызға алатыны сияқты, Түркі қағанатының атажұртында дүниеге келген шығармалар Тәңіріні (Көк тәңіріні) алдымен ауызға алған. Оған себеп, көне түркілерде негізгі дін саналған Көк тәңірі Оғыз қаған тұсында да сақталған болатын.

Тәңірінің тұрағы саналатын көк аспанда көк бөрінің өмір сүруі заңды құбылыс. Күн мен айды, жұлдыздарды тірі дүние ретінде қабылданған ата-бабаларымыз, олар туралы талай мифтер туындатады. Мәселен, Оғыз қағанның екі әйелінен алты ұлының аттары аспан денелерімен байланысты қойылған. Олар: Ай, Күн, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз.

Туысқан якут жұртшылығында айға байланысты оның ескіруі, толығы және тууы туралы мифте де «бөрі» аспан әлемінің тұрғыны ретінде бейнеленеді. «Суға келген сұлу қызды ұрлап кеткені үшін қасқыр мен аю оны тістелеп жейді, бірақ ай қиналып өлгенмен қайта тіреледі» деген сюжеттің астарында да аспан әлемі туралы түсінік жатыр (2-46). Осындай бірнеше мифтерде «көк бөрі» көктегі құбылыстарды реттеуші болып табылады. Қазақта әлі күнге дейін айға табынудың сарқыншақтары бар. Мысалы, жаңа ай туғанда: «Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке» деп айға қарап бата қылады. Миф – қоршаған ортаға қатысты қалыптасқан қоғамдық сананың көрінісі. Мифтің бүгінгі күнге жеткен нұсқаларынан, діни сенімнің әлеуметтік оқиғалардың, ұрпақтарына айтылатын өсиет пен тәлім-тәрбиенің ізін байқауға болады. Мифтерде қайрат, жүйріктік, сезімталдық тәрізді қасиеттердің «бөрі» бойына жинақталу сыры, оның Тәңірінің шапағатына ие болуында деп түсіндіріледі.

«Оғыз-намедегі» бөрі бейнесіне қатысты деректерді жинақтай отырып, оның мифте, ертегіде, эпостық жырлар мен мақал-мәтелдерде түрлі қырынан танылатындығына көз жеткіземіз.

Халқымыздың мифтерінің барлығында дерлік бөрі – ілкі ата, жорықтардың сәттілігін реттеуші, жол бастаушы, көктен келген көмекші ретінде беріледі.

Әйтсе де мифологиялық ұғымдар. Бір кездері түркі тайпаларының тотемдеріне айналған ит, бөрі, өгіз, жылқы, марал т.б. жан-жануарлардың құпия күштеріне сену қазақ ертегілерінде жиі ұшырасып жатады. Әсіресе, «Ер Төстік», «Құламерген» сияқты қиял-ғажайып ертегілерде мифологиялық кейіпкерлер жиі кездеседі. Миф пен ертегілердегі бөрі бейнесінің сюжеттері бір-біріне ұқсас болып келеді.

Мифологиялық аңыздарда, шежірелерде «бөрі» қысылған халыққа көктен нұр кейпінде түсіп, ажалдан арашалайды. Жорықтарда қолды бастап, көшкенде жол көрсетеді. Көк бөрінің адамдарға көмекке келуі, соңғыларының Тәңіріге жалбарынуының нәтижесінде жүзеге асады. Мәселен, «Оғыз қағанның Үрімге аттануы баянында»:

Сол жарық сәуледен көк шашты,  
Көк жалды арлан қасқыр шыға келді де,  
Оғыз қағанға тіл қатып:  
«О, Оғыз! Сен Үрімге аттанып барасың,  
О, Оғыз! Мен сені бастап жүрейін», -

деді [8-25].

Мифологиялық, тотемдік көк бөрі бейнесі арқылы халық санасындағы, наным-сеніміндегі үлкен төңкерістің ізі байқалады. Мұның басты себебі, шамандық, тотемдік түсініктерді жаңа, бұрынғы діннен әлдеқайда қуатты Ислам дінінің ығыстыруында жатыр. Жаратылыс, әлем, құдірет туралы өзіндік қағидалар ұсынып, тіршілік атаулыны жаңаша түсіндіретін Ислам діні халық санасында да жаңа ұғымдарды туындатты. Алайда, халық ескі сенімнен түгелдей ада болған жоқ.

Жалпы, фольклорлық шығармалардың баяндалу реті, бейнелердің сомдалу барысына қарап отырып та, сюжеттердің қай кезеңде туындағандығынан да мәлімет алуға болады.

Қасқыр мен адамның некелесуі туралы сюжеттер тотемдік нанымды көрсетіп, түркі тайпалары кезеңінен сыр шертсе, қомағай ашкөз қасқыр бейнесі халқымыздың ұлт болып қалыптасып, Ислам дінін қабылдай бастаған кезінен мағлұмат береді. Ол туралы М.О.Әуезов былайша толғайды:

«Қазақ халқының ескілігі мен көне дініне қарасақ, сол жаңағы нанымдарға көп орын берілгені байқалады. Осы текті ертегілер қазақтағы хайуанаттар жайындағы ертегілер ішіндегі ең ескі ертегі болу керек. Мұнда мифтік, тотемдік (белгілі аң, хайуанды киелі санап, қастерлеу) наным бар. Сондай аңның бірі – қазақ ертегілеріндегі қасқыр болады. Бізге мәлім қазақ ериегісінің ішінде қасқыр екі түрлі әңгімеленеді... Екінші түрінде қасқыр өзінің дағдылы қасқырлық, қатаң мінезімен суреттеледі» [9-22].

Әлкей Марғұлан «бөрі» сөзінің бұрын «көк», «шық», «аспан құсы» мағынасында айтылып, кейін қасқырда ғана қалғанын жазады. «Бөрі» - әуелде көк, яғни жан мағынасын береді. Түрік қағанатын бірінші рет басқарған ғұн ұрпағы Шене бөрі – ақылды, кемеңгер, ойшыл болған. Өзінің ерекшелігін білдіру үшін ордасының қақпасына бөрі басты сурет салынған ту байлатып қойған.

Жетісу тайпаларының YIII ғасырдағы аңызына қарағанда, Оғыз хан аталық қоғам иесі ретінде көрінеді. Бөрі тотемін Түрік қағанаты кезінен қалған салт, үрдісінен, жорықтарынан байқауға болады. Мысалы, ғұндар қытайлармен соғысқанда жаяу жүректіктің белгісі ретінде аттарына қасқырдың басын кигізіп алатын болған.

«Көкбөрі» туралы аңыздар қазақ арасында кеңінен тараған. Соның біреуіне тоқтала кетсек: «Баяғыда түрік тайпасын жаулары қалың ми батпаққа апарып қоршауға алып, түгін қалдырмай қырған екен. Сонда аман қалған он жасар баланың аяқ-қолын кесіп ең далаға тастап кеткен. Қансырап өлгелі жатқан бейшара балаға Көк тәңірі бөлтіріктері өлген көк бөріні кезіктіреді. Көк бөрі баланың тоқталмай ағып жатқан қанын тілімен жалап, тоқтатып, емізіп, ер жеткізеді. Сол бала «Көкбөрі» атанады. Өзінің шыққан тайпасын «бөрі тайпасы» деп атайды. Кейіннен Көкбөрі қаған болады» [10-46].

«Оғыз-намеде» Оғыз ханның әскерін жорыққа еркек көкжал бөрі бастап, жол көрсетіп отырған. Бұдан біз «Оғыз қаған» жырында діни-мифологиялық элементтердің едәуір орын алғанын байқаймыз.

Оғыз қаған дүниенің төрт бұрышына қаған болу мақсатында бектеріне, халқына айтқан әмір сөзі: «Мен сендерге хан болдым, береке-таңбамыз болсын, көк бөрі ұрынымыз болсын. Аулағанымыз құлан болсын, теңіз шалқып, өзен ағып жатсын, көк тәңірі – қорғанымыз болсын, қолдарына найза алып, қалқан ұстандар!» - деп бұйрық етеді.

Қазақ арасында қасқырға деген көзқарас екі жақты болып келеді. Біріншіден, қазақ қасқырды тарихи тұрғыдан тотемдік жануар ретінде құрметтеген, бөрінің бейнесін туына салып ұран еткен. Мысалы, ақын Сүйінбайдың өлеңіне құлақ түрсек:

«Бөрі басы ұраным,  
Бөрілі менің байрағым.  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозып кетер қайдағым».

Екіншіден, қазақ қасқырды малдың жауы, жыртқыш деп білген. Әрі одан магиялық нанымға байланысты атын атаса, малға шабады деп қорыққан.

Қазақтың ата-бабалары өздерін осы Көкбөрінің ұрпақтарымыз дейді. Тек қазақ халқы ғана емес, бүкіл дүниежүзіндегі басқа халықтарда өздерінің шығу тегін аң-құстармен байланыстырады. Оны жоғарыда келтірілген мысалдардан байқауға болады.

Демек, тотемдік мифтердің басты мақсаты – көк бөрімен одан тараған ұрпақтарды мадақтау болса, ертегілердің басты мақсаты – ертегі қаһарманы өзекті пендені барша мұратына жеткізу, ал бөрі шығарманың шешімін жақындататын кейіпкер деп танығанымыз жөн.

Осы мақсатқа сәйкес бөрі бейнесінің әрқелкі көріністері туындап жатады. Мифтер мен тотемдерде «бөрі» жоғарғы сана иесі, құдіретті күш, қиыншылық кездерде жол көрсететін тәңірінің шапағаты ретінде өрнектеледі.

Ашинаға қатысты болып келетін мифтер мен аңыздар әртүрлі нұсқада көп айтылғандығына қарамастан, бұдан да көп, алайда, барлығының тарихи негізі бір арнаға тоғысады. Кезінде Шәкәрім қажы да өз шежіресінде Ергенекон, Бөртечине жөніндегі мифтер мен аңыздарға талдау жасап, өзінің көзқарасын білдірген болатын.

**Қорытынды.** Салыстырмалы дерек көздеріне сүйене отырып, түркі халықтары арасында айтылатын қасқырға қатысты мифтердің көпшілігі Түркі қағанатына дейін туып қалыптасқан деген тұжырымға тиянақтаймыз. Жоғарыда анықталған Бөрте-чиноның өмір сүрген кезеңі мен мысалға алынған мифтердің оқиға желісі бір мезгілге сәйкес келуі тарихи шындықтың сол кезеңде түйісетіндігін көрсетеді.

Аталған мифтерді саралай келгенде, қасқыр (бөріге) қатысты мифтердің арғы дәуірлерден б.з.д. III-II ғасырларда пайда болып, Түркі қағанатының құрылу қарсаңында түрлене түскендігін байқауға болады. Түркі халықтарының тотемі «Ашина – көк бөрі» жайындағы мифтер ортақ сюжеттерден өрбіп циклдық сипатта дамуына көне мифтің түрлену тұсындағы бір ғана тарихи тұлға – Бөрте Шене (Бөрте-чино) тағдыры өзек болған деген ойдамыз.

Саралай айтсақ, «көк бөрі мифінің» тотемдік ұғымға айналып, қазақ, қырғыз, алтай, монғол халықтарының ортасында кеңінен таралуы, әсіресе, фольклорлық сюжеттер, біріншіден, халық тарихының ортақтастығын танытса, екіншіден, рухани көркем ойлау жүйеміздің бір арнадан бастау алатындығын дәлелдейді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы, 1994
2. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы, 1985
3. Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. Алматы, 1985
4. Майтанов Б. Қасқыр және әлем заңдылығы. Жұлдыз, 2001 №1
5. Қалиұлы А. Көк бөріден көз жазбаңыз. Жас алаш, 2000
6. Әбіласан Ә. Көне сөздер құпиясы. Алматы, 1995
7. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984
8. Дербісалин Ә. Оғыз-наме. Мұжаббат-наме. Алматы, 1984
9. Наурызбаева З. Мифоритуальные основания казахской культуры. Алматы, 1994
10. Ыбыраев Ш, Әуесбаева П. Қазақтың митік әңгімелері. Алматы, 2002

## **АЛАШ ТҰЛҒАЛАРЫ ШЫҒЫС РУХАНИЯТЫ ТУРАЛЫ**

**Г. Тоқтар,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты,  
Алматы қаласы

Мұсылмандық тұрғыдан алып қарасаңыз, о бастан қиссаларымызда, дастандарымызда, әпсана-хикаяттарымызда, аңыздарымызда ислам дінін жамандап, даттаған жәйттар жоқ. Бұған себеп неде? Мұны қалайша түсінуге болады? Жүйеленген, бірізді дін мен дүниеге көзқарасы бөлек дінді салыстырыңыз. Исламдағы «табиғатты тында!» және «оқы, ағар, тазар»

деген сөздердің байыбына барыңыз. Білімге деген көзді ашатын, табиғат пен адамды байланыстыратын, адамзаттың жүрегіне нұр беріп, адамгершілік жолына сүйрейтін құдіретті күш – ислам діні. Төл әдебиетімізде, мұсылман ағартушылығында сахабаларымыз, пайғамбарымыз жасаған істері, Құран Кәрімдегі сүрелер мен аяттар, шарияттағы заңдылықтар жайында баяндалады. Мұнан біз рухани байыдық, адамгершілік мәселесін ту еттік. Ұлттық әдебиетіміздегі дін жәйін сөз ету сөз өнеріміздің ертеден келе жатқан бүгінге дейін жоғалмай жалғасқан ислами қарым-қатынас дәстүрінің ғылыми-теориялық тұрғысынан кеңеюіне, өркендеуіне жол ашады.

Діни бағытты ұстанған, қазақ оқығандары, ақын-жазушыларымыз Ислам нәрімен сусындап, шығармаларында парасат пен имандылықты насихаттаған. Олардың бағыттары, өмірге деген көзқарастары, көркемдік арналары, идеялық ұстанымдары да бірдей болған. Діни бағыттың қазақ жерінде кең етек жаюына байланысты XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басына қарай әлеуметтік-саяси негізге қарай ел ішінде сауатсыздықпен күрес, маужырап жатқан елдің оянуы, білім алуға деген құлшынысы пайда болды. Діннің келуі халықты тура жолдан адаспауды үйретті.

Мұсылмандық – ағартушылық ағым әдеби үрдіске ауыса бастады. Соның ішінде ұсұли-жәдит бағыты қалыптасты. Мектеп, медреселерде діни сабақтармен қатар ана тілі, есеп, география, тарих, орыс тілдері оқытыла бастады. Ал, осы жаңа оқу үлкен күрес пен тартыстың нәтижесінде ескі оқуды ығыстырып шығарды.

Ресейдің шығыс жағындағы хал-жағдай бұл кездерде жандана бастады, кітаптар шықты. Көптеген баспа орындары ашылды, кітап бастыру кеңінен етек алды. Халық ішінде бала оқытып, мектеп ұстаған көптеген молдалар өлең жазумен айналысты. Алайда, барлық молдалар ақындықпен айналысты деп кесіп айтпаймыз.

Елінің мәдениетті болуына, ұйқыдағы елін оятуға бар күшін салған прогресшіл ақындарымыз Мәделі қожа, Мұса, Ақмолла, Шәді, Әбубәкір, Нұржан, Мақыш сияқты ұлт жанашырлары бар күш-жігерін салды.

Ресей саясаты қазақтарды оқымаған надан, сауатсыз етумен шектеліп қоймай, тек ескі жолмен мұсылман дінінің шырмауында ұстауға тырысты. Сол себепті дін жолындағы адамға ерік беріп, әсіресе, дүмше молдалардың былығын көрсетпей, жауып отырды. Шығып жатқан кітаптарға қатаң тыйым салынды. Сондықтан сахабалар, пайғамбарлар, әулиелер туралы аңыз-әңгімелер басылып шығып отырды. Еліміздің көсемдері осындай патша саясатын өз заманында көздері көрген.

Алаштың заманынан аса түскен тағы да айтатын ерекшелігі – дін істері мемлекеттен бөлінген зайырлы, біртұтас демократиялық мемлекет болуы. Бұл турасында Әлихан дін істеріне кедергі келтірмеуді, дінді төмендетпеуін қадағалай отырып, елінің дамуын да қолға алып, тізгінді өзі иемденді. «Мен кадет корпусынан неге шықтым?» деген мақаласында Әлихан дін, дін ісі туралы нақты айтады. Біздің байлар молдаларға ақша беріп, молданың құлқынын ашады, сөйткен молда сымақтарымыз сатылып кетеді, ал мұнан рухани іс аяқ асты болады. Ескерту алған дүмше молдаларымыз хукіметтің артынан еріп кетеді. Тек қазақтар ғана емес қырғыздар да бірігіп дін ісін гүлдендірсе, өкімет ісінен бөлінген жақсы болады. Орыс тілінде оны «отделение церкви от государства» деп атайды. Кадет партиясы менің бұл айтқандарыма басқаша көзбен қарайды деп уайымдаған алаш ұлы дінімізді аяқ асты етпеуіміз біздің қолымызда. Дін деген ұлық нәрсе. Дінді төмендету – рухани жағынан надан болу дегенді білдіреді. Дініміз көркейсе – еліміз көркейеді.

Ертеректе біздің қазақтар молланы құдайындай көрген. Моллаға қарсы сөз айтуға қорыққан, қаһарына ұшыраймын деп. Кез-кезген сарт немесе ноғай молла бола берген. Ол моллалар біраз қаріф білсе болды, өздерін молламыз деп жариялай берген. Сондықтан балаларын да молладан оқытқан.

Ұлы Абай айтқандай «Саудасы – ар мен иманы» дініміз ақша табудың көзіне айналып кетіпті. Дінімізді өз ішімізге іріткі салып, тура жолдан адастырушылардан құтылуымыз керек. Халықтың өз дінін өзіне жиіркенішті көрсету ұстанымы жүргізіліп отыр (Дін туралы қабылданбай қалған ескі заң жобасы мен қолға алынып жатқан жаңа заңның сұлбасы солай

деуге негіз қалайды). Ә.Бөкейхановқа қатысты үнемі айтылатын «шоқыншы», «еуропашыл», мұсылмандыққа қарсы деген жаңсақ байбаламға байланысты айтарымыз мынау. *«Советтік жетпіс жылда біздің діни танымымыз толықтай тоқырауға ұшырап, өзіміздің мұсылмандық тарихатымыздан айырылып қалдық. Бізге бұйырылған жол – имам Ағзамның жолы ғой. Бұл туралы Абайдың 17 түрлі тәпсірлі түсінігі бар. Ол Абайдың «Имамсыздық намазда қызылбастар салған жол» деген түсінігімен тікелей байланысты. Қадыми дінишілдердің кесірінен мұсылман әлемі жаратылыстану мен өнеркәсіптік ғылымнан мүлдем ажырап қалды. Қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен, тәжіктер әлі де өнеркәсіптік ғылымды жаттырғап келеді. Соның нәтижесінде, XIX ғасыр мен XX ғасырда бүкіл мұсылман қауымы отарланып қалды. Соған қарсы мұсылман және түркі әлемінде жәдиттік ағым мен саяси күрес басталды. С.Асфандияров: «Алаш идеясының оянуына әсер еткен – жәдиттік бағыт пен күрес», - деп ашық жазған. Ал Өзбекстан мен Түркменстандағы 1927 жылға дейінгі созылған басмашылар соғысы – тек кеңеске қарсы соғыс емес, ол қадым мен жәдитшілердің арасындағы азаматтық соғыс болтын». Бұл пікір Тұрсын Жұртбайдың сол замандағы дін мәселесі совет кезеңінде біраз ақсаңдап қалғанын айтады. Алайда діннің ары қарайғы жалғасуына жәдитшілдік ағым негіз болды.*

Әлиханның Л.Толстойдан аударған «Сурат кофейнясы» шығармасында Конфуцидың шәкірті әр елден жиналған адамдардың «Құдай бар ма?» деген дауына тоқтам айтып былай деген екен: «Неғұрлым Құдайды жоғарғы ақылға салсаңыз, Құдайға жақын боласыз; Құдайға жақын болсаңыз, адамға кешірімді кісіні жақсы көретін боласыз. Құдай өзі адамды жақсы көреді. Мұның үшін дүниені толтырған күнді білетін кісіні кешсе керек, наданды, қойныңдағы жұмырықтай бұрқанын «Құдай» деген мұның бұрқаны да, өз ойынша күн яки Құдайдың бір жарығы мұның үшін дүниені толтырған күнді білетін кісі кешсе керек, һәш нәрсеге иланбайтын соқырды, тіпті жарық жоқ деген надандықпен». Құдай бар және ол жалғыз. Дініміз әр түрлі болғанмен, Құдайымыз бір. Жаратушымыз бір, баратын жеріміз де бір деп халықты тура жолға бастайды».

Біздің төл әдебиетімізге және мәдениетімізге дін, ислам діні зор ықпал етті. Ислам тек адам баласының ғана тазаруы емес, қоғамның, айналаның, күллі тіршіліктің тазаруына әкелді. Шығыстағы басты дін – Ислам діні. Қазақ әдебиетін, мәдениетін, әдет-ғұрпы, салт-санасын исламнан бөліп қарау мүмкін емес. Ислам дінінің әсерінен пайғамбарларымыздың хадистерімен, Құран сүрелерімен, аяттарымен таныстық. Пайғамбарымыз с.ғ.с. өзінің хадисінде: *«Кімде-кім ғылымды, ғұламаны сүйсе, жаннатта ол адам менің көршім болады»* делінген. Қоршаған әлемді, табиғатты тануды хадис пен аят, сүрелерден бастауымыз керек. Одан әрмен қарай адам қиас, мирас, әдістерін қолдану керек. Яғни ол әдістер бақылау, өлшеу, есептеу, зерттеу, салыстыру, тексеру, т.б. Ислам ғылымының бағыты осындай. Діннің келумін біз өзге елдің мәдениетімен, әдебиетімен, яғни араб, парсы, шығыс елдерімен тәжірибие алмастық. Сондай-ақ батыстан келген мәдениет пен әдебиет дінімізге еш зияны тимеу керек деген қағида Алаш қайраткерлерінің маңызды қағидасы болды. Алайда ислам діні қазақтар үшін күшті емес деп ойлаған орыс халқы қазақтардың рухани-мәдени ой-санасын орыс идеясымен толтырғысы келді. Бірақ діннен ағарып үлгерген халыққа бұл идеяның әсері болмады. Бұл жөнінде Ахмет Байтұрсынов былай деп тұжырым жасаған: *«Әдебиетіміздің көпке дейін өсе алмауына себеп – моллалардың дінді әдебиетке байлап, әдебиетіміздің, мәдениетіміздің дамуына тұсау болды. Сол кезеңде патша үкіметі қазақ халқы әлі буыны бекімеген шала мұсылман, сондықтан оларға христиан дінін қабылдатып, шоқындыруды көздеп, ноғай мен қазақтың арасына іріткі салады. Осының әсерінен, орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып қазақты екіге бөледі. Осы процестің салдарынан қазақ халқы орыстың арқасында Еуропа әдебиетімен, мәдениетімен танысады. Бұл бір жағынан қазақ үшін пайдалы іс болды. Еуропа әдебиетінің таныстығының арқасында Абай, Ыбырай, Шоқандар дүниеге келді», - деді алаш зиялысы Ахмет.*

Дін туралы пікір кеңес үкіметі кезінде айтылмайтын, Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Жазу әдебиеті» деген тараушасында біздің әдебиетімізде жазу діннің ықпалымен келген дейді. Дін туралы тыйым салуының өзіндік себептері болды. А. Байтұрсынұлының «Әдебиет



танытқышы» XX ғасырдың соңына дейін (1989) авторымен бірге репрессияға ұшырады. Ғалымның мына бір келесі пікірінің де бүгінгі күнде әдебиеттануға деген әсері зор: «Қазақтың өлеңді, сөзді сүйетін мінезін біліп, дінді халыққа молдалар үйреткен».

Діндар дәуір әдебиетінің жанрлары деп әдебиет теоретигі төмендегі жанрларды айтады: қисса, хикаят, мысал, насихат, мінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, терме. Асыл сөздің бұл жанрлық түрлеріне ортақ сипаттар былай деп анықталған: *«Шариғат шарттарын, бұйрықтарын өлеңді хикая, өлеңді әңгіме түрінде айтып, халықтың құлағына сіңіріп, көңілдеріне қондырған. ...Қожалардың, молдалардың ішінен Шортанбай, Ақмолда сияқты ақындар шыққаннан кейін, жазба сөздері бітегене дәмділенген»*. Олардың сюжеті туралы: *«адаспайтын жалғыз жол – дүниеге қызықпай, ақыретке азық жиі деу, ғұшыр (салық), зекет, пітір, садақа беру, жаназаға мал байлау, намаз оқу, ораза ұстау, қажыға бару жағынан ақыл айту бағыттары бәрінде де бірдей»*.

Қазақ оқығандары кез-келген істі қасиетті «бисмиллаһ – рахмани – рахим» сөзімен бастаған. Тіпті дана Абайдың негізгі өмірлік ұраны «Алланың өзі де рас, сөзі де рас». Қазақ хрестоматиясын жасаған Ыбырай Алтынсариннің балаларға арнап шығарған кітаптың алғашқы бетіне жазған «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің басындағы «Бисмиллаһ!» сөзін совет өкіметі алғызып тастаған. Біздің барлық Алаш қаламгерлеріміз Абайдан үлгі алған. Сондықтан да Абайды, оның шығармаларын зерттеп-тануға әу баста қарсылық танытып, қатаң тыйым салған. Бүгінгі күнде ол қатаң тыйым күшін жойған. Қазақтың барлық оқығандары болсын, ақындары, жазушылары «бисмиллаһпен» бастауы сол кезде қаланған ғибратты дәстүрді ұстануынан.

Алаштың қайраткерлері дінді тек шығармаларында қолданған жоқ, сондай-ақ өмірлерінде де қолданып, мұсылмандық ұстанымдары болды. Алаш зиялыларының өмірі, ғылыми, саяси істері мен көркем туындылары осыны дәлелдеп тұр. Бүгінгі тәуелсіз кездегі ғылым, алаш ғалымдары еңбектеріндегі қазақ елінің мүддесін, ұлттың тілі, діні, ділін қорғайтын текті ойларды өзіне қажет етуде.

Жалпы қазақ әдебиетіндегі шариғат көріністерін коммунистік жүйе билік құрған жылдарда дүниеге келген шығармалардан көптеп кездестіруге болады. Себебі әлімсақтан мұсылманмын деген қазақ баласының қанында бар дүниетанымды қандай жүйе болса да, түбегейлі жоя алмасы хақ.

## **Р. БЕРДІБАЕВТЫҢ «МАНАС» ЖЫРЫН ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ТЕОРИЯЛЫҚ-ТАНЫМДЫҚ ҰСТАНЫМДАР**

**С. Тлеубаев**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ф.ғ.к., доцент

**А. Бағашарова**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

«Манас» жырын зерттеуде Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұланнан соң тұщымды пікір айтып, сүбелі ойларын ортаға салған ғалымдарымыздың бірі – Р. Бердібаев. Әдебиеттану ғылымында көрнекті ғалымның осы тақырыпта жазған еңбегінің зерттеліп, зерделенуіне жеткілікті дәрежеде көп көңіл бөлінбей келе жатқандығы көңіл қынжылтады. Осы мәселеге аздап болса да үлес қосу мақсатымен ғалым еңбектерінің өзектілігі мен ғылыми-теориялық жолдарын талдауға мақаламызда кеңірек тоқталуды жөн көрдік.

Қырғыз халқының даңқы элемге жайылған эпопеясы «Манас» жырын қазақ фольклортану ғылымында дәстүрлі зерттеу нысанасы еткен ғалымдарымыздың бірі – Р. Бердібаев. Қазақ эпикалық әдеби мұраларын ұзақ уақыттан бері тереңдете зерттеп, қарастырып жүрген атақты ғалымның бұл жырға назар аударуы заңдылық еді. Ш.Уәлихановтан басталып М. Әуезов, Ә.Марғұлан жалғастырған манастану ғылымына әдеби

мұраны зерттеуде үлкен жетістіктерге жеткен, білімі мен тәжірибесі мол ғалымның бұл бағытта жұмыс жасауы құптарлық. Себебі, Орта Азиядағы көшпелі халықтардың ерте кездегі тұрмыс тіршілігінен, болмыс бітімінен жан-жақты хабар бере алатын бауырлас қырғыз халқының эпикалық мұрасы «Манас» жырының энциклопедиялық сипаты айырықша. Мұны ғалымның: «ғасырлар бойында алуан түрлі ақын, жыршы, жомықшылардың санасында сақталған, халықтың ең сүйікті мұрасы болып есептелген бірегей туындының қамтыған оқиғалық құрамы қандай мол болса, олардың бейнелеу ернегі де сан қырлы. «Манаста» қырғыз халқы замандар кеңістігінде бастан кешкен істердің көркемдік жиынтығы бар» [1, 123], — деп анық болжаған.

Жалпы телегей теңіз жырдың түрлі қырларын зерттеуде қазақ ғалымдарының алатын орны ерекше болуы, қазақ фольклортану ғылымында «Манас» жыры арқылы әдеби мұраны игерудің түрлі күрделі мәселелерінің көтерілгенін аңғаруға болады. Оған айқын дәлел фольклорлық мұраны зерттеудің лениндік теорияға сай әдіснамалық мәселелері қырғыз эпосы «Манас» туралы жиында /Фрунзе, 1952/ алғаш рет сөз болуы. Осы конференциядан кейін аталған мәселелер «қазақ эпосы туралы» айтыста /Алматы, 1953/, СССР халықтарының эпосы туралы /Москва, 1954/, «Алпамыс» туралы /Ташкент, 1956/ республикалық ғылыми мәжілістерде бүкілодақтық дәрежеде қарастырылды. Дегенмен әдеби мұраны игеруде ғылыми-зерттеу әдіснамасы, теориясы, тарихилық принципі біршама дұрыс шешілгені «Манас» жырына байланысты өткен конференция екенін мойындауымыз қажет. Бұл ретте Кеңес жылдарында «Манасты» алғаш рет түбегейлі зерттеген М.О.Әуезовтің орны айырықша екенін Р. Бердібаев атап айтады.

Манастану ғылымында бұған дейін жырдың генезисі, сақталу, жетілуі жолдары, сюжеттік оқиғалардың тарихи оқиғалармен байланысы, жомықшылар шығармашылығы, нұсқалары, көркемдік ерекшелігі, әдеби нұсқа жасау жайы тереңірек қарастырылған болатын. Ал қырғыз халқының эпикалық дәстүрі мен қазақ дәстүріндегі типологиялық үндестік пен ұқсастық аздап айтылғаны болмаса арнайы зерттеу межесі есебінде зерттелмеген еді. Ал ғалым өзінің осы еңбегінде аталған олқылықтың орнын толтыру мақсатында жұмыс жасаған. Тек қазақ пен қырғыз халқының эпикалық мұрасындағы ұқсастықты ғана қарастырмай, реті келгенде түркі-моңғол эпикалық аңыздарындағы көне де тұрақты сарындарды табуға ой жұмсаған. Сөз дәстүріндегі генетикалық және тарихи-мәдени туыстықты айқындауға талпынған. Сонымен қатар қырғыз эпосындағы қазақ тақырыбын алғаш сөз еткен Ә.Марғұланның бастамасын жалғастырып, оны тереңірек қарастыруға ұмтылады. Жырдағы мифтік, ертегілік ескі қабаттардан ұлттық наным-сенімді айқындайды. Және де манастану ғылымын дамытуға үлкен еңбек сіңірген М.Әуезов пен Ә.Марғұлан еңбектеріне қысқа тоқталып, бағасын береді.

Телегей теңіз көлемді жырдың барлық қыр-сыры толық ашыла қоймағанын ескерте келіп Р. Бердібаев: «Жырдың түрлі қырлары арнаулы зерттеулердің тақырыбы бола бермек. Бұл эпос жайында тек қырғыз ғалымдары емес, басқа ұлт өкілдері де өз ойларын ортаға салып отыруы табиғи. Әсіресе, «Манасты» дәстүрі жақын түркі халықтарының эпикалық шығармаларымен салыстыра тексеру жөнінде де атқарылатын істің құрамы кең болып көрінеді» [2, 120], — деп манастанудың күрделі мәселелерін көтереді. Зерттеуіне Сағымбай Оразбақұлының нұсқасын негізгі өзек етіп алып, аталған жұмыстың болашақ жүйелі ізденістерге саты екенін ескертеді. Жұмыстың басты өзгешелігі - ұлттық таным, тағылым мәселесін көтере білуі. Бұл еңбекке дейін қазақ эпикалық жырларының өз арасындағы іштей типологиялық үндестігін зерттеген ғалымның бұрынғы зерттеу еңбектерінде көп айтылмаған сындарлы ойлары осы еңбегінде ұлттық рух тұрғысынан үлкен мән беріле баяндалуын басты сипаты деп бағалауға болады.

Тағы бір айта кетер ерекшелік манастану ғылымында бұрын көбіне жырды зерттеу тәсілі жалпыдан жалқыға қарай зерттеліп жырдағы күрделі мәселелер көтеріліп отырған болса, Р.Бердібаевтың бұл еңбегінде жалқыдан жалпыға қарай зерттеу тәсілі қолданылып, жырдағы жекелеген ұқсастықтарды қарастырып қазақ пен қырғыз эпикалық дәстүріндегі типологиялық үндестікті ашуға тырысады. Әлеуметтік астары бар ертегі мен эпоста

кездесетін, үздіксіз жалғасып келе жатқан негізгі сарындарды айқындауда осы тәсіл арқылы жүйелі зерттеу жұмысын жүргізген.

Ғалым жырдағы типологиялық ұқсастықты зерттеу барысында жырдағы бас қаһарман Манас батырдың дүниеге келуінен бастап тоқталып, рет-ретімен шешуді басты назарда ұстап отырған.

Еңбекте алғаш сөз болатын мәселе Манастың дүниеге келу және жетілу жолындағы қазақ, қырғыз эпикалық дәстүрінде кездесетін ұқсастықтар. Олар баласыздық зары, ауыр қарғыс айту, түс көру мен түсті жору, жолбарыстың жүрегіне жерік болу, әйелі толғатып жатқанда ерінің сыртта жүруі, қан шеңгелдеп туылу, туысы бөлек ғажайыптық, той салтанаты, ат қою, жедел жетілу, жойқын соғыста он бір жасында көзге түсу т.б. Осы мәселелерді талқылау барысында ғалым тек ұқсастықтарды ғана іздестірмей салыстырулар арқылы аздаған өзгеліктерді де ескерген.

Ғалым назарын аударған жырдағы детальдың бірі – эпикалық мұраларда кездесетін баласыздық зары. Көне де тұрақты осы сарының қазақ эпикалық жырларының көбінде ұшырайтынын салыстырулар арқылы дәлелдеген автор «Алпамыс батыр», «Шора батыр», «Ер Сайын», «Айман-Шолпан» жырларынан мысалдар келтірген. Бірақ мұндағы бір ерекшелік қазақ жырларында жас қаһарманға қаратыла айтылатын /«Алпамыс батыр», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Төстік» т.б./ қарғыс сөздер жырда Манастың әкесі Жақыпқа айтылады. Аталған мәселені зерттеу барысында ғалым: «Қалай болған күнде де мұндай көріністің тасасында өмірдің терең шындығы жатады. Мұның өзі қазақ, қырғыз эпикалық дәстүрі мейлінше тектес, түбірлес екендігін сипаттайды,» [3, 99] - деп қорытынды түйін жасайды.

Жырдағы түс көру жайына тоқталған ғалым: «Жалпы түске сену – түркі-моңғол фольклорындағы өте көне ұғым көрінісі. Оның арғы түбірі бір есептен ескі анимистік түсініктерге де алып баратынын көреміз. Жақсы түс көрсе сүйсініп, жағымсыз түс көрсе шошынып, құдайы берушілік күні кешеге дейін орын теуіп келген әдет. Ал түсті елді жиып отырып жорыту бұны құдірет санаған, ежелгі ұғымның ыдырамаған кезінен елес бергендей», - деп ой түйеді. Түсті жору кезінде айтылған жыр үзіндісіндегі «ойратты басқан кісі екен» деген тіркеске тоқталып, жырдағы «ойрат» сөзінің жиі кездесетінін, ол мықтылықтың бейнесі, символы ретінде қолданылатынын айтады. Күшті бейнелілік сипатқа ие болған «ойрат» сөзінің әлі де тарихи-мәдени жағынан зерттеуді қажет ететіні осыдан аңғарылғандай.

Жақып бәйбішесінің жолбарыстың жүрегіне жерік болуына мән беріліп зерттеуде ол «Шора батыр» мен «Ер Сайын» жырларымен салыстырылады. Батыр бала туардағы толғақтың эпикалық өзгеше баяндалуын, бас қаһарманның ірі сомдалып, ғажайып түрге бөленуін автор классикалық эпосқа хас қасиет деп көрсеткен. Сонымен бірге эпикалық мұраларда көп кездесетін әйелі толғатып жатқанда ерінің сыртта жүруін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Мұңлық – Зарлық» жырымен салыстырады. Сөйтіп бауырлас халықтардың мұрасындағы іштей үндестік, философиялық, психологиялық, этикалық, салт-сана, дәстүр, наным-сенім тұрғысынан да көрініс берілетіні дәлденеді.

Дүниеге келген жас сәбидің қан шеңгелдеп тууын автор Шыңғыс хан мен өзбек эпосы «Рүстемханнан» және бертінгі Абылайханның баласы Қасымханның басынан кездескеніне көңіл бөліп, оны ескі ұғым бойынша жас сәбидің келешекте жауынгер, батыр, ел билейтін әкім болатынын сездіретін белгі деп санайды. Ал жас сәбидің ғажайып халде жедел жетілуін эпикалық аңыздаудың көпшілік белгісі деп оның қалмақ эпосы «Жәңгір» мен бурят жыры «Сэсэрде» де кездесетінін, ал оның ұзақ та толық суретін саха халқының олонхолорынан табуға болатынын тілге тиек етеді. Манас туылғанына орай жасалынған той салтанатының қазақ жырларында кездесетінін айта келіп; «Бір байқалатын нәрсе - қырғыз жырында эпикалық әсірелеу қазақ эпосына қарағанда мол ұшырайтындығы. Тілдік кестесі жағынан қазақпен егіз туыстай қырғыз жыры бұл тараптан алғанда алтай, саха эпикалық дәстүріне жақынырақ. Алтай жырына «Маадай – Қарада» «жетпіс жылдай жырғалу, тоқсан жылдай той қылу» секілді тіркестер кездесе беретін. Біз бұл арада Сібірдің түркі - моңғол халықтары аңыз, жырының стадиялық көнелігін айтып отырған жоқпыз, теңеме баламаларындағы ересен ірі салыстыруларды ғана еске аламыз», - деген пікір білдіреді. Бұл манастанушы М.Әуезовтің

«Манастың» шығу тегі жайында мәселе қозғағанда бір кезде жазу-сызуы болмаған, көшпелі тұрмыс кешкен қырғыз халқының көп ғасыр бойына берекелі тұрақтылығын сақтаған фольклорлық, эпостық дәстүрлерін де есте ұстау қажет. Сол этникалық әлеуметтік-тарихи ортаның өзгешеліктеріне сәйкес келетін әрі соның өмірлік факторларынан шығатын бұл дәстүрлер де эпос жанрының өзі сияқты көне көшпелі тіршілік туғызған киіз үй қандай көне болса, о бұл дәстүрлерде сондай көне» [4, 44], - деген пікірімен сабақтасып жатыр.

Ғалымның жырдағы кездескен жаңа туған балаға ат қоюшы адам емес, қасиетті, киелі, күшті диуана болуына көп көңіл аударуы да М.Әуезов пен Ә.Марғұлан еңбектерімен сабақтасып жатыр. «Манас» деген сөздің мағынасы да толық ашылып түсіндірілген емес. Мұның тура этимологиялық мәні өз алдына, ал жалпы мағынасы ерекше туған тендесі жоқ дегенің символы болып кеткен» [5, 244], – деген пікірінен Манас есімінің әлі де толық зерттелуі қажеттігін көтергендігін аңғарамыз. Сонымен қатар ғалым қаһарманның ерекше туысы құдірет жебеуімен пайда болады деп ұғынылатын партеногенезистік нанымды да жоққа шығармайды.

Ғалымның назарын аударған саланың бірі – бас қаһарман Манас батырдың жетіліп өсу жолындағы соғыстары. Манастың болашақ тағдырын көрсету үшін жырда оның алғашқы ерліктерін кең көлемде суреттеуді аса қажетті көркемдік тәсіл ретінде бағалаған автор оған тереңірек тоқталады. Осындай жойқын соғыс салатын Манастың жасы он бірде болуын эпикалық әсірелеу заңдылығына қайшы келмейтін көрініс деп бағалап көшпелі халықтардың эпикалық дәстүріндегі тұтастықты айқындайды. Шыңғыс ханның Отырарға жіберген жасыран жансыздары саудагерлер болғаны мен Манас еліне қытай елінен келген саудагерлердің суреттелуін тарихи шындықтың оқиғалы желісі есебінде қарастырған. Манастың бірінші кітап соңында елдің көзіне түсіп, атағы алысқа кетіп 15 жасында хан болуын тарихқа қиғаш десе де оның өзіндік сыры болуға тиіс деп, одан алыс замандар ақиқатының елесін аңғаруға тырысқан.

Автордың тағы бір жеке дара тоқталған кейіпкері жырдағы Манас батырдың жары Қанікей, Атақты ғалым Ә.Марғұлан жырдағы эпикалық сарынның әсірелегіш әдісін көп стадиялық сипатын танытуда Қанікей қызға тоқталып: «Тегінде ежелгі заманның алып ері Манастың туу бастағы эпикалық жұбайының аты жырда ұмытылған болу керек... Қанікейді алсаң – ол тарихи адам, Тоқтамыш ханның атақты қызы. Ол жалғыз Манаста емес, ноғайлы-қыпшақ жырының көбінде кездеседі» [6, 71], – дей келе Қанікей қыздың Манастың жұбайы болуына шек келтірген. Жомықшыларды жырдың канондік текстін сақтамағанын, қадірлемегенін сынайды. Ал Р.Бердібаев Қанікейдің өмір сүрген тарихи кезеңіне тоқталмай оның портреттік бейнесінен Қыз Жібектің эпикалық үлгісін көреді. Ал біздің ойымызша қазақ, қырғыз эпикалық дәстүрінде типологиялық ұқсастықты көрсететін Қанікей бейнесіне әлі де терең зерттеулер қажет.

«Манас» жырының жан-жақты қалыптасып, даму дәуірін Ш.Уәлиханов, М.Әуезов және Ә.Марғұлан эпикалық мұраларының көбіне ортақ ноғайлы дәуірі деп есептеген. Бұл пікірді Р.Бердібаев та қолдап өтеді. Жырдағы Манастың әкесі Жақыптың кейде қырғыз, кейде ноғай болып суреттелуін зерттеуі осыған дәлел. Ғалым пікірінше, ерте кезде жырда аталатын рулардың көбі өз алдына дербес елдер болған. Мысалы найман, қоңырат, үйсін т.б. жеке дара елдер болған. Ал жырда қазақ ноғай ұлысы құрамында белгілі көне рулармен қатар атала береді. Осы жерде М.Әуезовтің жырдағы Манас бейнесінен ұйғырдың астанасын жаулап алған Яғлаһар бейнесін аңғаруын айтып өткеніміз дұрыс секілді. Ғалым Р.Бердібаевтың пікірінше аталған көне рулар қазіргі қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының құрамында да бар. Олардың әр түрлі халықтар санатында жүруі, бірігуі кейінірек. Осындай аралас-құраластықты, тарих тереңіндегі шындықты эпос өзіне ғана тән батыл еркіндікпен елестете алған. Зерттеуші жырдың осы сипатын тарих ізін шежірелемегенімен, үлкен өзегінен адаспайтын даналығы, деп бағалайды. Жырдың өзіндік ерекшелігін тани білген ғалым пікірі ғылыми-зерттеушілік бағыттағы тарихилық принципінен айнымағандық белгісі.

Жырдың тағы да бір өзіне тән көнелілік сипаты – Орта Азияны мекен еткен түркі халықтарының жауы қытай хандарымен болған соғыстарды жырлауы. Ұзақ дәуірлік кезеңді қамтыған осы тарихи оқиғалар туралы тарихи деректер мен аңыз-әңгімелер жеткілікті.

Мысалы тасқа қашалып жазылған көне түркілік жазулар осыған айғақ. Бірақ басқа түркі халықтар әдеби мұрасын былай қойғанда қазақ эпикалық шығармаларында аталған тарихи оқиғалар көп сақтала қоймаған. Оның орнын бертінгі дәуірдегі қалмақтармен болған соғыстар алмастырып отырған. Ал «Манас» жырында Қытаймен арадағы тайталас тіршілік тек қырғыз ғана емес, жалпы түркі халықтарының ортақ тағдыры екені жырдың өне бойынан көрініс береді. Әсіресе, Көкөтай ханның асына келген қытай хандары Жолай мен Қоңырбайдың түркі халық өкілдерін менсінбей, олардан өздерін жоғары санап тойдың шырқын бұзуы кезінде айқын көрінген. Олардың бәлігін тек қана Манас басады. Осыған дейін қытай хандарынан келген жазалаушы қосындарда талқандаған манастың қол астына біріккен көп рулардың басты мақсаты ортақ жау қытай хандарына соққы беру, сөйтіп жырды жырлаушы жомықшылар тек романтикалық сарынмен ғана жырлай бермей, жырдың негізі сюжеттік оқиғасының өзегін тарихи шындықтан алып, реалистік түрде баяндап, Манастың билік жолына көтерілуінің эволюциялық өсуін жасаған. Кезінде мұны М.Әуезов үлкен мәселе етіп көтеріп, жырдың пайда болу кезеңін жазба құлпытастардағы жазбалармен салыстырып отырып айқындау қажет деген болатын.

Ал Ә.Марғұлан аталған мәселені тарихи-мәдени мектептің принциптеріне сүйене отырып кең көлемдегі деректі материалдарымен шешіп берген еді. Осы зерттеу еңбектерінің шығу кезеңіндегі сынға ұшырауын кеңес заманының әдеби мұраға деген көңіл салқынын өз көзімен көрген Р.Бердібаев жырдың өзіндік сипатын зерттеуде ұлттық рух, ұлттық идеялық мақсатын басты назарда ұстаған. Мысалы автордың: «Жалпы түркі елдерінің ортақ мұқтажын түсініп, сыртқы жаулармен айқасқа шығуын, осы жолда жеңіске жетуін көрсетуі, жырдың аса мықты идеяларының бірі. Ерте заманның жыршысы неге қырғыз, қазақ, ноғай, өзбек, қарақалпақ, алтайлық бірлігін серпінді түрде толғаған деп күдіктенудің ешбір негізі жоқ. Тіпті қайсыбір кезеңде ондай бірлік болмағандығының өзі эпостың нұрлы мұратын теріске шығара алмайды. Эпос – болғанның көшірмесі емес, болуға тиісті арман, үміт, құбылыстарды, тарихи оқиғаларды халықтың өзінше түсініп, бағалауының да көрсеткіші» [2, 101], – деген пікірі бұрын манастанушылардың заман талабынан аса алмай, еркін айта алмаған мәселелері.

Ғалым еңбегінің ішінде жырдың өзіне тән ерекшелігі болып саналатын келесі мәселелер – жырдың көнелілік белгісі. Әдет-ғұрыптар, соғыстық әдіс-тәсілдер. Бұл мәселелерді зерттеу нысанасы еткенде ғалым қазақ, қырғыз эпикалық мұраларының арасындағы типологиялық ұқсастықтарды келтірмейді. Жырдағы мифтік, ертегілік ескі қабаттардың шынайы өмірмен қатарласып берілгеніне қайран қалған автор тек Ә.Марғұлан келтірген ұқсастықтарды айтумен шектеледі.

Жырдың көнелілік белгісі туралы Ә.Марғұлан: «Патриархал қауымының әлеуметтік тұрмысы, жора-жосыны, өлікті қадірлеумен байланысты дәстүрлері қоштасу, естірту, жоқтау, аза тұтып қайғыру, жылау, қадірлеп шығарып салу, басына белгі орнату, ас беріп, той жасау, сойыс қылу - бәрі бұрынғы көшпелі сақ, ғұн, үйсіндерден бері қарай қазақ пен қырғыз халқына дейін жеткен тарихи жоралар» [6, 95], – деп оған жырдан көптеген деректер келтіреді. Мысалы «түсі түкті жер ұрсын, төбесі ашық күн ұрсын» деп қорғану, жалаңаш әйелдің көп алдында інгенді шешіп алуы, Манастың қасында қырық шорасы болуы, жер астына түсіп шыққан Ер Төстік пен оның тұлпары Шалқұйрықтың жырда жиі кездесуі, көне соғыс әдіс-тәсілдері, жау қолында қаза тапқан Алмамбеттің сүйегін ұйық жер Таласқа әкеліп қою т.б.

Ал Р.Бердібаев жырдың көнелілік белгісін қарастыра отырып, жырдағы қиял-ғажайыптық, зооморфтық жан иелеріне тоқталады. Жырдан төмендегі үзіндіні мысалға келтірген.

Маңдайда бар көздері,  
Басып жүрген айуандай,  
Мылқаудан жаман сөздері.  
Байқап адам түсінбес,  
Былдырлаған сөздері.  
Адам десең айуандай,  
Әр біреуінің мүйізі,

немесе, «Ергежейлі, италы, Қатыны адам, еркегі ит, Хабарын ұқтым мен оның Оларға хабар салмасын, Зор бейнетке қоймасын, Қара қырғыз баласын» /III, 14/ «Аяғы адамдай бөлінген, Басы балық көрінген, Баяндас деген бірі бар...» /III, 15/23. Зоогенетикалық жағынан көп зерттеуді қажет ететін жырдағы осындай ерекшеліктерді мәселе етіп көтерген автор «жеті жүз мың жылқысы, жеті жүз екен жылқышы», «тоқсан мың жігіт жидырып, таудан ағаш кидырып» деген секілді көріністерді шарықтаған эпикалық қиял жемісі санап: «Жыршы қандай мәселені айтса да, шегіне жеткізіп, сондай болғанына өзі имандай сеніп сөйлейді. Эпикалық ортаның жер жаһанды жалғыз өзі жайлағандай суреттелуі оны мифтік дәуірдің жеке дара ілкі адамдарына да ұқсатып жібереді. Нақтылы адам туралы сөз болып отырса да, мұндағы қаһарман моделі көне ұғымдармен жалғасып жатыр» [2, 122], – деген баға береді. Сонымен қатар бәйгеге қосылған жүйріктің бірі Шалқұйрықтың жердің астына түсіп шыққан ат болып суреттелуін дүниенің құрылысы үш қат әлемнен тұрады деген мифтік дәуір түсінігі екенін айтады. Бұл аталған мәселелердің барлығы автордың типологиялық әдіс арқылы және тарихи-мәдени мектеп пен мифологиялық мектептің жаңашыл зерттеу әдісімен жырдың қазақ эпикалық дәстүрімен туыстығын және өзіндік ерекшелік сипаттарын танытқан үлкен үлесі деуге болады.

Манастанушы Р.Бердібаев бұл еңбегінің екінші тарауы «Манастануды» биікке көтерген» деген тақырыппен алынып, жырды кең көлемде зерттеген М.Әуезов пен Ә.Марғұлан еңбегіне баға беруді көздейді. Бірінші М.Әуезовті кейін Ә.Марғұланды зерттеу нысанасы етеді.

Манастану ғылымын Ш.Уәлихановтан кейін дамытуға күш жігерін жұмсаған М.Әуезовтің еңбегін автор: «М. Әуезов бұл зерттеуінде жырдың пайда болуы мен дамуында манасшы жомықшылардың рөлі эпикалық жырлардың тұлғасы, эпикалық орта, жыршылық мектеп, эпостық полистадиялығы, генезисі, жырда тарихи оқиғалардың елес беру дәрежесі, типологиялық және поэтикалық мәселелері жайында байсалды тұжырымдар жасады» [5, 54], – деп бағалап олардың біразына қысқа-қысқа тоқталып өткен. Манастанушы М.Әуезовтің Сағымбай Оразбақов пен Саяқбай Қаралаевтың өнеріне зер салғанын осы арқылы жырды айтушыларды екі топқа бөлгенін, жырдың табиғи тұмысын мінездеу мәселесін көтергенін, жырдың тақырыптық жүйесін топтағанын, жырдың барлық нұсқаларында кездесетін ортақ тексін тапқанын т.б. атап келіп, оларға қысқа түсініктемелер беріп отырады. Эпикалық орта мен оның әсері деген мәселені алғаш көтерген ғалымның пікірін қуаттай отырып, жыршылардың сөз өнерін өздеріне ғайыптан келіп «қонады» дегеніне Ж.Жабаевтың ақындық дарынына «ие» жолбарыс бейнесін мысалға алып, қазақ, қырғыз жыршыларының ортақ төтемдік сенімі көріне беретінін дәлелдейді. Жырдың гепозисіне байланысты ұтымды ойлар айтқан М.Әуезовтің зерттеу тәсілін: «Зерттеуші бұл арада фольклортанудағы белгілі бір белес болып табылатын «тарихи мектеп» қағидаларына ден қояды» [5, 60] – деп анықтап өтеді. М.Әуезовтің қырғыз эпосымен Орхон жазбаларындағы сарын арасынан, Күлтегін мен Манас бейнесінен ұқсастық іздегенін айта келіп, бұл әлі де зерттеуді қажет ететін мәселе екенін айтады.

Бұдан кейін автордың көп тоқталған мәселесі М.Әуезовтің 1952 жылғы Бішкек қаласында өткен конференцияда сөйлеген сөзінің ғылым алдындағы тарихи-әдеби мәні туралы «Парасат салтанатындай» болған шыншыл тебіреніске толы ғалым сөзін: «Қырғыз эпосының басына қауіп төніп, оны феодалдық идеология туындысы деп «бақылаушылардың» үні өктем шығып тұрған қатерлі шақта бұл ескерткіштің халықтық бітімін дәлелдеп, әрі ғылыми, әрі азаматтық ерлік көрсету оңай емес еді», - деп бағалайды. Оның себебін: «Елуінші жылдардың бас кезінде кейбір фольклоршылар ғылымның объективтік талаптарын ұмытып бірсыпыра эпосты түгелдей мансұқтап тастауға жақын келген еді. Олар эпос пен тарихи оқиғалардың екеуі мүлде алшақ жататынын, эпос өмір оқиғаларын өз шарттарына

бағындырып алатынын ескермеді, қаһарман байдың баласы болса, жырды да байшылық идеология жаратындысы деп төте тұжырым жасады, осы дақырттың салдарынан бірталай эпикалық аңыздаушылар «сын» нысанасына алынды, оқу бағдарламаларынан шығарылды, кейбір зерттеушілерге саяси кінә тағылды. Міне, осындай жағдайда «Манас» эпосына арналып өткізілген конференцияда міндеті оңай болмағаны белгілі», [7, 33] – деп түсіндіреді. Шоқан жазып алған жыр үзіндісі «Көкетай ханның ертегісін» архив қойнауынан табуын, оны зерттеуін азаматтық ерлік деп бағалаған Р.Бердібаев ғалым еңбегінің төрт таруына да тоқталып келіп: «Аталған тараулардың қай қайсысында да оқушы ойын байыптарлық деректер, салыстырулар, білікті болжамдар мол. Тек әдебиетші немесе тарихшы көзімен қарап қоймай автор қоғамдық ғылымның түрлі саласын меңгерген оқымысты биігінен шолып, терең талдауларға барады. «Манасты» тікелей зерттей отырып, Орта Азия халықтарының тарихына ортақ қаншама құбылыстар заңдылығын ашады», [7, 44] – деген жалпы сипаттама береді. Қазақ фольклортану ғылымында манастану мәселесіне назар аударған Р.Бердібаев кейінгі еңбектерінде де жырға байланысты зерттеулер жүргізіп пікір білдіріп отырды. Бұл еңбектеріне тән басты бағыт манастану ғылымы арқылы түркі халықтарының, оның бір бұтағы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі, фольклорындағы ортақ сарындарды, этникалық типологияны тануға болатынын ескертіп отыру. Қазақтану көлемімен шектеліп қалмай бүкіл түркілік көлемге көтерілу, осы арқылы түркі халықтарының бүкіл адамзаттық рухани қазынаға қосқан үлесін салмақтау. Бұл Шоқан, Мұхтар, Марғұлан мұрат еткен ұлы жолды қазіргі заман, қоғам талабымен үйлестіріп жалғастырудың жарқын көрінісі.

Р.Бердібаев бұл аталған еңбектерінде манастанудың негізгі мәселелерін көтерді. Оларды төмендегідей топтастыруға болады:

1. «Манас» жырының тарихын тереңірек қарастыру мәселесі. Бұл ретте ғалым жырдың шығу кезеңі деп айтылып жүрген 1000 жылдық тарихы шартты ұғым деп санайды. Ондағы түркі қағанаты кезіндегі оқиғаларды ескеріп М.Әуезов, Ә.Марғұлан зерттеулеріне сүйеніп Р.Бердібаев жырдың тарихы мыңнан да асып жығылады дейді. Оған мысал ретінде жырдың көпқабаттылығындағы тіл кестесіне, көне наным-сенімдерге, түрік халықтары шежіресінің тұтас бір дәуірлік сипатта берілуіне назар аударады. Бұл орайда жырдың эпостық генезисін, түп тарихын анықтауда әлі де зерттеулер жасау қажет санайды. Себебі жырда ашылмаған жұмбақтар әлі де көп.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүргізу үшін ғалым жаңашыл зерттеу еңбектері, монографиялар керек екенін сездірген. Автор пікірінше кеңестік дәуірде жазылған еңбектердің дені кеңес «заңдылықтарының» мүддесінен шыға алмаған еңбектер. Сондықтан екі мың жылдық тарихы бар әдеби ескерткішті жекелеп те, топтап та зерттеулер жүргізе беру қажет. Себебі фольклортану ғылымы атқаратын істің шеңбері кең, тақырыбы сан тарау, келешегі зор.

2. Ғалымның пікірінше жалпы түркі халықтарының тарихын жазу үшін түркі тектес халықтардың әдеби мұрасындағы туыстық түсінік зерттелуі керек. Себебі түркі халықтарының тарихы толық жазылып біткен жоқ. Сол олқылықтың орнын солардың фольклоры мен жазба әдебиетіндегі мағлұматтар толықтырады. Бұл орайда Ә.Марғұлан нұсқаған ғұндар бірлестігіндегі олармен туыс үйсін, қаңлылардың одақтастығы кезеңдері оқиғалар жырмен байланыстырыла қарастырылуы қажет. Аталған мәселеде «Манас» жырының да құнды сипаттарға ие екені ескеріліп отырған.

3. Түркі халықтарының туындылары, оның ішінде «Манас» жырын да өзге тілге аударып, ғылыми тексін жасап, мәнін ашуды сөз етті. Себебі жыр өзінің көпқырлы қасиетімен жұртшылық назарын аударып келеді. Бұл бағытта ғалым Ш.Айтматовтың «Көне түркі әдебиетін мектептен бастап үйрету керек» деген бастамасын қолдайды. Сонымен бірге ғалым Бартольдтың Орта Азия халықтарының ежелгі тарихын білу үшін қытай тілін, орта ғасырлардағы халін тану үшін араб, парсы тілдерін білу қажет деген пікірін қуаттап мамандар дауындау міндет дейді.

4. Жырдағы көзкамандар мәселесін зерттеп халық бірлігін, игілікті жолдағы асыл мүдделерін бұзатын алауыздық, күншілдік туғызатын, өз халқына қарсы дұшпандық

әрекеттерге баратын жат мінезді адамдарға көзкамандар деген ат қойып тілдік қолданысқа жаңа термин енгізеді. Ғалым пікірінше мәңгүрт – оң-солын білмейтін милау, миғұла адам. Ал көзкамандық мәңгүрттіктен анағұрлым залалды. Олар еліне сапалы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер.

Көзкамандар оқиғасы қазақ ғалымдары М.Әуезов пен Ә.Марғұланды да қызықтырған. М.Әуезов ежелгі заманда көмөндар (құмандар) деп қыпшақтарды атағанын, яғни эпос шыққан кезде көмөндар (қыпшақтар) қырғыздармен көрші тұрған деген пікір білдірген. Олардың қаскүнемдік сипатын атай келіп бұл хикая кейінірек, рулық құрылыста қайшылық туып, коллективтің төменгі қалың көпшілігі ру билеушілеріне қарсы антогонистерге айнала бастаған кезінде қосылуы мүмкін дейді. Ал, ғалым Ә.Марғұлан көзкамандар оқиғасын қытай ортасында болып, өзінің ана тілін, отанын, елінің дәстүрін ұмытқан, көлгірлікпен күн көру жолына түскен және солардың арандатуымен өз еліне қарсы шыққан қаскүнем адамдар деп олардың тарихын ерте кезден, Түркі қағанаты мен қытай арасындағы қарым-қатынастан іздейді. Бұл мәселелерге қанық Р.Бердібаев мұндай жағдайлардың қазақ пен қалмақ арасындағы оқиғаларда да болғанын, оның қазір де ел арасында көрініс беріп жатқанына өкінеді. Бұл бағыттағы жұмыстар халқымыздың ортақ мүддесіне қызмет ететін және ұрпақты баулуда әдеби мұраның тәрбиелік мәні зор екенін көрсетеді.

5. «Манас» жырындағы қазақ тақырыбына зерделеу жасайды. Эпоста қазақ-қырғыз туыстығын көрсеткен оқиғаларға тоқталады. Аталған қазақ руларының ерлік істерге араласуын тарихи шындық деп бағалайды. Көкшенің Манасқа кейде одақтас, кейде қырық шораның бірі болып суреттелуін қарастырады. Жырдағы «Алмамбет оқиғасы» Ә.Марғұлан пікіріндей қазақ еліне арналған деп қорытындылайды. Осындай ерекшеліктің барлығын тұжырымдай келіп «Манасты» түрік бірлігін жырлаған ұлы эпос деген шешімге келеді. Сондықтан жырдың даңқы мен ғибратын арттырған, шынайы табиғатын түсінген зерттеушінің бұл пікірлері үлкен ғылыми мәселеге ие екенін ескерткіміз келеді.

6. Ғалымның манастанудағы жеткен жетістігінің бірі өзіне дейінгі Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан секілді ғалымдардың еңбектеріне баға беріп өтуі. Бұған дейін фольклортану ғылымының манастанудағы өнімді еңбектері жекелеген тақырыптарға, белгілі бір ғалымның еңбегіне байланысты ғана қарастырылған болса зерттеуші Р.Бердібаевтың еңбектерінде тұтас қамтылып ұлттық ғылымымыздың қол жеткізген табыстары сараланады. Бұл уақыт өткен сайын ғылымның жүріп өткен жолына назар аудару, болашақ ғұмырына болжам жасау бағытындағы жасалынған саналы жұмыс. Сондықтан манастанудағы ұлттық ғылымымыздың табыстарын қазіргі тәуелсіздік жағдайы тұрғысынан жаңаша саралауға, бағалауға маңыз берген ғалымның еңбегі құрметке лайық.

7. Кең құлашты «Манас» жырын зерттеген ғалым бүгінгі манастанудың зерттеу бағыттарын да көрсетіп берді. Әлемдік адамзат қауымына түркі халықтарының да рухани ескерткіштер қосқанын дәлелдеу үшін Байқалдан - Балқанға дейінгі түркі халықтарының рухани ескерткіштерін насихаттау керек дейді. Ал оларды тарихи-этнографиялық, тарихи-мәдени жағынан зерттеп салыстырмалы-тарихи, жүйелілік, тұтастық әдістерін қолдану керек екенін көрсетеді. Бұл ретте қазақ фольклортану ғылымы да бауырластықтың, туыстықтың асыл үлгісін қалыптастырған Шоқан, Мұхтар, Марғұлан дәстүрін жалғастырып атсалысуы қажет деп санайды. Сонымен бірге Шоқан еңбегін ардақтап «Сапташ» конференциясын өткізіп отырған қырғыздардың фольклортануға деген құрметі қазақ ғалымдарын ойландыруға тиіс деп ескертеді. Осы арқылы туысқан қазақ-қырғыз фольклортану ғылымының бір-бірімен баянды жұмыс жасап, Шоқан бастап кеткен істі жаңа сапаға, биік деңгейге көтеруін тілейді.

Ғалым еңбегінің тағы бір ерекшелігі манастану ғылымында бұрын көбіне жырды зерттеу тәсілі жалпыдан жалқыға қарай зерттеліп жырдағы күрделі мәселелер көтерген болса, Р.Бердібаевтың зерттеуінде жалқыдан жалпыға қарай зерттеу тәсілі қолданылып, жырдағы жекелеген ұқсастықтарды, қазақ пен қырғыз эпикалық дәстүріндегі типологиялық үндестікті ашуға тырысқан. Әлеуметтік астары бар ертегі мен эпоста кездесетін, үздіксіз жалғасып келе жатқан негізгі сарындарды айқындауда осы тәсіл арқылы жүйелі зерттеу жұмысын жүргізген.



Түйіндей келгенде, «Манас» жырын қазақ және басқа да түркі халықтарының эпикалық жырларымен типологиялық жағынан салыстыра, салғастыра зерттеген белгілі фольклортанушы ғалым Р.Бердібаевтың манастанудағы ғылыми зерттеу еңбектері қазақ фольклортану ғылымына, қала берді түркітану ғылымына қосылған күрделі, үлкен еңбек. «Манас» жыры арқылы ғалым ұлттық таным, тағылым мәселесін көтеріп, түркілік ғылым алдына басты-басты өзекті зерттеу салаларын көрсете білді. Ұлттық фольклортану ғылымын түркілік деңгейге көтеруге атсалысты. Ғалым еңбегінің даңқы мен ғибратының басты сипаты осындай ерекшелігінде деп білеміз.

Қазақ фольклортану ғылымында манастану мәселесіне назар аударған Р.Бердібаев кейінгі еңбектерінде де жырға байланысты зерттеулер жүргізіп пікір білдіріп отырды. Бұл еңбектеріне тән басты бағыт манастану ғылымы арқылы түркі халықтарының, оның бір бұтағы қазақ халқының тарихы мен мәдениетіндегі, фольклорындағы ортақ сарындарды, этникалық типологияны тануға болатынын ескертіп отыру. Қазақтану көлемімен шектеліп қалмай бүкіл түркілік көлемге көтерілу, осы арқылы түркі халықтарының бүкіл адамзаттық рухани қазынаға қосқан үлесін салмақтау. Бұл Шоқан, Мұхтар, Марғұлан мұрат еткен ұлы жолды қазіргі заман, қоғам талабымен үйлестіріп жалғастырудың жарқын көрінісі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995. – 350 б.
2. Бердібаев Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.
3. Бердібаев Р. Байкалдан Балқанға дейін. – Алматы: Ғылым, 1996. – 334 б.
4. Әуезов М. Шығармалары. II т Алматы: Жазушы, 1984.. – 328 б.
5. Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 427 б.
6. Марғұлан Ә.Х. Шоқан және «Манас». – Алматы: Жазушы, 1971. – 164 б.
7. Бердібаев Р. Түбі бір түркіміз. Астана: Фолиант, 2002. – 344 б.

## **Т. МОЛДАҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

**А.Калдарбекова**

Әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті,  
докторант, Алматы қаласы

Қазақ әдебиеті тарихында өткен ғасырдың 60-80-жылдар аралығы аса жемісті болды. Осы жылдары саяси өмірде орын алған аздаған «жылымық» белгілі бір деңгейде рухани еркіндікке жол ашып, дарындардың өз таланттарын әр қырынан көрсетуіне мүмкіндік берді. Осы кезеңде балалық шақтары Ұлы отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келген таланттар шоғыры әдебиетке келіп, қазақ прозасы мен поэзиясының көрігін қыздыра түсті. Тобымен келіп, топ жарған Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, С.Жиенбаев, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов, М.Шаханов т.б. ақындар шығармашылығы жайында Мұхтар Әуезовтің «Өнердің жаңа жас қайраткерлері келіп, қазақтың музыка, живопись, поэзия өнеріне жаңа бір жыл келгендей жақсылық әкеле жатқан сияқты» деп жазатыны да осы кез болатын [1, 4 б.]. Осынау талантты шоғырдың ішінде сыршыл да сезімтал лирик ақын ретінде танылғандардың бірі – Т.Молдағалиев.

Т.Молдағалиевтің «Студент дәптері» атты алғашқы өлеңдер жинағы 1957 жылы жарық көрді. Осынау алғашқы жинағынан-ақ өзіндік үні, дара стильдік қолтаңбасы көрінді. Қазақ поэзиясына жүрек соғысы, қан тамырының ырғағы бөлек ақынның келгені байқалды. Бұдан кейінгі жылдары «Кәмила», «Көктем таңы», «Алатау қызы», «Ферюза туралы жыр», «Зулайды күндер», «Ескерткіш», «Жүрегім менің сапарда», «Жүрек ояу қашанда», «Жаз ортасы», «Әлтай әпке», «Әнім сен едің», «Тынық мұхит дәптері», «Отан деп соқса жүрегің», «Алыста қалған жылдар, ұмытылмас жылдар», «Жаңа кітаптар», «Құралай», «Етекбай атам үйінде», т.б. жыр жинақтары қырықтан астам кітап болып жарық көрген. Аталған және басқа

туындылары жинақталып, 2003-2004 жылдар аралығында он төрт томдық шығармалар жинағы болып басылды. Бұлардың бәрі де – қазақ поэзиясын байытарлық ғажап дүниелер. Қырықтан астам жыр кітабын шығарған Тұманбай Молдағалиев жұртшылыққа ой мен сезімді нәзік астастырып, жымын білдірмей жырлайтын шебер суреткерлігімен танылды.

Т.Молдағалиев шығармаларының дені балалар әдебиетіне арналған десек қателеспейміз. Оның алғашқысы балаларға арналған өлеңдері мен дастандары. 1961 жылы «Құралай» атты балаларға арналған өлеңдер жинағы шықты. Содан кейін 1977 жылы «Бөбегімін Ильичтің» деген атпен жинағы жарық көреді. Сонымен қатар бірнеше өлеңдері баспа жүзінде басылып жүреді. Әсіресе «Пионер», «Балдырған» журналдарында көптеп жарық көреді.

Ақын қай тақырыпта жырласа да, өз өмірінен елес береді. Лирикалық мені менмұндалайды. Т.Молдағалиевтің өлеңдерінің ең бір өзекті тақырыбы – отан, ел, махаббат, адалдық. Бұдан ақынның адам сүйгіштік рухы ерекше байқалады. Әсіресе, адамның ішкі сезімін, жан күйін, махаббат пен табиғат сырларын, елдік мәселелерді тебірене толғауда ақын қаламы барынша жүрдек.

Т.Молдағалиевтің көптеген өлеңдері балалардың жүрегіне жаңа жол, жаңа арна салуға арналған десек қателеспейміз. Оның өлеңдерінде өмір философиясы қарапайым тілмен шебер жеткізілген. Бұл балалардың өз өмірі жайында ойлануына, болашағын кішкентай кезінен-ақ болжауына жағдай жасайды. Мәселен «Заманның ұлы болуды» деген өлеңінде жеткіншектердің арманын өз арманындай етіп көрсете:

Заманның ұлы болуды,  
Ойлайды іштей әркім-ақ.  
Тыңдай ма бірақ оныңды,  
Тіршілік деген арғымақ, –

деп сегіз буынды, егіз өлең ұйқасымен өріп, әркімнің-ақ арманын өз атынан ойлады да, «тіршілік деген арғымақтың» ол арманыңды тыңдай ма деген ой тастай кетеді.

Ақынның «Ана жүрегі» өлеңі ерекше тоқталуды қажет етеді. Мұнда да ақын жалқыны жырлай отырып, жалпының жағдайын жинақтап көрсетуге күш салған. Баласын соғысқа аттандырып, күңіренген ананы:

Болмайды Отан кіріптар,  
Көңіліңе, ана, қайғы алма.  
Бір үйде қанша жігіт бар  
Соншасы кетті майданға, –

деп жігерліндірсе,

Құдіретке тура қараңыз,  
Тағы да шықты күліп күн.  
Өлмеді өжет анамыз,  
Өшпеді оты үміттің, -

деп үмітке жалғанған, сенімнен нәр алған жігердің мұқалмайтынын көрсетеді.

Мерт болды ұясына оралмай құс,  
Жеңгемді жесір еткен о қандай күш?  
Жаутаңдап қарап маған әлі күнге,  
Балам деп бір айта алмай жүр-ау байғұс, -

деп аяқталатын өлеңінде ақынның өмірбаянынан нақтылы дерек кездестіруге болады.

Яғни бұл өлеңде лирикалық қаһарман – ақынның өзі. Поэзиялық шығармаларда ақын «мен» деп, «біз» дей отырып қоғам өмірін, заман келбетін, адам тағдырын суреттеп көрсетеді. Лирикалық қаһарманның басынан кешкен жайттердің бәрін ақын өмірбаянының көрінісі деп

қабылдауға болмайды. Ал Т.Молдағалиевтің осы және тағы басқа өлеңдерінен өмірбаяндық сипатты ұшыратамыз. Өлеңдегі жеңге – ақынның анасы. Келіншектің көкірек толы мұңы мен сыры лықсып сыртқа шықпаған не қуанышқа ұласып жанын жадыратпаған. Бұған қоса ата мен ене бауырындағы өз ұлын да балам деп еміреніп сүйе алмайды. Өлеңде соғыстағы жарын аңсаған жардың жаралы сезімі, туған ұлын елжіреп сүйе алмаған ананың іште тұншыққан аналық бейілі және осы жағдайларды жан-жүрегімен сезінген лирикалық қаһарманның көңіл-күйі тұтасып кеткен. Соның нәтижесінде өлең мазмұнының тереңдігінен туындайтын әсердің көркемдік-эстетикалық табиғаты да өте бай, күрделі болып шыққан.

Поэзиялық толғаныстан қазақтың дәстүрі де көрініс береді. Ата мен ене бауырына салған баласын өз балам деп санамау – қазақы салт. Аналық махаббаты ырық бермесе де әдептен аттау – арға сын. Іште тұншыққан аналық сезім мен бойда булыққан балалық көңілдің білінер-білінбес лебі ақын өлеңі арқылы шынайы берілген. Өлеңнің тартымдылығы да осында.

«Сыртқы пішін – сөздің дыбыстық, үндік жамылғышы, ішкі пішін – сөздің ең жақын этимологиялық мәні болса, мағына – оның жалпы мазмұны» [4, 22 б.] деген А. Потемняның сөзін ескерсек, өлең тілінің айқындылығы суреттелген болмыс пен құбылысты дәл әрі анық бейнелеп көрсете отырып, логикалық жақтан ұғымдар арасында болатын алуан түрлі нәзік қарым-қатынастарды беруде мұқият болуды көздейді. Ондағы құндылық өлең тілінің құрылымдық мінсіздігі мен оның образдылығының бір-бірімен сәйкес келуінде жатыр.

Бұл тұрғыда Тұманбай Молдағалиевтің бейнелі, образды тіл көркемдігін айтпағанның өзінде, ол – дәстүрлі өлең үлгісі негізінде жырлай отырып, оны түрлендіре, әрлендіре түсу жолында ізденгіш ақын екендігін көрсетті. Өлеңдерінде мазмұн мен форма жымдаса, жарыса өрбиді.

Тұманбай Молдағалиевтің «Етік», Жетім бала, жесір қатын үйінде», «Әкем болса, нем бар менің қой бағып», 1941 жыл», «22 июнь», «Жеңіс күні», «Жеңістің балаларына», «Жеңіс күні келген сайын», «Әлия мен Мәншүк ескерткішінің алдындағы ой», «Ескерткіш», «т.б. өлеңдерінде, «Хаттар, хаттар», «Жеңеше», «Өшпей қалған сәулелер», «Менің анам» поэмаларында соғыс шындығы, соғыс жылдарындағы балалардың өмірі мен тағдыры, жоқшылық, ауыртпалық, жеңіс шаттығы көрініс тапқан. Жоғарыда айтқанымыздай, ақынның қай өлеңін алмайық, онда үмітсіздікке бой алдыру деген атымен жоқ. Өмірдің көлеңкелі тұстарын жырлаған күннің өзінде ақын одан жылт етер жақсылық, үміт шырағын жағар ұшқын, сәуле құяр сезім іздейді. Оны табады да. Ақынның лирикалық кейіпкері ең алдымен адам, ақ-адал азамат ретінде тіл қатады, жалқыға арнаған өлеңінде жалпыға ортақ шындық, халықтық ұғым ұялап жатады.

Осы ретте профессор Ж. Дәдебаевтың «ақын шығармалары мазмұн байлығымен қатар көркемдік түрдің жоғары деңгейдегі жарастығымен де ерекше көңіл аударарды. Олардағы мазмұн мен түрдің өзара табиғи үйлесімі шынайы шығармашылық жетістікке арналған. Автордың бұл орайдағы табыстары қазақ поэзиясының көп ғасырлық дәстүрлерімен тығыз байланысты. Ақынның шығармашылық өнерінің өзегіндегі халықтық мән мен мағынаның барынша жарқырап көрініп, ерекше болмыспен даралануында, әсіресе, халық поэзиясының әуезділігінің, әуенділігінің алатын орны айрықша» [2, 89 б.], – деген пікірі ақын поэзиясының қайнары мен төл табиғатын тап басып тұр деп бағалаймыз.

Ақынның поэзияда бұрыннан бар тақырыптарды, айталық, махаббат лирикасын, соғыс пен бейбітшілік тақырыбын, әйел-ана тағдырын, заман мен қоғам шындығын, т.б. тақырыптарды соны үрдіспен, өзгеше ізденіспен жырлағаны өз алдына, ол тақырыптық жаңалықтарға да барып, поэзиямыздың бұл тұрғыдағы көкжиегін кеңейтті.

Лиризм, ойшылдық, сезімталдық және психологизмнің ұштаса көрінуі де – Тұманбай Молдағалиев поэзиясының еншісіне тиген жетістік. «Ойлы поэзия ғана ой мен сезімнің тартысын тудыра алады. Өйткені ол белгілі бір идеяны, эстетикалық принципті не қолдайды, не оған қарсы тұрады, осыдан келіп лирикалық кейіпкердің характері арқылы лирикадағы тартыс туады. Әрине, лирикадағы тартыс әдебиеттің басқа жанрларындағыдай сюжеттік ситуация арқылы көрінбей, лирикалық геройдың күйініш, сүйініші, ойы, сезімі арқылы көрінетіні белгілі» [3, 106 б.], - деп М. Дүйсенов жазғандай, адамның сыртқы пішінінен ішкі

жан дүниесіне ену, оның сыры мен түйсігін қоса қабат ашу ақын шығармашылығында өзгеше өріс алған.

Ақын өлеңдеріне абстракциядан нақтылыққа, көлемділіктен қысқа қайырымға, ұйқас, буын ыңғайындағы мүлтіксіз өлшемге, интонациялық әуеннің басымдығына, ашық сыр мен мейлінше қарапайым әрі көркем ой бейнелілігіне көшу тән.

Қорытындылай келе, қазақ балалар поэзиясының қалыптасуына көрнекті ақындарымыздың дені ат салысты. Олар бүлдіршіндер мен жасөспірім балалардың психологиясына барлау жасап, келер ұрпаққа өнеге көрсетуді, жол сілтеуді мұрат тұтты. Тұманбай Молдағалиевте өмірден, тұрмыстан алшақ алынған тақырып жоқ. Ол үнемі күнделікті өмір құбылысын, адам тіршілігін жырлады. Тұманбай Молдағалиев-қазақ әдебиетіндегі қазақ поэзиясындағы ең елеулі тақырыптарды лайықты түрде қозғай алған, оқырманына жеткізе алған ақын.

Балалар поэзиясы 1960-жылдардан бастап табиғат пен хайуанаттар жайындағы алғашқы түсінікті бейнелеп көрсететін танымдық қызметімен де ерекшеленеді. Яғни, өсіп келе жатқан жас бала өлең оқыған сайын тағылым алып, сұлулыққа кенеліп қана қоймай, міндетті түрде білім алуы, таным аясын кеңейту шарт. Қазақ жырының ары мен абыройын арқалап, ұлттық поэзиямызды әлемдік биікке көтерген, санаулы саңлақтарымыздың біріне айналған көркемсөз шеберінің өзгеше бітімі мен өрісті поэзиялық әлемі туған халқымен бірге жасары даусыз. Ақынның тұмадай тұнық жыр жаратқан ұлтжанды болмысы мен ақжарқын бейнесі ел жүрегінде мәңгі сақталады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Потенция А. Теоретическая поэтика. – М.: Высшая школа, 1990. – 22с.
2. Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы: ҚМКӘБ, 1962. – 428 б.
3. Дүйсенов М. Ақын мұраты. – Алматы: Жазушы, 1967. – 106 б.
4. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: дәуірлеу мен жаңаша пайымдау //Егемен Қазақстан. – 1999. – 16 шілде.
5. Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті: Лекциялар курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 311 б.
6. Молдағалиев Т. Жүректегі жазулар. – Алматы: «Жалын», 1981. – 200 б.
7. Молдағалиев Т. Махаббат оты сөнбейді.– Алматы: «Жазушы», 1975.-240 б.
8. Молдағалиев Т. «Асыл жүрек айнымас». – Алматы: «Жазушы», 1982.-144 б.

## **ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ**

**Г. Данияр,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
магистранты,

**С.Д.Дәрібаев,**

Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ ф.ғ.к., аға оқытушы, Алматы қаласы

Қазақ идеясының қалыптасуын қазақ хандығы құрылған дәуірмен ұштастырсақ, алдымен ұлттың қалыптасып, оның мүддесінің дамуына негіз болған қазақ жырауларының ой толғамдарына тоқталу қажет. Ұлттық рухты қалыптастыруда қазақ әдебиетінде жыраулар поэзиясының алатын орны ерекше. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде былай ой түйеді: «Халық рухының ұшқыны ақындардың, сазгерлер мен айтқыш абыздардың жүрегінде тұтанып, жалындай бастады. Асан қайғы, Шалкиіз, Бұқар жырау сияқты бұл дәуірдегі ұлттың шығармашылығында шынайы қазақ руханияты қалыптасып дамыды».

Жыраулық поэзия – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен сөз өнеріміздің асыл мұрасы, дамыған ұлт әдебиетінің ғажап көркемдік белгісі. Ә. Тәжібаев: «Жырау – сөз жоқ, ақын. Ақын болмай, жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жалынды

жырлары үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сиқын бұзбай көрікті күйінде жетіп отырады. Ал, жыраулық-ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі саласы», – деп жыраулық дәстүрді әдебиетте орны бөлек жеке сала ретінде алып қарастырады.

XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы – өмірді танытушылық, философиялық-дидактикалық мағынасы мол мұра. Ақын-жыраулар өлең-жырларымен, өнегелі ісімен халыққа белсене қызмет етіп, ел ұйытқысы, тәлім-тәрбие мектебінің ұстазы бола білді. Жыраулар ел болашағын жырлауы тұрғысынан дараланып келген, сол дәуірдің ой-сана, әдет-ғұрыптық, тілдік шаруашылық, тарихи көріністерін суреттеген. Бұл жөнінде Х. Досмұхамедов былай дейді: «Қазақтың жеке өмірінің барлық сәттері – туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады», – деп ой түйсе, Е.Бісмайлов: «Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, көбінесе, заман-дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық пен жамандық жайында ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған». Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі.

Жалпы жыраулар поэзиясының негізгі өзегі – азатшыл сарын. Хандық дәуірі әдебиеті – қазақ тарихындағы еркін де қуатты жырды тудырған рухты кезең. Өнес Сарай да өз зерттеулерінде осыны баса көрсете келе, жыраулар поэзиясындай рухты жырдың олардан бұрын да, кейін де тумағанын айтады. Жыраулар ханға да дат айтып, артық-кем жерлерін баса көрсетіп, кем-кетігін түзетіп отырған. Хандардың өздері оларды пір тұтып, аталы сөздеріне тоқтаған. Себебі олар отты жырларымен халықты жігерлендіріп, азаттық күреске шақырып отырған. Халқымыз қашанда кең даласымен, дарқан даналығымен, бишешендерімен, жырауларымен мақтанған. Қалың ортада сөз бастап, халықты бірлікке шақырған, өзгенің боданы болмауды үндеген даналарымыздың арқасында діттеген мақсатқа жетіп, тәуелсіз, еркін ел болуға ұмтылған.

Бүкіл адамзат үшін маңызды, сондай-ақ, жердің қай қиырында жүрсе де, бәріне ортақ құндылық бар. Ондай құндылық әр адамның еркіндігі, бостандығы, тәуелсіздігі. Жыраулар міне осы құндылықты ерекше тебіреніс, зор толғаныспен өз шығармашылықтарына арқау еткен. Бір мәселе, бір тақырып, бір мұрат пен мүдде жырланса да, әр жырау оны ашуда түрлі ой түйіп, көзқарасы мен пайымдауы әрқилы болған. Біреуі ата қоныстың сұлу суреті арқылы, енді бірі белгілі оқиғаға көзқарасы бойынша, тағы басқалары адамдар арасындағы қарым-қатынас негізінде беріп отырған.

Ұрпақ ұлттық рухпен неғұрлым жақын тәрбиеленген сайын ол өзінің адамдық бейнесін ішкі рухпен қаруландырмақ. Ұлттың негізгі құндылығы ұрпақ болғандықтан ұлттық идея ұрпақ рухына қызмет етуден алшақ кетпейді. Жырауларымыздың «Ел-Жұрт» идеясының мақсаты ұрпақ санасында қазақтың әлеуметтік өмір этикасы мен эстетикасының болмысын сақтап отыру. Осы бағытта қазақ жырауларының тағы бір бағыттағы ой толғамдары ұлттық мүддеге бағытталды:

Алаң да алаң, алаң жұрт  
Ақала ордам қонған жұрт,  
Атамыз біздің бұ Сүйініш  
Күйеу болып барған жұрт,  
Анамыз біздің Бозтуған  
Келіншек болып түскен жұрт,  
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,  
Кіндігімді кескен жұрт,  
Кір қоңымды жуған жұрт,  
Қарағайдан садақ будырып,  
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,  
Жанға сақтау болған жұрт.

Ел деніміз ұлттың тамыры қалыптасып, халықтың бірлікте, еркіндікте өмір сүріп жатқан ортасы. Елдің бейнесі бейбіт, тынысы ұлттық кәсіп, рухани өмірі бірлік, елдік қарым-қатынасы. Ел сонынмен қатар ердің ұясы, негізі, тірек ететін негізгі қуаты. Жұрт деген ұғымға

келетін болсақ, қазақ халқы өзінің ата мекенін айналып көшіп жүре бермеген, қазақ отырықшы да халық. Оның себебін «жұрт» түсінігінен байқауға болады. Адамның өрісі ел дейтін болсақ, оның дүниеге келіп, өсіп өнген шағы, аяқтанған кезі бұның барлығы елдің рухымен де тығыз байланысты. Ата мекен жердің аумағы тарылып, ел азайған шақта ұлттың жойылмауына оң ықпалын тигізетін нәрсе бұл әрине туған жерге теген түсінік. Қазтуған жыраудың «ел-жұрт» толғауының экзистенциалдық идеяға айналып отырған себебі осында. Яғни «жұрт» елдің, ердің тарихи ізі, санада сақталатын бейне, адамды елдікке бастайтын білім.

Әдебиетті оқытудағы тәжірибеге сүйене отырып, жыраулар шығармаларын орта мектепте оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып өтейік. Жыраулар шығармашылығын оқытуды ең алдымен оқушының мәтінді, яғни толғаулардың өзін оқып танысуынан бастауымыз қажет деп ойлаймыз. Толғаудағы басты ерекшеліктің бірі болып танылатын ырғақты сақтай отырып, жырдың өр рухын таныту үшін шығарманы мақамымен оқи білу қажет. Толғауларды бір сарынмен судырата оқыту арқылы оқушыны жалықтырып алуымыз мүмкін. Әдебиет сабағында көрнекіліктерді ретсіз қолдана бергеннен гөрі лирикалық шығарманың ырғағын, әуезін нақышына келтіре оқысақ, соның өзі тыңдаушыға ерекше әсер береді. Әдеби шығарманы оқушыларға мақамдап оқытуда дауыс ырғағын сақтауды, кідіріс жасай білуді және оқу қарқынын бұзбауды талап ете отырып, толғаудың лирикалық жанр ретіндегі өзіне ғана тән табиғатын таныта алар едік.

Білім беру жүйесіндегі дамыту оқытуға байланысты оқушыны өз бетінше ізденуге, оқулыққа қосымша материалдарын пайдалана отырып, өзіндік пікірін білдіріп, ойын жеткізуге үйрету үшін ізденіс жұмыс түрлерін де ұсынуға болады. Мұнда баяндама, реферат жазуды тапсырып, ізденіс нәтижесін ауызша қорғау жұмыстарында, сонымен бірге, басқа оқушылардың баяндаманы тыңдап, пікір айтуға қатыстыру жұмыстары да жүргізіледі.

Сабақ барысында оқушылардың жыраулардың ерлік тақырыбындағы толғауларын талдау барысында ертегілердегі батырлармен және қаһармандық жырлардағы батырлармен салыстырулар жасағаны олардың оқулықтан басқа қосымша материалдарды пайдаланып, ондағы пікірлерді орынды пайдалана білуді меңгергенін аңғартады.

Мектеп тәжірибесінде лирикалық шығармаларды оқытуда әдеби талдауға бара бермейтіміз рас. Сюжетсіз лирикалық туынды мазмұндап айтуға келмейді. Жыраулар шығармаларын лирикалық жанр ретінде әдеби-теориялық талдаулар жасау пән мұғалімінен шеберлікпен қатар, теориялық терең білімді қажет етеді.

Мәтінге әдеби талдау жасауда әдеби-теориялық ұғымдарды меңгертумен сабақтастырып отыру керек. Әдеби-теориялық талдауда шығарма тілі, көркемдік деңгейі таразыланады.

Жыраулардың мұраларын қазіргі ұрпақтың пайдаланатын тәлімдік-тәрбиелік құралы етіп, патриоттық тәрбие берудің ең басты елі мен жерін сүйіп құрметтеуге баулып, адамзаттық басты құндылықтарын дарытуға болатын ілім болып саналады. Ұрпақты руханилыққа тәрбиелеу тұрғысынан жыраулар мұрасы өз мәнділігін жоғалтпаған және ақын-жыраулар толғаған жырлар арқылы олардың бойына рухтық сезімді қалыптастыруымыз қажет.

Жырауларды халық қадір тұтқан. Ел толқыған кезде, бүліншілік шыққанда немесе ел шетіне жау келген кездерде ақыл-кеңес сұрайтын болған. Мұндай кезде жырау жұртшылықты ауызбіршілікке шақырып, оларға күш-қуат, дем беріп, істің оң шешілуіне ықпал еткені белгілі. Ендеше көкірегінде сәулесі бар әрбір жан ұлы жыраулар өмірі мен оның қалдырып кеткен жақұт жырларына үңілсін. «Адам өткенге қарап өседі, бүгінге қарап бой түзейді, болашақты болжап күн кешеді». Сондықтан тарих мойындаған ұлы жыраулардың өмірі мен шығармашылығын ұлықтап, оны оқушыға дұрыс меңгерту – маңызды іс. Отаншылдық рухты насихаттаушы жыраулар тақырыбын өтудегі қолданып жүрген тәжірибеммен бөлісе кетсем деймін.

Шәкірттерге сабақ барысында жыраулардың қоғам өміріне белсене араласқанын, өз шығармаларында қазақ қауымы үшін мәні зор әлеуметтік мәселелерді көтергенін, жырларының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі екендігін тапсырмаларды түрлендіре қолдану арқылы түсіндіруге болады. Осы жұмыстар

төңірегінде «Қазақ әдебиетінен жұмыс дәптер. Жыраулар поэзиясы» атты арнайы жұмыс дәптерін құрастырсақ болады.

Жұмыс дәптерінде білім алушылардың өзіндік ізденулеріне, саралай талдай отырып, сыни ойлауларына бағытталған тапсырмалар берілген. Жыраулық поэзияның қалыптасуы мен даму кезеңдері, көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармалары, мәліметтер, ғалымдардың пікірлері электронды түрде жинақталып, ресурс ретінде ұсынылды. Тапсырмаларды орындауда білім алушылар осы ресурсты пайдалана алады.

Берілген тапсырмалар білім алушылардың оқу материалын өздігінен меңгерулерін, өзін-өзі бағалауын қамтамасыз етеді. Мысалы, жыраулар поэзиясының құндылығы неде? М. Әуезов: «Бұл дәуірдегі әлеумет тіршілігінің ең шешуші мәселесін әдебиет жүзіне түсіріп, алғашқы рет қалың ел қамын ойлап, күңіренген қария – Асан. Бұл заман сыншысы сөйлесе, шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді сөйлейді, өзі туған заманның белгілерін қарап, келешек заман не айтарын болжайды; сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйленеді. Айтпақ жайларын ашып, ұғымды қылып айтып бермейді. Әдейі көмескілеу жұмбақ қып айтады. Жыраудың сөзі мақсатсыз айтылмайды. Не айтса да көптің мұңы, көптің жайы туралы, не көпке арналып ақыл, өсиет түрінде айтылады», - дейді. Ұлы жазушының пікірін деректермен жалғастыр деген тапсырмалар студенттің өзіндік ізденісін тудырады.

Жыраулар – Қазақ хандығы халқымыздың барлық жастағы адамдарының асыл, саналы қасиетті болуын мұрат еткен нағыз тәрбиешілер. Жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнеріндегі шынайы ұлттық сипаттың негізгі көркемдік іргетасы. Сондықтан, халықтық тәрбие дәстүрін жыраулар поэзиясы арқылы тереңдете ұғындыру – өмір талабынан туындаған мәселе.

Қорыта айтқанда, Қазақ хандығы дәуірінде жыраулар поэзиясының басты тақырыбы – халықтың топтасқандығы мен бірлігі және татулығын нығайту мәселелері болды. Жыраулар өз туындыларын, толғауларын кейінгі ұрпақтарына мәңгілік мұра етіп қалдыру жолында көркемдігі жоғары поэзия тілімен, таптырмас теңеулермен жеткізе білген.

**Әдебиеттер:**

1. Қабдолов З. Сөз өнері Алматы: 2002 ж. 286 - бет.
2. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет Алматы: 1993ж.139 – б.
3. Әдеби мұра және оны зерттеу Алматы: 1959 ж. 22, 58, 97, 100 – бет.

## **Д. ИСАБЕКОВТІҢ ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ОБРАЗЫ**

**Ж.Е.Алтынбай,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
магистранты,

**Н.Б.Сағындық,**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
ф.ғ.к., аға оқытушы, Алматы қаласы

**Түйіндеме.** Д.Исабековтің драмалық шығармалары қай уақытта болмасын өзіндік құндылығын жоғалтқан емес. Мақалада драматургтің «Ескі үйдегі екі кездесу», «Әпке», «Бөрте», «Мұрагерлер» атты драмалық шығармаларындағы әйелдер образы талданады.

**Аннотация.** Драматические произведения Д. Исабекова во все времена не утратили своей ценности. В статье анализируются женские образы в драматических произведениях драматурга «Две встречи в старом доме», «Сестра», «Борте», «Наследники».

**Annotation:** D. Isabekov's dramatic works have not lost their value at all times. The article analyzes female images in the dramatic works of the playwright "Two meetings in the old house", "Sister", "Borte", "Heirs".

**Кілт сөздер:** драма, ана, образ, сюжет, пьеса.

«Отбасының жүрегі, алтын дінгегі – ана» депті бұрынғылар. Ата-бабамыз жалпы әйел затын адамды жоқтан бар ғып өсіретін, ұрпақты адам етіп тәрбиелейтін, ел мен елді ұйыстыратын ел ұйытқысы – ана деп қастерлеген. Абыз-даналарымыз, би-шешен, ақын-жазушылар ана туралы тайға таңба басқандай өз тұжырымдарын жалпақ жұртқа жария етіп ұсынған.

Дулат Исабековтің драмалық шығармаларында да әйелдер бейнесі – қоғамды қозғаушы күш, бірлік-тірлік негізі, ел бейнесін айқындайтын өмір айнасы, ел тұтқасы ретінде жан-жақты көрініс табады. Суреткердің драматургиялық туындыларындағы әйелдер образы қазақ әйелінің қайталанбас келбетін сипаттайды.

Дулат Исабековтің көрермендер ықыласына бөленген бүгінгі күн тақырыбындағы пьесаларының бірі «Ескі үйдегі екі кездесу». Пьесада небәрі үш-төрт кейіпкер ғана бар.

Олар: зейнеткер жасындағы Зейнеп ана мен өмірі сәтсіздіктерге толы баласы Ертай, жолаушы Айтөре мен оның анасының аруағы. Екі бөлімнен тұратын пьесаның негізгі идеясы да бір пәтердің әр уақыттардағы иелері Зейнеп пен Айтөренің екеуара сырласуы арқылы ашылады. Зейнеп те, Айтөре де – өз ғұмырларының бақытты күндерімен бірге тұрмыс тауқыметін, қоғамның қиянатын көп көрген жаны жаралы адамдар. Пьесадағы адам тағдырлары әр алуан, бірақ солардың өзара ұқсастығы да жоқ емес. Бір кезде өзіне баспана болған, қазір мүлде басқа жандардың шаңырағына айналған ескі пәтерді бір көріп, өткенін сағынышпен еске алып, мауқын басқысы келген Айтөренің мүлде бейтаныс адамдардың есігін беймезгіл қағуы, бір қарағанда, пьесаға арқау боларлық маңызды оқиға болмасы анық. Бұл қарапайым оқиғаға лирикалық сипат дарытып, драмалық мінез беріп тұрған бірқатар сәтті де- тальдар бар. Әлбетте, мұндай қарапайым оқиғадан адам жанының алапат буырқанысын көрсететін шындықты өрбіту Дулат Исабеков қаламына тән қуатты білдіреді. Алдымен, Айтөре мен Зейнепке бірдей қымбат дүние – оқиға орын алған Зейнептің бұрынғы пәтері (кезінде бұл пәтерде Айтөре әулетімен тұрған). Осы ортақ кеңістік пьесадағы сюжеттік оқиғаның дамуына қозғаушы күш ретінде себепкер болып отырады. Екі кейіпкер де өмірлерін- дегі аса қайғылы сәттерді дәл осы ортақ шаңырақта бастарынан өткерген. Кейіннен жолаушылап жүрген Айтөрені көне пәтеріне қайта оралуға итермелейтін пьесадағы содан кейінгі бір себепкер жағдай – ұшақ рейсінің шегерілуі. Ал драмадағы оқиғаның лирикалық лепте өрбуіне жол ашатын негізгі көркем фон жаңбыр екені сөзсіз. Ұзаққа созылған жауын мүлде бейтаныс жандардың бір-бірін жатырқамай қабылдауына, ескі таныстардай сыр ақтарысуына, тіпті Айтөре мінетін ұшақ рейсінің бөгелуіне де объективті түрде түрткі болады. Өмірдің тұщысынан гөрі ащысын көбірек татқан Айтөре мен Зейнеп бейнелері әрі ұқсас та жақын, әрі бірін-бірі толықтырар кереғарлығымен үйлесім тапқандай. Зейнеп жүрек жылуын кісікік қала тіршілігіне тонатпаған, тағдыр тауқыметінен мұқалмаған, кеңпейіл, жаны шуақты, жайдары әйел болса, Айтөре керісінше – өмірдің таусылмас мұңынан көңілі тоңазыған, жаны жылу мен жарыққа зәру, мейірімге мұқтаж әйел. Атамекенінен жырақта, жат елде жүрген Айтөренің туған еліне деген сағынышы мен мұң-наласы басым. Айтөре араға жылдар салып, ат басын туған қаласына әйтеуір бір бұрып еді. Сондағы барар жер, басар тауының жоқтығынан қапаланған әйел үшін Зейнептің аядай ғана пәтері мына жалғандағы мейірім атаулының жалғыз мекеніндей. Толассыз жауған жаңбыр кейіпкерлердің һәм қоғамдық ортаның тазаруы қажеттігінің лебін сездіргендей. [2]

Пьесаның өн бойына желі болып тартылған мұң бар. Шығармаға үңілейікші: «...боса ғасын күзеткен ана аруағы, ағайынға ренжіп кеткен бала, қаланың тас көшелерінің астында с үйегі сырқырап, көмусіз қалған ұл, қайғыдан құса боп, Сібірдің сары аязынан қаза тапқан, сөйтіп маза тапқан жар... «Шыныңды айтатын адам тапсаң да, сырыңды айтатын кісі жоқ», – дейтін Айтөре сөзі жалғыздықтан жаны жараланған кейуана кейпін аңғартады. Зейнеп ше? Қызғалдақтай қызы қыршыннан қиылған, қос ұлының өз қызықтары өздерінде боп, қартайған шағында төрт бұрышқа қамалып, жападан жалғыз қалған жесірді бақытты ж андардың қатарына қоса алмайсыз. Тек ана өмірден күдер үзбейді, қанша зәбір көрсе де, қоға



мнан теріс айналмайды. Керісінше, жүрек жылуын бөлісуге даяр. Ал Айтөренің жаратылыс-мінезі бөлек. Ол басқа түскен қиыншылықпен арпалысып та көрген. Бірақ былыққа батып бара жатқан қоғаммен арада ақиқатты даулау бітпейтін тірлік екеніне көзі жетті.

Ұлының қайғылы өлімі оны бұл жерде қала алмайтын жағдайға жеткізген. Арыстай азаматтың ағайынмен ат құйрығын кесісіп, атамекеннен жыраққа кетуі шарасыздықтан. [2]

Белгілі театр сыншысы Ә.Сығайдың Д.Исабеков шығармашылығы туралы: «Дулат драматургиясына тән жақсы қасиет – оның халықтық колоритке, ұлттық мінез тегершіктеріне молынан назар аударатындығы. Диа-логтарының оралымдығымен, юморға жомарт тапқыр тілімен дараланып жатады. Үлкен әлеуметтік сыр-сипатқа ұласар соқпалы да ойлы, тұлғалы, тұрлаулы қаһармандардың күрделі жан дүниесін жарқырата жайып салуға лайық шоқтықты драмалар тудыруға құмбыл. Қай пьесасын алып қарамаңыз – өзегі бүгінгі замандастарымыздың моральдық-этикалық кескін-келбеті», – деген пайымының шынайы екендігіне көз жеткіземіз. [5]

«Ескі үйдегі екі кездесу» драмасында қаламгер ұлттық таным-тәрбие, ұлт болашағы мәселелеріне айрықша назар аударады. «...Әжем қызық кісі еді. Ол кісі әулеттегі бірде-бір әйелді үйден тысқары жерде босандырмаушы еді. Екіқабат әйелді ешқашан жолға шығармайтын. Егер олардың біреуі ілуде төркіндеріне кете қалса, екі жақты у-шу, азан-қазан ғып өзі барып ертіп келуші еді. «Үйде босанбаған әйелдің баласы мейірімсіз болады» деп айтып отыратын-ды», – дейтін Зейнеп сөздері, бір жағынан, көркемдік тұрғыда оқшау тұрған ой оралымы болғанмен, Айтөремен арадағы өскелең ұрпақ жайлы диалогқа сәтті енгізілген. Бүгінгі жас ұрпақтың беталысы, ұлттық тәлім-тәрбиедегі келеңсіздіктер, халықтың ғасырлар бойғы қалыптасқан тағылымдық өнегелерінің заманауи тәрбие ісінен тысқары, ұмыт қалып жатқандығын ана сөзімен осылай түйіндеген. Кейіпкерлер қазіргі заман келбеті, жастардың ата-ана, қоғам, Отан алдындағы парызы туралы ой қозғап, үлкенге деген құрметтің, бауырмалдықтың ізі суып бара жатқандығын зор өкінішпен тілге тиек етеді.

Дулат Исабековтің шоқтығы биік драмалық шығармаларының бірі ретінде «Әпке» драмасын ерекше атап өтуімізге болады. Драматург «Әпке» драмасы арқылы өмірге бақыт, махаббат, мұрат дегеннің неше алуан қыры бар екенін айтады, оқушыны өмір сырына тереңірек бойлауға үйретеді, ойланарлық сауалдар қояды. Бұл шығарманың нәрі осында деп айтуымызға болады. «Әпке» – өмірбаяндық мағлұматтарды негізге ала отырып жазылған шығарма. Драманың тартымды тілі, арагідік кездесетін юмор, бас қаһарманның өзін аямайтын турашылдығы, мінездеулер шеберлігі оқушыны жалықтырмайды. Пьесаның жетістігі деп алдымен осындағы басты кейіпкерлер: Қамажай, Тимур, Нәзила, Омар, Гауһар, Кәмила тұлғаларын атар едік. Бұлардың әрқайсысы – дара мінез иесі. Осы тұлғалардың шындығына көз жеткізу үшін, автор характер диалектикасын ашарлық амалдар тапқандығы байқалады. Пьесада әпкеден бөлек тағы да бір трагедиялық желі бар, ол – ананың өмірдегі орны, ешкім де ананы алмастыра алмайды. Пьесаның соңында осы сөздің түп төркіні ашылды деп айта аламыз. Дей тұрғанмен Қамажай іні-сіңлі алдында апа емес, ана болды. Ана төгетін шуақты әлі жеткенше жеткізе алды, анаың беретін қамқорлығын, мейірімін, ақылын берді. Осы бауырлары үшін сүйгені Қабенмен де қосылудан бас тартты. [1]

Дулат Исабековтің «Әпке» драмасы замана ықпалымен ұлттық құндылықтарды жоғалта бастаған, адамгершілік, парыз, борыш ұғымдарын жете түсінбейтін жастардың бейнесін ашып көрсететін шығарма. Шешеден жастай қалған, әкеден қайыр көрмеген бір әулеттегі балалардың тұрмысын, таным-білігін бір-біріне жасаған қарым-қатынасы, айтқан сөздерімен білдіріп, жалпы қоғам болмысын танытады. Басты кейіпкер Қамажайдың адамдық қасиеті оның сөздері мен іс-әрекетінен аңғарылып тұрады. Жасынан тірі жетім боп қалған бауырларын адам ету үшін өз бақытын табуға ұмтылмай, жеке өмірін ұмытып, солардың тілеуін тілеп, дегенін орындап отыруы кез келген жанның қолынан келмейді. Қамажай бейнесі осынысымен асқақ. Бауырларының көңіліне кірбің түсірмей қатарға қосып жеткізуді Қамажай парызым деп біледі. Бір сөзінде әлдеқашан дүниеден өткен «шешеме не айтам» деп,

қамығатыны да бар. Шығармада көрінетін жастардың бәрі де бетімен кеткен, өмірді өзінше түсініп, өзінше әрекет ететін бейнелер деп айту қателікке ұрындырады. Сіңлісі Нәзілә бірбеткей, тікмінез, турашыл, ойындағысын тура айтар бейне ретінде, Омар қақ-соқпен ісі жоқ, адал жанды, ғылымға берілген жан ретінде көрінсе, бар тартысқа негіз болып, Қамажай бейнесін ашып беретін бейне – Қамажайдың ержеткен інісі – Темір. Оның өзі де, дос-құрбы қыздары да бір сәттік қызыққа еліткен, өмірді өзінше пайымдап түсінетін бейнелер. Бұл олардың драмада дастарқан басындағы пікірталасынан айқын танылады. Драма идеясы заман ыңғайымен тұлғаның да бет-бедерінен айырылмай, адамдық қалпын сақтап қалу керектігін меңзейді.

Әлемді алмас қылыштың жүзімен бағындырып, қуатты қағанат құрған ұлы әмірші туралы өнердің ең таңдаулы өкілдері өз жанрында жырлап келеді, бірақ солай бола тұра оның жауынгерлік рухын жалғаған тақ мұрагерлерін дүниеге әкелген алғашқы әйелі Бөрте туралы тарихи дерек тым тапшы. Жаулаған жері мыңдаған шақырымдармен емес, сансыз мемлекеттердің миллиондаған шаршыларымен есептелетін ұлы қағанның ел билеу ісіне араласқан Бөрте бейнесі әдебиетке, оның ішінде драматургия жанрында бірінші рет пайда болғанда көңілді үміт пен күдіктің қатар билегені де сондықтан. Тақыр жерден тарихи мәлімет табу қиын емес пе? Бөрте кім? Шыңғыс ханның жүздеген әйелі бола тұра Бөрте есімінің ғана тарихта қалу сыры неде? Неге тек Бөртеден туған балаларға ғана тақ мұрагері болу, ұлы әмірші атану бақыты бұйырылды? Көп күндестің ішінде жүріп Бөрте бұған қалай қол жеткізді?

Тарихтың қойнауында қалған көмескі бейне туралы көп сұрақтың толымды жауабын белгілі жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Дулат Исабеков «Бөрте» пьесасында шебер тарқата алған. Қазақ театр сахнасында әр кезеңде өмір сүрген ақылман аналардың, аяулы ару, сұлу бойжеткендердің тұтас галереясы жасақталғанымен, өжет те, қайсар, батыр да батыл, бір басында драмасы мен трагедиясы жетіп артылатын жауынгер рухты қазақ әйелінің бейнесі жоқ еді.

Пьесада Бөрте – басты кейіпкер. Пьеса Шыңғыстың әкесі Есукей мен Қоңырат тайпасының көсемі Дай шешеннің құдандаласуымен басталады. Олар құда болғанда Темучин он жаста, Бөрте он бір жаста еді. Шыңғыс қаған мен Бөрте ханымның өліміне дейін баяндалатын тарих сан алуан оқиғаға өте бай. Темучин жолындағысын тас-талқан етіп қиратып, шауып, қып-қызыл өртке орап, үлпілдеген күлге айналдырып жатыр. Бірақ драма «Бөрте» деп аталғандықтан, негізгі акцент Бөрте бейнесіне салынған, сондықтан тарихта тек бірінші болған Темучин сахнада екінші планға ысырылған. Тіршілігінде де, тарихта да тасада қалған Бөртенің салмағын арттырып, Шыңғыс ханның алдына шығару үшін бірқатар ұтымды сахналық тәсілдер тапқан. [6]

Есукей бір заманда Темучиннің анасын меркіттерден тартып алып кеткен, жаңа босаға аттап, келін атанған Бөртені ішінде кек қайнап, қарымта қайтарғысы келген меркіттер дәл осылай басып алып кетеді. Сұлу Бөрте алғашында жас аруға тән ибалы мінезімен көрінгенімен, қапыда жау қолына түскенде, дүлей күштің алдында әлсіздігін танытпай, керісінше, асқақтығын көрсетіп, қаймықпай қарсы тұратыны өзі жасаған бейнеге үйлесімді көрінеді. Драмалық шиеленіс те осы оқиғадан кейін өрістей бастайды.

Бөртенің Темучиннің барлық тарихи жеңістері мен ұлы қаған атанып, қырық ру, қырық тайпаға бөлінген аз ғана моңғол елін біртұтас моңғол мемлекетіне біріктіріп, бүкіл қытай елін жаулап алып, батысқа жасаған жорықтарының бәрінде де Шыңғыс ханның ең сенімді ақылшысы Бөрте болғаны тарихи тәжірибелерде анық жазылған. Қаһарлы хан Шыңғысқа «сен» деп сөйлей алатын Бөрте ұлы қағанның ақылшысы болумен бірге оның қарсыласы да болды. Шыңғыс қаған Батысқа жорыққа аттанар кезде оған Бөрте қарсы болды. Сол үшін Шыңғыс хан оны сарайдан аластады. Бөртенің сарайдан аласталуы бір бұл емес, әлденеше рет аласталды. Бірақ оның айтқан ақыл-кеңесінің дұрыстығына, адал ниетіне көзі жеткенде, ұлы қаған оны кешіріп, сарайға қайта алдырып отырды. «Әлемді билеуге ақылың жеткенде қасыңдағы адамдардың кім екенін, қандай екенін біле алмай-ақ келесің» деген Бөртенің сөзіне намыстанып, Шыңғыс хан оның басын алмақ та болады. «Барлық пәле жаныңдағы досыңнан келеді» деп сан рет ескертсе де, құлақ қоймаған Темучин Жамұха

сатқындық жасайды деп еш ойламайды. Бөртенің айтқандарын тексеріп көру үшін Шыңғыс хан ордасынан бір күнге көшеді, сол түні Жамұха көп сарбазбен ордаға тұтқиылдан шабуыл жасайды. Бірақ Шыңғыс хан ордада жоқ боп шығады. Шыңғыс хан Бөртені сарайға қайта шақырып алады.[3]

Шыңғыс ханның үш баласы Үгедей, Шағатай, Төле Бөртенің тұңғыш ұлы Жошыны «Біздің тұқым емес, ол Керейттен туған бала» деп, үнемі шеттете беретіні Бөртені өмір бойы өртеп, суық сөз жүрегіне мұздай сүнгі болып қадалады. Меркітте тұтқында болып келгені Бөртенің басына мәңгілік қара таңба болып басылады. Бұл қасірет жанын қинаса да, Бөрте жары мен балаларының алдындағы адалдығынан еш айныған емес.

Қанды жорықтар, қан төгіс, ұлы империя – бәрі өз алдына бір тақырып, ал Бөрте – өз перзенттерінің анасы. Жошыға байланысты Бөртенің үш баласымен арадағы драманың нәтижесінде әке – ана – бала арасындағы тартыс ұлғая келе Жошының өліміне әкеп соқтырады. Шыңғыс ханның ұлы қаған болуына Бөртенің тікелей ықпал еткенін Жамұханың өлер алдындағы айтқан тарихи сөзі куә.

Пьесадағы кесек образдың бірі Шыңғысханның анасы, Бөртенің енесі – Уәлін-әжі. Ене мен келіннің тағдыры ұқсас, өмір мен тағдыр ауыртпалығын көп көрген қос мұңлық ханым атанғанымен, екеуі де қатыгездік құрбандығы. Жүрегінен гөрі білегіне жүгінуді жөн көретін, қара күшке тән омырау о жарлыққа көбірек бой алдыратын Шыңғыс ханды сабасына түсірер салмақты деталь бар. Жошының өлімі. Құлан шайнап өлтіргені яки құла түзде ажалы қайдан, кімнен келгені белгісіз. Жошының кесілген шынашағын Бөрте Темучинге әкеліп береді. Бөрте сонда Шыңғыс ханға: «Ей, Темучин! Көтер басыңды! Жошыны ақыры өлтіріп тындыңдар! Оның әкесі сен болсаң, анасы – мен! Менің қайғымнан сенің қайғың көп емес. Құдай берді, Құдай алды. Енді ертеңінді ойла! Аттан түссең таққа отырып жүріп өзекті жанда өлім бар екенін ұмытып кеткен сияқтысың. Көзіңнің тірісінде балаларыңа жаулап алған кең дүниені бөліп бер. Өзіңнің орныңа кім лайық, соны атап кет!».

Ұлының өліміне есеңгіреп, аза тұтып жатқан қаһарлы хан әйеліне ақырып ұмтылғанда, алдына жата қалып басын төсеген Бөрте: «Өмір бойы аңдығаның менің басым еді, реті енді келді. Шап! Шаба ғой!», – дейді.[7]

Бөрте ұзақ күтеді, бірақ, қылыш сілтенбейді. Басын көтеріп қараса, Шыңғыс ханның ет жүрегі езіліп, көзінен парлап жас ағып тұр екен. Әлемге әмірін жүргізген ұлы қағанның балалары әкесі бөліп берген ұлыстарда билік құрғанымен, өзара татулығынан ажырамады. Оған Үгедей айықпас ауруға шалдыққанда інісі Төленің «жан беремін» деп өмірін ағасына құрбандыққа бергені дәлел. Қыпшақ даласы қазаққа мәңгі мекен болып қалды. Бөртенің арманы орындалды.

Дулат Исабеков драмаларынан байқалатын бір ерекшелік – ол адам тағдыры. Оны қызықтыратын, алдымен, Әйел өмірі. Осы құдіреттің қазынасын игерсем, ол өмір сүрген орта, қоғам өз-өзінен танылады деп есептейтіндей. Жазушы тіпті кейіпкерлерінің қоғамдарғы орнын, нақты жағдайын әдейі елеусіз қалдыратындай, яғни ол әуел бастан-ақ елеусіздеу жағдайдағы кейіпкерлерді таңдап алады. Өмірдің ащысы мен тұщысын бірдей татқандардың тағдырын суреттейді.

Мысалы, «Мұрагерлер» пьесасындағы Салиха кемпір. Отбасы да, баласы да болды. Сұм соғыс ерлерінен түгелдей айырып, жалғыз қызымен қалдырды. Қызы өмірге араласып, отасып, қалған өмірінде солардың қызығын көремін деп отырған Салиханың ойы бір күнде быт-шыт болды да кетті. Бір үйдегі жандардың бәрінің қазасын алдынан жіберген Салиха енді өмірден не күтеді, нені қызықтайды? Тағдыры қауіп пен қатерге толы Демесін өмірде не қызық көрді? Оның ішінде айтылмаған сыр, орындалмаған қаншама арман кетті? Ал Қамажай ше? Ол не көрді? Бауырларын адам етемін деп ысыға күйіп, суыққа тоңды. Айналып келгенде жалғыз қалатын түрі бар емес пе? Қамажай сияқтыларды қазір де кездестіруге болады. Осы тұста Д.Исабеков әр адамның әр қилы қайталанбас тағдыры бар, «Кеудесі жақсылар - алтын сандық» демекші, сол сыр сандықтар кенішіне ықтияр болайық дегендей. Осыны көріп білгендіктен болса керек, көпке танымалы халық артисі Ә.Мәмбетов: «Дулат өз драматургиясында науқаншылықтан мүлдем аулақ, адам тағдырын сөз етеді», - деген. «Адам

тағдыры, - дейді академик З.Қабдолов, – жазушы үшін шығарма арқауы ғана емес, өмірді танудың өзгеше тәсілі». Расында да, Дулат Исабеков әр адамның әр қилы тағдырын бере отырып өмірді танудағы басқаларға ұқсамайтын зеректігін айқын таныта алды.[6]

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұстахимова Фариза. Дулат Исабековтің қаламгерлік шеберлігі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., аға оқытушы Мәтбек Н.Қ. <https://ulagat.com/2021/08/29/дулат-исабековтің-қаламгерлік-шебер/>
2. Темірхан Медетбек. Өзегін өрт жалаған шығармалар. <https://bilim-all.kz/article/18155-Ozegin-ort-zhalagan-shygarmalar>
3. Айгүл Аханбайқызы. Бедері бөлек Бөрте бейнесі. Егемен Қазақстан. 11 қазан, 2021 жыл. <https://egemen.kz/article/292456-bederi-bolele-borte-beynesi>
4. Дүйсенов М. Қазақ драматургиясының жанр, стиль мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1977.
5. Сығаев Ә. Сахнаға сапар. – Алматы: Өнер, 1960.
6. Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: Жазушы, 1971.
7. Исабеков Д. II томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жалын, 1993.

## **М. МАҒАУИННИҢ «ШЫҢҒЫС ХАН» РОМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МӘСЕЛЕСІ**

**Б. Қаратаева**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
магистранты, Алматы қаласы

### **Кіріспе**

Адам баласы үшін туған жердің тұтастығы мен туған елдің амандығынан артық байлық жоқ. Жер мен елдің басына қиын заман орнағанда, елім деген азаматтар еңсе көтеріп алға шығады. Жер кетсе, елдің рухы сынып, ерік-жігері құм болып кетері анық. Тарихтан қай халықты алып қарасақ та, өзінің ата қонысы үшін жанын бере күрескен. Ел намысы сынға түскенде, оған бейжай қарау азаматтыққа үлкен сын болған. Оған қаншама ғасырлардың жүгін аркалап келе жатқан Тарих куә. Бұл мақалада ұлттық әдебиетке қосылған тың туынды жазушы Мұхтар Мағауиннің «Шыңғыс хан» романындағы ұлттық идея жайлы сөз қозғамақпыз. Шыңғыс хан құрған алып империядағы ұлттық рухтың көрініс табуы мен бір мақсат, бір мүдде жолында біріккен халықтың ерлігіне тоқталғым келіп отыр. Романдан Шыңғыс ханды ел басқарған қаған, мықты қолбасшы әрі тереңінен ойлай білетін саясаткер ретінде көруге болады. Әлем мойындаған қағанды «қанішер» деген айыптан алыстатып, оның жарқын бейнесін дәл берген. Шыңғыс хан жайлы дерек көп болған сайын, пікір қайшылығы да, жан жаққа бұра тарту да көп. Ал М.Мағауиннің дәл осы романы көп нәрсенің басын қайырып, шынайы тарихты алдымызға жайып салады. Өйткені сұрқия саясаттың Шыңғыс ханға жаққан күйесі тарихтың бағытын түбегейлі өзгерткен болатын. Әлі күнге дейін ол туралы айтқанда, «қанішер», «тағы жұртын соғыстан түскен олжамен асыраған» деген сынды сипаттаудан ары аса алмайтындар бар. Сондықтан бұл романды киіз туырлықты халықты бір шаңырақ астында біріктіруге ұмтылған қаған мен оның ұрпағы жайлы ақиқатты дәл көрсете білген деп толықтай айта аламыз.

### **Негізгі бөлім**

XII-XIII ғасырларда болған оқиғаларды қамтыған «Шыңғыс хан» романында түрлі рутайпалардың бір ұлысқа бірігуі, бір мүддеден табылуы, бір мақсатқа ұмтылуы айтылады. Халықты бір шаңырақ астына ұйыстыруда қағанның атқарған еңбегі зор болды. Үрерге иті, сығарға биті жоқ, ағайындары теріс айналған жап-жас Темучин артынан қаншама халықты ертіп Шыңғыс хан дәрежесіне дейін көтерілді. Бара-бара құлашын кеңге жайған оның мемлекеті Еке Моғұл ұлысы атанды. Көзінің тірісінде ел ішіндегі тәртіп бұзылмады. Тіпті

балаларының кезінде де қанға сіңген сол жүйе қатаң сақталған. Тек немерелері билік құрған тұста ағайын арасы ажырап, билік үшін бір-бірімен жауласуға көшкен.

Романда Еке Моғұл ұлысында билік жүргізген хандардың қара бастың қамынан ұлыстың мүддесін артық қойған тұстары шебер суреттеледі. Шыңғыс ханның өзі ұстанған, өзінен кейінгілерге үлгі қылып аманаттаған жолы болатын. Сондай бір оқиға Шыңғыс ханның өзі өмірден өтіп, билікке баласы Өкетай келген кезде орын алыпты. Өкетай қағанның тапсырмасымен ханзадалар Орыс жеріне жорыққа аттанады. Мұнда Жошының ұлы Бату, Шағатайдың немересі Бөрі, Өкетайдың өз ұлы Күйік, Төленің баласы Мөңке, Шыңғыс ханның інісі Қашығұнның баласы Арғасұнның аттары аталады. Мегет қаласын қиратқаннан соң, моғұл әскері жиылып той жасайды. Тойда ханзадалардың үлкені ретінде Бату шарап құйылған аяқты алдымен көтереді. Осы ісіне Бөрі мен Күйік наразы болып, Батуға қарсы шығады. Қос ханзаданың шектен шыққаны соншалық, Батуды «көкірек көтерген сақалды әйел» деп балағаттайды. Солай екеуі жиын-тойды тастап кетіп қалған екен. Ханзадалардың арасында болған дау ұзақ уақытқа созылмайды. Жау елдің жерінде отырып өздерінің жауласуын дұрыс санамаған Бату болған жайтты түгел Өкетай қағанға баяндап, хат жазып жібереді. Күйік пен Бөрінің әрекетіне қаған қатты ауланып қаһарланады. Осы кезде Ордаға Күйіктің өзі де келіп түскен екен. Өкетай сөйлеспек түгілі, қабылдаудан бас тартыпты. «Шіріген жұмыртқа! – дейді. – Мен оны шалғыншы ретінде жау бетіне жіберем. [Қандай ер екенін көрейік]. Алғыншы ретінде қамалға қарсы салам, он саусағы үзіліп түскенше тас қабырғаға өрмелеп көрсін. Мен оны тамам әскерімен жердің түбіне жұмсаймын! Дөкір сұмырай! Ал Арғасұн біздің әулетке қарсы сөйлеуді, қорлап, намысқа тиюді қайдан шығарды?! Өлімге лайық сұмдық. Әйткенмен, алабөтен жазаға тарту әділетке жатпас. Күйік екеуі бірдей кінәлі. Екеуін де төңірегімнен аластаймын. Ал Бөрі өзінің атасы, біздің ағамыз Шағатайдың алдынан өтсін. Батуға солай деп хабарлайық», – депті [1, 482-483]. Жазушы Мұхтар Мағауин қағанның ашуын дәл берген. Бір ғана «шіріген жұмыртқа» деген тіркесті қолдану арқылы әкенің балаға деген ызасын, ренішін, іште қалып кеткен әттеген-айын жеткізіп тұр. Біздің халық қай кезде «шіріген жұмыртқа» деген сөзді қолданатын еді?. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде мынадай анықтама беріледі: «Шіріген жұмыртқа – кейіс. Ата-ананың айтқанын тыңдамай, үмітін ақтамай, елден кеткен кісі, теріс бата алған бала» [2]. І. Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігінде»: «Қылығына қарай ата-ана, елден кеткен кісіге, теріс бата алған балаға айтылады» [3] деп берілген. Күйіктің орынсыз айтылған сөзі, ағасы сыйламауы, өркөкіректігі оған жақсы атақ әкелген жоқ. Сенімнен айырылды. Бір сәтте іске жарамсыз бейшара күйге түсті. Өке билігіне мастанып жүріп, адамдықтан ажыраудың аз-ақ алдында қалды.

Өкетай қағанға Маңғай ханзада мен Елжігедай-ноян келіп, ашуын басын, бұл істі Батуға тапсыру керектігін айтып ақыл қосады. Ашуы басылып, ұлын қабылдаған кезде былай деп айтады: «Сен жорық кезінде бөксесі барды құйрықтан теуіпсің, басы бардың бетін шиедей қылыпсың. Үлкен ағаңа қарсы көтерілгеніңе қарағанда, өзіңді бүткіл Орысты бағынышқа түсірген жалғыз жеңімпаз санаған сияқтысың. Бабамыз Шыңғыс ханның Білік өсиетінде айтылған емес пе: «Көп – қорқытады, терең батырады», - деп. Сен Сүбітайдың басшылығында, көпшіліктің шылауында жүрдің. Үйден алғаш шыққан сапарыңда бар істі жалғыз өзін бітіргендей айқайға саласың. Шындығы, Орыс пен Қыпшақты бағындыру кезінде әлдебір қаланы басу, әлдененде й әскерді қирату тұрыпты, текенің тұяғын олжаға түсірмедің. Маңғай мен Елжігедай және басқа да серіктес нояндардың өтінішімен ғана кеңшілік жасағалы отырмын. Осы бүлдіргенің жетер! Енді жауабын бересің. Түз шаруасы болғандықтан, бұл істің шешімін Батуға жүктеймін. Мына Күйік пен анау Арғасұнның үкімін Бату айтады!» [1, 483] Үзіндіден байқайтынымыздай, автор Өкетай қағанның аузына өте орынды сөз салған. Өкетай хан Күйік өз баласы болса да, елге еңбегі сіңген Сүбітай батырлардың еңбегін артық бағалаған. Сүбітай сынды батырлардың жорықтарда атқарған еңбегін, Батудың аға баласы ретіндегі жолының үлкендігін әрі дарынды қолбасшы ретіндегі қасиетін жоғары бағалай келе, өз ұлына солардан үйрену керегін ұғындырады. Кеше ғана ұрысқа қатысып, кеудесіне нан пісіп желпініп жүрген жас балаға дер кезінде тоқтау айтуында – іні ретінде ізет көрсете біл деген үндеу тұр. Бұл Өкетай қағанның өз басынан ұлыстың намысын артық қоя білген көрегендігі

деп айтар едім. Егер Өкетай баласының сөзін сөйлеп, Жошы не де болса өзі жоқ деп, Батудың арызына құлақ аспағанда, қолындағы билігіне мастанған болып бүтін бір ұлыстың басын қауіпке тіккен болар еді.

### **Қорытынды**

Романда бір әулеттің ішіндегі болған араздықты автор керемет бейнелейді. Ағайындас бауырлардың арасында туындаған дауды ары қарай ушықтырмай шешу мемлекеттің іргесі сөгілмеуіне тікелей әсер еткен. «Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» дейтін қазақ дау-жанжалды әділ жолмен шешкен. Мұнда Батудың Өкетай қағанның жолын сыйлап, бар жайды толық баяндауы, соған сай Өкетайдың да шешім шығаруды Батудың өзіне тапсыруы аға мен інінің арасындағы сыйластықты көрсетеді. Сол сыйластықтың сақталуының нәтижесінде ағайындар арасында соғыс өрті өршімеді, дер кезінде ауыздықталды. Әйтсе де бір-біріне деген көңілде сөз қалады. Елдің бірлігі бір мүдде жолында татулықтың сақталуын, соны қайырлы болмайтын жөнсіз сөзге ермеуді, інінің ағаны сыйлауын, үлкеннің кішіге жол көрсетуін талап етеді. Айтуға жеңіл көрінгенмен, кісінің бойындағы тәкаппарлықтың құлы болмай, сөзге тоқтай алуы үлкен парасаттылықты талап етеді. Осы бір заңдардың сақталмауынан, іштегі бақа есеп пен билікке таластан қанша елдің іргесі сөгілді. Ұлы қаған Шыңғыстың қатаң ескертіп, ұрпағына аманат еткені сол ұлыстың тұтастығы болатын. Ол балаларына: «Сендер бір ниетпен селбесіп әрекет етсеңдер, бақыт құсы сендерге қонады. Бір-бірінді қолдасандар, ешқандай жау алмайды» [4, 176] дейтіні сол бірліктің сақталуын талап еткендіктен еді.

### **Әдебиеттер:**

1. Мағауин М. Шыңғыс хан және оның заманы. Төрт томдық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2016. Т.4. – 720 б.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том/ Құраст.: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.
3. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 б.
4. Султанов Т. И. Кочевые племена Приаралье в XV-XVII в.в. Алматы, 1982. – 133 с.

## **АБАЙ АҚЫНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТКЕН ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (Шортанбай, Бұқар, Дулат т.б. XV-XIX аралығы)**

**Аяулы Айтмұханбетова**  
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ  
магистранты, Алматы қаласы

**Аннотация.** Бұл мақалада зар заман ақындары Дулат, Шортанбай мен Абай шығармашылығы арасындағы өзара байланыс көркемдік-поэтикалық дәстүр жалғастығы тұрғысынан зерттеле келіп, олардың ақындық мектептерінің қазақ әдебиетіміздің қалыптасуы мен дамуына жасаған әсер-ықпалы және жалпы ұлттық әдебиетімізде алатын орны мен мән-маңызы жан-жақты қарастырылады. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жазып, жүйелеп, өз пікірімізді де білдірдік. Ақынның қазақ әдебиеті тарихында ғана емес, әдеби тіл дамуының тарихындағы орны да ерекше аталып, биік тұлға ретінде танылуы сөз етілген. Оның осындай заңғар биікке шығуына әрі танымал тұлға болуына негіз болған тілдік мұрасы жалпыхалықтық тіл мен сол тілдің жаңашылдығы айшықталған. Абай Құнанбайұлының мұрасы көптеген буын қазақтың және басқа да елдердің ғалымдары мен әдебиет майталмандарының тарапынан жанжақты зерттелген үлкен әдеби құбылыс.

**Кілт сөздер:** Абай, абайтану, зар заман өкілдері, әдеби орта, ұлт.

Әркімнің өз Абайы бар. Әркім өзінше түсінеді, өзінше түсінеді оны.

Абайды тану сан-салалы бағыттар бойынша іске асатын болса, оның бір арнасы Абайды – Абай еткен рухани-мәдени қайнар көздер – ол оқыған, санасына тоқыған кітаптарды таразылау, зерттеп-зерделеу. Тереңіне үңіліп, мәнісіне жету.

Абайдың ақындық кітапханасы туралы Абайтанушылар біршама зерттеді. «Атымды адам қойған соң, қайтіп надан болайын», – деп жарғақ құлағы жастыққа тимей сан түнді,

қаншама күнді сарылып кітап бетіне төнумен өткізгендігін «Абай жолы» роман-эпопеясын оқыған көзі қарақты оқырманның бәрі білер.

М. Әуезовтің: «Тегінде, Абай шығармаларының барлық қор нәрі үлкен үш арнадан құралады. Бұның біріншісі, ең молы – қазақтың халық әдебиетінің мұра-тумалары, екіншісі – шығыс әдебиетінен келген және ең аз сезілетін белгілер. Үшіншісі – Абайды мәдениетті, үлкен аңғарлы зор ақын етіп көрсететін батыс әдебиетінің үлгі-өрнектері», - деген құнды пікірді бүгінгі абайтанушылар темірқазық етіп келе жатқаны анық.

Абайдың алғашқы кітапханасы Абайдың ақындық кітапханасы дегенде ең бірінші – Құран Кәрімді атауымыз керек. Сосын, қазақтың салт дәстүрі мен жазылмаған заңдары десек қателеспесіміз анық. Екіншіден, қазақтың қанына сіңген ауыз әдебиеті, сол арқылы Зере әжесі, онан соң барып әңгімешіл анасы Ұлжан. Ауыз әдебиетінің неше түрлі ертегі, дастандары мен аңыз әңгімелерінің орны бөлек.

Үшіншіден, Семейде 1883 жылы ашылған «Гоголь» кітапханасы. Кітапхананы ашқан, ұйымдастырған – біз білетін «Абай жолындағы» Михаэлис. Абайдың кітапқа деген құмарының артуына әсер етті. Кейін сол кітапханаға Абай есімі берілген болатын.

Төртіншіден, шығыстың асыл қазынасы. Шығыстың ірі тұлғаларының денін, шығармашылығын игерген.

Абайдың ақындық мұрасы – жалпы ұлттық мәдениетіміздің айнасы. Оның даналықпен астасқан өлең өрнегін өз мәнінде ұғыну үшін соған өріс болған арғы-бергі жағалауды тегіс сүзіп шығу қажет. Әсіресе, бұл бағыттағы арналар қазақ халқының ықылым замандардан жасап келе жатқан дәстүрлі рухани мәдениетімен және тарихымен желілі түрде тұтасып жатыр.

Абай мен оның алдындағы ақындық өнер қарлығаштарының арақатынасына байланысты қалыптасқан жаңсақ пікірдің туындау себебін Мекемтас Мырзахметұлы былай деп түсіндіреді: «Біздер Абайдың «Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау. Сөзінің бірі жамау, бірі құрау» деген өлең жолдарына тұрпайы социологиялық таным тұрғысынан қарау себепті, мағынасын теріс ұғынып келдік. Абайды оларға идеялық мазмұны жағынан қарама-қарсы қойып, теріс бағытта таныдық.

Абай бұл ақындардың дәстүрінен аулақ, қайта олардың ақындық дәстүрін терістеуші деп ұғындық.

Керісінше, Абай бұл ақындардың дәстүрін қабылдап,, оны жаңғыртуға дамытушы жаңашыл ақын болғанына енді ғана көзіміз жетіп келеді. Бір-екі ұрпақ толқыны адасқан мұндай қате ұғымды енді ғылыми негізде зерделей, зерттей отырып, бағыт-бағдарын түзеп, дұрыс жолға қою міндеті бүгінгі күн тәртібіне қойылып отыр.» [2,167 б.]

Мысалы кеңес әдебиеттану ғылымының көрнекті өкілі М.Қаратаев «Абай осы өлеңі арқылы өзінің еуропа, соның ішінде орыс әдебиеті арқылы қол артқан биігін танытып отыр. Әдеби-эстетикалық құндылық атаулыдан тым кенже қалған өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің деңгейін Абай осылай ашық көрсете білді»-деп жазды. Осы мазмұндағы ой-пікірлер әдебиеттану ғылымының тарихында көптеп табылады.

Абай сырттай танып, өлең-сөзін құлағына құйып өскен арысы Бұхар, Шортанбайлар, бар қазақты көзінің тірісінде тәнті еткен Шоқан, іргелес жатқан Сыбаннан Байғара-Ақтайлақтар, әріден Сүйінбай, күйші Тәттімбет, Құнанбаймен сыйлас болған Балта ақын, Абайдың өзі жоғары бағалаған Марабай ақын тағытағылар болса, Абайдың өзі кездесіп, сұхбат құрған, жас та болса сөз қағыстырып, ақыл сынасқан әйгілі Шөже ақын, Шорманның Мұсасы, Абай қасында болған Байкөкше ақын, Жуантаяқ Тобықты Байғұлақ шешен, Жанғұтты би, Әуезов эпопеясынан жақсы таныс Қаратай шешен, Сыбанның қаракөк ұрпағынан Сабырбай ақын, оның ақын қызы Қуандықтармен тізімді жалғастыруға болады.

XIX ғасырдағы ойшылдарымыздың негізгі ой арнасы алдыңғы буын жыраулармен үндесе ел бостандығына байланысты жалғасын тапты. Бұл тұрғыда, әсіресе, заманында «кер толғау», «зар заман» айдарын тағып, ұлттық әдебиетімізден аластатылған Шортанбай, Дулат сынды еркін ойлы ақындардың толғауларын айтқан жөн. Уақытында аталмыш ақындардың толғауларына дұрыс баға берлімеуі себепті «зар заман» ұғымын дұрыс түсіну, дұрыс

кабылдауға мүмкіндік болмады. Бәлкім, осы ақындардың толғауларын барлық оқу орындарда оқытып, оның астарлы тұстарына еркін ену мүмкіншілігі болғанда бүгінгі халіміз қалай болар еді деген сұрақ та маза бермейтіні рас. Дулат, Шортанбайлардың жойқын жырлары сол кезеңнің ащы шындығын жырлап қана қоймай, отарлық езгінің тарихи салмағын да айқындап кетті. Оқып көрелік:

Әуелі құдай біледі,  
Шығыс, Батыс кәпірді.  
Бірігіп атқа мінеді,  
Байтақта жатқан қайран ел,  
Астын-үстін бөледі,  
Ашар шайдай ұйқыңды. [3.55]

Бұл Дулат ақынның сөзі. Ал Шортанбай не дейді? Шортанбай замандасымен үндес:

Кейінгі туған жас бала,  
Ақ балтырын түрініп,  
Басарына ерініп, Көкірегі күйініп,  
Тек тіршілікке сүйініп,  
Ықтиярсыз жүгіріп,  
Аузы түкті кәпірдің,  
Етпегей еді жұмысын, [4.174].

Жоғарыдағы екі ақынның жырлап отырғаны бодандық, соның зардабы мен ауртпалығы. Алайда бұл кезеңде орыс патшасы тарапынан бодандықтың ауыр күрзисі қазақ жұртшылығының басына бар салмағымен төне қоймаған кезі. Бірақ өткенді бағамдағыш, келешекті болжағыш кәнігі жыраулар бүгінгі болып жатқан саяси ахуалдың болашақтағы батпандай салмағын сезе білді.

Дегенмен бұл кезеңде қазақ даласында кемелденген, бірақ дала заңдылығына негізделген ұлттық дүниетанымның ірге тасы қаланды. Бұл тұрғыда Абайдың дүниетанымын айтуымыз қажет. Сол сияқты зар заман ақындарында сол дәуірдегі заман шындығын жырлайтын, тек өздеріне ғана тән ұлттық дүниетаным құбылыстарын аңғарамыз. Мәселен, зар заман ақындарының жерге, діни танымға, «жақсы» мен «жаманға», отаршылдық езгіге қарсы жырларында сол кезеңнің заманауи шындығымен қатар терең ойға негізделген поэтикалық иірімдерді аңғарамыз. Мұның бәрі ақындық шеберлікпен қатар заман болмысын пайымдайтын танымдық тереңдікті талап ететін қасиеттер. Бұған жоғарыда келтірген мысалдар дәлел бола алады. Ал, Абайдың өлеңдері мен қара сөзінде ақынның терең ізденісі мен өмірлік сабағынан алынған ұлттық дүниетанымның нақты көрінісін ұғынамыз. Сондықтан болар, шығыстық дүниетанымға негізделген Абай ойы, Абай пайымы күні бүгінге дейін бізге есігін айқара ашпай отыр. Сырттай бәрі түсінікті болғанымен, оны неғұрлым терең талдай бастасаң болды, қалтарысы мен бұлтарысы алдыңды шырмап жібермейді. Бұл жөнінде танымал абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы түрлі мінбелерден айтап та жүр. Ғалымның осындай бір ойына назар аударып көрелік: «... Сондықтан, Абайды ашу үшін, Абайдың дүниетанымын ашу үшін, сөз жоқ, мұсылмандық негіздер мен исламияттың тарихын білу қажет. Қазіргі біздің философтарымыз күшті, керемет, бірақ олар неге Абайды аша алмайды? Себебі олар Европалық мәдениеттен келеді. Абайды сол мәдениеттен танып көреді. Сол тұрғыдан түсіндіреді. Сондықтан Абай ашылмайды», - дейді ғалым кезекті бір сұхбатында [5. 96].

Абай мұраларында айтылатын «жауанмәрттілік», «толық адам», «иманигүл», «инсанияттың кәмәләттығы», т.б. жұмбақ ұғымдар күні бүгінге дейін көпшілікке түсініксіз күйінде қалып отыр. Ғылым мен техника қарыштап дамыған қазіргі таңда Абайдың аталмыш ойларын танып білу аса қажет. Себебі тарих дәлелдеп бергендей ғылым мен техника неғұрлым дамыған сайын адамдар рухани құлдырай беретін көрінеді. Дүниенің күші адамзаттың ой-санасын баурап, жан қажеттілігіне мойын бұрғызбайды. Тәннің уақытша тойынғанына мәз



болған адамзат баласы алдында қандай рухани қауіп күтіп тұрғанына бажайлап көңіл аударар бермейді. Нәтижесінде тек дүниенің соңынан жүгірген, тек соның құлына айналған жарымжан ұрпақ қалыптасады. Бұл жөнінде XIX ғасырдың өзінде-ақ Дулат ақын былай деп жырлаған болатын:

Күнәм – жойқын, тәубәм – аз,  
Тіршіліктен не таптым?  
Дүние – жемтік, мен – төбет,  
Соны бақпай, не бақтым?  
Ырылдасып әркіммен,  
Не қапқыздым, не қаптым [3.63].

Дулат «дүние» мәселесіне өзінше көзқарасын білдіретіні көрініп тұр. «Жемтік» дүниенің сорақы түрі. Оны тек бойында адами қасиеті жоқ, рухани қожыраған адам ғана бойына жақын ұстайды. Дулат оны «төбет» деп белгілепті. Демек, дүниеауи игіліктерді мақсат еткен адамдардың басты қажеттілігі «жемтік» аңдыған «төбет» болатыны өзі-өзінен белгілі болып шығады. Сондықтан Абай өлеңдері мен қара сөздерінде рухани игіліктерге неғұрлым жақын тұруға ниетті адамдардың негізгі сұраныстарын қанағаттандырады. Өйткені ол өзінің адами болмысын «адам болып туған соң, қайтіп надан болайын» принципімен айқындап береді.

Діни терминдерді қолдануы Ислам дініне қатысты айтылған өлеңдері мен қара сөздерінде орын алған. Өйткені дінді сөз еткенде ол сол діннің ресми тіліне, яғни араб тілінің сөздік қорына иек артқан. Нәтижесінде, өзі тани білген шариғи үкімдер мен өзінің ой байламдарын айтып жеткізуде арабша сөздерді қазақшаламай, барынша ұғымды түрде сол қалпында пайдаланған. Бұл да ақынның шеберлігі мен көркем сөз дүниесін танытатын сипаттардың бірі.

Абайдың бір ұмытпайтын нәрсесі, өзгенің ықпалына ермей басқаның сөзін айтумен болмай, өз ақындық қуатына сүйеніп, өз шамасынша дүниетану, көркемдік сезім байыту ісіне беріліп, тыңнан жол салып, ілгері аттауды көксейді.

Ақындықты думан-сауық ісіне сарп еткендерге қынжылып, өткір тіл, саналы ой іздеген, білімге, өнерге шақырған, ел қамын ойлаған, күрделі іске ұмтылған қамқор ақын екенін білдіреді.

Абай Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай туралы олардың қырағы сыншысы есебінде сөйлейді. Сондықтан өз алдына қойған күрделі мәселелерді санап өтіп, «наданның көңілін қойып көзін ашпақ», ақындық-ағарту ісіне жұмсалсын деген пікірді қадап айтады.

Абай мен зар заман поэзиясындағы сабақтастық туралы айтқанда осындай жекелеген көркемдік ұқсастықпен шектелу жеткіліксіз. Әрқайсысының өнерпаздық қыры, тұлғасы өзіндік сипатқа ие болғанымен, олардың өмір сүрген ортасы, заманы жалғас, сол дәуірдегі өмірдің қайшылықтар, әр түрлі әлеуметтік топтардың мінез-құлқын бейнелеп көрсетуінде жалғастық, сабақтастық бар.

Сонымен қатар тағы бір әдеби арна қазақ әндерімен байланысты болғанын да есепке алу керек. Абайдың жасынан әнге құмарлығы кейін дамуын тауып оның шығармашылығында композиторлыққа ұласты. Қарап отырсаңыз осы дүниелердің барлығы да Абайдың шығармашылығында айтылған әдеби бастаулар ақынның «жанр жадысының» міндетін атқарып келді. Ақын сөзімен айтатын болсақ «Шығысым батыс болды, ал шығысым батыс» болды деген сөзінде біраз мәнін жатқанын осыдан аңғаруға болады.

М.Әуезов айтып кеткендей қазақ жазба әдебиеті іргетасының бекітілуі, яғни әдеби тілдің қалыптасуы біз ойлағаннан анағұрлым ерте кездердің еншісіне тиеді. Оның басты дәлелі ой санада көрініс тауып отырған идеялық жаңашылдық іздері мен көркемдік дамудағы бетбұрыстар.

Абайдай алыптың шыңдалуына әсер еткен туған халқының төл мәдениеті, соның қатарында оған ақындық жолда ұстаздық үлгі танытқан ақындық мектептің

қалыптасқандығына көзіміз жеткен. Оның басты өкілдері Абай өзі атап кеткен Бұқар, Шортанбай, Дулат ақындар жасаған өнер мектебі.

Абайды ұлылық пен даналық, кемеңгерлік болмысы, ұлағатты ой-тұжырымдары, өнегелі өсиеттері мәңгі өміршең етеді. Оның мұралары – биік адамгершілік өнегесі, ұлттық сана-сезіміміздің қуатты сәулесі, рухани асыл құндылық.

«Абайдың әрбір өлеңі, дербес мақала жазуға тұрады» – деп Тәкен Әлімқұлов өз пікірін білдірген болатын. Абайдың әр өлең жолы, сөзі – түсінген жанның жүрегінде алаулар ой жалыны. Абайдың ғаламат, ғажайып ойларымен нұрланған сана, қуаттанған ақыл иесі өмір өріне, мақсат көгіне ұмтылады.

Әлбетте, Абай – бүгінде де, болашақта да биіктен биікке беттейтін ұлтымыздың мәңгілік мәртебесі, мерейі, уақыт озған сайын өнегесі өрістер рухани болмысы. Өлмейтін, өшпейтін, мәңгілік өнегелі өмір. Ұлы талант ойларын, тәмсілдерін шындап іске асырғанда ғана ұлтымыз өркениеттің жаңа өресінен көрінеді. ұлағатты байламдарын бұлжытпай орындайтын жаңа толқын келгенде, кемеңгер ойшылдың ғаламат тұлғасы ғаламдық алтын тұғырға нық орнығады.

Абай поэзиясы мен философиялық, эстетикалық, этикалық, педагогикалық әрі діни-тәрбиелік ілімдері таусылмайтын қазына. Ұлы ақынды әлем әдебиеті биігінде талдап, зерттеу, дәлелдеу – ұлттық әдебиеттану ғылымындағы ар-намыс жауапкершілігі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Абай. Шығармаларының толық жинағы. Т.1.-Алматы: Жазушы, 1995.–218б
2. Мырзахметұлы М. Түркістан Тараз арасы. – Астана: Білге, 2002. – 432 б.
3. Бабатайұлы Д. Тұнық тұма. – Алматы: Раритет, 2002. - 386 б.
4. Қанайұлы Ш. Қайран халқым. – Алматы: Раритет, 2002. - 214 б.
5. Мырзахметов Мекемтас. Өмір-өзен ағысында. – Алматы: Шапағат Нұр, 2010. – 216 б.

## **Ж.АЙМАУЫТОВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**С. Ербол, Ж. Айтжанова, Д. Жумагалиева**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық  
Университеті магистранттары, Алматы қаласы  
Ғылыми жетекшісі: **Қожекеева.Б.Ш**

Әдебиетті оқу арқылы бала өмірді, өзін таниды, рухани құндылық қазынасына бойлайды. Осынау күйбең тіршілікте орын алатын түрлі оқиғаларды саралайды. Оның білім беруде атқарар рөлі де мың қатпарлы. Әдебиетті оқу бағдарламасына енгізудің мәні де сонда – жас ұрпақтың көкірек көзін ашу, зиянды қауымды басып озатын зиялыларды жасап шығару. Кезіндегі Алаш зиялылары қараңғылықтың қалың тұманын сейілтеміз деп жүріп, түнекте жатқан қазаққа күн көзін түсірген, білімге шақырған ғалымдар да болды. Сондай ғалымдардың бірі, жазушы, аудармашы, зерттеуші, қазақ әдебиетіне «Ақбілек» секілді ірі туындыларды тарту еткен бірегей тұлға – Жүсіпбек Аймауытов. Ж.Аймауытов қазақ педагогикасының іргесін қалаушылардың бірі, қазақ ұстаздарының игілігі үшін қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесін жасап шығарған. Оның енгізген жаңалықтары мен нұсқаулықтары әлі күнге өзектілігін жоймақ емес.

XX ғасырдың басында баспасөзді құлашы кең қару ретінде пайдала білгендер «Қазақ» газеті, «Айқап», «Абай» журналы секілді басылымдарда мақалалар жазып жарысып, айтысып, талқыға салды. Ж.Аймауытов «Абай» журналының бас редакторы боп жүрген шағында тәрбие мен білім беруге байланысты ғылыми, танымдық мақалаларын жарыққа шығарып жүрді. Осылайша, 1922 жылы шыққан «Тәрбиеге жетекші», 1929 жылғы «Комплекспен оқыту жолдары» атты кітаптары талай оқытушыларға темірқазық іспетті қызмет атқарды. Мысалы, «Комплекспен оқыту жолдары» еңбегіндегі сөзінің «біссімллә»-сінде: «Комплекспен өткізу сабақты қысыр әңгімемен өткізу емес, баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен

білім тапқандай қылу, оны естен шығармаңыздар» [1, 8 б.] деп ашып жазады. Яғни, қазіргі таңдағы жаңартылған білім мазмұны, функционалдық сауаттылықтың бала оқытуда ауадай қажет, таптырмас құрал екенін сол кездің өзінде аңғара білген.

«Ана тілін қалай оқыту керек?» атты мақаласында: «Бәрінікі - білім берудің төте жолын табу. Бізде көп әдістер түгіл жөнді бір де әдіс жоқ деуге болады» деп күйінішін білдіріп, әдіс жасау ісіне білек сыбана кіріседі. «Білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңылау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол-дене). Балаға сөйлеңіз (тыңдасын!), жазыңыз (көрсін!), айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін)» [2, 213 б.] деп тың бір әдістің басын шалады. Бұлары – қазіргі тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым әдістері. Демек, бұл әдістерді біз шетелден емес, өзіміздің іргелі ғалымдарыңыздың осындай сілтемелері арқылы жасадық. Сол кездің өзінде ғалым баланың тек миымен ғана емес, басқа да сезім мүшелерімен тығыз байланыста болып, солар арқылы жаңа нәрсені үйрету әлдеқайда тиімді, әлдеқайда сіңімді, әлдеқайда өнімді жұмыс істейтінін дөп байқаған.

Осы мақаласында емле үйрету және сөйлеуге, шығарма жаздыруға төселдіру атты әдістерге тоқталып өтеді. Соның ішінде, мектепте қысқа әңгімелерді оқытқанда қандай әдістерге жүгіну керектігін жан-жақты талдаған. Мәселен: «Салған жерден кітаптан оқыта бастамай, алдын ала сол әңгімеге балаларды даярлап алған жөн» [2, 215 б.] деп ескертеді. Бұл – ынталандыру әдісі. Осы әдіс арқылы бала саналы түрде тақырыптың құрығына түседі, бар назарын алдында тұрған шығармаға аударады, топпен бірлесе оқып, бірлесе талдауға қызығады. Ал бар жанарды жаулау арқылы мұғалім де өз сабағын нәтижелі өткізіп, оқушылармен бірге жақсы, жаңа жетістіктерге жетеді. Ынталандыру әдісі – оқушы мен оқытушыны теңестіруші.

«Әуелі әліптеу (описание), содан кейін баяндау (повествование) түріндегі әңгімелер аралас алынған жөн» [2, 216 б.] дейді. Расында да, бір нәрсені, құбылысты, оқиғаны сипаттаған мәтіндерді оқыту баланың сөздік қорын байытып, елестету, суреттеу, кескін беру секілді қабілеттерін дамытады. Содан кейін барып шым-шытырық оқиғаның өзін оқу жеңіл болады. Көркем әдебиеттің асқан тиянақтылықпен тыңдалып, оны оқуға оқушыларды алдын-ала дайындау, баланың тілінде оқу керектігін сөз етеді.

Тыңдалым – оқушының зейінін, сыртқы дыбыстарға, сөздердің дыбысталуына, сөйлемдерден мәтін құрап, ондағы сөздердің бейнесін ойша елестетуге машықтандыратын әдіс. «Жақсы оқылған сөз, толғаулы сөз балаға әсер бере алмаса, мұратына жетпеген» [2, 216 б.] деп ғалым тыңдалымның жаңа сабақты меңгеруде рөлі орасан зор екенін баса айтады. Мәтінді я мұғалім, я жақсы оқитын оқушы оқу керек деп мәнерлеп оқу әдісіне сілтеме жасайды. «Оқытудағы мақсат – оқушыда осы сезімдерді ояту ғана емес, оқушы эмоциясын тәрбиелеу» [3, 95 б.] деп педагогика ғылымдарының кандидаты Б.Д.Жұмақаева сөз еткендей, оқылған шығарма сол күйінде қалмауы тиіс. Оны әрі қарай ойталқы, пікірталас, диалогтік әдіс секілді тәсілдермен өрбіту керек. Ж.Аймауытов та шығарма оқылғаннан кейін мазмұнына, тіліне, сыйлаған әсеріне байланысты қойылатын бір топ сұрақтарды ұсынады. «Әңгіменің қаһарманы кімдер? Заманы, орны, уақыты, жағдайы нендей? Қандай сөздер, жолдар, сөйлемдер өте сұлу, жат, күшті келген?» [2, 216 б.] деп бірнеше сауал тастайды. Бұл – қазір біз қолданып жүрген көркем шығарманы кешенді талдау әдісінің алғашқы нұсқасы, үлгісі іспетті. Автор сұрақ-жауап әдісі арқылы оқылған мәтіннің оқушы санасына сіңуін, жаңа білімді бекітуін, шығармадан екшеп алған ой арқылы бала ойының ұшқырлығын қалыптасыру үшін тиімді екенін шебер жеткізе білген. Ж.Аймауытов оқушыны сұрақ-жауап әдісі арқылы эвристикалық әдіске жетектейді. Яғни, осы мәтін арқылы автордың қандай мәселені қозғап отырғаны, оны баланың қалай шешетінін бағалау үшін керек. Осылайша оқылымның бір өзінен бірнеше әдіс өрбітінін, оның ауқымы әлдеқайда кең, маңызы зор екенін аңғарамыз.

Автор: «Қандай сурет салуға, қай-қайсын айттыруға болар еді?», «Қай жері күйге келтіріп оқуға, қайсысы сымбатқа түсіруге қолайлы?» [2, 217 б.] деп тағы сұрақтар тізбегін жасайды. Бұлар көрнекілік әдіс, шығармашылық оқу, зерттеу әдістерімен пара-пар. Демек, мәтінді ауызша талқылап, тілдік ерекшеліктерін жазбаша талдап болған соң, оны көрініс

ретінде қою, айтылған оқиғаның, кейіпкердің суретін салу, монолог, диалог түрінде рөлге бөліп оқу әдістері арқылы шығармаға жан бітіріп, оқушылардың шығармашылық қабілетін оятуға сеп болуға болады.

Жазылым – баланың ойлау өрісін, бойында, ойында бар жиған-тергенін, сөздік қорын, сауаттылығын паш ететін жазба жұмысы. Айтылым, тыңдалым, оқылым секілді әдістерден өткен бала кейде жазылым әдісіне келіп сүрініп, қиналып жатады. Себебі ойда тұрған ақпарды шашау шығармай, сол күйінде, кемшің тұстарынсыз қағаз бетіне түсіру екінші бірінші қолынан келе бермейді. Ж.Аймауытов баспасөз беттерінде жарияланған мақалаларда бұны да ескереді. «Қазақ баласына класты, орындықты, шкафты суреттеу сықылды өмірге керексіз жұмыстар берілмеген жөн, одан да «әке-шеше, туғаным не істеп жүр екен?» деген тәрізді ойландыратын, сезімін, қиялын ұстартатын нәрселер жаздырған артық» [2, 217 б.] деп өте өзекті мәселені сөз қылады. Өзекті болу себебі – қазір жаңартылған білім мазмұнында функционалдық сауаттылық басты назарда. Баланы артық ақпаратпен азықтандырмау, алған білімін өмірде қолдана білуін, білімнің өміршең болуын ту етеді. Бұл – оқушылардың өзіндік жұмыс әдісі. Осылайша автор балалардың өзіндік жұмыстары өмірге керек, пайдалы тақырыптар төңірегінде өрбуі керек екенін насихаттайды.

Шығарма жазылды екен деп іс бітпейді. Оны түзеп, талқыға салып, кейін ол қателерді қайталамайтындай етіп тексеру керек. Қызыл ала қылып қатені көрсетудің тиімсіз екенін автор атап көрсетеді. «Үлгі қылуға жақсы, жаман, орташа жазылған үш шығарманы алып, соларды көптің талқысына салып, мінін түзету керек» [2, 218 б.] деп жаңа әдістер ұсынады. Шынымен де, оқушының жазбасын жекелеп тексеру не оқытып қою өтімді емес. Осы әдіс арқылы жұмыстарды тексеру уақыт ұтуға, оқушылардың сыни көзқарасын дамытуға, бағалау, бақылау әдістерінің орындалуына түрткі болады. Айтылым – баланың тақырыпты өзінше қорытуы ғана емес, оның сөйлеу мәдениеті, этикасы, қырағылы секілді қабілеттерінен хабардар ететін коммуникативтік әдіс. Ендеше, осы төрт тағанды өз ойында табыстыра білген, өмірмен ұштастыра білген оқушы тақырыпты толық меңгерді деп айтуға негіз бар.

Академик Ю.Н.Бабанский «Оқу-тәрбие процестерін оптималдандыру» деген еңбегінде әдісті үшке топтап көрсеткен:

1. Оқушылардың оқу-таным қызметін ұйымдастыру әдістері;

2. Оқушылардың оқу-таным қызметін көтермелеу әдістері;

3. Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері [4] деп атап көрсеткен екен.

Ж.Аймауытов өз мақала, еңбектерінде осы үш бағытты тірек еткен әдістердің барлығын да қамти алғанына көзіміз жетеді.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда ұстаз жүгін білім берудің жаңа технологиялары мен әдістері еселей түсті. Ж.Аймауытов өзінің ізденімпаздығы, жаңалыққа құштарлығы арқылы қазақ педагогикасын жаңа әдістерге байытты. Қазіргі уақытта оқу жүйесінде жас мамандар үшін біраз мүмкіндік бар. Жаратылыстану ғылымдарына тән әдістер гуманитарлық ғылымдарда қолданылса, ал тіл үйренудің көптеген тәсілдерін математикаға да, физикаға да қолдануға болады. Ғалым ту еткен комплексті оқу қазіргі жаңартылған білім мазмұнымен араға қанша уақыт салса да ұштасып жатыр. Әдебиетті оқыту арқылы оқушыға өмірлік сабақ, кеңес, бағыт беруге болады. Оқиға кейіпкерлері арқылы қоғамның ахуалынан хабардар болады. Ал сезімі басым шығармаларды оқыған жанның жүрегі кең, мейірімді болатыны тағы бар. Яғни, әдебиет арқылы баланы жан-жақты дамыту қажет. Төрінде Жүсіпбек Аймауытов секілді ғалымдар қызмет еткен қазақ педагогикасы, қазақ әдебиеті жаңа әдістермен, соны тәсілдермен толыса бермек.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, 1999.
2. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. «Комплекспен оқыту жолдары» (оқу-әдістеме), мақалалар, хаттар. – Алматы: «Ел-Шежіре», 2013.
3. Жұмақасева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқулық. - Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015.
4. Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения: общедидактический аспект / – М., Педагогика, 1977.

## ШАҢНАМА ЖЕЛІСІ БОЙЫНША ЖАЗЫЛҒАН ДАСТАНДАРДАҒЫ ПАТШАЛАР ОБРАЗЫ

Г. Сайлаубаева,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Магистранты, Алматы қаласы

Шығыстық қисса-дастандардағы тарихи тұлғаларды таныту мақсатында жазылған туындыларға көне замандарда өмір сүрген патша, діни қайраткерлер, қоғам зиялыларының образы алынған шығармаларды жатқызамыз. Әдетте, белгілі бір тарихта болған оқиғаларды сипаттайтын көркем шығармалардағы сюжеттің басым бөлігі ойдан шығарылады. Тарихи дәлдік көп жағдайда тек тарихи шығармаларға ғана тән. Сол секілді, тарихи персонаж жайын сөз еткенде де шындық және ойдан шығарылған образды ажырата білуіміз керек. Көркем бейне өмірлік негіз және де көркемдік қиялдың тоғысынан туындайды. Көркем шығарманы автор жазу барысында ең алдымен өзінің шығармашыл қиялында белгілі бір образды туғызады, содан кейін барып оның көркем бейнесін жасаудағы құралдарды анықтайды. Мәселен, өмірде болған қандай да бір тарихи кейіпкерді алғанның өзінде, оның барлық сипатын өмірде болған күйінде шығармаға көшірмек емес, оның басты қасиеттерін, өміріндегі үлкен әрекеттерін негіз ете отырып, өз прототипін көркемдік құралдардың құзырына бағындырып жаңа әдеби тұлға жасайды. Кез келген ақын, жыршы не жазушы қолында бар деректі әдеби шығармаға айналдыра отырып, өзінің қиялына ерік беріп, өзінше дамыта пайдаланады. Шығыс поэзиясында барша оқырман қауымға бұрыннан мәлім болған белгілі бір сюжетті бірнеше ақын өзара жарысып, шеберлік сынасып жырлай беретін болған. Осылайша аға буын жырлап кеткен тақырыпты кейінгі толқын інілер қайта жырлап, көркем әдебиетке тың туындылар әкелген. Ғылыми мәліметтерге сүйенетін болсақ, «Шахнама» тақырыбы бойынша шамамен төрт жүзден астам шығармалар туған екен. Фирдоуси еңбегінің әуен-саздары Орта Азия халықтарының фольклоріне еніп, Еуропада кейбір үзінділері ағылшын, неміс, француз, итальян тілдеріне өткен ғасырлар ширегінде аударыла бастаған. Бұл шығарманың сюжеті қазақ әдебиетіне де соқпай кеткен жоқ, қазақ авторлары сөзбе-сөз аударудан қашықтай отырып, өз ортасының сұранысына, талабына орай аударып, иран эпосын халық арасына түсінікті ете жеткізген.

«Шахнамада» Иранның елу үш патшалығы қамтылып, көлемі алпыс бәйіт, жүз жиырма жол өлеңнен тұрады. Көлемі жағынан үш үлкен бөлікті қамтиды: мифологиялық, аңыздық-батырлық жырлар, тарихи тараулар. Автор династикалық хронологияға сүйеніп, тарихи шығармаларды жинақтай келе, Иранды билеген төрт династия жайын айтады. Олар: Пашдадидтер 2441 жыл, Кейанидтер 732 жыл, Ашканидтер 200 жыл, Сасанидтер 500 жыл. Осы тұста біз, белгілі әдебиетші Ө.Күмісбаевтың: «Қазақ ақындарын иран патшаларының тарихы қызықтырған жоқ еді, керісінше Фирдоусидің гуманистік ұстанымдары, бағыт-бағдары, адами ізгіліктерді жырлауы шабыттандырған еді» [1, 28] – деген пікірімен толықтай келісеміз. Дастанның түп нұсқасында елу үш патшалық қамтылғандықтан, ондағы кейіпкерлер де назар аудартпай қоймайды. «Шахнама» желілерін негіз етіп алған қисса-дастандар XX ғасырдың бас кезінде пайда болды. «Шахнама» сюжеттерінің желісіне жақын келетін дастандарға: «Еренғайып шаһ Ғаббас», «Мұңлық Зарлық», «Шәкір-Шәкірат» сынды бірқатар дастандарды жатқызуға болады. Соның ішінде, қазақ даласында кең тараған «Шахнаманың» бір сюжеті бойынша жазылған дастандардың бірі - «Қисса Баһрам».

«Қисса Баһрам» – қазақ арасында жайылған назиралық дәстүрмен жазылған қисса-дастандардың бірі болып табылады. Бізге жеткен дастанның сюжетін Алма Қыраубаева парсы әдебиетінің көрнекті тұлғасы Фирдоусидің «Шахнама» эпопеясынан алынғандығын жазады. Сонымен қатар, «Қисса Баһрамды» өзге де Науаи, Низами, Сайхали сынды орта ғасыр шайырлары да жырлаған. Махаббат, ғашықтықты негізі идея етіп ала отырып, шығыс сюжеті негізінде жырланған бұл дастан алғаш рет Қазан қаласы, Университет баспасынан 1908 жылы Ш.Құсайынов бастырған, ал 1912 жылы Домбровский баспаханасынан, Алматы қаласында

1995 жылы жарыққа шыққан. Дастанның сюжеттік желісі «Мың бір түннен» алынған «Сейфүлмәлік» секілді ғашықтық дастандарға өте ұқсас келеді. Шығарманың басты кейіпкері Үрім шаһарының ханы Үлгаш ханның жаратқаннан тілеп алған жалғыз ұлы – Баһрам. «Қисса Баһрам» – шығыстық дастан, шығарманың кіріспе бөліміне зер сала қарайтын болсақ, дүниедегі әйгілі ғашықтарға тоқтала кетіп:

Жетінші, ғашық болған ер Баһрам,

Өз әкесі Үрімде, Үлгаш хан [2, 192], – деп Баһрамды жетінші ғашық ретінде танытады.

Қиссаның мазмұны шымшытырық ғажайып оқиғаларға толы. «Қисса Баһрамның» сюжеті дәулеті асыптасқан Кіші ханның бір балаға зар болып, тәңірден бала тілеуі, көптен күткен сәбидің дүниеге келуінен басталып, Баһрамның ер жетіп, киік қуып, Гүлэндам атты пері қызына ғашық болып, соның артынан іздеп кетуімен шығарма шарықтай түседі. Сонымен қатар, бұл дастанда бір балаға зар болу, тәңірден перзент тілеу, ерекше сәбидің дүниеге келуі, суретін көріп ессіз ғашық болу, қиыншылықтарды бастан өткеріп дегеніне жету секілді кең таралған мотивтер кездеседі. Баһрам жайындағы қазақ қиссасында: Гүлэндам Иранбақтағы пері қызы болуы, диюмен соғысуы, теңіз, керуенге тап болуы секілді оқиғалар «Сейфүлмәлікке» ұқсас болып кеткен. Сондықтан, «Баһрам қиссасын» тек қана «Шаһнамаға» сүйеніп жазған деген пікір қате, дұрысы: «Шаһнама» және «Мың бір түн» сюжеттерінен алынған. Дастандағы тарихи тұлға бейнесіне келетін болсақ, Баһрам өмірде болған, Иран шаһарында хандық лауазымға ие болған тарихи персонаж. Дегенмен Иранның ханы Баһрам жайлы деректер тек қана Фирдоуси мен араб тарихшыларының жазбаларында кездеседі. Қолда бар материалдарға сүйенетін болсақ, Варахран V (Баһрам Гур) Сасанид тұқымының ұрпағы, Персия тарихында қаталдығымен есте қалған Эздигирд I атты патшаның үш ұлының бірі. Оның шешесі Шошендхут жер аударған еврейлердің қызы болған. Баһрам Хирадағы Лахмид патшасының сарайында тәрбиеленген, шамамен 421-439 жылдары ел басқарған.

Қазақ даласында кең таралған «Қисса Баһрам» дастанында да дәл осы батырлық қасиеті негізге алынады. Яғни қисса-дастандағы шытырман оқиғалар негізінде Баһрамның айдаһармен алысып, жын-диюмен соғысып, теңізден өтіп, керуенге ілесіп, көптеген қиыншылықтарға тойтарыс берген, мақсатына жеткен жеңімпаз образы арқылы батырлық, ержүректілік дәріптеледі. Көп тосқауылдан өтіп, дегеніне жетіп, сүйіктісіне қосылған Баһрам бейнесі баяндалады: «Беріпті Баһрамға артық бақты, Болжайды жас та болса һәрбір жақты. Қамшыменен ашуланып салғанында, Бір асқан батырыңнан қолы қатты» [2, 214], – деген үзіндіден оның асқан ержүрек, мықты болғандығын байқауға болады. Сондай-ақ, тіпті Баһрамның өлімі туралы, патша өзінің жылқысымен бірге терең шұңқырға түсіп, оның ішінде жоғалып кеткен деген аңыз да ел арасында таралып кеткен екен. Жоғарыда айтып өткендей, Баһрам бейнесі тек Фирдоусидің еңбегінде ғана емес, басқа жырларға да негіз болған. Мысалы, Науайдің «Жеті ару» атты дастаны да «Шаһнаманың» «Баһрам» сюжетіне телінсе, автордың «ФархадШырынында» да Баһрам негізгі кейіпкер Фархадтың досы болып, оның өлімінен кейін Армениядағы Шируаны талқандауы, патшалықты алуы секілді бірқатар батырлық істері жырланады.

«Шаһнама» Иранның билеген патшалықтардың тарихынан сыр шертеді. Эпикалық шығарманың композициялық құрылымына келетін болсақ, Тәңірді мадақтаумен бастау алып, әрі қарай «Ақылдың рухын» жырлауға көшеді. Бұл жөнінде профессор Ө.Күмісбаева «Тұрмағамбет және Фирдоуси» атты зерттеу мақаласында тоқталып өтеді. Ғалымның еңбегінде Фирдоуси Әлем мен Адамның жаралуын айтып, Каюмарс патша жайын, кейін оның немересі Хуманг, Иран патшалығының келесі мұрагері Тахмураққа тоқталып, әрі қарай Жәмшид патшалығына кезек беретінін көрсетеді. Осы тұста әрі қарай сөзімізді Жәмшид патша туралы жалғастырайық. Қазақ даласында таралған «Шаһнама» желісі бойынша жазылған шығыстық қисса-дастанның бірі – «Қисса Жәмшид». «Қисса Жәмшид» дастаны Қазан қаласындағы «Чирква» мирасқорлар баспасынан 1889, 1897 жылдары Кәрімовтер тарапынан екі мәрте бастырылып шығарылған. Дастанды жырлаушы әрі жариялаушы – Кәшафудин Шаһмарданұлы Ғабдуллин. Шығармада жеті жүз жыл патшалық құрған Жәмшидтің әкесінен жастай жетім қалып, анасының тәрбиесінде өскен күнінен бастап шым-шытырыққа толы өмірі

баяндалады. Жәмшид билеген кезеңде елде рахат өмір орнап, соғыс, сырқат, өлім-жітім болмаған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман болды десе де, билік пен байлықтың буына мастанған Жәмшидтің ендігі мінезіне тәккаппарлық еніп, көңілі бұзылып, жүзі қарайа бастайды. Әрі қарай шығармада оның әртүрлі патшалықтармен жан беріп, жан алысқан шайқастары сөз болады. Жәмшид – Фирдоусидің «Шахнама» туындысындағы аты аңызға айналған жағымды кейіпкерлердің бірі. Парсы фольклоры мен мифологиясында Жәмшид Каян әулетіне дейін билік еткен Пидадия әулетінің төртінші және ұлы патшасы ретінде сипатталған тарихи қаһарман. «Жәмшид патша» деген қисса қазақтар арасында ынтамен тыңдайтын шығарма болған. Және оның тарихта болуы да сөзсіз. Тіпті Жәмшидтің есімі атақты адамдар қатарынан кездесіп, Абай өлеңінде де аталады, Ұлы ақын Ахмет-Риза медресесінде оқып жүрген кезде «Иузи – рәушан, көзі гауһар..» деп басталатын шағатай әдебиетінің ықпалымен жазған өлеңінде: «Өзәң гузәлләра раһбар, Сәңә ғәшиқ болып кәмтар, Сүләйман, Ямшид, Искәндәр Ала алмас бар шам үлкігә» [3, 226], – деп ғашық жүрегінің тоят таппай, кемтарлық көріп жүргенін жеткізу үшін, тіпті бар дүниесін салса да, сені сонау «Сулеймен, Жәмшид, Ескендір» де ала алмас деген екен. Аңыз-ертегілерден есімдері белгілі, тарихта қуатты тұлғалар болғандығын ескерте келіп, өлең шумақтарында «махаббат» алдында бұлар да дәрменсіз деген асыл ой тастайды. Ақын Фирдоусидің «Шахнамасында» Жәмшид Рүстем батырдың арғы атасы ретінде баяндалып, патшаның әлемнің барлық періштелері мен жынперілеріне билік жүргізгені туралы айтылады. Сонымен қатар, оған құдайдың рақымымен айналасына нұрын шашқан шырақ атауы берілген. Оның күшіне, әулиелігіне қол астындағы халқы, бағынушылары таңданып, мақтан еткен дейді. Оның әулиелігі мен сиқырлығы туралы араб, парсы, түркі тілдес халықтар арасында көптеген аңыздар тараған. Мысалы, оның өзінің астындағы қымбат зергерлік бұйымдармен көмкерілген тағын аспанға көтеріп, ұшқандығы туралы айтылады. Сол күні Фарвардин айының бірінші күніне сәйкес келіп, біздіңше Наурыз «Жаңа күн» мерекесін сол кезден бастан тойлау үрдісі орын алған деседі. Сонымен қатар, Жәмшид ханның, ішінде өлмейтін эликсиры бар жеті сақиналы сиқырлы ыдысы болған және сол арқылы әлемді бақылап отыратын мүмкіндігі болған деген де аңыздар сақталған. Жәмшидтің үш жүз жыл билік жүргізген уақыт аралығында өмір сүру ұзақтығы артып, ауру-сырқау жойылған, бейбітшілік пен өркендеу орнаған. Жоғарыда айтып өткендей, оның тәкәппарлығы оның күшімен күшейе түсіп, өзін құдаймен қатар қойып, халқынан алған жақсылықтың бәрі тек қана өзінің арқасында деп түсініп, жаратушы секілді үлкен құрметке бөленуін талап еткен. Осы кезден бастап оның қадірі кетіп, құдайдың рақымымен айналасына нұрын шашатын шырағы сөніп, қол астындағылар оған қарсы көтеріле бастайды. Өзінің ісіне өкінгенімен, оның бұрынғы даңқы, абыройы өзіне қайта оралмады. Арабияның билеушісі Заххак Жәмшидке қарсы соғыс ашып, арада шайқастар болады. Жәмшид өз астанасынан әлемнің екінші шетіне қашып кеткенімен, соңын аңдыған Заххак оны ұстап, аяусыз өлтіреді. Нәтижесінде жеті жүз жылдық биліктен кейін адамзат өркениет биігінен қараңғы дәуірге қайта түседі. Жәмшидің дастандағы образы қазақ ғұрпына таныс сал-серілерге ұқсас келеді. Дастанды оқып отырып, оның сегіз жаста молдадан хат танып, он жасында ғылым біліп, он екісінде өнер іздеп, найза салып, садақ тартып, асық атып, сыбызғыда ойнап, домбыраға шебер болған сегіз қырлы бір сырлы өнерлі екенін байқаймыз.

Екінші, өнермен де жолдас болсам,  
Сыбызғы, домбыраны мен үйренсем.  
Күй тартсам дутарме неше түрлі,  
Жігіт болсам, болындар сегіз қырлы [4, 95]

немесе

Оқиды Мәлік бала өнер, білім,  
Бақилық тәрбиенің барлық түрін.  
Сыбызғы, домбыра мен неше қилы,  
Бақшаның бал егінді қызыл гүлін.

Өнерге неше қилы болды жетік,  
Ауызбен айтып болмас мыңнан бірін [4, 96].

Сонымен қоса, оның көз тоймас сымбаттылығы да «Қисса Жәмшидте» ерекше сөз болады. Мысалы, дастанда Назым Маһиронның Жәмшидке ғашық болып Жамал қызға айтқаны:

Диуана болып келген қонағымыз  
Өрт болып жүрегіме салды жара.  
Бұл қонақ диуана емес нағыз шын-ды,  
Сипаты салтанатты, сондай сынды [4, 132].

Өртүрлі араб, парсы аңыздарында да Жәмшидтің өнері айтылады, халыққа аң терісінен емес, матадан киім тігіп киюді, ем жасауды, алыс жолға теңізге кеме шығаруды үйреткен екен.

Фирдоусидің «Шаһнамасынан» кейін, ақын-шайырлар сол шығарманың сюжеттік желісі бойынша әртүрлі мотив, мазмұнын ала отырып немесе эпопеядағы негізгі кейіпкерлер туралы көптеген поэма, қисса-дастандар жазғандары белгілі. «Қисса Жәмшид» те солардың қатарынан, сондықтан «Шаһнамадағы» Жәмшид бейнесі мен қиссадағы Жәмшид образы арасында айырмашылықтардың болуы заңды. Себебі, қиссаны қалыптастырушы, таратушылар шығарманы түп нұсқадан сол күйінде көшіріп алмай, сүріп жатқан дәуірге, халықтың түсінігіне, танымына сай етіп айтуға, жазуға, таратуға тырысқан. Және бұл заңды құбылыс. Тарихта болған Жәмшидтің образы аңыздың әсер етуімен мифтік негіздерге ұмтылып, негізгі «патша» бейнесі өзгеріске ұшырап, басқа сипат алған. Қисса көбіне қиял-ғажайып шығармаға ұқсас келіп, ертегіге тән мотив, сюжет, сарындар көрініс табады. Тарихи кейіпкерлермен қатар, «Қисса Жәмшидте» бүгінгі күнге дейін жеткен, көптеген шығармалардан белгілі ел, тайпа, ұлттар және жер-су атаулары, сонымен қатар ерте заманда тарихта болып, қазір жойылып кеткен мемлекет, қала, ел атаулары кездеседі. Дастанда кездесетін Тұранзамин, Емран, Фишқайран сынды елді мекендер жартылай тарихи, жартылай аңыздық атаулар болып табылады. Сөзімізді түйіндей келе, «Қисса Жәмшид» – Иран шаһарын мекендеген, аты аңызға айналған алғашқы патшаларының бірінің образы бейнеленген шығыстық қисса дастан. Басты кейіпкер – Жәмшидтің тарихи персонаж екендігі, осы дастанда оның аңыздық бейнесі көрінгендігі сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Күмісбаев Ө. Алтын қазық: Зерттеу мақалалары. – Алматы: «Қайнар», 2012. – 512 б.
2. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2005. Т.20: Ғашықтық дастандар. – 336 б.
3. Сэмюэл Н.Крамер. История начинается в Шумере, Москва: Наука, 1965. – 256 стр.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2004. –Т. 6: Хикаялық дастандар. – 2004. – 352 б.
5. Ізтілеуұлы Т. Шаһнама. Фирдоуси «Шаһнамесінің» желісімен жырланған тарихи дастан. I том. Астана: «Сарыарқа», 2009.-904б.



## «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНАН ҮЗІНДІЛЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУҒА БЕЙІМДЕЛУ

Г. Байсалбай

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Магистранты, Алматы қаласы

**Аннотация.** Бұл мақалада өскелең ұрпақты тәрбиелеуде қазақ әдебиетінің маңызы баяндалады. Жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты, менталитетті сақтап қалудың алғышарты ретінде әдебиетті оқыту ұсынылады. Мақалада «Абай жолы» роман-эпопеясындағы салт-дәстүрлерді оқушыларға оқыта отырып, иетерпретациялаудың ұтымды методикасы жазылды. Сонымен қатар бала Абайдың бойындағы қасиеттерді педагогикалық әдістемелер арқылы оқушыларға үлгі ету мақсаты көзделді.

**Кілт сөздер:** «Абай жолы», типтік образ, ұлттық код, салт-дәстүр, «Жинақтау-даралау», «Көпіршелер» метафорасы.

Бұрынғы оқу бағдарламасында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан 5-сыныпта «Ақын қонақтар», 6-сыныпта «Біржан сал Абай аулында» тақырыптарымен үзінді әңгімелер берілген. Алайда жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұнына өзгеріс енгізілген. Сондықтан факультатив курстар арқылы болса да осы үзінді әңгімелерді оқыту өскелең ұрпақтың мүддесіне пайдалы болар еді деп есептеймін. Өйткені «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығында «Эпопея – эпостық шығарманың бір түрі; белгілі бір немесе бірнеше тарихи дәуірдің типтік оқиғаларын кең көлемде суреттейтін, бірнеше ұрпақ өкілдерінің іс-әрекеттерін ортақ идея мен тақырыптың арнасында, көркемдің тұтастықта баяндайтын поэзиялық не прозалық кесек туынды» деп берілсе, «Абай жолы» роман-эпопеясы туралы «Абай» энциклопедиясында былай деп жазады: «Әуезов өзінің төрт том «Абай жолы» арқылы бүкіл дүние жүзіне, қала берді-өз отандастарына, керек десеңіз тіпті-қазақтардың өзіне қазақ дегеннің кім екенін танытты. Дәлірек айтқанда, қазақ халқының ұлылығын, оның өткен өмірін, тарихын, тарихының түбірлі кезеңдерін, қазақ мінезі қалыптасқан трагикалық һәм шығармашылық дәуірлерді ғажайып көркемдік күшпен жарқыратып, ашып, жан-жақты айқындап, терең түсіндіріп берді. Сондықтан да «Абай жолын» оқыған Бенжамен Матип «қазақ неткен ғажайып халық» деп өзін-өзі ұмыта таңырқаса, Константин Федин «өзінің қалай қазақ боп кеткенін» білмей қалған. Сондықтан да бүгінде Л.Н. Толстойды оқымай орысты, О.Бальзакты оқымай французды білдім деу қандай қиын болса, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу сондай қиын» [1, 65 б.].

Сондықтан бұл үзінділерді бір-бірімен сабақтастықта оқыта отырып, жұмыс түрлерін пәндік құзыреттілік тұрғысынан шығармашылықпен ұйымдастырсақ, әрбір оқушының тамыры тарихтың тереңінен бастау алатын ұлттық кодты түсініп, елдің ұлттық – рухани тамырынан нәр алуына жағдай жасай алар едік. 5-6-сыныптарда оқушының жас ерекшелігіне байланысты нақты «эпопея» жанры туралы түсініктеме берудің қажеті болмас, алайда үзінді әңгімелердегі халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, мінез-құлқы, мәдениеті туралы сипатталатын эпизодтарды, детальдарды шығармашылық тапсырмалар барысында жеке бөліп қарастыру арқылы оқушыларды жоғары сыныпқа барғанда «эпопея» ұғымының жанрлық ерекшелігін түсінуге дайындай аламыз.

«Ақын қонақтар» әңгімесінде қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, халықтық болмыс-бітімі кеңінен суреттелген. Мұндай детальдарға 5-сынып оқушыларының назарын аудару үшін оқушыларға тақырып ұсынып, «Ойтүйме» жұмысын жаздыруға болады. Ойтүйме жаздыруда мұғалім оқушыларға тақырып ұсынғаннан кейін үлгі ретінде бір тақырып бойынша дайын жұмысты ұсынса, оқушылар үлгіге сүйене отырып, берілген басқа тақырыптар бойынша өз беттерінше ой қорытып жазуға мүмкіндік алады.

Сондай-ақ оқушылардың ойтүймесін оқып болғаннан кейін басқа тақырыптар бойынша да мұғалім өз ойтүймелерін ұсынуға болады. Бұл оқушылардың тіл байлығын дамытып, ойын түйіндеп бере білуге дағдыландырады. Осы орайда педагогикалық тәжірибеде пайдаланылған төмендегідей жұмыс үлгілерін ұсындық.

### **1.Өнердің адамға рухани әсері.**

М.Әуезовтің «Ақын қонақтар тақырыбындағы 13 жасар науқас Абайдың әжесі Зере мен анасы Ұлжанның, Барлас пен Байкөкшенің ән-жырын тыңдап, сауығып кеткендігі шебер суреттелген. Біз осы арқылы бай ауыз әдебиетінің, ән-жырдың, бір сөзбен айтқанда өнердің қасиетін, құдіретін, адамға рухани әсерін ұғындық.

Сонымен бірге дана Абайдың бойына тәрбие арқылы егілген рухани нәрдің негізін көріп сезіндік.

### **2. Бала Абайдың білімге құштарлығы.**

Абай сүле аурудан біршама айығып, атқа мініп жүруге жарағанымен, үйінен көп шықпай, өзге баладан гөрі басқа бір ермек, бөлек бір дос тауып, яғни әжесі мен анасын айналдырып, әңгіме сұрайтындығы, сонымен бірге сол күндердің бірінде үйге келген қонақтар Барлас пен Байкөкшенің жырларын да ерекше құнығып тыңдап, оларға да бауыр басып қалғандығы шебер суреттелген. Абайдың сырқат кезіндегі осындай мінез-машығы оның білімге деген құштарлығын көрсетеді.

### **3.Қазақ халқының қонақ болу және қонақ күту мәдениеті.**

Біздің дана халқымыздың қонақ болу және қонақ күту мәдениеті ерекше дамыған. Біз әңгімеден екі ақынның ас піскенге дейінгі уақытта «Қобыланды батыр» жырын, одан кейінгі уақыттарда да бебеу қаққан қоңыр майда домбырамен небір дастан, жырларды жырлап берген өнерін оқып, білдік. Ел аралап жүретін өнерлі адамдардың негізгі мақсаты-қыдыру емес, халқымыздың асыл мұра- жыр-маржандарын кейінгі ұрпаққа үйрету, насихаттау екендігін түсіндік. Сонымен бірге Ұлжан ананың қонақтарды аттандырар сәтінен «қонақтардың келген сапарларына ырым байлау», яғни сый-сыяпат беріп, қайтару дәстүрін білдік.

### **4. Зере мен Ұлжан ананың көрегендігі.**

Бұл әңгімеден Абайдың анасы Ұлжан мен әжесі Зеренің зерек, зерделі кісілер болғандығын, халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілері арқылы Абайды жас кезінен даналыққа тәрбиелегендігін білдік. Олардың бейнесі қонақ күту, сыйлау дағдыларымен де қазақ әйелдерінің инабаттылығының, көрегендігінің дәлелі болып табылады. Ең бастысы Абай даналығының бастау бұлағы осы екі ана болғандығын сезіндік.

### **5.Бата беру дәстүрі.**

Біздің дана халқымыз «Жауынменен жер көгереді, Батаменен ер көгереді» - деп, бата беру дәстүрін ерекше құрметтеген. Бойында өнер-білімге, ізгілікке деген құштарлығы бар балалар, жастар «Аузы дуалы, көзі қарақты» үлкен кісілерден бата алуға тырысса, үлкендер жағы да әрдайым өсіп келе жатқан жас балаларды сынай отырып, талабын өсіру ниетімен бата беріп, киелі, қасиетті, құнды дүниелерін сыйға беріп отырған. Біз бұл әңгімеден халқымыздың осындай даналыққа негізделген бата беру дәстүрінің жарқын көрінісін көрдік және бала Абайдан болашақтағы «Дана Абайды тани білген Барлас ақынның көрегендігін түйсіндік.

Сонымен «Прозалық шығарма мен өлең мәтінін талдауда екі түрлі жүйені ұсынады. Прозалық шығармаға талдау→жинақтау әдісі ұсынылса, өлеңді оқытуда жинақтау→талдау→жинақтау әдісінің тиімділігін көрсетеді» [2, 77 б.]. Оқу бағдарламасында б-сыныпта «Біржан сал Абай аулында» үзіндісінен кейін «Типтік образ» ұғымы туралы түсінік беру көзделген. Оқушылардың типтік образ туралы білімдерін бекіту үшін, сондай-ақ әңгімедегі Әуезов кейіпкерлеріне шоғырланған қазақ қоғамының өткен ғасырдағы бір алуан ұнамды қасиеттерін, болмыс-бітімін шығармашылық жолмен түсіндіру үшін төмендегідей «Жинақтау-даралау» кестесі арқылы топтық жұмыс жүргізуге болады:

## 1-топ: Абай – халықтың ұнамды қасиеттерінің типтік үлгісі

Р/С	Жинақтау – халықтың ұнамды қасиеттері. (Мұғалім тарапынан ұсынылады.)	Даралау – мәтіннен Абай бейнесінен мысалдар келтіру. (Оқушылар орындайды.)
1	Көзі ашық, көкірегі ояу, ән-жырды сүйіп тыңдайды.	Әншінің «Біржан сал» атты осы бір әні өзінің майда қоңыр, сырлы қоңыр сазымен бастала жөнелгенде, өзге көп жұрт ішінде демін тартып, қатып тыңдаған кісінің бірі-Абай.
2	Өнерді құрмет тұтады.	Ел ақтаған бір әнші болушы еді. Тілін безеп, жанын жалдап. Тіленшілікпен байды сауып, сөз қадірін сол кетіруші еді. Үн түзеген бір әнші болушы еді. Кім көрінгеннің қосшысы. Ән қадірін түсіріп. Бір атым насыбайдан арзан ететін еді. Сен әнді босағадан өрлетіп, төрге шығардың, соныға ғана қуанам
3	Отбасылық туыстық құндылықтарды құрметтейді.	Құдайберді өлерде, Абай оған: «Балаларыңды әке орнына бағу қарызым болар» деп, «жетімдік көрсетпесің» деп ант еткендей болатын. Айтқанындай, Абай содан бері Құдайберді балаларын өзімен туысқан Оспаннан да, өз балаларынан да қатты еркелететін.
	Байлық, мал-мүліктен өнерді, бай-бағылдан жарлы өнерпазды биік қойған.	«Өнерпаз болсаң, өр бол» дейді, Біржан аға. Жарлы бол, жалқы бол, ол-кемшілік емес. Өнерлі ақын, асқақ әнші болсаң- ел көңіліндегі мұңды айтып, көзіндегі жасты тыйсаң, сенен зор, сенен қадірлі болмасқа тиісті.
	Ән өнерін, сөз өнерін тәрбие құралы деп санап, жастарды өнер құдіреті арқылы тәрбиелеген.	«Бар, көр. Шын өнерлі, қызықты болса, елге әкел. Жас буын өнер үйренсін, үлгі алсын. Мен де көмекші болармын» деген.

## II-топ: Біржан сал – сал-серілердің типтік үлгісі

Р/С	Жинақтау – сал-серілер бейнесі (Мұғалім тарапынан ұсынылады.)	Даралау – Біржан сал бейнесі бойынша. (Оқушылар орындайды.)
	Олар елдің еркесі, әрқашан сыйлы қонағы болған.	Бұлар қазір төрдің тап ортасында, жағалай көрпе үстінде, ақ жастықтарды шынтақтаған сал-серілер. Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі – мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең маңдайлы, нұрлы жігіт. Ол – Біржан сал.
	Сегіз қырлы, бір сырлы, суырып салма ақын, әнші. Сазгер болған.	Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері – Біржан.
	Байлық, мал-мүлік жинауды мақсат етпеген. Басты байлық – рухани өнер деп бағалап, көп жағдайда кедейшілікте, үстем тап өкілдерінің зорлығын көре жүріп, өмір сүрген.	Ол – Біржанды жаңа Абай айтқан «бай, бағлан» дегендердің бірі сабап күйдіргенін ашық айтқан ән еді.
	Әсем, сән-салтанатпен киінеді.	Үстінде қара мақпал, кең, жеңіл шапаны бар. Омырауы ағытылған, «сері жаға» ақ көйлектің сыртынан киген сұрғылт түсті, қытайы жібек кемзалы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ырғала түседі.
	Өнерлі жастарды іздеріне ерте жүріп, өнерге баулыған рухани ұстаз.	Жұрт көзі тегіс Әмірге қараған еді. Ол ақырын тыңқылдатып, өзі домбырасына Біржан үйреткен «Жиырма бес» әнін салып отырған. ... Керімбала да Біржаннан өзі сүйіп ұққан әнін айтты.

### III топ: Әңгімедегі қазақ қызы бейнесінің типтік үлгісі

Жинақтау	Кейіпкер	Даралау
<i>(Мұғалім ұсынады)</i>		<i>(Оқушылар орындайды.)</i>
Қазақ қыздары сұлулыққа, тазалыққа ерекше мән берген. Әсем киініп, әшекей бұйымдарын тағынып жүрген. Әрбір ата-ана «қыз бала-қонақ» деп, үй ішінде еркелетіп, еркін өсірген. Домбырамен ән салу, айтысқа түсу сияқты дәстүрлі өнерлерді меңгерген. Қыз балалардың көпшілік алдындағы, сондай-ақ өз үйінен ұзатылып, жас келін болған кезінде ұстанатын өзіндік әдеп-иба дағдылары қалыптасқан	Керімбала	Шошақтау боп біткен үлкен қой көзді, ақ-қызыл жүзді, қалың шашты Керімбалада саналы қайрат бар, ұстамды, сырлы салмақ бар. Сонысымен ол әрі сәнді, әрі өзгеше біткен сұлу. ...Көп сақиналы, үлкен білезікті аппақ қолын көтере түсіп, жігітке сыпайы тілек етті.
	Балбала	Аппақ, кесек сұлу ақ тістерін сұлу қызыл еріндері аша түсіп, қайта жасырып, Балбала езу тартады.
	Үмітей	Ақша маңдайлы, кең сұлу жүзді Үмітей ашық үнмен сыңқ-сыңқ етіп, үй ішіне естірте күледі. Ән, домбыра кезегі жағалап, осы Үмітейдің өзіне келгенде, о да іркілмей «Баянауылына» бастады. Соны кәмшат бөрік, алтын сырғалы, ең сәнді киімді сұлу қыз айтты да, жүзіндегі әншейіндегі жұқалау қызылынан айрылып, аппақ тартты. Оң жақ бетіндегі әдем қап-қара мені айқындап барып тоқтады.
	Әйгерім	Бұның жас сәулелі жүзінде кішілеу қара көзі, әсіресе естен кетпестей. Аса сыпайы қарайтын ойлы, нұрлы көзінде бөлек бір шұғыла бар. Жаңа жеткен жастық, тазалық шағында, ақ жүзді, сұр жүзді қара көз әйелдерде оқта-текте кездесетін осы шұғыла, кейде қоңырқай көлеңке ренденіп, көзінің астына ұялап тұрады.

Бұл жұмыс орта буын сыныптардың білім дағдысына қарай мұғалім мен оқушылардың бірлескен әрекеті ретінде жүргізіледі, яғни мұғалім оқушыларға кейіпкердің типтік бейнесін ұсынады. Оқушылар мәтін бойынша кейіпкердің даралық бейнесін ашады және осы арқылы жалпыдан жалқыға, жалқыдан жалпыға көшу білімі қалыптасады.

Оқушылар мен мұғалімнің бірлескен әрекеті ретінде жүргізілетін мұндай жұмыстарды, оқушыларға ұсынылатын нұсқау-көмектерді сындарлы оқыту теориясындағы «Көпіршелер» метафорасымен сипатталатын интерактивті мүмкіндіктер ретінде қарастыруға болады, яғни «Көпіршелер оқушыға ЖАДА аясында қолдау көрсетіп, біреудің көмегінсіз орындай алмайтын тапсырманы орындауға мүмкіндік беру үшін мұғалімдер ұсынатын интербелсенді мүмкіндіктерді сипаттау үшін қолданылатын метафора. Оқушының аса епті және хабары мол адаммен интерактивті вербалды алмасуы нәтижесінде біртіндеп сыртқы, әлеуметтік-жанама диалог орнатуы, күнделікті міндеттерді шешуге қатысуы әлеуметтік тәжірибе ретінде бала бойына сіңіп, оның өз бетімен ойлануына қатысты ішкі жеке қоры ретінде қалыптасады. Басында мұғалім міндеттерді өз бетінше және сәтті орындау үшін қажетті тілдік және танымдық құралдарды береді. Тәртіп пен тілді модельдеу, оқушыны өздері қатысатын үдерістер және рәсімдермен таныстыру арқылы мұғалім оқушының біліктілік, сенімділік және өз бетінше әрекет ету қабілеттілігін дамытады».

Осылайша біз болашақ мұғалім ретінде осындай жұмыстарды жүргізу арқылы Елбасымыз ескерткен «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деген қауіптің алдын алуға үн қостық деп есептейміз. Өйткені бүгінгі жаһандану дәуірінде өскелең ұрпақты ұлттық болмысымыздан, салт-дәстүрімізден ажыратпау, адастырмау, жат ағымдардың шырмауына түсірмеу – біздің міндетіміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Абай: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
- 2 Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық. – Алматы: Қыздар Университеті, 2015. – 242 б.
- 3 Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.

## СУИЦИД МӘСЕЛЕСІНІҢ XX ҒАСЫРДА ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ЖАПОН ӘДЕБИЕТІНДЕ КӨРІНІС БЕРУІ

**Ж. Дәурен,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Магистранты,  
Ғылыми жетекшісі: Е.М.Солтанаева  
ф.ғ.к., аға оқытушы

**Кіріспе.** Адамның өзін-өзі құртуға, өз түбіне өзі жетуге, өзін-өзі өлтіруге бағытталған психикасының жұмбақ қыры болады. З. Фрейд іліміне сәйкес адам психикасы бір-біріне қарама-қарсы күресте болатын күштердің тепе-теңдігі. Олар – эрос (өмір инстинкті) пен танатос (өлім инстинкті). Егер екіншісі басым түсетін болса, оның нәтижесі – суицид. Бұл девиантты іс-әрекет өмірдің адам қолымен күрт үзілуі, кесіліп берілген уақыттың аяқталмай тұрып соңына жетуі, қалыптан тыс болуы арқылы көрініс табады. Түптеп келгенде, әрбір суицид – трагедия. Бір адамның қолымен бүкіл адамзатқа жасалған қастандық.

Өзін-өзі өлтіру актісін зерттеуші ғалымдардың барлығы дерлік оны адамзаттың ортақ індеті деп көрсетеді. Мысалы, Эмиль Дюркгейм «Өзін-өзі өлтіру» атты еңбегінде: «Қазіргі көрініс тауып отырған қалпындағы адамның өзін-өзі өлтіруі біздің коллективті ауруымыздың берілу формасы» [1, 7], - дейді. Ал J.N. Ogbuanu: «Suicide is a challenge to all members of the human community, irrespective of their culture, beliefs and world view, to ensure social order, and integrity for the present and future survival of the society» [2, 127], - деп, суицидті өзгеше дін, мәдениет пен дүниетанымға қарамайтын, адамзаттың барлық өкілдерін қоғам өміріндегі тұтастық пен тәртіпке шақыру ретінде көрсетеді. Зерттеуші бұл тұста, суицидті тұтастққа жету жолындағы кедергі ретінде көрсетіп тұр. Алайда өзін-өзі өлтіруді қылмыс санамайтын, ұлттық таным аясындағы қалыпты фактор я қалыптасқан жағдайға байланысты моральдық шешім ретінде қарастыратындар да бар. Әрі адамның өзіне-өзі қол жұмсауын заң тұрғысынан, әлеуметтік, психикалық, философиялық, әдеби, діни жағынан бағалаудың өзі бір жақты емес.

Қазақ және жапон әдебиетіндегі суицид те екі ұлттың дүниетанымдарына сай екі түрлі сипат алады. Қазақ танымында суицид табу тақырыптардың бірі болса, жапондықтар үшін өзін-өзі өлтіру әрбір жапондыққа бала күнінен түсіндірілетін өлім концептісінің бір бөлігі ретіндегі қарапайым тақырыптардың бірі болады. Қазақ әдеби шығармаларындағы кейіпкерлердің суицидке баруы көркем шығарма сюжетінде кең таралмаған жазушы шешімдерінің қатарына кірсе, керісінше жапон шығармаларында кең тараған, жиі қолданылатын тәсіл саналады. Бұны жапон әдебиетіндегі суицидке деген қарым-қатынастың романтизациясымен түсіндіруге болады.

Жапондықтардың ертеден мәдениеттеріне еніп, романтизацияланған «өз еркімен өмірден кетудің» суицидтік күнәні әлсірететін күші бар екендігін көруге болады. Әсіресе әдеби шығармадағы бас кейіпкер я жағымды кейіпкерлердің бірінің өзіне-өзі қол жұмсауы жапон классикалық әдебиетінің басты фабулалық шешімі мен көркем шығарманың аяқталуының ең әдемі, толғандырарлық формасы саналады. Жапондық көзқарас бойынша «бар мақсаттарына жетіп, ұзақ өмір сүрді», «бақытты да ұзақ ғұмыр кешті» т.б. деп аяқталатын шығармалар қызықсыз тіптен талғамсыз болып есептеледі.

Жапондықтар өлім туралы сөз қозғаудан қорықпайды десек, қазақ халқы үшін де өлімді қорқынышты деп айтуға келмейді. Қазақ танымында ақ өлім, қарттардың «өлімді адалынан бер» деп тілеуі де ерте кезеңнен өлімге деген оң көзқарасты көрсете алады. Алайда өз-өзін өлтіру (тарихтағы кей жағдайдарды қоспағанда) теріс мәнді, негавитті сипатынан арылған емес. Қазақ жазушылары үшін көркем шығармада суицидтің көрініс беруі жағымсыз кейіпкердің әрекеті, қорқытуы я заман қатыгездігін танытатын, қоғам залымдарын айыптайтын құрал ретінде (психикалық ауытқуларды қоспағанда) орын алған.

Қазақ және жапон әдебиетіндегі суицид тақырыбы көркем шығарма деңгейінен асу, шығарма кеңістігінен автор кеңістігіне өту жағынан да екі түрлі келеді. Жапон әдебиетіне көз салсақ өз-өзіне қол жұмсаған жазушылар мен ақындардың соңына жете алмай қаламыз, ал қазақ әдебиетінде ондай жағдайдар саусақпен санарлық қана.

XX ғасырдағы әлем мойындаған жапон әдебиетінің бес классигінің ішінде төртеуі – А.Рюноске, Д.Осаму, Ю.Мисима мен К.Ясунари – суицид жасаған. Бұлар тізімнің басы ғана. Ал қазақ әдебиетінде XX ғасырда өз-өзіне қол жұмсаған деп Б.Күлеев пен осы қатарға жатуы күмәнді Б.Соқбақбаевты айта аламыз.

**Негізгі бөлім.** Қазақстан мен Жапония бір-біріне ұқсамайтын мәдениеті, тілі, салт-дәстүрі, дүниетанымы бар мемлекеттер. Алайда екеуінің де ортақ байланыс нүктелері табылады. Үлкенді сыйлау, құрмет көрсетумен қатар бала тәрбиесіндегі ерте жастан ұстамдылық, ізеттілік пен сыпайылыққа тәрбиелеу, жоғары эмоционалды болуы, сезімдерін ашық көрсетпеу мен ұят мәселесі екі елдің ұқсас қырлары. Аталғандардың барлығы тәрбиеге қатысты болғандықтан тұлға қалыптастырушы факторға тікелей әсер етеді. Әдебиетте де жазушының шығармасында оның ұлттық коды танылып тұрады.

Ұят – жапон халқының моралдық, этикалық құрылымның басты реттеуші күші. Қазақ үшін де ұят мәселесі ар-намыспен бір. Ендігі үлкенге құрметтің өзі екі ел мәдениетінің өзегінде жатса да перифериясындағы ұғым-түсініктер бәрібір екі түрлі жиынтық болады. Мәселен, Жапонияның аштық жайлаған таулы ауылдарында жұмыс істеуге шамасы келмеген қарттар өздерін тауға апарып тастауды өтінген. Әдебиет (ең алғаш рет Ясуси Иноуэ «Обасутэяма – кемпірлерді қалдыратын тау» 1955 ж.) пен кино өнері арқылы белгілі болған салт географияда да өз орнын алған. Обасутэяма тауының атауының мағынасы «Әжелерді қалдыратын тау».

Жапония – әлемдегі өзін-өзі өлтіруді эстетикаландырған, романтизация жасаған жалғыз ұлт. Суицидті жапондықтардың ұлттық мінезінің негізгі атрибутының бірі санаудың басты себебі ретінде статистиканы келтіруге болады. Статистикаға сай жапондықтардың суицидтік көрсеткішінің жылдар бойғы тұрақтылығы мен тым жоғары болуы суицидологияда «жапондық үлгі» деп аталып кеткен. Үлгіге сай суицидтің жоғарғы деңгейі жастарда көрініп, орта жаста төмендеп, қартайғанда қайта жоғарлайды.

Жапондық суицид өзіндік таза ұлттық мотивациямен қатар түрлілігімен де ерекшеленеді. Суицид жапондық психо-мәдени үлгісіне сай бірнеше бөліктерге бөлінеді. Олардың өзін-өзі өлтіруді ұсақ-түйегіне дейін құрастырып, жоспарлауы мен түрлерге бөліп жіктеуі, осыған сай жапон тілінде әрбір суицид түріне байланысты жеке термины бар суицидтік глоссаридің болуы бұған дәлел. Мысалы: *харакири, дзюнси, инсэки-дзюнси, инсэки-дзисацу, канси, синдзю, дзеси, ояко-синдзю, икка-синдзю*.

XX ғасыр тарихи оқиғаларға, әсіресе, қанды оқиғаларға толы болды. Бұл әлем халқының көпшілігінде мінез-құлықтың этикалық мотивациясының өзгеруіне әкелді. Тіптен атеизм, революциялар мен санаға сыйғысыз социалды фантазияларға толы XX ғасыр – адамзаттың жасөспірім шақ, өтпелі кезеңі болды деуге болады. Әрине, XX ғасыр парадокс саналатын адам жағдайының жақсарған әйтсе де суицидке толы кезі де болды.

Жапон жазушыларының суицидке деген көзқарастары ұлттық дәстүрге сай келді. Г.Чхартишвилидің айтуынша «Жазушы мамандығы тәуекелді, қауіпті: коллективті санамен өмір сүретін халық үшін индивидуалды мамандық иесі болу суицидке бастайтын жол болды» [3, 258]. Зерттеуші дерегіне сай жапониядағы жазушылар суицидінің ең басты әрі қарапайым себебі жазушының шығармашылық энергиясында болды. Жазушы жазу керектің бәрін жазып

болдым, күшімді сарқыдым деген ойға келгенде депрессия түседі. Осы сәтте ұлттық таным логикасына сай жалғыз дұрыс шешім қабылданады.

Жапон жазушыларының бір ерекшелігі әрі батыс жазушыларынан басты айырмашылықтары – олар бірінші кезекте өз ұлтының баласы, содан кейін барып қана жазушы. Бұл Жапонияның «аралдық», монологтік ойлау менталитетіне байланысты. Ерте кезеңнен ХХ ғасырдың соңына дейінгі жапон әдебиетіне назар аударсақ, ол бүкіл әлемге емес, жапондықтардың өздеріне адресатталған. Осы секілді қазақ жазушыларын да бірінші кезекте өз ұлтының ұлы болды, сол себепті де жазды деп айтуға болады. Абайдың өзін мысал ретінде келтірсек, ақынның басты адресаты халқы болды.

Жапон жазушылары А.Рюноскэ, Д.Осаму, Ю.Мисиманың шығармаларындағы кейіпкерлер оқиғасы, сөздері арқылы олардың ішкі күйін тануға әрі суицид себептерін іздестіруге болады. Мысалы, Дадзай Осамудың «Исповедь неполноценного человека» атты туындысы жартылай автобиографиялық шығарма. Бас кейіпкер Едзэ Обаның өзін-өзі өлтіруге талпынуы мен сәтсіз әрекеттері автор өміріндегі оқиғамен сәйкес келетін тұстарға ие. Ю.Мисиманың «Сатылымға қойылған өмір» атты шығармасында кейіпкер суицид жасап тірі қалады. Осыдан кейін ол өз өмірін сатлымға қояды.

Акутагаваның «Убийство в век «просвещения»» шығармасындағы Китабатакэ өз заманына лайық адам болды, тіптен өз заманының өкілдерінің талайынан озық болды. Лондонда оқыған, білімді, мықты дәрігер, өнерге де қызығушылығы бар, конфуцийшілікте өскен, кейіннен хрестиян дінін қабылдаған оны қай жағынан алсақ та надан дей алмаймыз. Кейіпкер әйел үшін қылмысқа барады. Китабатакэнің Мицумураны өлтіруінің мақсаты да, мотиві де, мотивациясы да болды. Әрі жасаған қылмысынан кейін кейіпкер эйфориялық күйге түседі.

Шығармада Китабатакэ ізгі мақсатта адам өлтірдім деумен өзін алдап, ар азабына бірден түспейді. Ол біразға дейін өз ісінен ләззат алумен болады. Түпсанадағы шайтани ойлар қайта оянғанда, іштегі «олдың» даусы Акиконы көрген сайын қатая түскен сайын ол қайта пендешілікке басып Хонданы өлтіру туралы ойлай бастайды. Өзінің ішіндегі «ол» мен «жоғарғы меннің» тартысы күшейген тұста ғана Китабатакэ азапты ойдың тұсауына түседі. «Өзі кім үшін өлтірдім? Акико үшін бе, өзім үшін бе?» деген сұрақ жанын жегідей жейді. Сөйтсе де Хонданы өліру туралы ойнан арыла алмайды. Ол жазған хатында адам өлтірдім және болашақта да өлтіремін дейді. Өлтірмегі – өзі. Китабатакэнің конфуцийшілдікпен өскені аян. Конфуций «Әр адам өзінің әділеттілігіне қарай қателеседі. Адамның қатесіне үңіліп қарасаң оның қаншалықты әділ екенін білуге болады» десе, тағы бір сөзінде «жөнделмегенді ғана қателік дейміз» дегенді айтады. Китабатакэ осындай ойлар арқылы өзін ақтаумен болды. Хатында өзінің қылмыс жасағанын, кінәлі екендігін қаншама рет айтса да, ісі ізгілік жолында Акико мен Хондаға бақыт сыйлағанын баса айтады. Бұл да ақталудың бір түрі. Тіпті Хонданы өлтірмеу үшін өзін өлтіру туралы шешімі мен өзіне драмалық тұрғыда қол жұмсауы да Мицумураны өлтіру қылмыс емес оба секілді індеттен арылтқан ізгі ісі екенін дәлелдеу мақсатында болды.

Рюноске Акутагаваның «Зубчатые колеса», «Жизнь идиота» атты шығармаларында жазушының өмірінің соңғы айларындағы психикалық күйі көрінеді. «Зубчатые колеса» шығармасының бас кейіпкері – Акутагаваның өзі. Кейіпкер арқылы оның ауыр депрессияда екендігі, өзі мен туғандарының жақын арадағы өлімі туралы галлюцинациялардың мазалайтындығы танылады. 1927 жылы наурызда жазған «Мираждар немесе теңіз жағасында» деген шығармасында да өлім символдары көптеп кездеседі.

Акутагаваның «В стране водяных» атты шығармасы арқылы автор сол кезеңдегі жапон билігін сынап, әлеуметтік сатира жазған, әрі ойның басқаша бұрмаланбауы үшін фантазиялық баяндау үлгісін таңдаған. Шығармадағы оқиға қиял-ғажайып Капп елінде өтеді. Шынайы әлемнен шаршаған жігіт Капп еліне түсіп кетеді. Кейіпкер жаңа әлемде таңырқаудан танданысқа дейінгі кезеңдерді өткереді, алайда түптің-түбінде өз әлеміне қайта оралғысы келеді. 1927 жылы жазылған шығармадан әлеуметтік сатирадан бөлек автордың ішкі күйін анық байқауға болады. Әрі Акутагаваның дәл осы шығармасы автордың суицид туралы шешім

кабылдаған кезінде жазылғандығын айтуымыз керек. Оның дәлелі ретінде басты кейіпкер оқиғасы арқылы автор өзінің қандай жол айрықта тұрғандығын көрсетеді. Ол үшін ек-ақ таңдау бар. Бірі – есінен адасу, екіншісі – өз-өзін өлтіру.

Рюноске Акутагава 35 жасында, 1927 жылы 24 шілдеде өзіне-өзі қол жұмсады. Осыған дейін 23 шілдеде ол күні бойы жұмыс үстелінен тұрмай кешке дейін қолжазбамен жұмыс істеген, ал таңертең өлі күйінде табылған. Жазушының достары мен таныстары оның өз-өзіне қол жұмсағандығына таңқалған, алайда оның суицид туралы көп айтқаны мен жазғаны әрекеттің тосыннан болмағандығын дәлелдейді.

XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі суицид М.Әуезов әңгімелерінде кездеседі. «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Ғазиза трагедиясы әкесі мен бауыры қайтыс болғаннан кейігі туыс сымалдардың «Кешегі Жақыптың аруағы лағынет оқымасын, Мәрденді де жылатпайық: биыл бұның қатыны өлген, Ғазизаны соған берейік» [4, 19] дегенінен басталады. Ал Қалтайдың көмегімен жас қызға қиянат жасаған Ақанның зорлығы кульминация болады. Осыдан кейінгі шешім ретіндегі кейіпкердің өзін-өзі өлімге душар етуі оқиғаның психологиялық көрсем әсерін арттырып, трагедия заңдылықтарын орындайды.

Ғазизаның өзін-өзі өлімге душар етуі – суицид. Ал әрбір суицидтің өзі трагедия екендігін ескерсек, шығармадағы суицид формасы сол уақыт пен қоғам трагедиясын жеткізудегі құрал ретінде де пайдаланылғанын атап өтуіміз қажет. Нақты айтсақ, «Жауыздықтың жас құрбаны қасіретке толы азапты ақ-түтегінен адасып өліп, мәңгі толас тапқандай» деген шығарманың соңғы сөйлеміндегі автордың «адасып өліп» дегенінің өзі адасқан өлім яғни өзін-өзі өлтірді дегенге келеді. Алайда бұл адасушылыққа Ғазиза емес, заман, қоғам, сондағы залымдар кінәлі, сондықтан да автор кейіпкеріне тыныштықты тарту етеді. Жоғарыда айтқанымыздай шығармадағы басты трагедия кейіпкер өлімі емес – қорлық. Ал өлім – катарсис ретінде беріліп тұр.

«Кінәшіл бойжеткен» әңгімесіндегі Ғайша – губернелік қаладағы қазақтың тәуір қызы, автор «есті әйел» десе де ақымақ, тәрбие, құндылық тамырына зақым келген, ар-ұят бетін бүркеп қойып, қызық іздеп өмір сүріп жатқан бейне. Оның өмір сүру салтын «...Ғайша жайын сөйлеп-сөйлеп, аяғында, атын тоздырып болған соң тоқтаған-ды. ...ел аузы Ғайшаның басына өз бағасын әлдеқашан беріп болып, нық байлауын жасаған. Бір замандар Ғайшаның атына бірі артынан бірі тізбектеп келетін әлденеше жігіттің атын қосақтаған болатын» [4, 129], - деген автор сөзінен анық аңғаруға болады.

Ғазизден Ғаббасқа дейін созылған кейіпкер өміріндегі жігіттердің ішінен ол Ғаббасты өмірін өзгертер адам санады. Оның хабарсыз кетуі кейіпкерді суицид-шантаж әрекетіне баруына себеп болды. Шығарма соңындағы у ішіп өлмекші болған Ғайша «...өзін-өзі өлім жазасынан қайтадан азат қылып күрсініп, тиыштық алып отыра кетті» [4, 150] дегендегісі кінәма осы жаза да жетер деген тоқтамға келіп, бұрынғы қалпында тіршілік күндерін тағы да күтіп қала беруін көрсетеді. Автордың аяқталған суицидті емес оның идеясын ғана көрсетуінде заман бейнесін таныту мақсаты тұрғаны анық. Ғайшаның өлер алдында суреттегі балуанға қарап ойынан бас тартуы өлімнен қорқу емес, нәпсіні жеңе алмауды да білдіреді. О баста Ғайша үшін мотивация болып көрінген Ғаббас негізгі себеп болып шықпайды. Қайтсе де шығармада өліммен ойнау дегеннің дұрыс еместігі көрсетіледі.

М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романы замана әділетсіздігін айқындайтын, әйел халін баян ететін бірден-бір шығарма. Автор әйел тағдыры арқылы қазақтың кез келген ауылында, кез келген шаңырағында өтуі мүмкін өз заманындағы әлеуметтік-қоғамдық өмірді, әділетсіздікті, тартысты көркем тәсілмен бейнелеп береді. Негізгі сюжет желісі басты кейіпкер Жамал тағдырымен сабақтас өрбіп, оның дүниеге келгенінен бастап өлгеніне дейінгі аралықты қамтиды.

Қашып сүйгеніне қосылса да Жамалға тағдыр ғашығынан айырылуды бәрбір жазған екен. Ғали ауырып қалады, артына төсек тартып қалады, соңында жан тәсілім етеді. Осының барлығы он үш күннің ішінде. Осыдан кейін Жамалдың шешесі оны өз үйіне алып кетті. Ақырында Жамал үйінен Жұманның үйіне кетті. Ендігі оның күйін автор: «Бір күндерде Жамал кәміл бақытты бір қыз болып жұрттың аузына ілігіп, құрбысының алды болып



жаркылдап жүрген дәрежеден түсіп, ақырында мұндай қадірсіз, мұндай кемшілікке душар болып, барымтаға түскен малдай біреуден біреу алып жүргенін көрген халықтан Жамалды аямағаны қалмады» [5, 148], - деп көрсетеді. Расында да, ендігі Жамал күйі тозақтанғыдан кем емес еді. Ол бүйтіп жүріп тіршілік қылғанымша өлгенім артық деп мына өмірден құтқарушы күш деп өлімді таныды. Осылайша «Жамал мақсатына жете алмай, жапан далада, декабрьдің рақымсыз боранды түнінде жан тәсілім қылды...».

**Қорытынды.** XX ғасырдағы қазақ және жапон әдебиетіндегі суицид тақырыбы екі ұлттың дүниетанымдарына сай екі түрлі сипат алады. Жапон әдебиетінде өзін-өзі өлтіруді эстетикаландырып, романтизация жасаса, қазақ әдебиетінде ол заманына қарай залымдардың қастандығынан жүзеге асатын я жағымсыз кейіпкердің шантаж әрекеті, жүйке ауыруының салдары ретінде көрсетіледі. Осыдан келе, XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде суицид жазушы құралы болса, жапон әдебиетінде негізгі сипатының бірі болады. Алайда, қазіргі таңда, жапондықтар үшін суицидтік романтика анахронизм болса, қазақ үшін қауіпті індетке айналып бара жатыр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2019 жылы жарияланған рейтингінде Қазақстан 8 орында, ал Жапония 31 орында орналасқан. Ал 2021 жылдың ақпанында жариялаған зерттеу нәтижесіне сай әлемнің суицид бойынша рейтингінде (World Health Organization: Suicide in the World 2021) 184 мемлекеттің ішінде Қазақстан 18 орныда [6]. Көршілес мемлекеттердің ішіндегі Ресей 12 орында, ал Өзбекстан мен Қырғызстан 92 мен 93 орында, Қытай 122 орында. Жапония болса 50 орында.

2022 жыл бойынша деректерде Қазақстан әлем мемлекеттері ішінен 20 орында, ал 10 мен 19 жас аралығындағы суицид бойынша 10 орныда.

Кезінде Абай қазақ халқының кей мақал-мәтелдерін аяусыз сынады. Біз де «Бас жарылса, бөрік ішінде, Қол сынса, жең ішінде» деген мақалдың кей жағдаяттарда орынсыз екенін сынға аламыз. Себебі бар нәрсені жасырып, бүркемелеп, айтпаған кезде ол керісінше «тыйым салынған жеміс тәтті» секілді, қызығушылықты арттыра береді. Ал мәселе бар екенін мойындап, оны түзеуге әрекет етіп, оның жолдарын қарастырсақ, бұл мәселені шешудің алғашқы баспалдақтары болмақ. Жоғарыдағы статистика осының дәлелі.

#### **Әдебиеттер:**

1. Самоубийство / Эмиль Дюркгейм; [перевод с французского А. Ильинского]. – Москва: Издательство АСТ, 2021. – 512 с.
2. Ogbuanu J. N. The Problem of Cultural Stereotyping in the Pastoral Care of a Suicidal Person / J. N. Ogbuanu // Acta Theologica. – 2014. – Vol. 34. – Iss.1. – P. 127-144.
3. Чхартишвили Г. Писатель и самоубийство: в 2 кн. – 2-е изд., испр. – М.: «Захаров», 2011. Кн.1. Человек и самоубийство. – 464 с.
4. Әуезов М. Қорғансыздың күні. Әңгімелер мен повестер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 432 бет.
5. Дулатұлы М. Шығармалар жинағы / Міржақып Дулатұлы. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2013. – 288 б.
6. World Health Organization: Suicide in the World 2021 <https://gtmarket.ru/ratings/global-suicide-ranking>

## **Т.АХТАНОВТЫҢ СОҒЫС ТАҚЫРЫБЫНА ЖАЗЫЛҒАН РОМАНДАРЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**А. Бижанова,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Магистранты,  
Ғылыми жетекші: Е.М. Солтанаева  
ф.ғ.к., аға оқытушы

Адамгершілік – қоғамдық өмірдің объективтік заңдылығына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір

имандылық шарттарын білдіретін ұғым. В.Соловьев: «Адамгершілік бір адамның екінші адамға сыйлай салатын заты емес, ол өзінің тәжірибесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы», - деп адамгершіліктің құндылығына ерекше тоқталған. Тәрбие мәдениеті – өмірдің өзі сияқты күрделі де көп қырлы. Адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі – адамдық ар – намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болу. Адамгершілігі мол адам – басқаларға қашан да үлгі-өнеге. Немістің ұлы ойшылы, философ Ф.Ницше «соғыс – жеңімпазды ақымақ етеді, ал жеңіліс – кекшіл етеді» деп бекер айтпаған. Соғыс – тілмен шеше алмаған саяси түйінді іспен шешудің тәсілі. Қалай десек те соғыс пен саясатты бөле жара қарауға болмайды. Клаузевиц тұжырымдағандай: «Саяси ниет – мақсат, ал соғыс тек құрал, сондықтан құралды ешқашан масаттан бөліп қарауға болмайды. Соғыс тіпті де дербес бірдеңе емес, ол саяси қатынастардың бір бөлігі ғана».

Екінші дүниежүзілік соғыс та саясаттың соғыс арқылы жүргізілген ең ауыр зорлық актісін іс жүзінде көрсетуі болды. Бұл туралы да филология ғылымының докторы, профессор Серік Қирабаев «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» атты оқу құралында жаза кетеді: «Екінші дүниежүзілік соғыс қазақ ақын-жазушыларының шығармашылығына едәуір әсер етті. Жауынгерлік тақырыпқа елде болып та, майдан алаңында жүріп те қалам тербеген қазақ қаламгерлері аз болған жоқ. Тіпті көбі бұрыннан жазып жүрген, әбден зерттеп білген тақырыптарын да тоқтата тұрды. Себебі фашизмнің басқыншы саясаты мен жауыздығын әшкерелеу, халықты оған өшпенділікке, кек алуға шақыру қажеттігі туды».

Майданда болған қазақ жазушыларына: Ә.Сәрсенбаев, Д.Әбілев, Т.Жароков, Б.Момышұлы, Қ.Аманжолов, Ж.Саин, Қ.Бекхожин, І.Есенберлин, М.Ғабдуллин, Қ.Қайсенов, Х.Ерғалиев, Ж.Молдағалиев, С.Бақбергенов, Ә.Нұршайықовтарды және де сол майданда қаза тапқан жазушылар қатарына: Т.Әлмұхамбетов, А.Жұмағалиев, Б.Бұлқышевтерді жатқызамыз Халық поэзиясының өкілдері Ж.Жабаев, Н. Байғанин, К.Әзірбаев, Ш.Қошқарбаев, Н. Баймұратов, Н. Бекежанов, Д. Әлімбаев, тағы басқалары өздерінің отаншылдық рухтағы жыр-толғауларын шығарды. Қазақ әдебиетінің осы секілді әр тобынан құралған қалам иелері бір мақсатқа жұмылып, әдебиеттің алдына соғыс шындығы қойған міндетті атқаруға кірісті. Сондай майдангер-қаламгерлердің бірі ол Тахауи Ахтанов. Заңғар жазушы кейбір естеліктерінде мені жазушы қылған – соғыс деп өз пікірін білдірген. Автордың «Шырағың сөнбесін» романында Нәзіраның өмірі қайғыға толы екенін көреміз. Жаңадан ғана тұрмысқа шығып, елінен жыраққа кеткен Нәзира соғыс деген қорықыншты сөзден оянып, бір мезетте өмірі астан кестен болады. Құрсағында бір әлсіз ғана шырақ сияқты, сәби өсіп келе жатқаны, оның қиын жағдайын одан бетер қиындатады. Мұнда Нәзира өліммен арпалысқа түседі. Шығарма барысында, оның соғыстан басқа, аштық, жетімдік, өз бауырының өлімінің себепкері болғаны на куә боламыз да, Нәзіраның өкінішін, қайғысын, кішкентай ғана өшпес үмітін көреміз, қазақ қызының қиын тағдырын суреттеген бұл шығарма майданда болмаса да, майданның сыртқы көрінісі, сырттағы өмір үшін майданды суреттейді. О баста тек ізгілік үшін жаратылған адам баласының ібілістің жетегіне еріп, жаратушы жүктеген міндетінен ауытқып, тозақты бетке алып бара жатқанын жазушы жүрегінен қан сорғалап отырып жеткізген. Адам баласының бойындағы бір кесек ет-жүрек әуел баста адамдықтың, адалдықтың мекені еді. Оған қызғаныш пен дүниеқоңыздық дерті енгеннен кейін ол тасқа айналды. Оны қайтадан жаратушы аманат қып бергендей таза қалыпқа ендірмесе, адамзаттың күні қараң! Жер де бір күні өз кіндігінен айналуы тоқтатады. Бәрі шаң-тозаңға айналмақ. Міне, осы адамзаттық мәселеге бей-жай қарай алмаған жазушы қарын құлына айналған кейбір ғалымсымақтардың қоқыр-соқыр тірлігін, шенеуніктердің сауатсыздығы мен таяздығын, дүмбілездігін бетіне басады. «Шырағың сөнбесін» романы – өте күрделі дүние.

Қазіргі кезеңдегі әдебиетке тән әлеуметтік-философиялық пайымдаулар бойынша, шығармадағы бейнеленген жеке адамның тағдыры қашанда оқырманға қызығушылық тудыраы хақ. Ал Тахауи Ахтанов қазақ әдебиетіне және Кеңес әдебиетіне жаңа леп әкеле алғаны сөзсіз. Мұны біз «Боран» романынан байқаймыз. Романды қабылдамаған сыншылар шығарманың ішіндегі оқиғаның өзін емес, оның негізі болып отырған нақты оқиғаларды

даулады: колхоздың шопаны бір отармен қоймен бірге бірге боранда қалуы. Уақыт өте келе прозалық шығарманың социологиялық тақырыптары бертін келе утилитарлық көзқараспен алмаса бастады. Көптеген сыншылар мен оқырмандар адамның табиғаттың күшімен арпалысқа түскен Ахтановтың Қоспанын сонау атақты әлем әдебиетіндегі әйгілі Э.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» әңгімесімен ұқсастығын байқады. Бұл романның атына келіп тоқталсақ «Боран» атауы табиғаттың алапат құбылысын ғана емес, шопан Қоспанның ішіндегі жан-дүниесіндегі боранды да аңғарамыз. Осыдан біз Тахауидің керемет суреткер және адамның ішкі жан дүниесін шебер суреттей алған психолог ретінде танимыз. Романның шарықтау әлемдегі барлық тіршілік жұлып алын қыстың қыңыр аязында Коспанды, шексіз түнгі боранға әкеліп соқтырады. Мұнда екі боран болады. Бірі табиғатта орын алған боран, және Қоспанның жүрегінде ойында орын алған боран. Сонау зұлмат соғыстан аман қалған Қоспанның осындай күйге тап болып ең соңында өзін осындай өлімге қимауы, және де ешқашан ұмыт болмайтын соғыс туралы естеліктерді оны қара суық шұңқырға алып кетеді" Мұнда автор моноглоттар арқылы Қоспанның характерін шебер ашқан. Өзінің замандасының, қара жұмысшы адамның мінезін ашуда Ахтанов қазақ шопаны Коспанның қиын тағдырын көркем шынайы интонацияларды пайдаланып оқырманына жеткізді. Бас кейіпкердің мінезін ашуда автор бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша параллелизм әдісін қолданады.

Қорыта айтқанда, Т.Ахтановтың шығармашылығында қазіргі қоғамды ішінен ірітіп отырған мәселелерге қарсы күрес ашады. О баста тек ізгілік үшін жаратылған адам баласының ібілістің жетегіне еріп, жаратушы жүктеген міндетінен ауытқып, тозақты бетке алып бара жатқанын жазушы жүрегінен қан сорғалап отырып жеткізген. Адам баласының бойындағы бір кесек ет-жүрек әуел баста адамдықтың, адалдықтың мекені еді. Оған қызғаныш пен дүниеқоңыздық дерті енгеннен кейін ол тасқа айналды. Оны қайтадан жаратушы аманат қып бергендей таза қалыпқа ендірмесе, адамзаттың күні қараң! Жер де бір күні өз кіндігінен айналуы тоқтатады. Бәрі шаң-тозаңға айналмақ. Міне, осы адамзаттық мәселеге бей-жай қарай алмаған жазушы қарын құлына айналған кейбір ғалымсымақтардың қоқыр-соқыр тірлігін, шенеуніктердің сауатсыздығы мен таяздығын, дүмбілездігін бетіне басады.

## **О.БӨКЕЙДІҢ «АТАУ КЕРЕ» РОМАНЫНДАҒЫ ТАҒАН БЕЙНЕСІН З. ФРЕЙД ТЕОРИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АНАЛИЗДЕУ**

**Н.Т. Накибаева,**  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
докторанты, Алматы қаласы

**Кіріспе.** Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесі туындының авторымен, оның өмірлік танымымен, басынан өткізген жағдайлармен, өскен ортасымен, туған жерімен тығыз байланысты екенін көркем шығарманы герменевтикалық, психологиялық тұрғыдан зерттеген көптеген зерттеушілер дәлелдеген. Әдебиеттанудағы кейіпкерлердің психологиялық ерекшеліктері туралы айтқан кезде, біз әдебиет пен психологияның ғылым ретіндегі ұштасқан тұстарына баса назар аударамыз. Аристотель, Платон, Сенека сияқты ойшылдар бастаған топ, ғылыми бағыттағы күрделі мәселелерді көтерсе, XIX ғасырдың соңында автордың адами болмысына және оқырманның мәтінді оқу, түсіну кезіндегі психологиялық күйлеріне баса назар аударды. Өртүрлі бағыттағы психологиялық зерттеулердің белең ала бастаған тұсында, Еуропалық психологиялық мектеп, Юнгтың аналитикалық психологиясы, И.Тэннің «жаңа жолы», Фрейдтің «психоанализі», Э.Эннекеннің «эстопсихологиясы», Харьков психологиялық мектебінің өкілдері пайда болды. Теориялық көзқарастар тұрғысынан: В.Гумбольдт, А.Потебня, Л.Выготский, Г.Башлер тәріздес үлкен ғалымдар өз еңбектерімен танылды. Психологиялық ғылымның өткеніне көз жүгіртсек, оның идеяларының негізін қалаушылардың бірі – әйгілі австриялық ғалым Зигмунд Фрейдті-психоанализдің «әкесі» деп

атайтынын жиі естисіз. Бастапқыда, Фрейд адам тұлғасының құбылысын алғаш зерттей бастағанда, оның идеяларының бірі бейсаналық психикалық процестер туралы түсінік болды. Бірақ жұмыс барысында белгілі ғалым өзінің тұжырымдамасын біршама қайта қарап, жеке тұлғаны зерттеуге үш жаңа термин енгізді: Ид, Эго және Супер Эго. Бұл ұғымдар психоанализ теориясында ортақ болды.

**Негізгі бөлім.** З.Фрейд теориясындағы осы үш термин психоанализдің негізі болып, одан кейінгі көптеген ғалымдардың еңбектерінде талданып, толықтырылған. Қазіргі қазақ әдебиетінде ғана емес, бүкіл әлем әдебиетіндегі кейіпкерлер жүйесі, олардың мінезіндегі сан алуан қырлары тек әдеби тұрғыдан ғана емес, психоанализ тұрғысынан да терең зерттелуде. Қазақ әдебиетіндегі кейіпкерлердің мол психологиялық ерекшеліктері тұрғысынан О.Бөкейдің жалпы шығармашылығын, оның ішінде «Атау кере» романын атап өту өте орынды. О.Бөкейдің әр кейіпкері ерекше бейне, ол қаһарман, идеал бейне емес, ол карапайым күнә мен қайшылықты мінездерге толы адам. Олар өзге акын-жазушылардың кейіпкерлеріндей қателік жіберсе де, ол туралы терең толғанып, артынан өкінетін жандар емес, олар кей әрекеттерінің себебін тіпті өздері де түсіндіре алмайды, кейбір сезімдерін өздері де ажырата білмейді.

Адамның өмірінде сан түрлі қиыншылықтар болады, әркімнің жолы әр түрлі, ешкім ешкімге ұқсамайды. Дәл сол сияқты Оралхан Бөкейдің де кейіпкерлерінің мінезі өзіндік сыр, өзіндік жаңалық, өзіндік философияға тұнып тұр.

Біз жиырма бірінші ғасырдың ұрпағымыз, біздің өмір ағысымыз бен түсінігіміз басқа. Тіпті даму үрдісіне сәйкес біздің карапайым дүниелерді қабылдауымыздың өзі өзгеше. Ал Оралхан Бөкейдің шығармалары тіпті бөтен планета, себебі өзі өмір сүрген дәуірдің өзінде сан түрлі қайшылықтарға толы болған әңгімелері мен повестері халықты елең еткізбей қойған жоқ. Көзі тірісінде де жазылған шығармалары туралы сан түрлі пікірлер болған. Тамаша мақтаулар мен талдаулар жасалған. Алайда соңғы романы туралы пікір онша көп болған жоқ. Терең философиялық ойлар мен қиын сюжетті «Атау кере» («Қауіпті будан») повесі кейінгі жылдары сан қырлы тұсынан талданып, ерекше ықыласқа бөленді. О.Бөкейдің жазуы өзгеше. Ол тек табиғатына тамсанып, жауынының әр тамшысын, ағашының әр жапырағын сұлулап суреттеп қана қойған жоқ, ол тірі табиғатпен сырласқан кейіпкерлерінің жан-тәнімен сезінгенін, жүрегінің терең түкпіріндегі өзіне де беймәлім құпияларын ақтарды. Табиғаттың тылсым күшін мойындады, сиқырына сенді... Осыған дейінгі көптеген зерттеушілер О.Бөкейдің бұл шығармасын реалистік оқиға ретінде басталған, мифтік сюжетпен аяқталған шығарма деп қарайды, алайда таза психологиялық анализ бен бейсаналық қабылдау тұрғысынан бұл расымен сондай шығарма ма деген сұрақ жаңа бағыттағы зерттеулерге жол ашады. Осы ойды дәлелдеу мақсатында шығармадағы бір кейіпкердің мінезіндегі бейсаналық құбылыстарға толуға болады. З.Фрейд көрсеткен психологиялық классификация тұрғысынан романның кейіпкерлеріне назар аударсақ, олардың ішкі жан дүниесінің ерекшеліктерін аңғаруға болады. З.Фрейд теориясы бойынша бейсаналық қабылдау мен саналы іс-әрекеттер қатар жүреді. Осыған байланысты ғалымның енгізген ұғымдары әлем психоанализінің негізін қалады. «Ид» ұғымының өзі латын тілінен шыққан («ид» «ол» дегенді білдіреді). Фрейдтің идеяларына сәйкес, Ид тек адамның жеке басының туа біткен, инстинктивті, карабайыр аспектілерін білдіреді. Ол бейсаналық тұрғыда жұмыс істейді. Идентификатор адамның мінез-құлқын энергиямен толтыратын негізгі қажеттіліктермен тығыз байланысты, мысалы, ұйқы, тамақтану, жыныстық қатынас және т.б. Психоанализдегі Идентификатор заңдары жоқ, таза биологиялық, ешқандай ережелерге бағынбайды. Ид адамның өміріндегі негізгі қызметті ол дүниеден өткенше орындайды. Ид психиканың бастапқы құрылымын білдіріп, адам өмірінің негізгі қағидасы ретінде қабылданады. Биологиялық қажеттіліктерден туған импульстер, оның ішінде басымдыққа ие болған жыныстық және агрессивті энергия.

Ид, осы қағидаға сүйене отырып, өмірінің өзегі ретінде тек өз қалауларын негізге алады да, басқаларға оның мінезі мен іс-әрекетінің қалай әсер ететініне мүлдем мән бермейді. Бейнелі түрде айтсақ, Ид-бұл өзінің беделі мен күшіне сүйенген соқыр билеуші, алайда өз идеяларын өзіне бағынышты халық арқылы ғана жүзеге асыра алады. Басқа сөзбен айтқанда

адамның бойындағы нәпсі, құмарлықты қанағаттандыруға ұмтылу. Осы қарапайым қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында әлеуметтік нормалардан асып кетпеді қадағалап, адам мен жануарды ажырататын қасиеттерді реттейтін «эго». «Эго» термині латынның «ego» сөзінен шыққан, «Мен» дегенді білдіреді. Эго – бұл адамның шешім қабылдауына жауап беретін психикалық аппараттың құрамдас бөлігі. Эго – Ид тудырған қажеттіліктерді сыртқы әлем қойған шектеулердің шеңберінде қанағаттандыруға тырысады. Эго құрылымы мен қызметі Идтен шыққан. Эго Идтен пайда болады және дамиды, сонымен қатар әлеуметтік шындық жағдайларына, қажеттіліктеріне жауап беру үшін энергияның бір бөлігін алады. Демек, Эго ағзаның сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мысалы, тамақ ішкісі келетін адам идеядағы тағамның бейнесін тағамның нақты бейнесінен ажыратуы керек. Бұл ұмтылыс адамды оқуға, пайымдауға, қабылдауға, шешім қабылдауға, есте сақтауға және т.б. ынталандырады. Алайда, егер Ид табиғаты Рахат іздеуде көрініс тапса, онда Эго табиғаты шындық принципіне бағынады, оның мақсаты инстинкттерді қанағаттандыруды кешіктіру арқылы ағзаның тұтастығын сақтау. Супер-Эго – әлеуметтік ортада өмір сүру үшін адамға оны қоршаған қоғамда қабылданған жүйемен үйлесімді құндылықтар, этика және нормалар жүйесі болуы керек. Супер Эго-дамып келе жатқан тұлғаның соңғы құрамдас бөлігі. Зигмунд Фрейдтің пікірінше, жаңадан туылған организмде әлі Супер Эго жоқ. Бұл бала ата-аналармен, мұғалімдермен және жеке тұлғаға қалыптастырушы әсер ететін басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде пайда болады. Моральдық-этикалық күш ретінде Супер-Эго баланың ата-анасына ұзақ мерзімді тәуелділігінің салдарынан және баланың жақсы мен жаман нәрсені ажырата бастаған сәтінен бастап көрінеді. Осы классификацияға сәйкес О.Бөкейдің кейіпкерлер жүйесіндегі ерекшеліктерді байқауға болады. Адам бойындағы бейсананың айқын көрінісінің үлгісі ретінде «Атау кере» романындағы Таған образын алуға болады.

Таған – шығармадағы қайшылықты бейне. Оның сәтсіздікке ұшыраған тағдыры бір кездегі ақылды, білімді жігіттің ішімдікке салынып, қадірсіз тіршілік кешуі кімді болса да ойға калдырады. З.Фрейд теориясына сәйкес қоғамның қабылдауының кейіпкер пікіріне қайшы келуінен адам бойындағы нәпсіні қадағалап, реттеу функциясын атқаратын «эго» әлсіреп, өзін-өзі қорғау функциясынан айырылады, сол себепті кейіпкер өз нәпсісіне өзін жеңдіріп, санасын «ид»-ке билетеді, яғни нәпсісі жеңген Таған ішімдікке салынып, құмарлық жетегінде кетеді. Бұл шығармадағы «идтің» айқын көрінісі.

Шындығына келсек, Тағанды осы халге душар еткен – еркін ойлауға тиым салған қоғамның өзі. Яғни, қоғамдағы ішкі қайшылықтар кейіпкерлердің өмірден өз орнын таба алмауына адамдық кескін-келбетін жоғалтуына себепкер болды. Тағанды осындай маскүнем күйге түсірген ортаны қаламгер реалистік тұрғыда терең таныта алған, кандидаттық диссертациясын «ұлтшылдықпен уланған» деген жаламен қорғатпай тастауы, қудалауға ұшырап, өмірдің ауыр соққысын тартуы оны шарасыздыққа, дәрменсіздікке әкеліп тіреді. Тағанның рухани ізденісі мен қоғам арасындағы ымырасыздық, кеңестік темір жүйе тұсындағы тығырыққа тірелген дәрменсіз ұрпақтың мүшкіл халінен шынайы мағлұмат беретіндей. Егер эго дегеніміз – қоғамдық нормаларға бағынып өмір сүру болса, елдегі саяси-әлеуметтік мәселелердің адам өміріне, оның ішінде мінезіне, эгосына әсер етпей қоймайды. Таған – өмірінің не өткені, не болашағы жоқ адам болып шығарманың басынан-ақ бірден осындай пікір қалыптастырады. Адамға тән барлық қасиетінен айырылған философ, бұрынғы интеллигент. Шығармадағы басты, әрі ерекше бейнелердің бірі. «Үсті-басы адам көргісіз кір-кожалак, ұзын болып есіп кеткен шашы құйын ұрғандай дудырап білтеленген, кір басқан аяғына әбден тозығы жеткен бәтеңкені шұлықсыз суға салған және өмір-бақи шешпейтін болуы керек, бауы шиеленген, ауының, өңірінің бірде-бір түймесі салынбаған. Ең сұмдығы сол- жатқан жері, жамбасы су, астына жіберіп қойғанын сезбеген-ау, жазған. Көгеріп, көзінің асты көлкілдеп кеткен беті кісі танығысыз». (22 бет) Шығарманың басында Ерік пен Тағанның кездесуі осылай болады. Өткен өмірінде дүйім жұртқа дәріс оқыған, талай даналық ойлар айтқан адамның осындай күйге жетуіне не себеп болды екен деген ой бірден оралады.

Таған образының қайшылығы – ақылынан адасып, адамдық келбетін жоғалта бастағанмен санасында әлі өше қоймаған сәуленің жылтылдауы, ішкі жан дүниесіндегі

арпалыс. Яғни адам санасындағы *ид пен эго* арасындағы күрес. Қарапайым жануарға тән қажеттілікті қанағаттандыру мен ар-ұят, намыс-жігер арасындағы арпалыс. «Анау танаулары пырылдап, бермен желі басына жосыла жөңкілген жылқыларды алғаш та акырғы рет көргендей көзін тайдырмай ұзақ қарады. Өзіне беттей қаптап келе жатқан қалың хайуан тапап өтердей... «ШІРКІН-АЙ, АТТАН ҚҰЛАП ӨЛСЕМ НЕ АРМАН» деген ой иектеді; «ШІРКІН-АЙ, АЙҒЫРҒА АЙНАЛЫП КЕТСЕМШІ» деген тағы бір ой жылтылдады.» (63бет) Бұл үзіндіден адамның санасындағы құбылыстар анық көрінеді, егер бар болмысын *идке* жеңдірсе, адамның жануардан еш айырмасы қалмай, өмір сүруінде мағына болмайды, оны тек *эгосы* арқылы түсінеді.

Шығармада Тағанның маскүнемдік дертіне ем табатын Еріктің шешесі Нүрке кемпір. Ол жігітке шын ниетімен көмек беріп, оның ата-анасының алдындағы парызын өтемекші болады. Нүрке кемпірдің аузынан жігіттің текті жерден шыққан, мейірімді, адал, достық пен махаббатқа берік жандардың перзенті екенін көруге болады. Естеліктер арқылы өткен өмірінен Тағанның әкесі- Көкен мен анасы -Аналық туралы пікір қалыптастыруға мүмкіндік мол. Текті жерден шыққан түбінде бір жақсы адам болады деген ойды да аңғаруға болатын сияқты. Ауыр кеселінен жазылған жігітті өмірі бірден оңалып кетпейді. Оның жанына маза бермейтін философиялық ойлар пайда болады. Бұрын мән бермеген дүниелерге деген қызығушылық, Еріктің әйелі Айна туралы, оның мөлдіреген көздері туралы ойлар жанына жәй таптырмайды. Өзінің ойы қаншалықты қылмысты екенін білсе де, өз санасына өзі тұсау қоя алмайды. Адамның шығу тегі, өскен ортасы, алған тәрбиесі арқылы шығармадағы кейіпкердің *супер-эгосы* ашылады. «Намаз оқығандай жүрелеп отырып, Мұзтауға алақанын жая жалбарынған Таған имандай сыр, жүрекжарды тілегін дауыстап айтты, іштей иланып, селкеусіз сеніммен айтты, жанынан шыққан шыншыл да мөлдір жас жанарын жуып, омырауына сорғалады.» (166 бет)

Ол университет бітірген, ғалым дәрежесіне лайық философ екені көрінеді. Шығарма соңына қарай кейіпкердің *эгосы* жеңіп, *супер-эгосы* оянады, мораль, философиялық ойлары арқылы оның кемел адамға ұмтылысы көріне бастайды.

### **Қорытынды**

Шығарманы талдау барысында кейіпкерлердің жан жүніесіндегі ерекшеліктер, ой-толғаныстары, психологиялық шиеленіс анық көрінеді. Автор әдетте, кейіпкердің ішкі монологы арқылы өз айтар ойын, шығарманың негізгі идеясын беріп отырады, алайда шығарманың ішіндегі кейіпкер оқырманға жетіп, оның реалистік образ екенін сезінуі өте маңызды. Ішкі монолог арқылы адам өз жан дүниесімен сырласып, ешкімге ашып айта алмайтын сырларын ақтарады. Егер шығарма жазу барысында автор кейіпкер образын толық аша алмаса, ішкі монологтағы философиялық ойлар кейіпкер мінезімен сәйкес келмеуі мүмкін, сондықтан кейіпкерді автордан бөліп, жеке тұлға ретінде қарастыру, оның психологиясын терең талдау тек авторлық шеберліктің белгісі. Автор шеберлігінің арқасында Таған бейнесі толық ашылып, оның психологиялық портреті, роман бойындағы адам тұрғысынан өсуі, дамуы асқан шеберлікпен суреттелген. З.Фрейд теориясына сәйкес *ид*, *эго* және *суперэгоның* айқын көріністерін шығармадағы Тағанның әрекеттері мен сөздері толық көрсетеді.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Фрейд З. Психология бессознательного. М., 1992. – 472 б.
2. Бөкеев О. Ұйқым келмейді. Алматы, Жалын 1990. – 558 б.

## Қ. ЖҰМАЛИЕВ «ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ» ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Б. Абуова,  
ҚазҰҚПУ докторанты,  
Алматы қаласы

### Кіріспе

Қазақ әдебиеттану ғылымын теориялық негізде дамытудың өзекті мәселелерінде аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, әдебиет теоретигі Қажым Жұмалиевтің орта мектептің жоғары сыныптарына арналған құралы елеулі мәнге ие.

«Әдебиет теориясы» оқу құралында Қажым Жұмалиев әдеби мұраны теориялық тұрғыдан тану, игеру әдіснамасын, көркемдік таным ұғымдарын жүйелі түрде ғылыми негізде зерделеп, сол тұстағы кенжелеп отырған әдебиет теориясы мәселелерін өзекті ғылым арнасы мәнінде қалыптастыруға айтарлықтай ықпал тигізді.

Еңбектің әдебиет теориясы ұғымын нақтылы ғылыми қисында ұғындырып отырып, кезеңдік идеологияның саяси қыспағына қарамастан таза көркемдік таным тұрғысында негіздеу өнегесі, білікті әдебиет теоретигі Қажым Жұмалиевтің нақтылы мәнде жасап отыратын саралаулары қазіргі қазақ әдебиеттануы үшін де өзекті.

Жоғары мектепте білімгерлердің әдеби мұраны талдау бойынша біліктілігін қалыптастыруда бұл оқу құралының ғылыми мазмұнында қисындалған ұтымды, өтімді пайымдаулар міндетті түрде назарға алынып отыруы тиіс.

«Әдебиет теориясы – әдебиеттану ғылымының ең негізгі саласының бірі. Әдебиеттің теориясын жақсы білу – әдеби шығарманың идеялық-көркемдік қасиетін жете түсіну үшін керекті шарт. Ал әдебиеттің тарихшысы, сыншысы, не зерттеушісі болам деушілер үшін бұл одан да бетер қажет. Өйткені көркем шығармаға ғылымдық талдау беру, әдебиеттік процесті дұрыс бағалау – тек әдебиет теориясын жақсы білгенде ғана мүмкін» (1, 3-б.).

Оқу құралының «Алғы сөзі» кеңестік саясаттың әдебиетке идеологиялық аса ықпалды құрал мәнінде қарағандығын да айғақтай түседі.

«Екінші, жалпы совет әдебиеті, оның саласы қазақ совет әдебиеті күн санап өсіп келеді. КПСС съездерінің, Орталық Комитет пленумдарының қаулы, қарарларында, партия мен үкімет басшыларының әдебиет пен өнер қайраткерлері алдында сөйлеген сөздерінде әдебиетке зор мән беріліп, оны өмірмен тығыз байланысты ету жағына көңіл бөлінді. Сөйтіп, қазір көркем әдебиет жалпы халықтың рухани қажетіне айналды. Сандаған мектеп, техникум оқушылары, олардың әдебиет оқытушылары, жоғары дәрежелі оқу орындарының студенттері, сырттан оқушы студенттердің бәріне де «Әдебиет теориясы» – ең керекті көмекші құрал. Көркем әдебиетті тану, жақсы түсіну үшін оның өзіне тән ерекшеліктерін білу қажет. Әдебиет тарихын оқып, ескі мұраны дұрыс ұғынып, әділ бағалау үшін де жаңа шыққан еңбектерге жазылған сындардың дұрыс, терістігін аңғару үшін де әдебиет теориясымен қарулану керек» (1, 3-б.).

**Зерттеу материалы және әдістер.** Зерттеу әдіснамасының негізіне бұл деректердің кеңестік кезеңдегі әдебиет мәселелерінің жолға қойылу ұстанымдары тұрғысында, қазақ әдебиеттануында әдебиет теориясы тұрғысынан еңбектер жазу тарихын түзу, білу мәнінде өзіндік қажеттілігі бар.

Қ. Жұмалиев 1938 жылы қазақ тілінде оқитын мектептің 8, 9, 10-сыныптарына арналған «Әдебиет теориясы» шыққандығын, оның Виноградовтың «Әдебиет теориясының» негізінде жазылғандығын айтады. Негізінде қазақ тіліндегі «Әдебиет теориясы» оқулықтары осы күні бүгінге шейін де орыс тілінде жазылған нұсқалардың жүйесінде дайындалып келеді.

1969 жылғы жарық көрген «Әдебиет теориясы» әдебиеттанудың ілгерілеген кезеңдегі жаңаша талдауларға құрылған құрал болды.

Соның өзінде орыс әдебиеттану ғылымынсыз күрделі теориялық ұғымдарды негіздеу мүмкін еместігі ашық айтылады.

Осы тұста 2017 жылғы «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» Бағдарламасы бойынша жарық көрген «Әдебиет теориясы» еңбегіндегі әдебиеттің ғылыми негізделу, әдіснамалық жүйесіндегі жаһандану кезеңіндегі жаңа бағыттардың беталысы әдебиет теориясы туралы ұғымның қай дәуірде де, қай кезеңде де қилы саяси, рухани, көркемдік аспектіде даму, өзгеріс үстінде болғандығын пайымдаймыз (2).

Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» еңбегі негізгі теориялық ұғымдардың орыс әдебиеті материалында қисындалатындығын айғақтап отырады (Бұл сипат кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеттануының басым, негізгі сипаты – авторлар).

«Қазақ тілінде ертеректе шыққан «Әдебиет теориясынан» бұл кітаптың негізгі бір айырмасы тек толықтырылғандығында, не әр мәселені тереңірек талдауға күш салуында ғана емес, теориялық мәселелерді түсіндіру үшін керекті әдеби материалды мүмкін болғанынша қазақ әдебиетінің өз нұсқасынан келтіруге тырысушылықта. Бірақ бұл барлық жер, барлық жағдайда мүмкін бола бермейді. Өйткені Тургеневтің «Әкелер мен балалар» атты романын алып Чернышевскийдің «Не істеу керек?» романымен салыстырсақ, бұл жазушылардың араларындағы үнсіз тартыстар, көзқарастарындағы айырмашылықтар, тек жаңа адамдарды алдыңғысы ұнамсыз, соңғысы ұнамды етіп көрсетулерінен ғана емес, сюжет, композиция құрылыстарынан да байқалады. Оқиғаны дамытып, оның қандай кезеңін шарықтау шегі ету, оқиғаны немен аяқтауларында да үлкен мән бар. Бұл тәрізді шығарма құрылысы қазақ совет әдебиетінде жоқ. Бір әдебиет методындағы жазушыларда олай болу да мүмкін емес. Сондықтан кейбір материалдарды орыс әдебиетінен алу, тек оңайлығына жүгіруден емес, солай ету керек болғандықтан деп білген жөн» (1, 5-б.).

#### **Талқылау мен нәтижелер.**

Автордың орыс әдебиеті материалы басым дәріптелген кезең болмысын осылай бүркемелеп жеткізгендігі сол уақыттың қасаң, қыспақты идеологиялық өктем жүйесінің салдары. Әйтпегенде, Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясында» қазақ әдебиетінің фактісінде қаншама тамаша талдаулар жасалған.

Әдебиеттің тарихилығы мәселесінде Қажым Жұмалиев Махамбет поэзиясына жүгінеді.

«Оқушылардың барлығы жақсы білетін Махамбет өлеңдерінің негізгі көпшілігі Исатай, Махамбет бастаған шаруалар көтерілісінің тарихымен тығыз байланысты туды. Әйтсе де әдебиеттің тарихилығын дәлелдеу үшін төмендегі мысалды келтіруіміз орынды тәрізді. Ақын «Әй, Махамбет, жолдасым!» атты өлеңнің бір жерінде былай дейді:

Ауыр әскер қол ертіп  
Жасқұсқа барып төнгенде,  
Арыстандай ақырған  
Айбатыма шыдамай  
Хан баласы жылады-ай,  
«Жанымды ки!» деп сұрады-ай.

Исатай атынан айтылған осы монологты тарихи мәліметпен салыстырсақ, поэтикалық шындық пен тарихи шындық дәлме-дәл келіп, бірі екіншісін растай түседі. Исатай, Махамбет бастаған халық көтерілісі кезінде хан ордасына көмекке келген подполковник Гекке 1837 жылы 5 ноябрьде Орынбор генерал-губернаторы Перовскийге жазған өзінің хатында былай дейді: «Хан ордасына аман-есен келдім. Исатай өзіне ерген жасағымен Ордаға 8 километр жерде. Исатайларды «әне келіп қалды, міне келіп қалды» деп күткен Орда маңындағылардың мүлде үрейлері ұшуда көрінеді. Менің келуім бұл ат төбеліндей топты сергіткендей болды. Әскерсіз өзім ғана келіп, оларға тигізерлік көмегім жоқ болса да, сол менің келгенім үшін хан қатты қуанды»<sup>9</sup>

<sup>9</sup>Рязанов «Исатай Тайманов көтерілісі», Ташкент, 1927 ж., 60-бетке сілтеме жасалынған – Б.А.).



Жалғыз бұл ғана емес, Махамбеттің көптеген өлеңдерінің дәл тарихи деректерін табуға болады» (1, 34-б.).

Қажым Жұмалиев әдебиеттің тарихилығы ұғымына Абайдың өмірбаяны мен Мұхтар Әуезовтің «Абай» романының, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының, Сәбит Мұқановтың «Менің мектептерім» атты мемуарлық романының негізінен тарихи шындыққа құрылғандығына тоқталады.

Ғалым әдебиеттің тарихилығы туралы ұғымды мектеп оқушысының таным деңгейінде қысқа тұжырыммен қисындаған.

«Жоғарғы айтылғандарды жинақтап келгенде әдеби шығарма өмірде болуға мүмкін құбылысты суреттемей, өмірде болған тарихи шындықты суреттесе, осыны әдебиеттің тарихилығы деп атаймыз» (1, 34-б.).

Бұл оқу құралында заман талабы, уақыт шындығы аясында әдебиеттің таптығы, партиялылығы, халықтығы атты ұғымдар қарастырылады. Қазірде бұл таным өзектілігін сақтап қалған жоқ. Алайда бұл факт қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында нендей теориялық ұғымдар басым болғандығы тұрғысында кезеңдік басым бағыттарды көрсетеді.

Орыс әдебиетіндегі Пушкин, Крылов, Гоголь, Некрасовтың шығармаларын шын мәніндегі халықтық туындылар деп атап өтіп, мәселе бойынша Махамбет поэзиясын саралайды.

«Мысалы, Махамбет Өтемісов өлеңдерін зерттеушілер, ол туралы газет, журналдарда жазылған мақалалар ең алдымен ақын шығармаларының халықтығын сөз етеді, оның шығармаларын халықтық, өзін халық ақыны деп бағалайды» (1, 36-б.).

Оқулықтың таза көркемдік мәселелеріне қатысты ой қорыту бағытында жазылған II тарауы «Тақырып және идея»; III тарауы «Образ – тип»; IV тарауы «Композиция және сюжет»; V тарауы «Көркем шығармалардың тілі»; VI тарауы «Өлең және оның құрылысы» атты бөлімдері мен соңғы «Әдебиеттік методтар – классицизм, романтизм, реализм, социалистік реализм» атты тараушасында көркем шығарманың теориялық негіздерін айқындайтын атаулар мен ұғымдар – әдебиеттану терминдері атанып, айырым белгілері, басты қисындары мазмұндалады.

VII, VIII тарауларда әдебиеттің тектері мен түрлері – эпос, лирика, драма жанрлары тұрғысында ғылыми негіздерге зер салынған. Әдеби мінездің жайшылықтағы мінезден анағұрлым терең, кең ашылу міндеттері туралы оқулық авторының түсінігі нақты, ұғынықты баяндалуымен ұғымды. Теориялық терең ұғымды күрделендірмей, ұғымды ашу.

«М.О. Әуезовтің «Абай» романындағы Құнанбайды алсақ жазушы оның мінезінің сан алуан жақтарын суреттейді. Құнанбай қатыгез, мейірімсіз, бекінгеніне берік, ойланған мақсатын орындамай тынбайтын бірбет, сұмдықты әріден ойлайтын зымиян, басынан бақайшағына шейін ескілікке берілген кертартпа, сонымен қатар ол ойлы, ақылды; қимылдың, істің адамы, сөзге шешен, тілге жүйрік, қолы ашық мырза. Қысқасы, оның мінезінің сан алуан жақтары бар» (1, 49-б.).

Қажым Жұмалиев «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесіне тоқталуында Құнанбайдың тарихи тұлғасына қатысты кейінгі кезеңде ғана айтыла бастаған шынайы жағдайларға сол уақыттың өзінде назар аударғанын көреміз. Идеологияның пәрменімен Құнанбай образы социалистік реализм әдісінде «жағымсыз» образ болуға қаншалықты «тиісті» болғанымен, Құнанбайдың тұлғалық қасиеттеріндегі айрықша артықшылықтарды Мұхтар Әуезов «жағымсыздың» өзіне сыйғызып суреттегендігін Қажым Жұмалиев көрмеуге болмайтын көркемдік құбылыс ретінде бағалап, образ сомдаудың көркемдік құпиясына теліп отырып құлаққағыс етеді.

Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» оқулығындағы теориялық ұғымды нақтылы көркем шығарма материалы негізінде саралау біліктілігі, өнегесі қазірде де өзекті.

Автордың жақсылық-жамандық текетіресін халық эпосынан, ертегілерден бастап, кейінгі жазба әдебиет туындыларындағы нақтылы құбылыстардан мысалға келтіріп отыруындағы кең ауқым, жалпыадамзаттық ізгілік, игілік құнарлары туралы баяндау

бағытындағы қазіргі уақытта да көркемдік сырларын ұғындыруда назарға алып отыратын саралау, пайымдау, болжамдар жатық, нақты.

Көркемдік заңдылықтарының өзіндік шарттарын тәптіштеп ұғындыруға жалықпайды.

Әдеби шығармадағы композиция, сюжет, образдың жасалу жолындағы амалдар – портрет, психологиялық күй, кейіпкер тілі, жанама мінездеу тәсілдері әдеби туындылар негізінде жан-жақты сараланып, теориялық айқындама жасалады.

Махамбет Исатайды:

Садағына сары жебені салдырған,  
Садағының кірісін  
Сары алтынға малдырған.  
Тереңнен көзін ойдырған.  
Сұр жебелі оғына  
Тауықтың жүнін қондырған.  
Маңдайын сары сусар бөрік басқан,  
Жауырынына күшіген жүнді оқ шанышқан, –

деп портретін береді. Махамбеттің Исатай портретін бұлай жасауы да оның негізгі мақсатымен ұштасып жатыр. Исатай образы – ұнамды образ. Ендеше оның портретін де оқушы сүйсініп оқығандай, «па шіркін, өзі де жігіт екен»» дегендей етіп суреттейді» (1, 57-б.).

Әдеби шығармашылықтың теориялық негіздерін оқыту үдерісінде уақыттың саяси талабына бейімдеп отырып жазылғанымен, таза көркемдік ұстанымдарында мейлінше біліктілікпен, жан-жақты саралауға құрылып, білім алушыны нақтылы ақпараттандырып, көркемдеу қисындарын жіктеп, сіңірген бұл оқулықтағы жеке әдеби-теориялық терминдер айқындамасын әдеби мұраны зерттеу, игеру міндетінде назарда ұстау қажет.

Қажым Жұмалиев «Әдебиет теориясы» оқулығын жазу бағытында талдау материалдарын орыс әдебиеті үлгілерінен ғана алып отырмағандығы, әдебиет теориясы мәселелерінде қазақ әдебиетінің аса көрнекті теоретигі Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі ұлттық таным жүйесіне қарайлап отырғандығы да арнайы зерделеуді қажет етеді.

Ахмет Байтұрсынұлы көрнек өнерін бес тарауға бөледі.

«Көрнек өнері бес тарау болады:

Бірінші – тастан, кірпіштен, ағаштан, яки басқа заттан сәнін келтіріп, сәулетті сарайлар, мешіт, медресі, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады (европаша архитектура).

Екінші – балшықтан я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрпатын, сын-сымбатын келтіре сурет жасау өнері – бұл сымбат өнері болады (европаша скульптура).

Үшінші – түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескін-келбетін келтіріп, суреттеп көрсету өнері – бұл кескін өнері болады (орысша живопись).

Төртінші – әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері – бұл әуез өнері болады (европаша музыка).

Бесінші – нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері – бұл сөз өнері болады (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература)» (3, б. 341).

Қажым Жұмалиев көркем әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктері, оның түрлері, образ жасау тәсілдері, шығарма тақырыбы, т.б. көркемдік құбылыстарды теориялық негізде танытуда әлемдік әдебиеттану, әдебиет теориясы негіздері, орыс теоретиктері еңбектерін назарда ұстайды; әдебиет теориясын ұлттық сөз өнерімен сабақтастыруда негізгі көркемдік мәселелерінде Ахмет Байтұрсынұлы қисындамаларына қарайлап отырады. Қыспағы көп замандарда, ілгерідегі зерттеу тәжірибесі туралы айтуға мүмкіндік болмаған уақыттарда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының басты көркемдік қағидаларын оңтайлы әдіснамалық тұғыр мәнінде ұдайы бағдар тұтып отырғандығын көреміз.

«Әдебиет» – араб сөзі, көркем сөз, сөз асылы деген мағынада. Орысша «литература» дейді (lit (t) era – латынша әріп) (1, б. 24).

Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясындағы» «Көркем шығармалардың тілі» атты V тарау Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» «Сөз талғау» бөлімімен сабақтастықта мазмұндалғаны жалпы көркемдік теориясының ортақ заңдылықтарынан туындайды.

Сонымен бірге, таза ұлттық мұрат арқауында саралау жасап отырып төлтума сипатты теориялық қисындар туғызудағы Ахмет Байтұрсынұлының біліктілік өрісін назарда ұстаған көрнекті әдебиет теоретигі Қажым Жұмалиев өзінен ілгерідегі зерттеу өнегесін шығармашылықпен, замана үдерістері ыңғайында ілгері дамытты.

Қазіргі әдебиет теориясы мәселелерінің ұлттық төлтума, түбегейлі өзіндік нышандары тұрғысында зерделенбей келе жатқандығы мәнінде арнайы зерттеу бағыттарын қалыптастыру өзектілігі бар.

Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» оқулығы бұл ыңғайда таза европалық, жаһандық, ресейлік теориялық танымдар ықпалында қалуға болмайтынын, кедергісі көп кезеңнің өзінде де нақтылы теориялық тоқтам, ұлттық саралау негіздерімен нақтылы күн тәртібіне шығарып кеткен құнды рухани, ғылыми мұра мәніндегі маңыздылығымен бағалы.

Автор әдеби-теориялық ұғымдарды танымға тартуда жүргізген саралауларының басым көпшілігін ұлттық сөз өнерінің асыл жәдігерлерінің мәтіндік нұсқалары бойынша жасап отырған.

«Диалектизмді жазушы шығармаға қатысушылардың сөздерін бұлжытпай беру үшін қолданады. Бірақ диалектизмдер автордың өз сөздерінде де жиі кездесіп отырады. Жазушы бір облыс, ауданды, ол жердегі тұрушы адамдарды, олардың кәсіптерін, тұрмыстарын суреттегенде сол жердің тұрмыс салтын көрсете алатын, сол жердің адамдарына тән сөздерді пайдаланады. Бұл үшін бірнеше мысалдар келтірелік: «Қоңыр құйқалы шиыр<sup>10</sup> («Қосшалқар») жігіттер жүздікке жөнелді.

Бұл сөйлемдегі шиыр, жүздік деген сөздер – сол ауданның не облыстың тілдері. Бұл сөздер Қазақстанның басқа жақтарына түсініксіз» (1, б.98).

Қ. Жұмалиев бұл жерде қазақтың классик қаламгері Ғабит Мүсіреповтің «Қосшалқар» повесінен мысалдар келтірген. Шиыр – көк шалғын. Жүздік – 100 шөмелей пішен.

#### **Зерттеу нәтижелері, қорытынды.**

Қазіргі уақытта қазақ тілінде жарық көріп жатқан теориялық, теорияны оқыту әдістемесі бойынша жазылып жүрген ғылыми зерттеу, оқу-әдістемелік еңбектерде осы қазақ әдебиетінің фактісінде саралау жүргізу өнегесі өнімді қолданыс тауып отырмағандығы алаңдатады. Шет жағалап сөз болғанымен, мәтін құрылымына тілдік, ұлттық рухани құндылықтар, ұлттық болмыс коды мәнінде дендеп зер салу, тану, саралау міндетінде тапшылық байқалады. Шет тілдік терминдер нөпірі қазақы танымды ығыстырып бара жатқандығы алаңдатады.

#### **Әдебиеттер:**

1 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 244 б.

2 Райан М. Әдебиет теориясы: Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 б.

3 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеулер / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет).

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ПРОЗАСЫНДАҒЫ АЙДАҒАР КУЛЬТІ (Н.Нұржанұлы «Аждаһаның жүрегі» әңгімесі негізінде)

Е. Әлиасқар

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты

**Аннотация.** Фольклорлық жанрларды сөз еткенде синкретизмнің басым болатынын айтуымыз керек. «Дүниетанымдық түсінік» пен «идеологияның» ажырамаған сәтінен кейінгі кезеңдерді қарастыру барысында «өзгеру» принципін негізге аламыз. Демек, типологиялық талдаулар фольклорлық элементтер кездескен мәтіндерді, процестердің динамикалық деңгейін, сатысын, өзгерісін қарастырады. Ұзақ эволюциялық дамуды бастан кешкен фольклорды көркемдік ерекшеліктері, белгілі бір ұқсастықтары тарихи дәуірлеуге негізделген.

**Кілт сөздер:** фольклор, балалар прозасы, интертекст, типология, эсхатологиялық миф, культ.

### Кіріспе

Мифологияда, аңыздарда және фольклорлық мәтіндерде айдаһар (аждаһа, үлкен кесіртке, жылан) бейнесі зұлымдық ретінде сипатталады. Өте көнеден келе жатқан персонаж басты кейіпкердің негізгі қарсыластарының бірі.

Фольклорлық туындылар динамикалық өзгеріс үстінде, сол себептен айдаһар бейнесі өзгеріске ұшырады. Монотеистік дін үстем болған кезеңде «әлемді жаулаушы», «отты демімен бәрін жайпайтын», тіпті «ажал құдайы» архетиптік образының қалдықтары қалды десек те болады.

### Негізгі бөлім

Фольклорларда айтылатын айдаһардың сыртқы формасы жыланға ұқсайтын, бірақ өте үлкендігін көрсетеді. С.Қасқабасов ғылыми пікірі «алып жылан» [1,142 б.]. деп суреттеуімен сай келеді. Тіпті кейбірінде бір, үш, жеті басты құбыжық ретінде ұшатын қанаты бар, тырнақтары өте өткір. Ал мифологиялық-географиялық мекендері – үңгір, құдық.

Діни тәмсілдерден бастап архаикалық жырларда, мифологиялық туындыларда зұлым бейнесі ашылған:

1. Құран хикаяларында Адам ата мен Хауа ананың жұмақтан қуылуына себеп болып, тура жолдан тайдырған – жылан.

2. Жер бетін топан су басқанда Нұқ пайғамбар кемесіндегі тышқан кемірген тесікті денесімен жапқан – жылан. Артынша қызметіне «ең тәтті қанды» беруді талап ететін де осы кейіпкер.

3. Өтірік сиқыр көрсетпек болғандарды жалмайтын Мұса пайғамбардың аса таяғы дәл осы жылан бейнесіне айналған.

4. Ажалдан қашқан Қорқыттың Сырдарияда ажал қайрақ жылан ретінде келіп шағып өлтіреді.

5. Адамзат тарихындағы ең алғашқы эпос саналатын «Гильгамеште» адам мен айдаһардың соғысы бейнеленген.

6. «Шахнама» дастанында Жәмшид дәуірінде (халық уайым-қайғысыз өмір сүрген кезең) Жәмшид өзін асыра мақтап, жаратушысын ұмытып кетеді. Наразы болған Ахура Мазда Жәмшидке ажал жібереді. Жаңадан сайланған патша Захакқа Ахриманның тамағы ұнап қалады, не қалайтынын сұрайды. Сонда Ахриман екі иығынан сүюге рұқсат сұрайды. Патша сүйдіргеннен бастап, екі иығында екі жылан өсіп шығып, күніне бір адамды беріп отырса ғана тыныштық табатыны баян етіледі. Захак «Ажызахак» атанады. Өзінің де ажалы жыланнан болады [2, 15 б.]

7. Қазақ ертегілерінде ұзақ сапарға шыққан кейіпкер Алып Қаракүс немесе Самұрық құстың балапандарын жемек болатын айдаһардан құтқарады; патшаның қызын әйелдікке алып кетеді болмаса өзі екі жүз жыл жасап, қалыңдық рөлінде жүреді; құрбандыққа сұлу қыз, мал жалмайтын зұлым кейіпінде көрінеді.

Жасөспірімдерге арналған Нұрбек Нұржанұлының «Аждаһаның жүрегі» атты әңгімесі қиял әлеміне қанат қақтырады. Басты кейіпкер бүгінгінің адамы Шәріп, өз өмірінің мәнін іздеп, үмітін еш үзген емес. Ал мына әлем оны қатыгез қылмайынша, жеңілмейтіндей. Қарапайым, дәлірек айтсақ, романтикалық кейіпкер. Мұнда қаһарманның жауы – айдаһар. Бірақ шын емес, қағаздағы сия түрінде, виртуалды әлемдегі қарсыласы. Шәріп қоқыс

жәшігінен тауып алған ертегі кітабының авторын да білмейді, тіпті кей беттері жоқ. Бейбіт жатқан елді суреттейтін ертегіде сұлу Ләйлә бар, бәрі соған ғашық. Күндердің бір күнінде елге келген құлым айдаһар дүниенің астан-кестенін шығарады. Тек Ләйләні көріп, оң қанаты жағындағы жүрегі секундына жиырма рет соғып, ашулы көздері мейірімдіге айналады [3].

Көркем мәтінмен жұмыс барысында мынадай ерекшеліктерді байқадық:

- «айдаһар» емес, мұнда «аждаһа» ретінде берілген. Алдымен, атауында кездесетін «ажы-даһар» туралы С.Қондыбайұлы дей-түркілік этимологиясын көрсете келіп, «ажы» («ажы») сөзі әуелде «жылан», «жылан әже», ал «даһ» қолданысының мағынасы «бастапқы тіршілік көзі» дегенді білдіреді, демек айдаһар немесе аждаһа – «барлық жанды жаратушы, тудырушы жылан баба». Мифтік категорияны қарастырады [4, 312 б.];

- алып күш иесі болып, ел жалмайтын айдаһар Ләйләнің елін де шетінен қырып жатады (көп ертегіде кездесетін көшпелі сюжет). Мұнда «шарттасу» принципі немесе «өзіне жар таңдау» сюжеті қарастырылған: «Кімде-кім анау аждаһаның көзін жойса, мен оған тұрмысқа шығамын» деп ұсынысын айтады. Бұны естіген жер бетіндегі барлық батыры, балуаны, баһадүрі бар айдаһардың көзін жоюға бел буады» [3];

- әңгіменің негізі интертекстік байланысқа, яғни «мәтін ішіндегі мәтін» схемасына құрылған. Автор-әңгімелеуші жыртылған парақтардан оқиғаның қалай аяқталғанын білмейді де, соңғы бетіндегі «Ләйлә өзінің Айдаһарымен қимай қоштасты да, өз жерінде, өз мекенінде мәңгілікке қалды» [3] сөйлемді оқиды. Не үшін екенін біле алмастан, дал болады;

- уақыт аспектісіне бағынбайтын жасанды персонаж, яғни автордың үшінші функциясы іске қосылады (Т.Есембеков көрсетуінде «автор-жаратушы», «автор-адам», «автор-персонаж») [5, 118 б.]. Ғашықтық ғазалын Мәжнүннен кем тартпаған Шәріп өзі де кейіпкерге айналады. Өз ертегісінде айдаһарды жеңу жолдары да өзге фольклорлық мәтіндерде кездесетін сюжет сынды: алдымен ең әлсіз тұсын біліп алып, дәл сол жеріне семсер сұғады. Тажалдан құтқарған батырды бәрі «Айдаһар» деп атайды (аждаһар емес).

Нұрбек Нұржанұлының әңгімесінде айдаһарды бүгінде барын жеткізеді, ал Ләйлә үміттің шамшырағы. Мұндағы суперсимволдық бейне, миф пен архетиптік қасиеттерін бойына жинаған.

### **Қорытынды**

Мифологияда айдаһардың бойында үш әлемнің зооморфты сипаты бар делінеді. Олар – төменгі дүниенің өкілі ретінде жылан бейнесі; жоғарғы дүниенің өкілі, оның белгісі ұша алатындығы; Орта дүниенің өкілі, кәдімгі жыртықштарға тән бас-аяғы бар.

Көркем мәтіннің бұрынғының бойында, бүгінгінің ойында болуы – мәтіндердің қай уақыт, қай ғасыр аралығы болмасын, қоғаммен, қоғамды құрайтын адаммен бірге жасайтынының айғағы. Ал оның жаңарып, басқа да реңктерге боялуы – қабылдау процессімен (рецепция) тығыз байланысты. Негізгі тірек оқырман болса, жазылған туындыларды сұлулықтан себепсіз ләззат ала, ләззат ала отырып бағалай әрі пайымдау процесстерін бойынан өткізсе ғана негізгі идеяның, айтар ойдың қалай, қайдан келгеніне нанымды жауап ала алады. Бұл дегеніміз – баяндаушы логикасының қабылдаушы ұғымына дедуктивті немесе индуктивті жолмен жеткізілуі болып табылады. Осындай әдеби процессті тануда «антропологиялық концепцияға» сүйенсек, бүтіндік пен біртұтастық мәселесін алға тарта отырып, түрлі құбылыстарды тануда, оны жеткізуде жалпы адамзатқа тән немесе табиғи адамзаттық қасиеттердің бар болуы негізгі критерий болып саналады. Берілген анықтамаға сәйкес адамды мәдени феномен ретінде қабылдауға негізделген.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984 – 272 б.
2. Абилхамитқызы Р., Сейпутанова А.Қ. Көне түркі халықтарының мифологиясындағы айдаһар бейнесі тексте // Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ХАБАРШЫСЫ. «ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР» сериясы. – 2017. – № 3 (118). Астана: ЕҰУ. – 614 б.
3. Нұрбек Нұржанұлы «Аждаһаның махаббаты» [Электронный ресурс]. – Электрон. дан. – Режим доступа: <https://zhasalash.kz/news/nurbek-nurzhanyuly-azhdahany-zhuregi-4561.html>
4. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы Алматы: Дайк – Пресс, 2004.
5. Есембеков Т. У. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. - 96 б.

## МАЗМҰНЫ

Өмірбаяндық деректері.....	4
Ғылыми-әдістемелік еңбектері.....	5

### ПӘНАРАЛЫҚ МӘЖІЛІС БАЯНДАМАЛЫП

Сейітжанов З. Өлеңнің зерделі зерттеушісі.....	12
Ысқақұлы Д. Қазақтың ғылымын қазақтан артық ешкім білмейді.....	15
Акматалиева А.А. Инновацияға күйгөн илимпоз.....	16
Жаксылыков А.Ж. Аспекты литературной герменевтики.....	17
Ісмақова А.С. Оқырман қабылдауы: нарратив және феноменология.....	24
Мәдібаева Қ. Поэтика оқулығы.....	26
Иманғазин М. Қазақ әдебиетінің алғашқы ойлау феноменологиясының іргетасы қаланды.....	30
Ержанова С.Б. Биомәдени дамудағы шығармашылық дискурс.....	32
Әбдіқадырова Т.Р. Шешендік өнердің озық үлгілерін зерттеуші.....	34
Алкауа Е. Feraset ve iyiliğin nuru: Sawle Erjanova.....	38
Сатбекова А.А. Парасат пен ізгіліктің Сәулесі. Көрнекті ғалым Сәуле Баймырзақызы Ержанова туралы сыр.....	40
Ропомаренко М. Абай на уровне национального сознания.....	42
Станалиева Г. Айсулуу Көкееваның «Аялдың күндөлугү»: экзистенциалдық кризис же жашоо маңызын издөө.....	44
Искакова Ж. Ақын Ғафу Қайырбековтің шығармашылығындағы дәстүр сабақтастығы.....	48
Көшекбаева А.А. Ұлт тағылымын ұлықтаған ғалым-ұстаз.....	53
Утегенов Ж.У. Тәжірибелі маман – Сәуле Баймырзақызы.....	54
Қалқабаяева Ә. Сәуле Ержанова зерттеулеріндегі поэтикалық мәтін мәселесі.....	56
Уразов Б. Сәуле Ержанованың ұстаздық ұлағаты.....	59
Жигитбекова Б.Д. Профессор Сәуле Ержанова зерттеулеріндегі әдеби психологизм.....	61
Асқарова А.Ш. Абай өлеңдеріндегі ландшафт және тұрмыс салты.....	62
Мәдібай Қ., Айтбаева А. Дулаттанудың өзекті бағыттары немесе Дулатты танып болған жоқпыз.....	69
Тілеубаев С.Б., Ахметалиева Г. Қазақ әдебиетіндегі тарихилық мәселелері.....	73
Майлыбаева С.К. М.О.Әуезовтің суреткерлік сыры.....	79
Сағындық Н., Парасат Қ. Қазақ фольклорындағы эпикалық шығармалар және Қалихан Алтынбаевтың тарихи поэмаларын мәтіндік негізде талдау.....	83

### КОНТЕКСТІК ТАЛДАУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ; МӘТІН МЕН ДИСКУРСЫ ТАЛДАУ

Сәдуақасұлы Ж. Мәтіншілік сөйлемдер: құрылымы, өзара мағыналық байланыстары, мәтін мазмұнын құрауға қатысы. (Абай Құнанбайұлының «Ғақлияларындағы» 2-сөзі бойынша).....	89
Беласарова Ж.Т., Нұрғали С., Алибаева М. Қазақ тілі морфологиясының зерттеуі.....	92
Нурбекова Г.С. Туынды сөздерді интербелсенді оқытудағы оқыту ұстанымдарының сабақтастығы – оқу үрдісін дұрыс ұйымдастырудың жолы.....	95
Сарбасов Б.С., Сарбасова И.С. Қазақ би-шешен сөздерінің зерттелуі және тағылымдық мәні.....	99

### ЖАС ҒАЛЫМ

Ералиева А. Қазіргі қазақ прозасы... (Ғалым С. Ержанова зерттеулеріне шолу).....	103
Арын Е.Ж. Қазақ поэзиясының когнитивистік тұрғыдан зерттелуі.....	105
Зейноллақызы М. Көркем әдебиетті қабылдау феноменологиясы.....	108
Серікбек Н., Сарбасов Б. Көне шежірелер және тарихи шындық.....	110
Тулеуова Г., Сарбасов Б. Түркі халықтары әдебиетіндегі бөрі символикасы.....	114
Тоқтар Г. Алаш тұлғалары шығыс руханияты туралы.....	117
Тлеубаев С. Бағашарова А. Р.Бердібаевтың «Манас» жырын зерттеулеріндегі теориялық-танымдық ұстанымдар.....	120

<b>Калдарбекова А. Т.</b> Молдағалиев шығармаларындағы дәстүр мен жаңашылдық .....	128
<b>Данияр Г. Дәрібаев С.Д.</b> ЖЫраулар поэзиясын оқыту әдістері .....	131
<b>Алтынбай Ж.Е., Сағындық Н.Б.</b> Д.Исабековтің драмалық шығармаларындағы әйелдер образы.....	134
<b>Қаратаева Б. М.</b> Мағауиннің «Шыңғыс хан» романындағы ұлттық идея мәселесі .....	139
<b>Айтмұханбетова А.</b> Абай ақындығының қалыптасуына әсер еткен жыраулар поэзиясының ерекшеліктері (Шортанбай, Бұқар, Дулат т.б. XV-XIX аралығы) .....	141
<b>Ербол С., Айтжанова Ж., Жумағалиева Д. Ж.</b> Аймауытовтың әдебиетін оқыту әдістемесі .....	145
<b>Сайлаубаева Г.</b> Шаһнама желісі бойынша жазылған дастандардағы патшалар образы .....	148
<b>Байсалбай Г.</b> «Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінділерді оқыту арқылы рухани жаңғыруға бейімделу.....	152
<b>Дәурен Ж.</b> Суицид мәселесінің XX ғасырда қазақ және жапон әдебиетінде көрініс беруі.....	156
<b>Бижанова А. Т.</b> Ахтановтың соғыс тақырыбына жазылған романдарындағы адамгершілік мәселелері.....	160
<b>Накибаева Н.Т.</b> О.Бөкейдің«атау кере» романындағы таған бейнесін З. Фрейд теориясы негізінде психологиялық анализдеу .....	162
<b>Абуова Б. Қ.</b> Жұмалиев «Әдебиет теориясы» оқу құралының көркемдік заңдылықтары .....	166
<b>Әлиасқар Е.</b> Қазіргі қазақ балалар прозасындағы айдаһар култі (Н.Нұржанұлы «Аждаһаның жүрегі» әңгімесі негізінде).....	171

ҚР ЖОО орнының үздік оқытушысы,  
 жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісінде елеулі табысқа жеткен,  
 Ү. Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері,  
 филология ғылымдарының докторы,  
 профессор Ержанова Сәуле Баймырзақызының  
 50 жасқа толуына орай өтетін  
**«ӘДЕБИ САНА АҒЫНЫ: СЫН ЖӘНЕ МӘТІН»**  
 атты халықаралық ғылыми онлайн конференциясының материалдары

ИБ№ 14888

Басуға 19.01.2023 жылы қол қойылды. Пішімі 60×84 1/8.  
 Көлемі 10,875 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 25.  
 Таралымы 10 дана. Бағасы келісімді.  
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
 «Қазақ университеті» баспа үйі.  
 050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
 «Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.